— Айатай-ай! — деген жан даусы таудың басына барып шақ еткендей болды. Мейірімсіз темір қолдар алып ұрып аузын басып жағса да қолды кейін сермеп, басқан жұлқып, үзіліп, өзеуреткен ашы айғайы апанайының құлағына сап етті. Жобына шойын тағалағандай апасы сіресіп қалса да елемей, шыңғырған дауысқа қарай үкідей ұшып келді. Қызын бүркітше бүріп, иіп жағқан екі орысты аңасы екпін-мен келіп итеріп тастап, балданын басқада ана құстай, баласын бас салды. Олай сүйреп, бұлай жұлқып, қызды

аяғымда көнелеу киық табағым бар. Белбеумдегі жарғақ далбағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы қаптадағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар.

Бұрын бір байдың, осы күнгі орта шарқы үйдің ортаншы баласымын, бұрын қой бес жүзге, жышқы екі жүзге, сиыр алшысқа, түйе жиырмаға жеткен еді, осы күні сол малдың төрттен бірі де жоқ.

Әкеміз неше жылдай ел басы, ауылнай, би болған. Бір ауылнай елдің басты адамның бірі. Ағам отау болып, енші алып кетті. Інім Сәмейде оқуда. Шешеміз жылқы жылы құрт аурудан қайтыс болған соң, әкеміз бір кедейлеу адамның ақ құбаша, бауырсақ мұрын жаңа өспірім қызын, беріп қойған жерінен, 1,5 қараға бата бұзып алып еді. Тоқал бұл күнде әкейдің мойнына мініп алды.

Жылдағы зекет, пітір, садақасын беріп, бізді оқытуға әкеміз таңқы мұрт, жылытыр кара қожаны ұстап, сегіз жылдай жаз үй артындағы қоста, қыс қонақ үйде теңселіп, қалғып-шұлғып, сабақ оқыдық. Тіл алмай, асқа, атқа өкпелеп, кісі боқтап, шалдуар боп қожадан таяқты талай жесем де аяғында хат таныдым. Көршінің қатыны мен қожаның өсегі білінген соң, әкеміз шығарып жіберіп, содан кейін кезіміз ашылды.

Оннан асқан соң-ақ қыдырған, қолы бос жігіттердің боқауызын, былапыт әңгімесін тыңдап, он беске келген соң, қыз-келіншек бар үйдің іргесін тырнап, жібін қиып, есігін қиратып, түн баласында дамыл көрмедік. Жолдастарға еріп, ойын-сауық қуып жүріп, қылжақты, өленді, домбыраны үйрендім, еті тірі, жақсы жігіттерге еліктеп, насыйбай, мылтық атуды, ит жүгіртіп, құс салуды үйрендім. Тұзды ет беріп, сауға жығып, қашырып алып, талай құстан айрылсам да аяғында құстың да тілін білдім, я шіркін! Астында жарая бедеу, қолында қыран тұйғын, үстінде сымдай киім, өзек-өлкені сыпылдата кезіп, жарқ-жүркі еткізіп, қаз, үйректі сыпыртып, кешке таман сұлу қызды ауылдың сыртына қонам деп, шіреніп келіп тұрар ма екі! Жалғанның қызығы сол да!

Әкем өз манындағы елдің ұрлығын қымтап, зорлығына болысып, дауын даулап, жесірін жоқтап, шығынын рет-

теп, бірде бірге соғып жатады. Атқа мініп кетеді, үйде болса келген кісілермен оңашаланып, сыбырласып жатқаны. Сөйтпесе, ел билей алмайды-ау деп ойлаймын. Бірақ оған артық араласпаймын. Ағаммен екеуі тұрғанда, маған сөз не керек, өз ермегім өзімде. Бірақ олар мені әуейі боп кеттің деп, кейде жаратпайды, кейде мен құс алдырып, аң атып келгенде мақтанып та қояды. Өйткені мен ағайын дауына, ру намысына қызбай да жүрген жерім жоқ. Төбелес болса жасаққа шығамын, қыз қашқан, қатын кеткен топтардан қалмаймын.

Әкем айттырған Жаманбаланың шотпақ қара қызын менсіңбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырып едім. Малжанды соққан екен, малымды түтел алмай, есік көрсетпеймін деп, көнбей қойды. Бой жеткен қалыңдығым тұрғанда, қарап жатайын ба, жасырын барам деп кісі жіберіп алып, «өзі біледі» деген соң, бүгін жолыққалы келе жатыр едім. Дулыға тастың бөктерінен жолымызды кесе қашқан ор қоянды еткізбейміз деп бірталай ат қинап, алданып қалғанымыз. Әйтпесе мана келегін кісі ғой.

Ауылға таяна бергенде, шулаған иттің даусын естіп тұра қалып едік, бір мезетте «апағайлаған» Ақбілектің, одан мылтықтың даусын, аттың дүбірін есіткен соң дегім шыдамай, неде болса қолында өлейін деп қуып бердім. Қараңдаған екі аттыға жаңа жете бергенде, оң иығымнан оқ сап ете түскенде, көзім қарауытып, басым айналып кетті. Не болғанымызды білмедім. Әй, жолдас, шіркін, сондай жерде керек қой! Аттарын тежеп, қорқып шапнады ғой. Әйтпесе түсіріп алатын кісі едік. Есіл жарым, екі көзің жаудырап, орысқа қор боп кеттің-ау! Жұртым-ау, менде не жазық бар? Ақбілекті жіберіп қойғандарың ба? Кеуделе шыбындарың болса, неге қимылдамайсындар?

ОФИЦЕР

Мал-мүлкімді талады, кісімді өлтірді, қызымды алып кетті деп бізді бұзық адам көріп, қазақтар жазғырады. Дүниеде не боп жатқанынан хабарсыз, аулынан адым жер шығып көрмеген, аң сықылды жайылған қазақ біздің неғып мұндай күйге түскенімізді қайдан білсін.

Ата-анадан, туысқаннан, туған жерден кім бөзейін деп ойлайды? Бірін қызық өмірді, жан тыныштықты кім жақсы көрмейді? Сұлу әйелдің от құшағын, тәтті лебізін кім аңсамайды? Адам тілегенін істеуге ерікті болса, тұрмыс осындай болар ма еді? Біреу ырысты, біреу сорлы болар ма еді? Адамда ерік жоқ. Адам лажсыз елінің тілегіне бағынады. Дүниеде тағдыр бар, лажсыз өмірге көну бар: тағдыр деген сондай, бостандық, еркіндік деген жоқ.

Тағдыр айдамаса, осынау Қытай шегіндегі Алтай тауына, қазақ арасына біз келер ме едік? Мен Тамбов губерниясындағы бай алпауыттың кіші баласы едім. Бабамыз Александр патшаның әскеріне қол басы болып, түрік соғысында мақтау алған кісі екен. Әкеміз соғыс уезірінде үлкен төре болып, мосқал тартқанда, Тамбовтағы ата қонысына келіп, егін салдырып, шаруа құрды. Мол жер, бау-бақша, салтанатты сарай, қос-қос ағымақ, солқылдақ арба, жүйрік ат, жүйрік тазы... дегендер бізде болушы еді. Бір ағам университет бітіріп адвокат болып, одан соңғы екеуіміз әскер академиясын бітіріп, офицер болып едік. Ағайынды тертеуіміздің ішінде ажарсызы мен болсам да, ерлігіммен герман соғысында қол бастап, бір рет шен алдым.

Патшамыз соғыс апқанда, ел-жұрт, отанымызды қорғауға, біз соғысқа бардық. Отанды біз қорғамасақ, орыс күшті жұрт болмаса, осы надан қазақ күн көре алар ма еді? Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубе қылу керек қой. Анығында қазақ мемлекетке не пайда келтіріп отыр? Түндік басы жылына төрт сом алым төлегені болмаса, әскерге ылау, азық бергені болмаса бұларда не шығын бар? Тек қымызын ішіп, қарнын сипап, қатынына қарап, борбайын тыр-тыр қасығанды біледі. Патша қазақты қара жұмысқа алам дегенде, қандай қорқып, абыржып, қирағылып қалды. Қазақ солдаттан өлгенше қорқады. Баяғыда, қазақ орысқа қарағанда, қатын патша қазақтан солдат алмаймын деп, қолхат беріпті-мыс деп, талшық қылады. Тегінде қазақтың солдат болудан қорыққаны бізге теріс те емес. Кім біледі, қолына қару берсе, орыс жұртына жау болып келпесіне кімнің көзі жетеді? Онда ұлы Ресей кемиді, жері, елі азайып қалады. Қазақтың малы, өлі бұйымы басқа елдің пайдасына кетіп қалуы мүмкін. Әйтеуір қазақ өз алдына ел болып жатқан жоқ. Ен-

деше, орысқа бағынуы керек. Орыстан жақын арқа күзеу қыларлық қазаққа күшті жұрт жоқ. Қазақ орысқа жерімді алдың деп өкпелейтін шығар. Жер қазынанікі ғой. Орыс өсіп жерге сыймай жатса, бос тұрған жерді алмай қайтеді? Қазақта жер көп. Баяғыдай көшіп-қонып, кең даланы шарлап жүре берем деп ойлайды. Жер жүзінде жалғыз қазақ емес, өзге жұрт та бар ғой; оларға да тіршілік керек. Ендеше, артық жерінді алғанға өкпенеме. Сен де егін сал, қала бол. Сонда бәрімізге де жер жетеді. Мұны қазақ ұқпайды-ау.

Қазақ зәбірін тиді деп бізді айыптайды. Зәуеде қазақ әскер болып, қазақ әскері орыс елінің ішінде жатса, маңайына зәбірін тимес пе еді? Малын алмас, дүниесін таламас, қызын қатын, қатынын жетім қылмас пе еді? Кешегі Жетісу майданында мұжық қалаларын алғанда, қазақ әскері қандай қылды? Бейуаз мұжықты қылыштың жүзінен өткізбеді ме? Мүлкін талап, әйелін рәсуә қылмады ма? Баяғыда орыс-ты үш жүз жылдай тағар билеп тұрғанда, қазақ та соның ішінде, қандай қорлық көрсетпеді? Ордаға барған елшілерімізді тақтайға жаншып, үстінен билегіп өлтіріп еді. Қазақем, сенің де жайың белгілі. Қолдарыңа түссе, шамаларың келсе, сендер де бізді аямайсындар. Бірақ шамаларың келмейді.

Әйтседе біз қазақтан кек алғалы жүргеніміз жоқ. Қазақ жеріне келейік деп келгеніміз жоқ. Ресейде төңкеріс болып, патшаны түсірген соң, өзара, екі жарылып, ел билегенге таласқан соң, үкіметті қара жұмысшы мен қара солдатты жоқтаған большевиктер алып кеткен соң, біздер, орыстың шын ұлдары құл-құлға бағынбаймыз деп, соғысып, жеңіліп, қашып келіп отырмыз. Алдымыз қашып, Қытай жеріне өтіп кетті. Біз одан қашқан, бұдан қашқан, жетпіс шақты офицер, флоттар Алтайдың бір тыңырығына бекініп, қызылдардан жансауғалап жатырмыз. Олардың ойы: оқ-дәрімізді, азығымызды түтесіп, қыстың суығына қатырып, ашықтырып алмақ. Әйтпесе бір ауыздан жалғыздап келіп, бізді ала алмайды. Тауда жатып біз қарап өлейік пе? Қара таласқан соң маңайдағы қазаққа шабуылдап, азыққа мал, баспанаға киіз, төсеніш, ыдыс-сайман алып тіршілік қып жатырмыз.

Елсіз тауда ерігіп жатқан өңшең еркек іші пысқан соң

ермек, қызық керек қылмай тұра ма? Қашанғы өзді-өзіміз боқтасып, керісіп, төбелесе берейік. Біздің де қанымызда от бар; бізде де тілек, нәсіқұмарлық бар. Біз де жасыыз. Әйел күшуды біз де аңсаймыз. Әйелсіз күн көре алмайтын, махаббаттың қадірін білетін, сезімі жетілген біз өнерлі, білімді шаруаның ұлдарымыз. Әйел кімде бар? Қазақта. Қазақ та адам баласы. Қазақтың қара көздерінің сиқырлы күші Европа әйелінен кем емес. Әйтек тәрбиеленіп, қылымсуды, еркекке жағыуды үйренбегені болмаса. Қазақ надан болған соң орыстан жатырқайды, жиренеді, қазақ қызы орыс жігітін сүймейді. Бізге өз сүйгеніміз де жетеді, бізге әйел керек. Әйелдің сүйгенін тілейтін біздің өз еліміз бар ма? Қазақ надандығынан жатырқайды, оқыған ел жатырқамас еді, қазақтың оқыған азаматы орыс қызын сүймей, орыстан қатын алмай жүр ме?

Қысылғанда, сасқанда қарсылық қылған жерде болмаса, дегенмен қазақты өлтіргеніміз жоқ. Адамның тыпырлап өлгені бізге тауықтың өлгейімен бір есеп. Көңілімізге солай орнағаннан ба, өлімді көй-көріп, егіміз өліп кеткеннен бе, кім білсін. Шынында, өмір деген, өлім деген немене? Адам өлмек үшін туған. Бүгін өлдік не, ертең өлдік не? Өмір — қабақтың қаққаны. Ендеше, аз күн тіршілікте өмірден қандай қызық, қандай ләззат болсын, алып қалу керек. Өлген соң түк те жоқ.

Алдымызда — қылышын сүйреткен қызыл шұнақ қыз. Айналамыздағы қала — қызыл жау. Келешегіміз — аяз, аштық, соғыс, ажал. Бірінен болмаса бірінен өлуіміз хақ. Бүгін болмаса ертең өлуге көзін жетіп отырса, еяден-жұрттан, туған-туысқаннан күдерді үзсек, бізді жаң екен деп аяйтын адам баласы болмаса, біз қара таласпағанда, біз бой жасамағанда, біз кісі өлтіріп, қыз алып қашпағанда — кім бұларды қылмақ? Біз әзір тіріміз. Тіршілік деген — арпалысып күнелту деген сөз. Ендеше, біз тіршілік қып жүрміз. Бізді қазақ айыптаса, білмегеннен айыптайды.

МҰҚАШ

Мен таңқы мұрын, бадырақ, көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс мандай, қара сұр жігітпін. Жасым 35-ге. Әкем Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым

асқа, ауым атқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрдім. Ө дегенде құны жоқ, былық, саран, жаман Төлеубай дегеннің қозысын бақтым. Ел жайлауда, көк шалғында қымызға қызып, гуілдеп, мас боп жатқанда, мен босағанда отырып, жырық сары тостағанмен саумал ішіп, дамбалым борша-борша, шекпенім өрім-өрім болып, жалбандап, үй іздеген қозыны ауылдан шығара алмай, дедектеп, кейіп, жыламысырап жүргенім. Балалар алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнап, шұылдасып, асыр салып, қой күзетіп, өлең айтып, думан қып жатқанда «таңертең оялбайсың, жат» деген байдың зекуін естіген соң, қара інгеннің қолаңса сасыған жабуын оранып, үй жанында бүк түсіп жатқаным. Әсіресе шырт ұйқыда жатқанда: «Тұр, қозы ағыт!» деп байдың бүйірден теуіп оятқаны-ақ жанына батады-ау. Амал жоқ, бүрсендеі жүріп қозы ағытып, бір тостаған іркіт ішіп, көзінді уқалап жөнелесін. Күн қызғанша жүтіріп, қашқан қозымен арпалысып, айғайлап, тас жіберіп жүргенім.

Он беске келгенше Шаманбайдың қойын бақтым, о бір Құдайдың атқаны! Өліп бара жатырмын десең, қойға бір тайын мінгізбейді. Ат отынан қалады дейді, алып қалмайды, қой өтерде жылқышы келе қоймайды. Жатарда да байлап қойып десең қоңыр өгізшені сиыр мүйіздел, мұрнын жұлады, таңертең сиыр өрмей тұрып, ол сасықты қамалап ұстау тағы бір қырсық.

Бір түні балалардың ойнағанына бүйірім қызып, дөңбекшіп, ұйқым келмей, не де болса Құдайдың салғанын көрермін деп, тұра сала ойынға мен де бардым. «Қара құлақ» ойнағанда, мен ит, Балабек қасқыр болып, Рақымжанның Айша дейтін қызын езек жаққа апарып тастады. Мен шабаланып қуып барсам, қызды іздеген үлкен қара құлақ өзекте бұғып жатыр екен. Дүние-ай, мен де қара құлақ болар ма едім деп зығырланам, ертеңінде түсте қойды бұлақ басына жусатып, өгізді тұсап қойып, жарлауытқа арқамды сүйеп отырсам, көзім ілініп кетіпті. Бір мезетте бетімді күйдіріп жібергендей бірдеме басымнан орай шым ете түсті. Шошып кеттім. Жынды кісіше шыбын-шіркей боп, лағыл барам. Артыма қарасам, көк айғырын апырандатып, қамшысын білеп, Шаманбай қуып келеді екен. Қалай бұлтарсам да қоймады, қашағанға төселіп қалған арам қатқыр, қойсын

ба, аттың бауырына алып жүріп, ал борсылдат, ал сой. Бақсам, ұйықтап қалғаным болмаса, қой қасқырдан аман екен.

Өшімді қалай алам деп, азуымды басып жүр едім. Ақыметтің қойшысы да байына ызалы екен. Екеуіміз бірігіп, Шаманбайдан екі ісек, Ақыметтен бір марка, бір тұсақты сойып, бұлаққа тығып қойып, бір айдай азық қылдық. Суға салсаң егте дәм болмайды екен. Бірақ ұрлығымыз шығып қалды. Оны айтып жүрген өзіміздің қойшылар. Естай деген бір жарамсақ таз қойшы бар еді, байына жағынам деп сол иттің бүлдіргені. Шаманбай екі қой, екі киім ақымды шығарда бермей қалды.

Қалай Бальғұлдың жылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады. Қашағанды жалғыз ұстаймын. Асауды жалғыз үйретемін. Күзетке жалғыз барамын. Боранда жылқы бағамын. Аязбен, асаумен, қараңғы ұзақ түнмен, ұрымен, қасқырмен, қауіп-қатермен алыспай, адам адам болмайды екен. Желден жаралған желге мінеді, адамға жеңік бітеді екен: жылқы бақтым – кулық бақтым. Алыс – жақын, қатер – ойыншық болды. Жылқы бақтым – кісі болдым.

Енді мені әйел де менсінетін болды. Енді менің атым да, киімім де түзелді. Кедей жақтың келіншектеріне ет, май беріп, көңіл қостым. Кейде қасқыр жеді қылып, жабағы-тайлық соғым да беріп жүрдім. Жылқы бағып жүріп, қалың беріп, қатын алдым. Бұралқы жылқы қағыстырып, ең-таңбасын бұзып, пайда-пақыршылық қылудың тәсілін де білдім. Қатын алғанда ораза ашарым да болды.

Жылқы жұттан кейін, енді есікте жүргім келмеді, не де болса, алыс жерді де бір көрейін деп, пароходқа жұмыс қылуға жалдандым. Ертіс ағып, Өскемен, Зайсан, Семей сияқты қалаларды көрдім. Азын-аулақ орыстың тілін де үйрендім. Орыспен араласып, орыс тілін үйренген соң келудеме нан піскендей, өзіме өзім әлдеқандай көріндім. Өзім бір тұрған заңмын. Орыспен де, қазақпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да өлмейтін тәріздімін. Адам болған, ел билегендердің менен тұқ артық жері жоқ. Олар билген өтірік, өсек, ұрлық-қарлық, қулық-сұмдықты мен де білемін. Олар сөйлеген сөзді мен де сөйлей аламын. Қайта мен «какой черт, как же, неволи, неимешь права...»

дел орысшаны араластыра соғып жіберуге де әмірім келеді. Алыса кетсе, төбелесе кетсе бір кісіден таяқ жемеймін. Пароходта жүргенде ершікпен он пұтқа шейін көгеріп жүрдік. Араздаса кетсе – кісінің бір малын жетелеп кетуге жараймын. Енді менің ел адамдарынан қорғалайтын нем бар? Мен неден тайсалам? Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтыным ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Өтген дүние! Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем...

Елге келген соң алқа мініп, партияның сөзіне араласып, жаңа бір қызметке ниет қып жүргенімде соғыс болды да, оның артынан төңкеріс килікті. Ақтар қашып, қызылдар келіп, қала-қалаға орнады. Балшабай деген бар, кедейдің пайдасын сөйлейді, балшабайға жазылған кісіні ауылшай қылады, болыс қояды, қолына мылтық береді, «панимашь», мылтық береді, байдың малын, артық қатынын, жерін кедейге тартып әлереді деген лақаптар шыққан соң, жатсам ұйқым, тұрсам күлкім келмейді. Мен де балшабайға жазылып, мылтық алсам деп ойладым да жүрдім. Ойға алғанын істемеген жігіт жігіт пе? Біреу қазақ жақсы деді, біреу орыс жақсы деді: «Чорт тыбрьй деп шоқындым да кеттім» деп бір шоқыншық айтқан екен. Сол айтқандайын, не де болса тәуекел, мұны да бір байқайық, кім біледі, мен де бірдемеге жарап кетермін деп бардым да, жәшейкеге жазылып, бесатарды мойынға салып шыға келдім.

Елге келе ылау мініп, қой сойғызып, жүрегін шайып алуға кейде басынан асыра мылтық атып, қызметке кірісе бастадым. Қазынаның мүлкін, ақтардан қалған қару-жарақ іздеп, қырындаған кісілерімінің үйін тінтіп, қорқытып, көр-жер алып, пайда-пақыршылық істей бастадым. Ел мені «шоқынып кетті» деп кірпідей жиырылды. Әуелі өз ағайындарым да маған оскырып, үрейленіп қарайтын болды. Менен жұрт сескенейін деді. Мен келгенде қызыл көзді пәле келе жатқандай атын, дүниесін тыққыштап, өп-өтірік жалпақтауды шығарды. Елі құрғырдың аузын бассаң, арты сөйлеп тұрады ғой. Әсіресе осы бір мұғалімі бар болғырлар пәле болды. Мені елден пара алды, дүние тартып әкетті, пәлен-түтен қылды деп қаладағы оқыған азаматтарға дөптеп қойылты. Сайлау кезінде болыс болайын деп

Мұныңшыққаныалдарынаер-тоқымүйіп,мылтықтарды
мосылап қойған, қапар тігілген, кішілі-бүтінді, жыртығы
аралас жеті қостың бірден соңғысы екен. Төрт құбыладан
бірдей үстіне төніп тұрған ақар-шақар тауларға да, тауға
біткен үйірім-үйірім сабалақ жүнді орманға да, тау басын-
да қалықтап жүрген бүркітке де, тауға тырмыса жайылып
жатқан құмырсқадай жылқыға да, қостан аулағырақ өзек
құлай шыққан шоқ-шоқ бұтаға да Ақбілектің көзі тоқтап
тұра алмай, сырғанап келіп, жерошақ басындағы қазақтың
қара құманына, қара астауға, шырық шөмішіне тоқтады.
Орыстың қолына түскен әлдеқандай сорлының астауы,
шөміші екен? Сорлы шөміш! Мен де сенің сыңарың ғой
дегендей, мұңдасқандай, көзіне тағы жас алды.

Талдың тасасына түсейін деп шеткі қостың артынан
жаңа аса беріп еді, қос даласында мылтығына сүйеніп,
қақиып тұрған бір орыс жалт қарап:

— Стой!— деп ақырып қалды.

Дауыс жер астынан шыққандай, селк етіп, зәресі зән-
демге кетті, жығылып барып оңалды. Сөйткенше болма-
ды, артынан бір орыс жүгіріп келіп, құшақтай көтеріп,
қосқа ала жөнелді, Ақбілектің көзі шарасынан шықты.
Құшақтаған орыс аймапан қосқа алып кіргенде, тағы екі
орыс бастарын көтеріп, керіліп-созылып, көздерін уқалап,
Ақбілекке қарап, күле сөйлеп, шылымдарын орай бас-
тады. Алып келген манағы қолын артып жатқан жирен
орыс екен. Ақбілекті аш белінен жібермей қысып, бетіне
аузын ала ұмтылтып еді, Ақбілек теріс қарап, бұлқынып
сүйгізбеді. Өзге орыстар жирен орысты мазақтағандай
қарқ-қарқ күлісті. Олар күліп, жанылдап отырғанда, төрде
жатқан ұзын бойлы, ақ құба, қара мұрт орыс оянып қырынан
жаттып, Ақбілекке көз салды. Ол өзгелеріндей сөйлескен
де, күлген де жоқ, құба шыңға құлаш ұрған жез қанап
бидайықтай, талмау көзін талықсыта, терең қиялға шомыл-
ды. Көп күліп жатқанда, біреу сазарып отырса, оның жаны
жұмбақ қой. Көп мұңайып отырғанда, біреу күліп отырса,
оның ажары да, көңілі де бұрмақ қой. Жұмбақ нәрсе адам-
ды құштар қылмақ қой. Қарқылдасқан, қайғысыз, қамсыз
көп орыс ортасындағы қара мұрттың елібі де Ақбілекке
жұмбақ боп көрінді. Әлде өзіне бастас қылғысы келді

тұрған кезімде менің үстіміңің жазылған қағаздарды жи-
нап, Мамырбайдың баласы кеңсеге тапсырыпты. Мені
бұзақы адам деп, сөйтіп болыстыққа сайламай қойғаны.
Әй, атаның аузын... Мамырбайдың ұлы! Әй, тірі болсам,
бір қылармын деп кете бардым. Мылтықтан айрылдым.

Елге келген соң ауыл-ауылдан мал, киіз, төсек-орын,
ыдыс-сайман алып жүрген ақтардың адамына жолығып,
іш пікірім ішімде, соларға кісі болдым. Олар маған жақсы.
қыз тауып бер деді. Ойыма Мамырбайдың Ақбілегі сап ете
түсті. Ағасының қылғанын алдына келтіретін маған да күн
туды. Өмірі байдан, күштіден қорлық-зорлық көріп келдім.
Әлі де солардан көріп отырмын. Енді оларды мен несіне
аййың? Арманыма жетсем, жеттім, жетпесем жаман адам
атағың кеткенім дағы...

* * *

Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің
сілесі қатып, аттан түсіргенде, өлген адамша сылқ ете
түскен.

Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың ба-
сын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген,
бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде
жатыр. Оң қолын Ақбілектің үстіне артып, қақ қасында
бетінен түті шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен
орыс жатыр. Оның бейнеусіз аңққан, жарық ерінді, дүрдек
аузынан шыққан демі Ақбілектің бетіне тамуқ лебіндей
тиіп, денесін тітіркендіреді. Өңі-түсі екенін біле алмай,
көзі алас ұрып, қостың ішін сияй сүзіп шықты да, түңдегі
оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзінде
жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді. Саңқал кизден
сығалап аңқан шуақ Ақбілектің бетіне түсіп, жайрандаса
да, телегей аққан жасын құрғатуға септігі болған жоқ; жа-
нын жанышқан қараңғылық жарық дүниені аңсатты, әйтсе
де жарық, сәуледен көзін біржола жұмбады, құтылмасына
көзі жеткен соң, тым болмаса мынау саусылдаған сары
қолдың ішнен сығтылып, даланы бір көргісі келді. Ақбілек
үстінде жатқан ашалы, ауыр қолды ақырын сырғытып
қойды да, сыбдырсыз басын көгеріп, жер қорқақ болған бо-
тадай, аяғын андап басып, сығалап қарап, жапсарды ашып,
тысқа шықты.

ме, немесе одан бір жылы ғез күтті ме, болмаса әйелге біткен жеңікқойлық мұны да жемді ме, әйтеуір қапаста қапаланып, жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті.

Қара мұрт Ақбілектің жан жарасын әлде көзінен оқып білді ме, әлде басқа бір сезім кернеді ме, кім білсін. Жирен орыс сүйем деп тағы кезенді, Ақбілек сырт беріп тыжырынды, ашуланған адамша анаған ажырая қарап, бірдеме деп шорт кесті. Жирен орыс та қыңбады, ежірейіп, басын сілкіп, бірдеме деп тастады. Бірақ енді қайта сүюге қызға ұмтылмады. Өзгелері үндемей шылымдарын тартып болып, тысқа шығып кеткенде, қара мұрт Ақбілекке жылы қарап, бір күрсінді де, жирен орысқа әлгідей емес, жайраңдап сөйлей бастады. Алғашқы кезде нәресте шақырғандай, алақанын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжыраға, ернін шошайта сөйлеп, жирен орыс басын шайқап болмаған соң иығын қысып, көзін тіктейте, ернін кезерте, ызбарлана сөйледі. Арс-арс еткен иттерше, бірін-бірі қауып алғандай болды. Келте-келте жауаптасып, жұдырықтарын білесіп, қара мұрт өңі сурланып шығып кетті. Ол кеткен соң жирен орыс та құшырланып, күңкілдеп, боқтаған іспетті болды да тысқа шықты.

Өзге қостар да тұрса керек: далада шүлдірлеген сөздер молайып шынылдай бастады. Кейбір орыстар Ақбілек отырған қосқа келіп: «Ө, кізімке...» деп, мойындарын қи-сайта, шағыр, шегір көздерімен тесіп жібергендей, Ақбілекке үңіле қарасып, ыржиысып, бірдеме десіп кетіп қалды. Ақбілек олардың бетіне тура қарай алмады, кіріп келгенде ғана немесе тұрткенде ғана көзінің құйрығы түсті.

Аздан соң, шелекке қайнатқан суды орталарына қойып, темір тостағандалды батырып, кешкен нандарымен қытырлашып шай ішісті, шай ішіп отырып, мылжындап көп сөйлесті. «Алдына ас қойсаң, орыс ит мылжындайды да отырады» деген әкелерінің сөзі Ақбілектің есіне түсті. Жирен орыс манағыдай емес, Ақбілекке өліп-өшкенін қойып, бетінен түгі шығып, әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсіп кетіпті. Қасындағы біреуі Ақбілекке қаңылтыр тостағанмен шай ұсынып еді – алмады. Өлгі айтысқан, жанжалдасқан қара мұрт орыс қайтып көрінбеді.

Шайларын ішіп, шылымдарын тартысып болған соң, өзгелері тысқа шықты. Жирен орыс беліндегі алтыатарын алып, құлағын қайырып, бірдемесін басып, бұрап, шыртылдапты, айналдыра бастағанда, Ақбілек өзімді атып тастар ма екен деп жүрегі секенейін деді. Жан шірін көзге тағы бір елестен өтті. Бірақ атқан жоқ, мылтығын қайтадан қабына салып қойды. Сөйткенше болмады, киімдері сымдай, белдерін қылмита буынған, қылыштарын асынған екі орыс сып етіп кіріп келді, қақып тұра қалып, жирен орысқа келте-келте бірдеме айтты. Жирен орыс бір-ақ ауыз жауап қайырды да, үн-түн жоқ киіне бастады. Киінді де Ақбілекті қолынан тартып тұрғызып, қостан алып шықты. Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Шыкса көп орыс қос манында тол-топ сөйлесіп тұр. Қызды алып бұлар шыққанын көріп, өзгелер де қозғалып, лек-лек болып, тал жаққа қарай аядады.

«Енді ажалым жетті ғой, — деп Ақбілекте зәре жоқ. — Бәрі жиылып атып, қалай өлгенімді тамаша қылғалы жүр ме? Әлде бұлардың басқа заңы бар ма? Басқа бірдеме істегілі жүр ме? Ыпырым-ай, мынаның бәрі жабылып... нетсе, не жаным қалады?..»

Көп орыс талға таянған соң қатар тұра қалды. Үш орыс шығып, анадай жазанқайға барып тұрысқан кезде, жирен орыс Ақбілекті бауырына қысып, аузынан құшырлана үш сүйіп қасына екі орысты ертіп, анау үш орысқа таман барды. Алтау болды. Алтаудың бірі толқа қарап, бірдеңе айтты. Толған қысқа ғана жауап естілді. Өлгі өзінің жирен орысы мен манағы қара мұрт біріне-бірі таянып бірдеңе десті де, аяқтарын нығарлай басып, екеуі екі жаққа қарай жөнелді; сүзisetін қошқарларша екеуі біріне-бірі қарама-қарсы тұра қалды. Сол кезде қалған төрт орыс кейін шегініп, біреуі қолын көтеріп: «раз, два, три!» деп қалуы-ақ мұң екен, алтыатарларын қолына ұстасып тұрған екі қошқар басып-басып жіберді. Түгін бұрқ етті. Орыстар тұра ұмтылды. Ақбілек енді не болар екен деп, ар жағында тұрғанда, мына жағынан қара мұрт орыс жүгіріп келіп құшақтай алды.

Өлген жирен орысты көп солдат алып кетті. Ақбілекті белшен құшақтап, сүйемелеп, қара мұрт қосқа әкелді. Өзіне таласып, екі орыс бірін-бірі өлтіргенін Ақбілек сонда біл-

ді. Бірақ төбелесіп өлтірісіңдей, алыстан атып өлтіріскеніне түсіне алмады.

Қара мұрт шығып кетіп еді, бір уақытта қалпағын шекесіне салған сенсең бас, теке көз, бұжыр сарыны алып келді.

Теке көз келе Ақбілекке:

— Аман, қарындасым?— деп қолын ұсынды.

Қазақша сөйлегені құлағына жылы тиіп, қолын ұсына түсті де, қайта тартып алды, жел қоятындай, сүзе қарады. Теке көз қазақша білегін тілмәш екен. Ақбілекпен сөйлесуге шақырып әкепті.

— Мына төре сені жақсы көрген. Бұл өзі үлкен төре. Қорықпайтын кісі. Сені көргенде (жүрегін түртіп), мына жері шыдамаған. Анау жігіттен сені маған бер деп сұраған. Ол бермеген. Ол кішкене төре ғой. Екеуі дауласқан, шатақ шыққан. Содан дуэльге шығып, атысқан. Өзің көрдің ғой. Бұл сен үшін өлем деген, сонда да шыдаған. Сен бұрын орысты жақсы көрмеген, даладағы қазақтыкі қызың. Сен қорықта. Саған ешкім тимейді. Мына төре сені ешкімге бермейді. Бұл сені қатын қылады. Өзге төрелер сені бәрміз қатын қыламыз деп еді, бұл кісі оған болмады: ол жарамайды, онда бәрміз хайуан боламыз деді. Бұл көп білетін ақылды жігіт. Бұл да өзіңдей адамның баласы. Құдай біреу, жан біреу. Сен бұдан қорықта, жақсы көр. Бұл кісі сені жақсы көреді. Сені күтеді. Саған тамақ, киім әпереді; саған жұмыс қылдырмайды. Қазақтыкі қатын немене? Малай ғой. Байы ұрады, соғады, жұмыс қылдырады, бәрі кір болып, жаман болып жүреді. Біздікі орыс заңоны жақсы қағынды ұрмайды, (қолтықтағанды көрсетіп) былай ұстап жүреді, театрға апарды. Гуляйт қылады,— деп Ақбілекті үйір қылап деп, теке көз көп сөйледі. Анда-санда қара мұрт оған сөз үйретіп тұрды. Ақбілек көнегөз жасыл бикасап шапанын кезіне түсіре бүркеніп, беті бәкіше бүктетіліп, бас-аяғы кірпіше жиырылып, құнысып, жасы мөлдіреген, қара көзін жыпылықтатып, қара мұртқа анда-санда көз құйрығын бір жіберіп, таңдана үрейлене тындалды.

Орыс сөйлеп тұр. Оның көп сөзі миына қонбайды. Үлкен төре деп мақтайды. «Төре» болса қайтсін? Мұның іздегені орыстың төресі ме еді? Киім, тамақ әпереді дейді. Соларға

зар болып, осылардан сұрауға келіп отырғаны-ау! Шаруаны қатын істемейді дейді. Енді кім істемекші? Бекболатқа тисе, Ақбілек малай болар ма еді? Өзі де істер еді, малшы қатын да алар еді, байы ұрыспаса, ұрмаса, қатын қайда кетпейді? Қатын не істемекші? Мұның бір де бірі құлағына бармады. Жалғыз-ақ Ақбілек үшін қара мұрттың жанын қиғаны рас. Ендеше, жақсы көргені рас. Ендеше, жақсы көргендей, Ақбілек сұлу екен. Қазақ тұрсын орыстың боздақ жігіті де қызығады екен; жанын қиыды екен. Әйелге бұдан артық күн бола ма? Оның үстіне Ақбілек енді көп орыстың талқысына түспейді, асыл қазынасын бір-ақ кісіге қияды. Қандай кісіге? Өзі үшін жанын қиған ер жігітке... Бірақ, ойбай-ау! Ер жігіт деп отырғаны аузы түкті кәпір ғой! Өлгі дәретсіз, сүндетсіз, түрегел сиетін, шошқа етін жейтін, арақ ішетін, темекі сасыған, елді қыран жапқандай қылып, қамшы-қылыш, мылтық ойнататын, мейірімсіз, шадыр мінез орыс осы емес пе? Шынымен, осы орысты иіскетені ме? Шынымен, ақ төсіне арам денені ойнататып, ашылмаған қауынын арам пышаққа жарғызғаны ма?

Соны ойлаған кезде ақ торғын маңдайынан екі тік сызық көріне қалады. Апасы есіне түседі де, көзнен екі моншақ домалап кетеді... Жан апасы бұл үшін өліп кетті-ау! Тым болмаса бір ауыз тіл қатуға да мұршасын келтірмеді-ау! Жан апасынан мәңгілік айрылып, басы қаралы, жүзі жаралы болып отырып, не бетімен бай іздегені? Анасын өлтіріп кеткен, өзін тартып әкелген, ауылын шапқан, талаған орыстың тұқымына не ғып өз еркімен көнгені? Ел қайда? Бұл қайда? Әкесі, ауылы не күйде? Ақбілек туралы олар не ойлап жатыр десейші?.. «Сорлы қызымды өлтіріп тастады ма, әлде не қылды?»— деп әкесі не ғып жаны шыдап отыр екен?.. Күйеу келмек еді, түндегі қуған, оққа ұшқан әлде сол емес пе екен? Тірі қалып, Құдай жазып, көретін күн болса, күйеуіне не бетімен жолықпақ?.. Ойпыр-май! Мұндай да сорлы, мұндай да масқара болған қазаққа әйел бар деймісің? Бұл қорлықты кім көрді дейсің? Осының бәрине шыдап, неғып өлмей, тірі отыр?.. Түндегі оқ апасына тигенше, бұған тимегенін қарасайшы...

Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ

тұрсын, атағын орыс естіп, іділеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты! Кім біледі, тірі болса, үмітсіз сайтан... Өз еркімен келіп отырған жоқ... Қара күшке, тағдырға не шара? Жамандығынан мұндай болған жоқ. Ақбілекті кім жағыра алады? Малына, жанына ие болып отырған қай қазақ бар? Азар болса, жазықсыз құрбан болып жатқан көп қорғансыздың, көп сорлының бірі шығар...

Ойдан ой қуып, басы даң боп, шапанының етегінде күте қалған қара мұрттың ыстық қолы қолына келіп тиді. Ақбілек қабағын ауыр бір қағып, «менде не ерік бар?» дегендей, терең қасіретпен оның бетіне қарады. Қара мұрт тілмәшине иек қағып, шығарып жіберді де, Ақбілектің қолын ештеп өзіне таман тартып, ерніне апарды. Ақбілек қасарысқан жоқ...

* * *

Түндегі айқай-сүрен, аласапыранда Мұқаштың қолында жетектеулі – екі ат, ойында – аман құтылу, көзге түспеу ғана бар еді. Ағтарды, нәрсені, қызды аман-есен орыстарға әкеліп тапсырып, «Мұқашке, молдөде!» дегізіп, алакеуімде ауылына қайтып келе жатқанда, ойына әлденелер келді.

Мамырбайдың баласына егесіп, қарындасын орысқа шығарып беріп, ол-оңай кек ала қоймақ еді. Қызды алам деп жүргенде, бұл иттер шешесін атып өлтіріпті. Мұның арты үлкен дүрбелеңге шалпасын кім біледі? Қуғыншылардан да кісі өлген болу керек. Бұл шіркіндер жүрген жерін қызыл жосын қылмай кетпейді. Кім біледі, түндегі оққа ұшқан әлде өз ағайындарының, өз тілеулестерінің бірі ме? Елді осынша қырғынға ұшыратқан Мұқаш негкен қан ішер? Япыр-ау, мен қазақпын ба? Қазақ болсам, өз қаныма неден мұнша өшіктім? Өзгем өзге ғой, «ағатайлап» жалынып, қолын созып келе жатқан Ақбілектің білегін көкке соғғызып, жүйкесін құртып, орыстарға ұстап бердім-ау! Ағасы болмаса, бұ қызда не жазық бар еді?.. Тегі, мен өлерімді білмейтін ақымақ шығармын. Әйтпесе, елді осынша шабыншылыққа ұшыратып, осынша қан қақсағып, зарлағып, қарғыс алып, жекеұрың болғанда, қайда сыям, қалай тіршілік етем деп ойладым екен. Осынның бәрін ісі-тетіп жүрген мен екенімді білсе, білмей тұра ма, ал мені

тірі қойғаны ма?... Қой, мен жынданған екенмін. Мені сайтан азғырған екен... Бірақ енді істі түзетуге бола ма? Болмайды: шынымды айтсам да, басымнан асыл кетті. Елдің менен жауыз дұшпаны, арам сүт емген, арамза ұлы болуы мүмкін емес...

Енді бұл беттен қайтуға өпкел жоқ... Дауа жоқ... Осы кеткені кеткен... Шынында байларға не обал бар? Олар елді жемей жүр ме? Бай неліктен бай болады? Малайдың арқасы, елдің арқасы ғой олардың құтыратыны. Төрт түлік малын малшы бақпасыншы, шебін малай шалпасыншы, отын жақпасыншы, құдығын аршымасыншы – көрейін байдың бай болғанын. Асқанға тосқан деп, Совет үкіметі байлардың пейліне бола келген бір тосу ғой. Кім біледі, мені де байларға Құдай жұмсап тұрған шығар... Мен болмасам да осынау өз егін өзі жегелі жатқан ақтың білеуігтері елді тыныш қояр ма еді? Мен болмасам да ағайынға өкпелеген бір қазақ кек алам деп, орысқа шалпас па еді? Сөз жоқ, ондай біреу табыла кетер еді. Әрине, мұндай жұмыс екінші бірі, егіздің сыңары, жалпылама адамның қолына келмес. Бірақ мендей біреу табылуы хақ... Талай әскер шауып кетті. Талай қазақтар елге «ұлық» боп келіп, алып та, жеп те жүр. Соларға ел не қыла алды? Түк қылған жоқ... Өзім коменес. Қолымда – мылтық. Он кісіге алдырмаймын. Мылтық ағу әдісін орыстардан үйреніп, мерген боп алдым. Күндіз сақ жүремін. Түнде жұмысымды бітремін... Мен несіне қорқамын? Қорқарым бар, бұл іске әуелде кірмеуім керек еді. Кісілік іздеу, ячейкеге бару, мылтық алу керек емес еді. Жоқ, өлім біреу, не де болса, Құдайға тапсырдым. Енді менің елге кішірегім – өлім; жігіттіме кемшілік... Мені жұрт өткір, қайсар, ер жігіт деп ойлап жүр. Сол аттан айрылмауым керек...

Осындай ойлармен Мұқаш ауылына таянды. Аулы – үлкен таудың күнгей бетіндегі, ойпандағы төрт-бес тас қора. Ол қоралар өзімен немере, шеберелес ағайындарыңкі, осы ауылдың бас көтерісі – Мұқаш; ақсақалы – Тезекбай молда.

Молда деген аты болмаса, Тезекбай кісі атын да жаза алмайды. Барлық оқуы «қырық қадістен» есінде қалған «қаланнаби ғалайссалам – айтты пайғамбар ғалайссалам».

Бар білген құлшылығы — өлікке, шөлшекке, өлі тиген малға «жасын» оқу, ғарауың оқығанда, «алқамға» қосып «еттеқазелите» деген бірденені міңгірлету. Бар білетін дұ-асы — «аятл-күрсі». Құрбанның малына немесе айға бата қылса да осыны оқиды, көзіне ақ түскен әйелдерге де осы-ны айтып үшкіреді. Өз ағайындары болмаса, Тезекбайды сырт қазақ молда деп те санамайды. Жегжат жердің өлігі болмаса, жамағайынның жаназасынан, «жақсыларды жана-ған» қожа-молдалардан асып, Тезекбайға несібе тип көрген емес. Тезекбай ел қыдырып, зекет, садақа да жинамаған; ет, қымыз іздеп, түтін аңдымаған кісі. Ондай сұқым, сімтік шалдарды қайта ішпен жарапай: «Не бар екен? Жатсай-шы!» деп отыратын. Тезекбай тысқа шықса — ақ таяғын беліне қыстырып, сивырын, бұзауын көздеп, үйге келсе, кемпірдің кім жамағанын, көже қылғанын жарапай: «Ісің бәрі балшы, ісінің бәрі балшы» деп дыбырлаудан басқа, ауыл-үйге зияны жоқ адам. Онысы да қартайғанда ерлі-байлы адамның бірінен-бірі жиреніп тартағын едеттен ғой, айтпесе кемпірінен асып, өнер-табатын Тезекбайда не қауқар бар дейсіз...

Әйтсе де осы молданы өз ауылы сыйлайтын. Қыстауға қонса, бата оқу болса, мал елсе, құрбандық берсе, бас пен жамбас молданың алдына тартылатын, сүттің уызын, қы-мыздың тұңығын молдаға таттыратын, молда жоқ болса, намазы қаза болғандай, келіндер де «молданы шақыр» деп отыратын.

Мұқаш қандай елден шыққан, Құдайдан безген, сөдыр-лы болса да молданы сыйлайтын, молдаға сөйлеспей өзінен өзі именіп, сырттан жүретін. Жолығып қалса сәлем бер-етін, бірақ байымдап тұра алмайтын. Мұқаштың онысын сезіп, молда да сөз қатпай, доң айбатпен жүретін. Сөйлесіп, тілін шығарып, бетінен алғызғаннан да анадайдан ығысып жүргенді тәуір көретін үлкен кісілердің бір әдеті ғой. Ауылға таяна бергенде Мұқаштың бір қысылғаны: «Осы молданың көзіне түсіп қалам ба?» еді.

Төмпейден шыға берістегі, күн шығыс жақтағы қора Мұқаштікі еді. Төмпейден оралын шыға бергенде жапы-райған тас қоралардың күнгей бетгері таңның қызғыл сәулесіне шомылып, күлімсіреп тұр екен. Молданың қорасы

ергенегі шалжиып, аузы ашылып жатыр екен. Босағада жатқан қызыл ит тастақтағы аттың тықырын естіп, Үре бас-тады. Мұқаш қатырақ аяндап, қораның далдасына түсуге асықса да, шекпенін жамылып, аяғының басына кебіс іліп, дәретке шыққан молданың бір көзін жұмып, сығырая қарауынан құтыла алмады. Молда ойындағысын біліп қоя-тындай, Мұқаш тура қарай алмай, қызарып, қырындап кетті. Тезірек төбіншіп, қорасының тасасына түскенде, қора-дағы ақ күшігі де шөулдеп қоя берді. Күшісін жамылып, қара домалақ келіншегі — Алғынай тыршылдап келіп есік ашты. Жаратпаған кісіше, бетінің бір жағын тыржытып: «Сенбісің?» деді де, тысқа жөнелді.

Мұқаш ақырын «мен» деді де, атын қораға кіргізіп, қадаға байлап, үйіне кірді. Бір көзі соқыр, жалғыз әйнекті, тапалтақ, кішкене үйінің дымыққан, күлімсілеу, терсымақ иісі мұрнына жыл-жылы тиді. Жаман текемет үстіндегі қы-зыл шығ көрпеден монтпаған қолдары шығып, домаланып, томпаған, үш жасар Медеудің көкішіл танауы делдініп, аузы ашылып, ерні қожалақтанып, шот маңдайы тоқы-райып, жылтырап жағқаны да жарастықты көрінді. Баласын иіс-кейін деп оқтанды да, ойына бірдеме түсіп кеткендей тоқтай қалды. Күнеға батпаған, періштедей сәбиге жаман қолын, арам демін, арам ернін тигізуге батылы бармады. Молдадан да, ұйықтап жағқан нәрестеден, нәресте емес, өзінен ұялғаны күштірек тәрзіленді. Андаусызда аяқ ас-тынан әлдебір ит арс еткендей-ақ, Мұқаштың тұла бойы шымыр ете түсті. Итті тұмсыққа бір теуіп, бетін қайыруға асығып, белін шешіп, келіншегінің басындағы қызыл жас-тықты жұлып алып, әйнек түбіндегі бұрышқа тастай берді де, қолын ішіне алып, бүркеніп, жантая кетті.

Сабан төсеулі балшық сәкінің ернеуінде жаулығын шал-қайты қойып, Алғынай көйлекшең дәрет алып отырып, мұрнын қатты-қатты сіңбіре берді. Қызыл алақандары қош-қар мүйіздел кестеленген, әлдеқашанғы жыртылған ақ ора-малына беті-қолын сүртін жағып:

— Бүк түсіп жаға қалғаны несі! Атынды қайтуші едің?— деп тоңқ етті.

Мұқаш басын көтерместен:

— Түске таман жібере сал!— деді.

«Оныңды біздің әлгіге неге айтпайсың?» деп қоятын болды, Алтынайдың аузына енді «әлгі» көбірек түседі, өйткені оның қолынан келмейтін іс бар деп білмейді.

Байын сондай көріп жүрген Алтынайдың бүгінгі мінезін тіпті дәмі жоқ қой. Бәсе деймін-ау! Жоқ, Алтынайдың өзінше дәмі әбден бар. Алтынайға Құдайдың берген бір мінезі – анда-санда кілтін етіп, кегжиіп қалаатын. Ар жағында пәлендей зилді екпіні болмаса да, күйеуіне іші риза болса да бер жағы, сырты өп-өтірік қыртындаған наразы кісісіп, сыр бермейтін. Сонысы ма, немесе өзі Алтынайлығын, жан екендігін, Медеудің апасы екендігін көрсеткісі келді ме, әйтпесе «әлгі» тысқа шығып келгенде, қанжығасының құр қайтқанына көңілі толмады ма, әйел шіркіннің қай бұлтақ-сылтағы екенін кім біледі, қалайда күйеуіне бір торс еге түсуді өзінше дұрыс көрді.

Дәрет алғаны болмаса, Алтынай намаз оқыған жоқ. Байына еліктенді дейсіздер ме? Жоға... оқымайтын бір реті келген де. Намаз оқығанда да, Алтынайлардың аузын жыбырлатып, жығылып, тұрып жатқанда, не айтып, не қоятынын бір Құдай білмесе, пенденің көзі неге жетсін. Алтынай төсегінің аяқ жағына отырып, мәсісін киіп жағып, күндегі әдетінше жұлығындағы тесікке сұқ қолын тағы бір батырды. Осы түскірден қашан құтылар екен? Ұлықтың қатыны басы мен бақайы жылтылдап жүргенінің несі жақсы дейсің? Бірақ «әлгі» тірі болса, бүгінделер деген ой келді де, тезірек орнынан тұрды. Өйткені сиырын саууға асықты.

Тарғыл шолақ сиырдың бұзауы еміп жатқанға жүгіріп барып, басын жұлып алып қараса, арам қатқыр, қақтап тұрып еміп қойыпты. Бүйірге бір нұқылп, ашаға таман жетектеп еді, бас жібі шолтаң ете түсті. Басын шайқап, тандайын бір қақты да, жалғап байлап, қасқа сиыр мен екіректі саууға кірісті. Алтынайдың жарылған күс қолдары жып-жып етеді. Емшекті суыра тарқанда, сиырдың кетешегін солқылтағады. Сауған сайын сүт молайып, шелегі кур-кур етіп ән салады, шелектің әнін тыңдап отырып Алтынай қызыл бұзауына мықты бас жіп қайдан табылар екен деген ойға бағады. Қойы жоқ үйге жіп-шү деген нардың пұды емес пе? Одан-бұдан шымқытып сұрап алған жүн қай бір



Алтынай байына оқты, көзімен бір қарап:

– Тұрып, ыстық суыңды ішуші ме ең? – деді.

Мұқаш:

– Жоқ, – деп басын қымтай түсті. Сонымен сөз бітті.

Түн баласында Мұқаштың жойылып кетіп жүргені бір бүгін емес, үйреншікті әдет тәрізденіп, Алтынайдың өршеленбейтін сол еді. Кішкене баласымен екеуден-екеу бір қорада жалғыз жағу алғашқы кезде қорқынышты көрінсе де, жүре-жүре оған да еті үйреніп кеткен. Кімге жалынсын, кімге сенсін?

Алтынай малын сауады, өгізді көздейді, байлайды; отынын тереді, отын жағады, суын әкеледі, күлін шығарады, тамағын істейді, киімін өзі тігеді; үйін жияды, сыпырады, қорасын тазалайды. Мұның бәрі оған Құдайдың бұйырған жұмысы тәрізді. «Жұмысым ауыр болды-ау, жаныма багты-ау» – деп ол қабағын шытпайды. Көзін тырнап ашқаннан ұйқыға барғанша күйбенеде, не қолында, не аяғында бір дамыл бола ма екен... Жо-жо-жоқ. Жұмыстан қалт етіп қолы босаса, есік алдына шықса, ауыл үйді қылдырса, болмаса абысын-ажындарымен әңгімелесе, қолынан ұршығы түспейді. Алтынайға тамағы тоқ, көйлегі бүтін болса болғаны, онан өзгені іздемейді. Үй міндеті – әйелде, түз міндеті – байында. Бұл – Құдайдың бұйрығы.

Бұрынғыдай емес, Алтынай тұрмысына енді риза. Риза болмай не ғыпты? Байы атқа мініп, кісі болды. Кісі болғалы, үйі үй болып келеді. Өмірі біпеген қара ала сырмақ та, ақ киіз де тер алдында пайда болды. Бұрынғыдай емес, Алтынай жымың қағып, көк ала әбдіренің аузын да көбірек аша беретін күйге ұшырады. Алтынайда ақ бәтес көйлек, жақсылы жеңсіз де пайда бола бастады. Алтынай абысындарына мақтанып та қояды. Өйткені ол енді «ұлықтың» қатыны ғой.

Бұрын бұйығы, жаман Алтынайдың енді тілі де шығуға айналды, Қатындар: «Күйеуің қайда келген?» десе, «Қызметпен болыс ауылына кетті» немесе «Ауылнай шақыртқан екен» деп, тұрмысының көтеріңкіреп, ернің бір жымырып қоятынды шығарды. Әлдебіреу кісидегі ала алмай жүрген ақысын, не қорлық көріп жүрген, ұзатқан қызын сөз қылса, Алтынай көлдененнен қыстырылып:



жарытады? Кіші ауылдағы Жамалдың апасынан сұрамаса, бұл ауылда атымен жоқ қой. Жап-жаңа, агтай бір бас жіпті жаңа тақханы сол еді, сыртқы ауылдың балалары ала қойыл, көзін ағартып кеткені... Қолына құлғана шыққыр? Қайсысы ғана ала қойды екен?

Бір қолын шошайтып, шу-шүлеп, сиырларын қорадан аулағырақ айдап салған соң, Алтынай үйге келіп, шелектегі екі сиырдың сүтін қара табақ пен ескі сары тегешке бөліп құйды. Жұқалап жайлақ ыдысқа қойса, қаймақ көп тұратынын Алтынай әлдеқашан білген ғой. Не дегенмен Алтынайдың қолы берекелі қатын. Жылына тістей қатып, тырғақтап жүріп, үш сиырдан 3-4 қарын май алады. Өліп баражатсын, аузына бір салмайды. Қаймақ былғап отырғанда Медеужанның алақанына да бояу сатқан бақалшыға ұқсап шымышып қана салады. Онда да зорын тапса. Аққа қалай ауыз тиді, солай ірімшік, құрт қайнатам деп арпалысады. Оның есесіне қыстығүні сориаға, көжеге сарқасқа қылып құрт езіп, тойыл алса, қора-йшіне қамзолмен кейлекпен шыққанда бойы қыз-қыз қайнап жүреді. Майының артығын сатып, кйім-кешек, ұн-шайға жұмсайды. Ауылдағы кексе қатындар шаруаға қырбай келіндеріне ұрысқанда: «Жидіген, пірік күн! Ана Алтынайдың көрмеймісің, бит терісін биялай қып отырғанын!.. Қазақтың қатыны сондай келді», — деп ұрсатын.

Мұқаштың да көбінесе түзде жүріп, шалықтап, оған бұған ұрына беретіні Алтынайдың арқасы ғой. Қатыны Үйін ташкылтпай, бар-жоғын білдірмей отырғандыкі де. Бірақ Мұқаш оның қадірін біледі деймісің? Алтынай ырысы бар келіннің маңдайына бітетін қатын ғой. Дүниеде байының тауып әкелгенін ұқсаға алмай, ас-суында бір береке болмай, байын борышқа ұрындырып, бірін-біріне қоспай, қатының салдыбалақтанып, ызындап отырар ма, кәпір! Одан қырсық не бар дейсің?

Сүтін жайлап, ілегенін тегіп, күлін шығарып, ылды-аяғын жуып болған соң, Алтынай пештің түбіндегі шекпен жапқан қара аяққа ұн салып алып, жүресінен отырып, тоқыраңдап бауырсақ иледі. Қолдары машинаша жыпылдап, дереу есіп кесті де, шомалаға барып от жақты. Молданың үйінің үлкен бақырын әкеп, алқымына кесеу

тіреп, қоңырсытып, бауырсақ пісіріп отырғанда галғандап, қалталақтап, көзін ашып-жұмып, манарлап, жалаң бұт Медеужаны да келді.

— Тұрдың ба, сәулем? — деп, Алтынай оң қолымен қолтығына қысып, маңдайынан сүйді. Медеужан бақыраштағы қызара бөртіп келе жатқан, ортасы тесік жалпақ бауырсағына қарап:

— Апа, жалпағым... — деп ұрты салбырап, маңқиып, аузын ашты.

— Ие, күнім, сенің жалпағың, — деп апасы ши өткізіп, жалпағын қолына ұстапты.

Томпаған, маубас Медеу отқа борбайын қақтай, шөметейі салбырап, жүресінен отырып, шидің екі басынан ұстап, аузын ыржитып, бетін тыржитып, ыстық бауырсақтың шетінен тістей бастады.

От маздап жанып, май шыжылдап, бауырсақ быжылдап жатыр. Медеужаны жанында Ендігі Алтынайдың ойы: шайын қайнатып, күйеуін оятып, Медеужаны ортаға ала, ағасының тізесіне шынтақтатып, үшеуден үшеуі ыңсыз-шыңсыз отырып оразасын ашу. Шайын баптап қайнатып, әбден ұйқысы қанды-ау дегенде «әлгіні» оятып, Алтынай бұл арманына да жетті.

Медеужанға ұқсаған бел-аузы қожалақ таукеншік самаурынының сол жағында қызыл жиек шыны аяқты төрт саусағының басымен шошайтып ұстап, Алтынай терішіп, ашы шайын ұрттап отыр. Күйеуі де бауырсақты жүдемедете аттандырып, аузына тас салғандай, аяғын босатып отыр. Ағасының тізесіне сүйеніп, бауырсаққа ұртын бұлтитып, малжандап, көзін ашып-жұмып, Медеужан да қалысатын емес. Байғұстар шайларын ішіп, жайлансын. Сұқым шалдарша, сұғанақ балаларша көзімізді сатып, қылқиып отырмайықшы, өз үйімізде де шай бар ғой. Қазақтың сондай телмірген әдеті құрысын! Түндегі уақиғадан кейін ел не жайлы болды екен? Мамырбай отағасы не күйде отыр екен? Одан да соларды барып көрейік, оқушылар, бері жүріңіздер!

Әлден уақытта жатып-жатып есін жинаған еркектер елтеп басын көтеріп, бірте-бірте қыбырлап, індерінен шығып, өзгелерін дыбыстап шақырып, қатын-қалашышқынып, шуласып, балалар енесіне табысқан қозыдай

жамырасып, әкелерін, ерлерін, ағаларын іздеуге кірісті. Самбырлап, дүрлігіп, ентелеп, жүгірісіп: «балта, балта» деп, бірін-бірі шоштып, Мамырбайдың етгігін бұзып: «Не болды? Не бол қалды? Ойпырмай! Амансыңдар ма?» деп анталаған, үрейленген етгіктен шығарысып алысты.

— Бәйбіше қайда? Ақбілек қайда?— деп көзі шарасынан шығып, Мамырбай отағасы күрс-күрс етті.

— Ойбай-ау! Олар қайда? Көргеміз жоқ...— десіп таңданып, олай да, бұлай да жүгірісті.

Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күңіретіп, қатындардың дауысы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сөйтсе — апанда теңкиіп, серейіп жатқан бәйбішенің үстінен шыққан екен. Ақбілек ұшты-күйлі жоқ, алып кетті ғой.

Мамырбай өгіздей өкірді, сылқ етіп отыра кетті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсідеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.

— Атты-атты!— дегенде, сү жүрек боп қалған жұрт ішін тартқан дауылдай кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан деуірлей, бажылдай, күңіреніп кетті. Ол келген қазақ екен.

— Немене?

— Бәйбішені атып кетті. Ақбілекті алып кетті.

— Ойбай! Бекболатты да атып кетті.

— Күйеуді ме?

— Е!

— О қайдан жолығып?..

— Мына жақтан құс салып келе жатқан емес пе? Ойбайлаған әйелдің дауысы шыққан соң, қуа жөнелгенімізде...

— Өлі ме, тірі ме?

— Өзір тірі, кім білсін...

Бекболатты жақын ауылға апарып, жарасын таңып, жолдастары жан-жаққа шапқан екен. Сол шапқыншының бірі осы екен.

«Ажал шіркін, адамның алдынан айқайлап келген бе? Аңсызда артынан бұғып келіп, алып ұрғанын бір-ақ білесің. Ажал бір ұры ғой, ажалға не дауа бар?» десіп, ертенінде маңайдағы ел жиылып бәйбішені көмісті, «сабыр

етіңіз, бұл да бір уақыт шығар...» десіп, Мамырбайға тоқтау, көңіл айтысқан болды. «Қаза шығын... қайырын тілеңіз!» деген болмаса, Ақбілекті ауызға алуға бір адамның тілі бармады. Өйткені ол жара атын ағауға — адамның аузы жи-ренетін жара еді. Ол жараң Мамырбайға емес, бәрине де намыс, қорлық, масқаралық еді.

Жаназаға жиналған адам о жер, бұ жерде топталысып отырғанда, бұл оқиға жайынан неше түрлі бал ашып, аңыз қылысты. Біреулер:

— Тегі, ақсақалға азуын басқан біреу басып берді ғой. Әйтпесе, қиядағы ауылға келетін реті жоқ қой...— десіп, өз басынан ақыл шықпайтын қошеметшілер:

— Рас айтасыз, әйел іздесе, қара шат маңында да ел бар емес пе? Бәрін қылатын қазақтың өзі ғой. Кімнің несі барын орыс қайдан білуші еді,— деп жүптесті. Өздерінің берекесіздігіне, намыссыздығына, бірін-бірі аямайтындығына көздері жеткендей болып, біраз ежелесіп басылған кезде:

— Бұл іс кімнен келді?

— Кімнің қолынан келер екен?— десіп, ойға жүгірісті,

— Ақсақалға ондай ештеңе кім бар екен?

— Шөл тақырыпты дау-шары үзілмеуші еді, Жаманбайлар болмаса.

— Қой, оларда жауға шаба қоятын кім бар? Және ол қашанғы дау? Бөтен біреу шығар.

— Бір келсе, бұл жұмыс Құрбан қажылардан келеді, партия болған соң аяй ма?— деп, мына жақтан бір құла ауыз қоя берді.

— Сен қайдағы жоқты айтады екенсің. Елдің партия болып жүргені бір бүтін бе? Бұл өзі елдің салтында жоқ нәрсе ғой, біреудің ашылмаған қауын, жарылмаған жұмыртқасын... Мұсылманның баласын кәшірдің негуіне қиыш, Құрбан қажы да оңбас. Өзі де бала ұстап отырған адам, Құдай жүзін көре ме?— деп, ақ сақалды, қасқыр көзді кісі оны тежеп тастады.

— Мен білсем, бұ жұмыс Әбеннен келді,— деп көк тұмсық, тарғыл бет адам сар шақшасын сермеп, бір қозғалып қойды. — Ана жылы қасқа атын орысқа әпергеннен бері оның ішіне қан қатулы болатын. «Әй, бір қылсам ба!» деп соның кезенуі жаман еді,— деді.

— Әй, оның қолынан кейіме екен? Оның бір сешген адамдары Мақыштар еді. Олармен де анаугүмі екі бие туралы шайырғал болып қалды десіп еді ғой. Біреуге сөнбей, ондай көгі былғаныш іс қыла алмаса керек, — деп қасқыр көзді көне адам тағы бастырмады.

Ақсақалдың ешті-қасты кісілерін қылға үзіп, он, он беске апарып, біреу үйдеп, біреу бүйдеп жорығанмен байлаулы түйін шықпады. Өйткені біреу партиялықпен, біреу жегіттықпен, біреу алым-салығы, біреу берімсеті, біреу ұрланған малы тиігені үшін, біреу қағыны кеткені үшін немесе қағынына, қызына барғаны үшін, ең болмаса тілі тігені үшін біреуді айыптап, біреуді қорғаннан басқа, әркім өз есебін ойлап, бүйрегі бұрғаннан басқа, дәл жанашырлық қылып әділ қағушы, әділ тексеруші жоқ болды. Біреу іреді, біреу сойды. Осы жұмыстың тұсында Мамырбай ақсақалға жаны ашыған кісісіп жағынып қалғысы келгендер де табылды. Әлдебіреуден кек алу үшін сонан келді деп, ұрындырғысы келгендер де болды. Ақсақалдың қайғысына шыны пейілмен ортақтасатын адам кем еді. Жалғыз-жарым құлақдалы, тілеулес адамдар болмаса, бәйбіше қымызды аяқ толтыра беретін кейбір көршілер болмаса, жалпылама достың да, қастың да пәлендей күйзеле қойғаны жоқ. Сырты күйзелген тәрізденсе де, ішінен жаман ойы арылып кете алмады.

Жұрт жаназадан тарап, ай-жай болған соң сол күні бейсауат жүріп, ат қинаған кім екен деп, әркім-ақ сұрастырып, құлағын түре бастады. Өйткені бұл жолы да, одан бұрын да жалаң Мамырбай емес, талай ауыл шабыншылыққа ұшыраған. Мал-мүлкі талауға, адамы дүреге жығылып, шытыңдалған, күйзелген, күйінді болған. «Ел құлағы — елу» ғой, суық жүрісті адам бiлiнбей не тұрсын? Сұрастырып, қағып келгенде, осының бәрін қылып жүрген Мұқаш екені кешікпей-ақ ашылды. Қалай ашылды десеңізші?

Былай:

Сол күні кешке жақын Мұқаштың Қарашатқа қарай желе жортып бара жатқанын бір қойшы көреді. Бір деңіз. Мұқаштың қатыны бір абысынымен елеуш бере қоймалын деп, шаңқылдасып қалғанда, абысыны: «Осы елдің бар дүниесін үйіңе тығып отырғаныңды көрермін! Желікпе,

құтырма! Қарала сырмақтың иесін де білем, ақ киіздің, бөгес көйлектің қайдан шыққанын да білем...» депті. Соны естіген соң Сүлеймендікі жансыз кісі жіберіп, Мұқаштікіндегі сырмағын танып келіпті, — екі деңіз. Бөгес көйлектің де, жасыл женсіздің де иесі шығыпты, — үш деңіз. Мұқаштың торы ала ағы ергенінде ер қағып жүргенін сыртқы ауылдағы Суыбырайым көріпті. Суыбырайымның сөзінде пәула да болмаушы еді, сонда да... мұнымен — төрт деңіз. Түн басында Мұқаштың үйінде тұрмайтынын бір сөздің ретінде Тезекбай молда да айтып қалыпты. Аңқылдаған аңқау адам ғой. Мұнымен — бес деңіз. Мамырбайдың баласы үстімен материал жинап, болыс болайын деп тұрғанымда, қойғызбай жіберді деп Мұқаштың өкпелеп жүргені тағы мәлім. Енді Мұқаш болмағанда несі қалды? «Мұқаш, Мұқаш содан басқа адам да емес» деп ел түтел ден қойды.

Ел болып Мұқашқа шұқшиды. Бұған не қылу керек? Қалай кек алу керек? Шауып ала ма? Сопқа бере ме? Өлтіріп жібере ме? Өртеп жібере ме? Қалай да не бірін, не бәрін істеуге елдің беті түзелді. Өйтсе де Мұқашқа тап бере алмады. Тап бермек түгіл, маңыа да жолай алмады. Оған себеп мынау еді. Бәйбіше мен қызынан айрылғаны Мамырбай отағасы ертеңгі шайын ішкен соң, төбе басына шығып, жер шұқып отыра берулі еді. Бір күні төбе басында отырғанда Сүлеймен ауыс жағынан тымағының құлағы қалқандап, бір атты кісі жортып келді де, байға сәлем беріп, аударыла түсе қалды. Амаңдықтан кейін:

— Бай, түндегі малағамды білдіңіз бе? — деді.

— Жоқ, — деді.

— Ойбай, үлкен оқиға боп қалды!

— Немене, жаным?

— Құдай ондап елдің көзі бір ашылды...

— Не болты, Мұқаш па?

— Жоқ, ойбай...

— Ал айтшы!

— Таудағы белеуіттерді қызылдар тып-типыл ұстап өкеліпті.

— Қалайша? Ақбілек қайда қалыпты?

— Ақбілектен хабар жоқ... Өйтеуір түтел қолға түсіпті.

— Оны сұрадыңдар ма? Кім келді?

— Түрқұлақ ауылынан Телтайдың Қарақұлы келді. Қызылдар сол ауылда бекініп жағқанда, Мұқаш ақтарды алдап, үстіне алып келсе, қызылдар тарпа бас салады. Сасқанынан ағысуға да мұршасы келмей қапты. Бұл иттерінің өзі бізге мықты боп жүргені болмаса, қысылған кезде түк емес екен ғой.

— Мұқаш оларды қалай алдап жүр?

— Есебін тапқан дағы, ол иттің өзі айлакер, жанкешті неме екен...

— Қызылдарға тағы жағымды болды десейші.

— Жағымды болғанда қандай! Енді бір үлкен орынға кіреді ғой.

— Бұл сұмның арам ойы осы екен ғой. Япырым-ай, Ақбілек не болды екен, ә? Одан хабар біле алмаған екен-сін... — Мамырбай шатқаяқтап, орнынан тұрып, аяғын алырандай басып, еңгітіп үйіне қарай жөнелді. Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды.

Бұлар шабуылдап, ауыл-ауылдан, кез келген кісіден сұрау салып жүре тұрсын, оған дейін Ақбілектен хабар берейік.

Әуеші кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған күшкетей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай керіп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қағып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдаппады, мезгілсіз өле алмады. Өмір шіркін неден сонша тәтті болды екен! Адам дегеніңіз «басқа түссе баспақшы» болады екен, абақты екеп абақтыға да, зынданға да, соғысқа да жүре-жүре адамның еті үйреніп, көндігіп кетеді деседі. Өлім жазасына бұйырылғанын естіген адам да тамақ жеп, ұйқы ұйықтап, өмір сүруден бекез алмайды деседі. Дүниеде адамнан көнгіш мақұлық бар дейсіз бе? Ақбілек бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойын үйреткендей болды.

Жан шіркінің тәттілігі ме, қорықандық па, қорғаныстық па немесе алғаш етегін ашқан адам ыстық көрінгендік пе, әйтеуір қара мұрт «сүй» десе, Ақбілек те оның бетіне ернін тигізіп, «күл» десе о да езу тартқан болып,

«сөйле» десе, о да былдырақтап «люблю тебені» қағып, не деген ырқына көне берді.

Қара мұрт Ақбілектің қасынан екі елі айрылмайды. Қолтығынан ұстап, бөлінен құшақтап, тауды, орманды қыдыртады, жеміс теріп береді, шашына, омырауына күздің солған гүлін қалап береді, көк шалғынға аунап, құшақтасып жағады. Тау өлкесіндегі бұталы бұлаққа апарып, Ақбілектің мәсісін шешіп, аяғын суға малып, ақ балтырына қара мұрттың жыбырлатып сүйеді. Ақбілек шаршаса мойнынан құшақтатып, тақымына бір қолын салып, көлденең көтеріп жүреді. Шайды өз қолымен ішкізеді, нанды, етті өз қолымен аузына апарды, екеуіне төсекті қағып-сілкіп қостың ірге жағына өзі салып, өзінің сұр шекпенімен қымтап, бауырына басып жағады, ернін жең қоятындай құшырланып ұзақ сүйіп, қатты қысып, о жер-бұжерін ұстап, қытықтандырғанда, Ақбілектің жүрегі аузына тығылып, тамырлары тұтанып, жанып кеткендей, тұла бойы шымырлап, көзін жұмып, өзін-өзі ұмытып, әлсіреп, керіліп жаға кетеді...

Содан кейінгіні өзі де білмейді... Басқа бір дүниеге кіргендей болады...

Осынша өліп-өшіп, өзеуреп, еркек басымен әйелге мұнша кішірейіп, ит сияқтанып аяғына шейін жалағанына Ақбілек түсіне алмайды. Мені алдаймын, жұбағам деп істей ме? Жоқ, шынымен жақсы көргені ме? Болмаса, көптен әйел көрмей құмартқаны ма? Әйтеуір одан арғысын болжай алмайды, қайткенмен қара мұрттың қылығының бәрі жат. Кейде Ақбілек сонша бәйек болып отырғанына, еркек басына ұят қой деп жиренеді, өзін-өзі жұбатқан болады. Қалай да екеуінің арасы жер мен көк тәрізді, дене жақындығы болғанмен, жан жақындығы жоқ тәрізді.

Бір күні қас қарайған кезде орыстар бір жаққа баратындай қару-жарақтарын қамдап, мылтықтарын сытырлатып, оқтап, ер-тоқымдарын салдырлатып, балдырлап сөйлеп, аттарын ерттеп, әбігерлене бастады. Қара мұртпен екеуі тоғай аралап келгені жана еді. Ақбілек қосқа кіріп солдат көрпесінің үстіне шынтақтап, үйлеп, аулы есіне түсіп, босаға жақтағы қара астауға көзі түсіп жағыр еді. Даладағы олай-бұлай жүгірісіп, ат ерттесіп, әр жерде күбірлескен көп

орыстарға қара мұрт барыл, бірталай сөйлесті. Қабағы түсіп, түсі сұрланып, қайтып келді де, о да мылтықтарын сүртті, оқшантайларына оқ толтырып, киім, ер-тоқымдарын жинап, камдануға кірісті. Ақбілек басын көтеріп алып, «қайда барасың?» дегендей қара мұртқа тандана, үрейлене қарады. Қара мұрт көзінң қырымен қарап қалса да, көрмеген кісі тәрізденіп, төмен қарап, күйбеңдей берді. Бір мезгілде тысқа шығып кетіп, тілмәшін алып келді:

— Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің?— деді Ақбілекке.

Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей сасып қалды.

— Қайда болғың келеді?— деп тағы сұрағанда, Ақбілек мойнын әнтек қисайтып, бұғағын бұлтитып, жалынған, назданған дауыспен:

— Аулыма қайтармайсыз ба?...— деді. Қара мұрт басын шайқайды. Ақбілек кірпігін жымылықтатып, жерге қарады.

Тілмәш тағы сұрағанда Ақбілек:

— Тымболмаса, жақын жердегі бірауылна жеткіздірсеңіз,— деп көзіне жас мөлдіреп келіп қалды.

Қара мұрт басын тағы да бір шайқайды да:

— Бізбен бірге жүргің келмей ме?— деді.

— Соғысқа ма?— деді Ақбілек еңсесін бүкшітіп.

— Соғысқа,— деді қара мұрт иегін бір қағып.

Ақбілек басын шайқап:

— Еңделше, мені осында-ақ тастап кетіңіз,— деді.

— Түнде жалғыз өзің қорықпайсың ба?

— Қорықсам да қалайын... сіздер қайтып келмейсіздер ме?— деді жұдып алғандай.

— Мәлім емес,— деп қара мұрт мұрттын дірілдетті.

Сол сөзді біпірген кезде тағы үш орыс келді. Олардың басын сілкіуінен, қол сермесінен Ақбілек: «Бір жаққа барайық, жабылып масқаралайық, атып өлтірейік» деп тұр ғой деп түсінді. Қара мұрт оларға ашуланып, көзін тікірейтіп, тістене ежірейіп сөйлеп еді, беттері қайтқандай алақандарын жайып, мойындарын қылқың еткізді.

«Сендердің талқына бермеймін» деп тұр екен деп, Ақбілек қара мұртқа жаутаңдап қарай берді. Өрі-бері сөйлесті де, олар кетіп қалды. Қара мұрт отырды, «жүре бер» дегендей тілмәшқа бас иесі. Төмен қарап мандай

терісін үш саусағымен уқалап біраз отырған соң оң қолын сілкіп қалып, ұшып түрегелді де, өз кеудесін езі түрткіп-түрткіп, Ақбілекке қолын ұсынды: «Жүр» дегені. Ақбілек жып-жылдам түрегелді.

Қара мұрт Ақбілекті қолтығынан ұстап, қостан шықты да, оң жақтағы бұлақтың бұтасына қарай алып жүрді.

Ұйқып соққан ызылдақ жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген, шыңылтыр, сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғырмақтанып, тауға қақпақ болағындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұндыз тарыларын бір-бірілеп қылқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірілеп бағып бара жатқандай. Ақбілектің сұм жүрегі әлденені сезгендей болады. Екі көзі жал-жұлт етіп, қара мұрттың бетіне қарай береді. Қара мұрттың беті сұрланған, көзі қанталап, танаулары желбіреп қозғалған іспеттенді. Аяқ басуы қаған, Ақбілекке ұнамайды, жүрегі қысылып, өкпесі аузына тығылып барады. Шегкі шоқ талдан асып, көп тал мен арадағы алаңқайға барғанда қара мұрт тоқтады. Ақбілектің бетіне тура қарап біраз тұрды, құшақтап, қысыл, аузынан үш рет құшырлана сүйді. «Осылай тұр!» дегендей өкіиығынан басып қалды, бес-алты алдымдай жерге барып тұра қалды. Алтығарын алып, Ақбілекке кезене бергенде Ақбілек шаңқ етіп, безілдеп кезеулі мылтыққа қарсы тұра жүгірді. Қара мұрттың кезенген қолы сылқ етті. Алтығары жерге түсіп кетті.

— Мені неге ағасың? Не жазығым бар еді? Ағатай-ай! Не қылдым?...— деп Ақбілек зарланып, жылап, өне бойы қалшылдап, қара мұрттың мойнынан құшып, аймалап сүймесін бе?

Қара мұрт қолын салмақпен көтеріп, керенау құшақтап, арқаға қақты, аяғандай болды. Бетіне біраз қарап тұрды да, мылтығын қабына салып, Ақбілекті қосқа қайта алып жүрді. Қосқа келген соң тілмәшін шақырып алып айтқаны:

— Мен сені сүйдім, сен үшін жанымды қылдым, өзімнен кейін өзгенің сүйгенін қаламаймын,— деді. Ақбілектің іші мұздай боп кетті. «Ой, жасаған! Орысқа сенім жоқ екен ғой! Өнеугіден бері ерлі-байлы кісідей боп жүріп, кетер күні өлтіріп кетем дегені неткен өзімпілдік, неткен тас

алдында бір қолымен жер таянып, аспаңға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірсіне жеткізем дейсіндер ме?!

Бұлттар-ау, серпілмейсіндер ме?!

Жапырақтар-ау, сылдырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы!

Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсендерші!

Ой, мейірімсіз шіркіндер-ай! Сендердің тілдерінді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қас-қабағына қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың Алласына сенем деп сөзделіп қалды ғой!..

Түн түнереді. Ақбілек үрейленеді. Төбесінен зу етіп бір топ шүрегей өтеді. Ақбілек дір етеді. Шөпті сылдырлатып торғай ұшса да, тоғай ішін тартып, үйдесе де, тау үкісі тандайын қақса да, Ақбілек жан-жағынан жау қамап келе жатқандай елегізіп, қымтырыла береді. Жағайын десе, көзіне ұйқы келмейді. Отырайын десе қорқып барады. Жүрейн десе, қараңғы түнде жол таба алмай адасам ғой, әлденеге ұрынам ғой... деп қорқады. Есі-дергі: осы арадан кету. Бірақ түн ішінде кете алатын емес. Қазақтың қосын, қазақтың астауын, шөмішін ес көреді. Үнрейген иесіз қосқа кіруге тағы бағылы бармайды.

Ақбілек қайтерін білмей алақтап, құнысып, бүрісіп көп отырды. Түнге түн ұласқан тәрізденеді. Қос алдында жатқан астау да көрінбейді. Жасаған-ай! Таң да атар ма екен!

Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді. Ақбілек елегізі бастады. Манадан бері жалмауыздай көріп отырған үнрейген қосқа жалма-жан кіріп кетті. Ауылда қой күзетіп жүргенде қасқырдың ұлығын әлденеше естіген: әлгі дауыс соған ұқсайды. Апырым-ай! Қасқыр келер ме?.. Онда қайтем? Қой, келмес, қоста кісі бар деп ойлар, қорқар, қостың айыны бар ғой... Әлде манағылардың кетіп қалғанын олар да білді ме? Олар бар да қасқырдың дауысы естілмеуші еді ғой...

Қостың есігінен ештеп сығалайды. Қаранғыда бірден қараң еткендей болады. Бірақ дыбыс білінбейді. «Қорыққанға қос көрінген» шығар деп жориды. Өзіне қайрат бер-

бауырлық, неткен қанішерлік! Орыс шіркін өзін ғана өмір сүрсем екен дейді екен-ау! Өзгені жан екен десеіші! Аяу деген болсайшы...» деген ойлар дереу сап ете түсті де, дереу айла тапқысы келді:

— Мені өлтірме! Қасықтай қанымды ки! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп, қалаға барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтарсын, еліңе аман барарсың...— деді.

«Жақсы лепес — жарым ырыс» деген мәтел өте-мөте өлімге бара жатқан адамға жылы тисе керек. Қара мұрт Ақбілектің әлгі сөзін ырым көріп, сенді де «айтқаның келсін» дегендей аузынан сүйді.

Сам жамырап, ел орынға отырған кезде орыстар бастығының ақырып қалған даусымен қаздай шұбырып, асудың тар аузына қарай арқандай созылды.

Ақбілектің жанын жынының ойнағындай ойрандап кеткен озбыр омырау, өксікті күндер орыс мінген аттардың аяғымен бірге алыстап бара жатты. Тықыр ұзаған сайын «Алла, Алла...» деген лебіз кеудені керіп, ауыздан еріксіз ағылуда еді. Көшкен орыстың жұртында бұралқы күшіктей қаңғырып Ақбілек жалғыз қалса да, жалғыздығына өкінген жоқ. Орыстың оғынан өлгеннен де, құлазығана иесіз тауда төнтіреп өлгенін артық көрді. Орыстардың дыбысы өшкенше: «Құтқарғаның шын ба, жасаған?» дегендей, арттарынан топырақ шашып, қарасы өшкен соң: «Уһ!» деп демін бір алып, төңірегіне кез салды.

О кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бұрадай шөгіп, сай-салаға бауырын тесеп, дүние қарауылтып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай — жау көргендей, зым-зия жоғалыпты.

Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсендерші!

Күздің сарғыш жашырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсындар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді жаңғырқытырып тұрсындар? Сұлулық жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сөйілтем дейсіндер ме? Қанатын қаршыға күйретіп қиқайған қостың

тісі келеді, оған да болмайды. Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі. Бара-бара ұлу молайды. Тауды күнрентіп өзге дыбыстың бәрін басып кетеді. Ақбілектің қолы өзінен-өзі қостың бір сырығын суырып алады. Құлаш төс жарардай қайың сойылша, сойылшаны қос қолдап бауырына таман қысып қояды, бір ұшы қостың сырғында. Қасқыр келсе қару қылмақшы. Ұлыған дауыстар саябырлаған терізденеді. Сойылшасын жерге сұлатып салып, Ақбілек азырақ бой тоқтатты, бірақ онысы ұзаққа бармады. Бұлақ жақтан су сылдырлағандай болды...

Бұ немене?.. Адам ба? Аң ба?.. Кім болса да қатерлі. Ақбілек сойылына тағы жармасты. Демін ішіне тартып, сілейіп қалды.

Кешікпей-ақ қара түнде қаз қатар, дөп-дөңгелек екі көз пайда бола кетті. Екеуі де қып-қызыл, жайнаған от. Ақбілек атып түрегеліп, қостың түкпіріне бұғып отыра қалды. Әйтсе де байыз таба алмады, сойылы қостың аузында қап қойылғы. Ақырын еңбектеп, қостың аузынан қолын созып, жерді сипалап жатып сығалап, еді, екі от төртеу болды. Сөйткенше болмады, олардың артын ала көлденеңнен екі қызткөз көз тағы өте шықты. Алтыот Ақбілекке алпыс оттай көрінді. Қараңғы тун қаптаған қызыл көз болды да кетті.

Оттар бір жылт етіп, бір сөніп, елбелектел, таянып келе жатқан тәрізді.

Ойлағаны келді ме?.. Мінеки, шөпті сыбдырлалып келіп қалды.

Әне, қараң еге түсті...

Ойбай-ай! Бір топ қасқыр!

— Енді қай жаққа барайың?..

Ал, міне, қостың төңірегін сыбдырлатып, жер тіміскілеп жүр...

Ой, жасаған-ай! Тауып алар ма екен?..

Ойпырым-ай! Өнебіреуі от басында сүйекті қытырлатып кемірді.

Мынаны көріп, Ақбілектің не жаны шықпай отыр десеңші!..

Ақбілек үнін шығаруға мұршасы келмей, өлген кісідей отырған жерінде сіресіп қалды. /

Өлден уақытта арсаландап бір аш қасқыр Ақбілек отырған қостың аузына келіп қалды. Ақбілектің жан даусы

түнді тіліп жібергендей шыр еге түсті, қасқыр біткен жарық беріп, көздері жалт етіп, тістері сақ етіп, оқшырайып тұра қалды. Қасқырлар ырсылдап, күрілдесіп, бураша шабынын тұрып алды. Ақбілек қасқырлардың қарсы шабатынын білгендей жалма-жан жан ұшырып, қостан атып шығып «қараңғыда көзім жоқ...» деген балаша айнала дөңгелеңіп, айғайды салып, ағашын сермей берді...

Анда-санда арс-ұрс еткен дауыс шығады. Қасқырға тиді ме, қосқа тиді ме, әйтеуір ағашы кейде бірдемеңе тигендей қолы сүйсікіп қалады. Қасқыр одан жаман өршеленеді. Ақбілек жан ұшыра сермейді. Қасқыр қамалайды. Ақбілек сабағайды, қасқыр абалайды, Ақбілек сабалайды, қасқыр абалайды. Ақбілек «аллалайды», қасқыр долданады, Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр күркілдейді... Ақбілек шырылдайды, қасқыр қырқырайды, Ақбілек шырқырайды... Сөйттіп, Ақбілек көп қасқырмен көп соғысты...

Ақбілек әбден алқынды, аласұрды, жулкынды, әлі құруға таянды. «Енді жығылдым ғой, енді талайды ғой, енді ауызды салды ғой, енді жеді ғой...» деген кезде, Ақбілектің аяғы астынан бірдеңе жылт еге түсті. Қасқырлар жалт берді. Манағы, іңірде шай қайнатқан оттын қозы әлі сөне қоймаған екен. Ақбілек аласұрып жүргенде аяғымен шапып жіберген екен. Қасқырлар отты көріп жалт берген екен. Қасқырдың оттан қорқатыны Ақбілектің есіне сап еге түсті. Ауылда қой күзеткенде қотанның шетіне от жағатыны кәне.

Ақбілек от басындағы тезекті, қураған шөпті дереу тұтатып үрлеп жіберді. «Менің керегім жаңа болған жоқ па?» дегендей жел де қошаметкейленіп, жалынды лап ете түсірді. Жалын қалай шықты, солай қасқырлардың қарасы өше берді. «Өлмегенге өлі киік» деген осы да. От сөніп қалса, Ақбілектің өмірі де сөнетін еді. Отты тапқан адамның анасынан айналсаң болмас па?

«Заула, отым, заула! Мазда, отым, мазда! Қорқақ аңдар, тілісіз жаулар! Қаш, маңыма жолама! Күйдіремін, өргеймін!»— дегендей Ақбілек от төңірігіне сыйынып, таң атқанша маздатып, жаны амаң қалды.

Қызыл көз, қасқыр жүз, қабылан азу, қара түнді Алтай аңғарынан үркіткелі, қорғасын аспанға алтын айдай Күнікей сұуды өрмелеткелі, күншығыс ұжымағы қызыл

қақпасын ашқанда, Ақбілек артына алақ-алақ етіп жолға шықты. Белінде – түндіктің бауы, елегі – ышқырында, қолында – түндегі сойылша. Кімді ұрып жығатынын кім білсін, әйтеуір ала шықты.

Аспанның күн жақ туырылығы ақшыл тартыл, тау бастары алтын жалатқандай күлімдеп келеді. Таң ата жел де тынды, бұлттар да ылдырады. Өлкеден ұшқан бозторғай тау ығының деңгейінде қанаттарын қалштып, Күнікей сулуы мадақтап, тау-тастан беташар сұрады. Бозторғай ау, көрлікті Ақбілектен сұрасайшы. Ақбілек алтын сақинасын ағып тастағалы келеді ғой. Оның жүзінде нұр бар ғой. Ол көретін жарық күн бар ғой! Ұзақ түнгі топты қасқырмен арпалысқанын заматта ұмытып, шонқайма кебісінің жез нәлі тастан тасқа шықылдап, қашқан киктей қаздандап барады ғой!

Ақбілек ә дегеннен асуға тартты. Асумен асып елге бара жатқан, елден мал, азық-түлік алып келе жатқан орыстарды талай көрген. Осы тар асудан басқа бұл жақтан шығатын жолдың жоғын білген. Арты – елсіз тау, тау толған жау: аю, қасқыр, қабан, Алды – тар асу, асу асты тағы жау: кешегілер алдынаң қарсы шығып қалмасына кім кепіл. Енді Ақбілек қаздандамай кім қаздандасын. «Енді есен-аманында ел шегін көрсем-ау» деп ұйқы, тамақты, шаршағанды ойына алмай, көңілі алып-ұшып, енгелей басып енгігіп келеді.

Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томпиып қостар тұр. Анау тау жығасындағы ағаш, анау кегал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас – Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға кезі түскенде күйінген, өкінген, жиренген, әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда Ақбілек те сол күштік терізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды. Асуға шықса да, алды-артын ораған таудан арыла алмады, бұраңдаған қия тас, кедір-бұдыр тар соқпақ беті ашық даланы көрсетпеді.

Күн таудан найза бойы көтерілгенде Ақбілек алқынып бір кезеңге шығып еді. Алды бұлдырмақ дала екен. Ауы-

лына келгендей қуанып кетті. Қанаты болса ұшып кетер еді, әттең шіркін! Балтырлары солқ-солқ етіп, жілінішті сырқырай бастады. Оған да қараған жоқ, жыбырлай берді.

Бір мезетте Ақбілек екі қолын құлаштай сермей ылдига түсті. Аяғының сырқырағаны әнтек басылайын деді. Шаршаған жоқ екем деп көңіліне медеу қыл еді, сөйтсе ылдига қарай жүргеннен жеңілденген екен, тағы бір өрге шыққанда аяғы қорғасын құйғандай, ауырланып кеткендей тәрізденді, сүйектері сынып бара жатқандай болды. Ақ сүйек ойнағанда ор қояндай орғып бір қажымайтын аяғы түсірге не болды? Әбілет басып, әлде бір пөлеге бастап келе ме? Апырым-ай, тым құрыса, бір ауыл, ауыл емес-ау, бір қазақ, қазақ емес-ау, бір мал көрінсейші. Бір мал көрінсе де, Ақбілек қатерден құтылғандай көріп келеді. Бірақ адырлар бірте-бірте бұдырланып, белес тартқаны болмаса, қарайған еш нәрсе көзіне түспеді.

Бір қырдан асқанда көлденең созылған сай киікті... Құдай жарықақты! Өзен, өзен! Арғы қабақта жол жатыр. Ел жақын ғой! Ақбілек ақтық күшін салып, аяғын тезірек басты. Ағыны тас домалатқан тасты сайдың тар өзені екен. Жадағайлау бір жеріне келіп, шапанын, камзолын шешіп, көйлекшенденіп, білегін түрініп, жуындды, су ішті. Өбден шапырқап, шаршап қалған екен, сусыны қанып, бір келді.

Ақбілек су жиегінде бірталай отырды. «Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді, өлімді білмейді. Еш нәрсені сезбейді. Мен ішсем де бұған бәрі-бір – жақсыға да, жаманға да сусын болады. Құдайдың бұл да бір құдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау!» деген ойлар келді. Өмірі су көріп жүріп мұндайды ойлаған емес. Бұл ойды қалайша ойлағанына өзі де таң қалды. Аяғының астындағы суға қарап еді, өзінің түрін көрді. Шашы ұйпаланып қалған екен, сумен сылап шашын жатқызды. Тарағысы келді. «Бірақ кім үшін түзелем?» деген ой келді де, тараған жоқ. Осы судың бойында бір қалтарыс жер болса, азырақ отырып дем алайын деп, жан-жағына қарап түрепелді. Аяғы ұйып қалған екен, жілініштің үш рет қарыстап жіберді. Ұйғаны басылған іспетті болды.

Сол жағында бір жарлауыт көрінді. Ақбілек көп ойланбай-ақ, камзолын киіп, шапанын жамылып, түндіктің бауы мен сойылшасын сүйретіп, солай қарай жүрді.

Адам көрмейтін жер басы ғой деп, бір мүйістеу жеріне келіп тоқтады. Арты – жар, алды – су, оң жағы – мүйіс, сол жағы – құлаған жардың топаны. Кішкене суға қарап, екі тізесін құшақтап, бүткіліп отырды. Күн қызып шекесі жылынып келеді.

Мынау – өзен. Өзен бойындағы ел қайда? Күздігүні бұл өзенде ел отырмаушы ма еді? Жиегінде жол жағыр ғой... Ой-бай-ау, жақын жердегі ел шаптағы орыстардан босып кеткен екен ғой! Маңайды жың ұрғандай қылды ғой! Мал-жанын-да билік қалды ма?.. Талай қызы мен сияқты соры қайнады ғой!.. Бірақ тап мендей болғаны жоқ шығар. Қостарына әкелген әйел көрінбеді ғой. Әлде өлтіріп тастап жүрді ме?.. Орыс шіркін адамды аямайды екен-ау! Құрғырдың атын атамайыншы, тағы келіп қалар! Олар неғып қайтпайды? Әлде бірденеге ұшырады ма? Олар кіммен соғысып жүр екен? Әлде төңіректегі қазақтармен? Қой, қазақ бұлармен не ғып соғыса алсын? Не қауқары бар? Әлде қазақ біткенді қырып тастап, малдарын, қыз-келіншектерін тартып алғалы жүр ме? Онда бәрі бірдей неге кетті? Бес-алтауы барса да, мылтықтарымен бір тайпа елді жусатпай ма?.. Өздері қорыққан кісіше асығып-үсігіп, алды-артына қарамады ғой. Әлде бір күпті жауы келіп қалды ма? Олардың жауы кім? Ойбай-ау! Әлі әкемдер «ақтар, қызылдар» деп отырушы еді. Сонысы ма әлде? Қызыл да орыс па екен? Олар да қыз алып қаша ма екен? Орыс болса... Қара мұрттай-ақ болар. О да мені өлтіріп кетем деді ғой. Апырым-ай, апырым-ай! Жасаған-ай! Енді қайтейін!.. деп, тамсанып, тамсанып қойды.

Сылдыр-сылдыр су ағады. Суға қараса, Ақбілекті бұлдыр-бұлдыр ой тербетеді. Тербеткен сайын көздері кішірейе түседі. Ұйықтап қал, масқара боп жүрмейін деп, сығырайып бара жатқан көзін ашып алады. Сонда да болмайды: бір жағынан күннің қызуы маужыратып, бір жағынан ағын су ойын тербетіп, түні бойы ұйқы көрмей сілесі құрып, жаяу жүріп шаршап келген сорлы қалғып кетеді...

Ақбілек ояна келгенде селк етіп, басын оқшига жұлып алды. Беттен жерде, өзен бойында, жер түбінде жападан жалғыз шошайып қалғанына өзінен-өзі қорқып кетті. Қара

шаттан қашып келе жағқаны лезде есіне түсе қалды. Ұшып түретеді. Күн еңкейіп, түс қаңғып кетіпті. Өзеннің о жақ, бұ жағына бойлап-бойлап қарады да, өткел іздеп, кебісі тырпылдап тағы жағалады. Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді. Өткел жоқ. Белшесінен суға бойлап, әр жерді бір көреді, бәрі де терең тәрізді.

Әлден уақытта бір жадағайлау жерге жетті. Екі жағы домалақ-домалақ қиыршық тас. Ағыны бұжырланып жатыр. Балағын тізеден асыра түріп, етегін жайыра көтеріп, кебіс-мәсісін қолтықтап, мамық табанын қия тасқа бұлтылдаташы, судан өтті.

Жарты шақырымдай жерде бір дөңес көрінеді. Соған шығып ел кездемек.

Ол белеске шығып еді, ар жағы одан да биіктеу адырсымақ екен. Ақбілек жан-жағына барлап, жер болжанды. Алды, беті – ашық, арты – кеңере тау. Ақбілектің ауылы осынау кеңере таудың түбінде. Шығыста емес, құбыла жақта, өйткені артындағы таулар өз тауларына ұқсамайды, сонау бір көлденең таулармен тұтасып кетіпті. Ендеше, таудан онша алыстамай, құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек. Ақбілек соны ойлады да, белестен асып, жадағайлау, ылдимиен аяндай берді.

Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл кезде, көрбетеге, тобылғы беткей, төбешік, обашық, қызыл құмай, шөптесін шүңейт. Қоңыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қара-құра жоқ. Даланың көркі ел екен-ау! Елсіз дала емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар неғып іші пысыпай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұңдық.

Сар далада сары уайым жамылып, Ақбілек келеді толарсағай бұттылдап. Тышқан аулап, күйкентай жүр қыранымсып шыңқылдап. Өне алыста безек қағып, бір бозторғай тұр шырылдап, бейне әуеге шегелеулі тұрғандай, бір орнынан тапжылмайды қанаттары дірілдеп. Сол торғайдың шырылдағаны ащы тиді құлаққа, өзгелерден үні өзгеше, не болды екен бейбаққа? Сол торғайдың маңайын-да жаны ашыған арапашы жанларша, төрт-бес торғай айнала ұшып, тау-таяу бара түсіп, ап кетуге тас қорғанды бұза алмаған ерлерше тиіп-қашып өтіп жатыр о жаққа бір, бұл жаққа.

ادەبىيەت بۆلۈمى

ئاق بېلەككە

چاقماق:

ۋەسكەننىڭ ارچامىدا، بۇنتارنىڭ ۋەك چامىدا ئەسكە ايان ئاتاي بار.
سول ئاتايىنىڭ كۆزىگە، نىن تۇبلا چاقماق غۇلجاي افغان، قۇلاي اەسب مولىس
نۇسكەس، كۆز كۆزۈمگەن كۆزۈشەن بار.
ئالتاي، كۆزۈشەن نە زامانان فالڭ نېمان مەكەنى، سول ئاتاي مەن سول
كۆزۈشەننىڭ نەسى نەسبى، چارنى سامان، كۆزۈن چەلت نەسە، كۆرت نۇرت
ئالە قۇراھابلى قارت ئاتايىنىڭ، ئالتاي سەندى اناسىنىڭ كۆمۈرگەن اېلانەسە.
نەراڭكەسەس، باياك باسەس، سامرلاسەس چاتقانى.
قۇرت ئاتايىنىڭ ئاقى باسەنمە، الاقاننىڭ اياسەنمە، نال تانمان، اينا سۆزۈن،
نۇرى نە اسپان، سۆرى دا اسپان، غارغاب سۆزۈن بارقا كورلى، بارقا كورلى
ئاللاھلى، ائاق اۋۇلىدى ئاتاي مو. ئالتاي مەلى. ئاتاي چارنى ئاۋ كوركىس. كەسك
بولسە، رۇڭكە. لادەردەن بىياك بولسە، بارقا كورلىنىڭ ساماننىدا سەپىزان
نەسب خاتتائى.

مارقا كورلىنىڭ سۆزۈى بالىلەي.

مارقا كورلىنىڭ سۆزۈن ئەسە، زەن چەكەن سارنى قارىن، نۇتام مەسەدە
سەنزلارنىڭ باۋرىسان سۆزۈت سوزغالاپ، سۆزۈت مەسە. ئۈر قۇت سوزغالاپ،
كورلىنىڭ كورلىنىڭ ائىقىلانىدىن، ئارا سابا، سوزىكەس، مويۇن، ساقىن، سارى.
نەسەز، بەسەلەنلەر ئۇرى نەسەز، ئارا، ئارا، ئاراي ئېسەلەيدى. ئېر شاراسىن
شەكەن ائام ئۇر قور مەردەن نۇشقانمەي بولسە، بەتتى شەيخان دۇرۇلمەلەيدى،
ئۇرى مەردەن كۆزۈلمەيدى، باس بولدى، سامى بولدى، چار چەتەسكە
سەسبەس، ئالتاي ئاۋۇن دۇسەردەتەس، ئاۋۇنىڭ تاسەن كۆرتۈرلەتسە، كوركىس،
چاراسى، نەسەز، سامر سالىب چاتقانى.

ئەسكى ئاتايىنىڭ اربۇلارنى ائىنۇغا تەل مەنەيدەي، نەسەز، كۆمەس ئالتاي
كەسكى، نەسەز سوزا تەل مەسەس، سۆزۈسەس قۇلاقتارىن، سۆزۈى ئاتايىنىڭ
اېسەلەي بولسە، كورلى قۇراھابلى بولسە، كۆلكەسە ائاقان تاكەنمەي بولسە،

«Әйел теңдігі» журналында жарияланған «Ақбілек»
романының алғашқы беті.

Бір мезгілде әлгі торғай-жансыз ғастай ағып түсті топ етіп. Ақбілек те оқ бойы жёр кеп еді. Ол торғайдың түскен жері қалың шөп. Көз айырмай қарап келеді Ақбілек. Әлгі торғай қалың шөпке түсті де, қалбаландап, далбаландап, шөпке таман айналандап, шыр-шыр етіп, безек қағып, олай-бұлай шоршиды. Бұл байғұсқа не болды? – дел жетіп келсе қасына – қалың шөпте жапыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған, бейне ажал, алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, ысқырғанда, өңменінен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен. Сұр жыланның атып шыққан оқ кезінен көз айырап бозторғайда дәрмен жоқ, қарбаландап, далбаландап, ыр-шып түсіп, тұмсығына тиер-тимес елбелектеп жүр екен. Бір «ал!» десе біткені ғой жұмысы. Торғай қашан аузына кеп түскенше, оқты көзін қадап қойып, айыр тілін жалақтатып жатады екен сұм жылан.

Бозторғайды аяп кетті Ақбілек. Сұр жыланды сойыл-шамен салды келіп қақ бастан. Жауыз басы астына кеп, солаң ете дүрс етті. Торғай сорлы есеңгіреп қалған екен: жылжып тұрып, жер бауырлап, қырындап-қырындап барып жөндікті, шыр етіп, шыбын-шіркей боп аспанға бір-ақ ұшты. Туалап жатқан жыланды Ақбілек табандап тағы екі ұрды да, жөніне жүрс берді.

«Жылан торғайды арбап жейді» дегенді Ақбілек бала кезінде естіген. Мынаны көрген соң, «қулақ естігенді көз көреді» деген осы-ау деп ойлады. «Бұл жауыздың көзінде не сиқыр бар?» деп ішінен таң қалды. Манадан бері уайым басып, жабығып келе жатқан кісі жүрегі қаттырақ соғып, тамырлары желініп, шаршағанын ұмытып кетті. Торғайды ажалдан аман алып қалғанына қуанды. Жылан-ды өлтіргеніне ерленді. Әрі ырым көрді. Торғай бір бейбақ қой, о байғұста не зиян бар?

Торғай, торғай атым бар,

Бір жастырақ етім бар.

Маған тиген балалар,

Ата-анаң өліп, жетпай қал!»

деп қарғайтын торғай емес пе? Ешкімге жазығы жоқ қой.

Соны ойлағанда Ақбілек: «Мейің кімге жазығым бар еді» деп тағы да ойлады. Өзін торғайға, өзіне қастық қылғандарды жыланға теңеді. Торғайдың жауын мен өлтірдім, мейің жауымды да біреу өлтіреді екен деп, бұл оқиғаны өзінше жақсылыққа жорылды.

Соны ойлап келе жатқанда, бір дөңестің астынан ағарандаған бір шопақ нәрсе қымт ете түсті. Ақбілек сасып қалды, бұғып отыра қойды. Отырып еді, көрінбей кетті. Түрегеуге орыс болар ма деп қорқып, отыруға тағы дегі шыдамай, не екенін білгісі кеп барады. «Орыс болса бәрі-бір құтыла алмайсың, жан-жағым жалған, неде болса керейін» деп, әнтек отырған соң егтеп кетеріліп, сығалады. Шошақайдың үкі секілді бірдеңесі былғандап, өзі қимыл-қимыл етіп дең астымен Ақбілекпен жарыса кетіп барады. Орыста мұндай нәрсе жоқ еді ғой деп ойлауы-ақ мұң екен — шошақай жуандады: бас болды, кәдімгі дуананың басы. Әнеки, қолындағы асасы да шопаң етті.

— Әй, дуана!— деген сөз аузынан қалай шығып, қалай қойғанын Ақбілек өзі де білмей қайды.

Дуана аяқ астынан үріккен жырлықша жалт беріп, лоқып, әнтек тұра қалды да, бұрылып Ақбілекке қарай жүрді. Тани кетті Ақбілек: етегін кірмен зерлеген, төбесін үкі сәндеген басында найза ақ тақия, қолында шеңгіші асасы, асасының өң бойы шығыршық, кепшік, сылдырмақ, ұшы қозы жауырын, мойнында хұсұыр тасбысы, танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншігі сидиған, саусақтары сыпсыған, үркек малша оқшиған, бес тал сақалы шоқшиған, шыңжау етті, шың бетті, жағына пышақ жанытқан, бір көргеннен танытын Іскендір екен кәдімгі.

Іскендірдің кім? Ақбілекке зияны тимес пе? Ендеше, ол аяндап Ақбілекке жеткенше, Іскендірдің қандай адам екенін айтып көрейін.

Бұл Іскендір дуананың бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Бұл Өскеменіңіз, Бурабайыңыз, бұл Семейіңіз, бұл Қарқаралыңыз — бәрін де Іскендір жалаңаяқ шарлаған. Ол отарбаны да, пароходты да көрген. «По-о-рахот-ау, по-о-рахот!...» деп, оған өлең де шығарған.

Іскендірде үй жоқ. Кез келген үй — оған үй. Тау-тас, сай-сала, ескі мола — бәрі де оған үй. Онда ел де жоқ. Оның

елі — дүйім қазақ. Онда мал да жоқ. Тұрған күйі әлгі өзіңіз көрген. Ол дүние жинамайды. Ақша берсең, кез келген ауылдың балаларын жарыстырады да, бәйге үлестіреді. Іскендір дорба салмайды, ірімшік, құртынды алмайды, оған қолма-қол ішетін тамақ берсең болғаны. Төрдің алдына шарт жүгініп отырады да: «Алла хақ!» деп бір ақырып, қылқ еткізіп, қағып салып, асасын бір тірел, тұрып кетеді. Тана моншағы, үкісін сұрасан, Іскендір бере салады. Бірақ қыз, келіншектерден өзі де сұрап алады.

Іскендір етірік айтуды, кісі алдауды білмейді, адам баласына жамандық ойламайды. Үлкенді «әке», аға» деп тұрады. Мейлі жаңа түскен келіншек болсын, қатын біткенді «шеше» дейді. Еркек, әйел деп айырмайды, бала біткенді «балақайым» дейді, кісіге өмірі қатты сөз айтпайды. Өзін ренжіткен адамға да түк демейді, тек басын шайқайды.

— Дуана, мына бір қияңқы баланы қорқытыңызшы!— десе:

— Қой, балақайым жақсы, қорқытпа, қорқытпа!— деп басынан сипайды.

Іскендір әсіресе балаларды жақсы көреді. Іскендір келсе, бала біткен шұбырып соның соңында болады. Ит біткен шұлап артында жүреді. Іскендір асасын жайқап аяндай береді, асасынан тістеп жағса да игті ұрмайды. Балалар оқу оқып жатса, Іскендір жетіп барып молдасына қол береді, балалар да қуанып дуанаға қол береді. Іскендір балаларды молдadan жалынып сұрап алып, азат қылады. Кейде қонған ауылда кешке таман Іскендір үй жанында жүгініп отырып, оң қолының білезігінен бір балаға ұстағалы, олай-бұлай сінтеп, баланы жығады. Ол күрескені. Балалар қызық көріп, кезек-кезек күреседі. Бала жығылып қалса: «Ө, балуаным, жығылып қалдың» деп қолын қоя береді, жығылмаса: «Ө, балуаным, сен жықтың» деп басын сипайды.

Іскендір не десең, соған нанады. «Пәленше сені шақырыпты, қаладан көмір әкеп берсін» депті десе: «Ө, солай ма?» деп салып жүріп кетеді. Қыстың қызыл шұнақ аяздарында Іскендір елу шақырым жердегі қаладан Исақай ешенге бір хап көмір әкеп берген күндері болған. Сонда қарды бұрқыратып, жалаңаяқ жүреді, ол өмір бойы аяғына лыпа ілген жан емес.

Іскендір мақтағанды сүйеді. «Дуана-еке, пароходпен жарыстыңыз ба?» десе: «О! әке, жарыстық кой» дейді. Ол жүйрікпен де, жорғамен де, от арбамен де жарысқан болады. Бірінен қалдым деп айтпайды. Бар мақтанатыны – жүйріктігі, кейбір көрген адамдар бәйге атынан қалып қойған деседі. Ауыл маңында ерегістіріп, тай, байталмен жарыстырғанда, екі-үш шақырымға дейін оздырмайды. «Дуана, неғып шаршамайсың?» десе: «О, Құдай қуат берді де» дейді.

Іскендір бір жерде байыз тауып отыра алмайды. Бір үйге кірсе, «хақ!» деп ақырып, бетін бір сипап, шығып жүре береді.

Ол құмалақ салмайды, бал ашпайды. «Обал» деп, басын бір-ақ шайқайды. Ол намазға да онша құнтақты кісі емес. Кейде жұрт намаз оқып жатса, дәрет алмастан жалаң аяқ барып, қатарға отыра кетеді. Көбінесе оқымайды, бірақ аузы жыбырлап, ішінен ыңылдап бірдеңе айтып жүреді. Анда-санда «хақ!» деп, күңіреніп-ышқына бір ақырып қояды.

Іскендір көп сөйлемейді, жауапты қысқа-қысқа қайырады. Сөйлесе, кейде ұшықтап кетеді. «Дуана, союға қойлымыз жоқ еді» десе:

Ә, қойыңыз болмаса, ойыңыз болды, ойыңыз болды...

деп жыбырлатып әкетеді.

Іскендірдің қабақ шылқанын жан көрген емес, қашан көрсең де жайрандап, жымып отырғаны. Іскендірдің неғып мұндай боп жаралғанын, оның кеудесінде не қылған жүрек, тамырында қандай қан, бойында неткен қайрағ барлығын ойлайтын бір адам жоқ. Ел тек оны: «дуана, дуана» дейді, «бір алуан адам» дейді. Іскендірдің өмірі жұмбақ. Қалайда Іскендір – адам. Бұл неткен адам?..

Әлгі Ақбілекке кез келген Іскендірдің жайы осы еді. Дуана Ақбілекке жетіп келіп:

– А, балақайым, алақайым, шырақайым... Қайдан келесің? – деп басын сипады.

Ақбілек не дерін білмей күмілжіп, мінгірлеп қалды.

– Дуана-еке, мен... мен... Мамырбай ақсақалды... – деп беріп еді. Орыстардың алып кеткенін айтуды ұят көрді, үндемеудің тағы жөні жоқ, қалайда бірдеңе айту керек болды. Маңдайын сипап, көзін жыпылықтатып, төмен қарап: – Мен Мамырбай ақсақалдың баласы едім... ауылымнан адасып... ауылымды таба алмай жүрмін... – деді.

Дуана қалай, неғып адасып жүргенін сұрамады:

– Е, балақайым, адасып қалдың ба?.. Мамырбай, Мамырбай, Тәуірбай, Сауырбай... білем, білем... алып барайын, бағыш қарайын, жолға салайын, – деп қолынан жетелей бастады. Қайдан неғып келе жатқанын сұрамағанына Ақбілек қуанып еріп жүре берді. Дуана сол қолымен Ақбілекті жетелеп, оң қолындағы асасын жыбырлата тіреп, қара ағаштай қатқан аяқтары қаздандап қатты аяңға басты. Анда-санда: «Ә, балақайым, ә балақайым! Көзі мөлдіреп, табаны үлбіреп, қарны ашып, қаны қашып қалған екен ғой...» деп жыбырлатып, тақпақтап қояды. Ақбілек не дерін білмей, біресе дуананың шошандаған бес тал сақалына, біресе күнге күйген қошқыл омырауына қарап қояды. Түрпідей сүйел саусақтары Ақбілектің білезігінен мықтап ұстап алыпты. Үйіне қазір алып бара қоятындай-ақ емпендей басып келеді. Ақбілек өзі шаршап, қолтаулап, әрең жүріп келе жатқан сорлы жетелеген жағына бос жағы ере алмай, шешесі қолынан сүйреген жас балаша қырындай береді. Бір мезгілде Ақбілек сүрініп кетті:

– Дуана-еке, кішкене жайырақ жүрсеңіз... – деді.

– Ә, шаршадың ба, балақайым? – деп қолын қоя беріп, жайырақ аяндады. Әйтседе сау аяңға дағдыланған дуана әуілдеген кешкі бұқаша кеудесі гүлдеп, әулем жерге бармай-ақ Ақбілекті тағы артына тастап кетті. Дуананы сөзбен тежегелі Ақбілек:

– Дуана-еке, ауыл алыс па? – деп сұрады. Дуана:

– А, – деп тоқтай қап, – жетеміз, жетеміз, – деді.

Дуана тағы озып кетті. Ақбілек шаршауға айналды, бірақ шаршадым деуге ұялады. Тағы да сөзбен бөгейін деп:

– Дуана! – деп бір дауыстады.

Бұл жолы Ақбілек бұл маңайда әскер бар-жоғын сұрады.

Дуана:

— Ә, әскер ме? Нән жауғырлар, бар ғой, бар ғой,— деп жыбырлатып жөнді жауап айтпады. Жауабына жарымай, Ақбілек өз ауылының қай тұста екенін сұрады. Дуана:

— Анау көрінген тұмсықтың астында болады,— деп көгерген тауды нұсқады. Ақбілек аулына бүгін жете алмайсына көзі жетті. Жақын арадағы елге қонаға ерең деп жетсе — сол. Дуана желпілдеткенмен, Ақбілекке бөрі де алыс сияқты, өйткені аяғы жүруге жарамай мүлде салдырап қалып еді. Бірталай жер жүрді. Сонда да жете алар емес. Алыста, көз ұшында, адырдың бөктеріндегі әлде қарауытқан мал, әлде қарауылған томар секілді бірдеңелер көрінеді. Күн еңкейіп, намаздігер болды. Ақбілектің қарны ашты, қажыды. Аяғын кебіс соғып қажап тастады. Өлден уақытта жүруге мұршасы келмей, дымы құрып отыра кетті. Дуана жарты шақырымдай озып кеткен еді, дауыстаған соң жылдам аяндап жетіп келді.

Ақбілек жүруге жарамайғынын білдірді.

— Ә, балақайым, көзің жемдіреп, табаның үлдіреп... шаршап қалдың ба? А, балақайымды арқалап алайын. Кел, міне ғой!— деп, алдына келіп арқасын тосты.

Ақбілек мінерін де, мінбесін де білмей аз отырды. Үлкен еркектің мойнына дардай басымен мінуді ұят көрді. Қара мұртқа қатын болғаны, оның құшақтағаны, сүйгені... балаша көтеріп жүргені дереу есіне түсті. Дінсіз орыс ер келеткен арам денесін, қасиетті дуананың арқасына артуды обал көрді. Бірақ дуана «міне ғой, міне ғой» деп күтіп отыр. Ел алыс, жүруге әлі жоқ. Амалсыздан орнынан тұрып, бір тамсанып, күрсінді де, екі қолын ептел дуананың мойнына апарды. Денесін тигізуге өзінен-өзі жиіркенді: Мойнына қолы баруы-ақ мұң екен, шөлкес аттай адуын дуана: «Яшырым!» деп көтеріп түрегелді. Ақбілектің салбырап тұрған екі аяғын екі қолымен икемдел, қысып алып, аса-сын Ақбілекке ұстатып, бір лықынып қалды да әулетті дуана адымдай жөнелді.

Ақбілек дуанаға аттай мініп келе жатқанына күлерін де, жыларын да білмеді. Өйтсе де көңілі жайланайын деді. Өйткені ол орыстың өңгеріп алып қашқанын да көрді ғой. Онда оның алды да, арты да қараңғы көр еді ғой. Онда адам болам деген үміт жоқ, қорлыққа да, зорлыққа да, өлімге

де, ұятқа да басын байлаған еді. Енді оның мініп келе жатқаны — адам баласына қиянаты жоқ, әулие дуана. Оның келе жатқан беті — аулы, әкесі. Әкесін көреді, құшақтап көріседі, апасына құран оқытады, әкесін апасындай болып күтеді. Бірақ өзін-өзі қалай жұбатса да, жүрегінің басында түйрілпектеліп бір зілді нәрсе жатыр, ол түйрілпектелген нәрсе арқандаған аттай, қуаныштың құлашын жаздырмайды, бер жағы бұған да шүкіршілік еткісі келсе де, ар жағы бұлт құрсаған күндей жадырамайды, езуі ғана жымығандай болады. Бет-аузы, көзі күлмейді, ілгешектеніп жібермейді.

Дәл мінер кезде тайсалғаны болмаса, жүре-жүре Ақбілек бала кездегі апасының мойнына мініп келе жатқандай, астындағы дуана екенін де ұмытып, бала күні есіне түспі. Онда теңбіл ақ шығ көйлегі бар, балағынның аузын қара ала бағсайымен көмкерген қызыл сан дамбалы бар, айдары селтпеген, жалаң аяқ жүгіріп жүретін сүйкімді қыз еді. Ақ қара бас ылақайына қызыл шашақ тағып, үкілед, ат қып мініп, өзі құрбы балаларымен жарысар еді. Жатқан сар атаның үстіне бала біткен жабылғанда, аған ұшып түрегеліп, балалар өркешіне, мойнағына жабысып, «жығылдым, жығылдым!» деп шуласар еді... Түйенің, жардың, томардың, тастың арасына жасырынбақ ойнар еді... Үйдің сыртына мосыдан күрме тігіп, ішіне киім төсеп, шиден істеген қуыршақтарын отырғызып, күйеу келтіріп, келін түсіріп, шәлі салындарып, көрімдік сұрап, үлкен қатындарша тамсанысып, сыңқып сөйлесер еді... Апасының көйлек ішіп қойған шабуын қуыршағына киім қыламын деп қиып тастап, апасынан таяқ жер еді. Сонда да апасы жақсы көрер еді: «Ақ шунақ қыздан айналдым!» деп бауырына қысып, бетінен шөпілдетіп сүйер еді... Сол апажаны қайда? Жасаған-ау, оның үнірейіп қалған орны немен толады? Үйіне барғанда маңдайынан кім иіскейді? Кіммен керісіп, жылап, мауқын басады? Ақбілектің көңілі бұзылып, көзіне жас кел қалды. Енді болмаса жылайтын еді, аяқ астынан бір дір етіп ұшқан бозторғай көңілін бөліп, жасын тоқтауға себеп болды. Ол кезде күн де бағып, сам жамырай бастап еді.

Манағдай емес, дуананың аяңы қоюланайын депті. Бір-екі өрге келгенде дуана Ақбілекті арқасынан түсіріп,

дем алды, құрысқан белін қайқайып жазып, қунақ жылқыша сілкінді. Ақбілек өзі жүрейн десе де, дуана болмай, тағы арқалап алды. Ымырт жабыла ит дауысы естілді. Ақбілек қуанып кетті.

— Ауылға жақындадық қой!— деді.

— Жақындадық, балақайым, жақындадық!— деп, дуана Ақбілекті тағы бір лықтытып жауырынына таман шығарды.

Сүт пісіріп болған соң, тезек иісі жұпар иісіндей Ақбілектің мұрнын жарған кезде:

— Келдік, дуана-еке! Енді өзім жүрейн,— деді.

— Ә, балақайым, әлі бірталай жер бар,— деп дуана түсірмеді.

Ақбілектің мұрны қоңырсыған сүттің иісін сезгенде, дуана тоқтады.

— Осы төмпейдің астында ауыл бар,— деді.

Ақбілек түсті. Дуананың сүйел қолы езіп, құрысып қалған тақылжырын уқалап жазып, шапанын сілкіп жамылып, дуанаға еріп қолтулап тағы аяндады.

Төмпейдің иығынан асқанда адырдың бауырында ауыл көрінді. Не дөңгелеген алқа қотан емес, немесе қатар тізілген жалғас емес, о жерде, бұ жерде тырқырап қарауытқан бес-алты қыстау. Байқаған кісіге «бізді мекендеген иелеріміздің мінезі де тап біз тәрізді тырқыраған, берекесіз, ұйымсыз» деп тұрған тәрізді. Кейбір қоралардың қасында қарауытқан мал көрінеді. Мал қоралап, адам аяғы басылайын депті. Анау адырдың түбіндегі қомақтау қорадан түтін бұрқырап жатыр. Оның оң жағындағы, кішірек қорадан бір келеңке қарандап сол үйге таман кетіп барады. Адырдың сол жағына таман, төмпейге тірей салынған бір ұзын қораның маңында қара-қура көбірек тәрізді.

Ақбілек қай үйге барарын білмеді, дағдарып келе жатыр еді, дуана:

— Анау үйге барайық!— деп адырдың бауырындағы үлкен қораны нұсқады.

Ақбілек:

— Ол кімдікі?

Дуана:

— Мұса байдікі.

Ақбілек:

— Мына жақын үйге барсақ қайтеді?— деді. Өйткені Мұсабай ауқаттырақ адам екенін білетін. Ақбілек тәуірлеу үйге барғысы келмеді. Тәуірлеу үйдің қағын-қалашы да таңырқайды, әркім көр-жерді сұрап мазасын алады, тәуірлеу үй сарыштып жуырда тамақ та бермейді, оңдай үйде сыпайы отыру керек. Кім біледі, тәуірлеу үйдің қылжақбастары да болар, тәлкек етер... Одан да барысымен сусын ішіп, жантая кететін кедейдікі жақсы болар деп ойлады. Және осы күйсіз қалыңда тәуір үйге бас сұғуға қорланды. «Не бетіммен барам» деген ой келді. Ақбілек:

— Жақын үйге барсақ қайтеді?— дегенде дуана тұрып:

— Бұл үйлер жарлы ғой, қонақ асыға зарлы ғой, қарның ашып қалды ғой...— деп жыбырлатты.

— Жарлы боп неғысын... Бір сусын жұтып, жантая кеткендей жер табылса болаң та,— деп Ақбілек тағы айтты. Әйел көңіліне бірдеңе алса, қарысып бола ма? Ақбілектің бетін білген соң дуана да таласқан жоқ:

— Ә, балақайым! Мейлін, мейлін,— деп жақын үйге бұрылды.

Дуана бұрылған кезде Ақбілек етегінен тартып:

— Сіз бұл үйге менің кім екенімді айтпай-ақ қойыңыз.

Тезек теріп жүріп адасып кеткен екен, тауып алдым дей салыңыз,— деді. Дуана Ақбілекке оқшия қарап:

— Әй, балақайым! Өтірік айтқан жарай ма? Өтірікші Алланың дұшпаны ғой,— деп аяндай берді.

Сумелек сары ит дуананың сылдыраған асасын естіп, одан барып қоққан тақиясын көрген соң, «енді жатудың жөні болмас» дегендей, дауысы қарлығып, алды бір бөлек, арты бір бөлек қираңдап үрді. О кезде қара сиырдың астынан сауыс жыртық тері шалбары тылтыған қатын шелегімен қабат түрегеліп, қисайған кір кимешегінің мильығына сұқ қолын жүгіртіп, көзін сығырайтып, бір аяғын ілгері салып:

— Кет былай, кет былай!— деді.

Дуана асасымен артын жайқап, таяна беріп:

— Әй, шеше, Құдайы мейман боламыз,— деді.

— Қатын жауап бермей жатып, дуананың артын ала тоқтаған Ақбілекке қарай мойнын созып, бір тамсанды да:

тер жаққа Ақбілекке қарады. Қатын бірдене сұрап қала ма дегендей, Ақбілек жалма-жан:

– Жеңеше, суыңыз бар ма?— деді.

– Су жүрегінді алар, салқын айран бар еді,— деді.

– Ендеше, айранға су қосып беріңіз, шөлдедім.

– Берейін, қарағым, берейін,— деп, қатын күйбеңдеп, қазандық жақтағы аяқ-табағын салдырлата бастады. Сол кездің бұрышынан ертегінің қызындай кішкене қара қыздың дудыраған басы қылғиды.

Дуана асасын арт жағына сүйлеп қойып, шарт жүгініп, ыңдылап отыр. Қара қыздың көзі бажырайып тұр.

Ернеуі кетік-кетік, жайпақ қоңыр зеренмен қатын сусын әкеп беріп жатып, Ақбілектің бетіне үңіле қарап, бір тамсанып қойды. Ақбілек сусын ішіп болғанша, қатын көйлегінің жыртқық жерінен ышқырын тырттыр қасып, харсы қарап тұрды. Қатын аяғын алып кетісімен Ақбілек арт жағын сипалап, бұрышта жағқан шекпен бе, шалбар ма, кім билісін, әйтеуір бір үйіндіге басын қойып, шапанын жамылып, жантау бастады. Ақбілек жантайған кезде дуана сыршылып, орын беріп, қозғала-қозғала тысқа шығып кетті. Ақбілектің жатып қалғанын көрген соң, қатын да қораға шықты. Содан арғысын Ақбілек білген жоқ, әбден талығып келген сорлы сусын жұтып, басы жерге тиген соң, дамыл алып қата қапты.

Қатын даладағы дуананы айналдырып, «Мамырбайдың қызы» деген соң: «Ә!» деп іші сезе қойды. Дығырай Мамырбайдың қызын бір жұтым шалаппен жатқызуды жөн көрмей, «саулы бозингеннен» бір қылым ұн сұрап алғалы және үйіне Мамырбайдың қызы қонып отырғанын айтқалы, дереу сол үй жаққа жөнелді.

«Саулы бозинген» дегенге түйе екен деп қалмаңыз. Түйеден кісі ұн сұрай ма? Бұ қазақтың да жыны бар ғой, әжептәуір кісіні Бозинген деп шығарып. «Бұт жимас» демегенің де шүкіршілік! «Саулы бозингеннің» кім екенін айта кетеміз бе? Неміз кетіп барады? Бос сөзге жанымыз құмар ғой, айтсақ айта кетейік.

Қулардың неліктен «Саулы інген» шығарып жүргенін ит біле ме? Бұл өзі Мұсабайдың қатыны еді. Аузы даладай боп қартайып қалса да, Бозинген жаулығына кір жуытпай-

– Мынау неғылған бала?— деп сұрады.

Дуана байыз тауып тұра алмай:

– Жапа-жастана естірсіз. Рұқсат па?— деді.

– Ойбай-ау! Ана байдікі тұрғанда... Біздің қонақ күткендей не жайымыз бар...— дей бергенде, Ақбілек те ілгері таман бір аттап:

– Жеңгей, шалап берсеңіз де ырзамыз. Сіздікің қалап келдік,— деді.

– Ойбай, қарағым-ау! Қалап келсеңіздер енді... амалым бар ма... айран-шалапты бөліп ұрттарсындар,— деп, қатын Ақбілектің неуетек даусын естіген соң, әрі іші жылып, әрі таңырқанып, «қонамыз» дегенге әлдеқандай боп қалды.

– Ендеше, үйге кіріңіздер!— деп, көң-күлімсі сасыған тапал қорасына қарай бастады. «Қадаға бастарыңды соғып алмаңдар. Бері, бері!» деген дыбысымен қонағы соңынан еріп, шалжиған тапал есіксің орқаш табалдырығынан аттап, үйге кірді. Есіктің жің тұтқасын Ақбілек бір-екі тартып еді, мұрны жырық тартыншақ түйеше кекжініп келмеген соң, қоя берді.

Үй іші тастай қаранғы. Қатын: «Былайырақ, әр таман»— деп, дуананы итбектеп бір жерге таман апарды. Дуананың етегінен ұстап Ақбілек те барды. «Бұ кім, апа, бұ кім?» деген бір-екі жас баланың дауысы шықты. Ақбілектің аяғына шөп сыбдырлайды. Үйдің іші сасық. Әйнексымақ бір күдірт тесік көрінеді. Жерде жатқан бір шоқпылжа сүріне-мүріне Ақбілек дуананың қасына таман келіп отырды. Отыра бергенде дуананың «хақ!» деген дауысы саңқ ете түсті. Ақбілек шошып қалды. Қатын: «көтекі!»— деді. Бір бала шыр етіп жылап қоя берді, ересектеуі «апалап» апасына ұмтылды. Апасы жылаған баласына:

– Шығарма даусыңды! Ал, дуана! Құлақ кеседі!— деген соң, баласы қоя қойды.

– Ә, балақайым, жылама! Кеспеймін, кеспеймін,— деп дуана да уатты.

– Шырағданы түскір қайда кетті жоғалып?— деп, қатын сипалап, күңкілдеп жүріп тысқа шығып кетті. Аздан кейін қара құманның қақпағына істеген білге шырағданын пештің ернеуіне қисайтып қойып, тұмсығына сұқ қолымен май тигізіп қағып-қағып уқалады. Сөйтті де қолын көлеңкелеп,

тын, мақтаншақ, өзі келіңдеуі кісі болатын. Тықпа сақал, бір мойын, жаман Мұсабағай Бозінген бірдене айтса – «ыңға» дей алмайтын. О түглі, саулы Бозінгеннің бір ауылға би болудан да демесі болатын, өзге қатындарға талай мойын салып, айғырлық қылам десе де, Бірмағанның тымырсық қызыл қатыны елденеше жерде аптығың басып, ауызын аштырмай жүретін. Әйел шіркін ұрысқанда қайдағы-жайдағыны қазатын әдеті емес пе... Қойшы, не болса о болсын! Өлгі келдейдің қатыны Бозінгенге жөнелді дедік қой. Ол өзі туыс, бір табан жақын қызыл қатынға неге бармалы екен? Жоқ, қызыл қатынға бармай, Бозінгенге жөнелуі де қулық еді. Қызыл қатын екеуінің араздығымен пайдаланып, Бозінгенді тағы бір сауып алмақ еді. (Бұрын да талай сауған ғой.) «Жаман итгің атын Бөрібасар қояды» демекші, Бозінген әлгі бір «Шатасының» атын Әнуарбек қойған еді (Қызыл қатын ғой оны «Шата» деп жүрген. Бозінген құлағы түрік кісі ғой, түріктің Әнуарбегін естіп, баласын сондай қылмақ қой!).

Көрші қатын үйге кіргей кезде, Бозінген ауызын қайыстай созып:

– Қойшы енді, Әнуаржан! Ұйықташы, қалқам! – деп, бір қолымен Әнуаржанды қағып, келіншегімісіп, қыпшасын қылмытып, бөкесін бүлгитіп, өз денесіне өзі сүйсінгендей қылымсып жатыр еді. Көрші қатын сипандап босаға жақта тұрғанын көріп, Бозінген маңызданып, қасын бір керіп:

– Күмсінай, жай жүрсің бе? – деді.

– Жай емес... Бір жұмыспен... – деп, Күмсінай бір жам-бастап сырғып, Бозінгеннің қасына келді. Бозінген әлдебір қызық есек айтады екен деп, кимешегін желкесіне қарай бір тартып, жампандап, құлағын таяй берді. Күмсінай сыр-быр етті. Бозінген:

– Ә, қойшы! – деп басын көтеріп алып: – Жалғыз отыр ма? – деп мылтық атағын кісіше бұғып, тағы күбірлесті. Сөйткенше болмады, «күйеу келді» дегеннен жаман Бозінген апыраңдап түрегеліп, жалма-жан ауыз үйге барып, Күмсінайға қайталағып бір аяқ ұн салып берді. Беріп жатты:

– Өзім де барам, – деді.

Күмсінай:

– Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, – деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққандай құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шопалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты. Қара кемпір бір тамсанып, отын көсей берді. Оған жарымаған кісдей, Бозінген шудасы желкідеп, байын із-ауында, бір қолы ішінде тұр екен, Бозінген келін:

– Өй, сен естідің бе? – деп жұлық, шалбардағы қолын суырып алды.

Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішіне сыйғыза алмай, Бозінген бошалаған түйеше тайраңдай басып, екі қолын алды-арғына құлаштай сермел, Бірқұлақтікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты. Неге десеңіз, Бозінген от басының әйелі емес, бір болыс елдегі әңгімені үйде отырып біліп отыратын, еркектердің партиясына да дау-шарына да кірісіп кететін, саққұлақ, еті тірі, көшелі кісі ғой. Елдің игі жақсылары да Бозінгеннің үйінен талай дәм татқан. Және біздің Бозінген еркектермен дойбы, қарта, асық ойнайтын, насыбай атағын, қонаққа өлең айтқызбай жібермейтін, қызып кетсе, өзі де айтып салағын, бозбала келсе, екі езуі жиылмайтын сері кісі ғой. Тек Бозінгеннің қара бойында титтей ғана міні бар еді, өз басының киім-кешегі болмаса, өзге шаруаға әнтек қыры жоқ еді. Таза көрпелері салтақ-салтақ боп, төсек орны жуырда жиылмай, қоқып, ыбыр-сып жатар еді. Қызыл қатыны түскір Бозінгенді «көк инені ...тіне түрпейді» деп өсектеуші еді.

Бозінгеннің өзіне тартқан бір керім, сал қызы бар еді. Әлгі Айтжан ғой? Е, сол. Айтжанын мақтап, домбыра тартқызып, ән салғызып, бозбаламен әзілдесе, өзінің де жаны кіріп отырушы еді, қалжыңға боғауызсымақ сөз араласып бара жатса Бозінген өзі кимелеп, Айтжанға жол бермеуші еді. Сол Айтжанын құтты жеріне қондырып, жалғыз өзі іші пысыл, ұрынарға қара таба алмай жүргенде, мына хабар Бозінгенге Құдайдың үйге айдап әкеп берген деулетіндей көрінді.

– Құдай-ау, мына тұрған біздікіне келместен, есінен айрылған сорлы Күмсінайдікіне не алғалы қонып

жүр екен?!— деп саңқылдап келеді. Ол әшейін сөз ғой. Бозингеннің есі-дерті: орыстар қызыққан қыз қандай екен, Айтжаннан несі артық екен? Кімді қандай екен? Орыстың талқысына түскен соң, қандай боп қалды екен? Соны білу ғой. Орыстар өз аулына да келген, қыз-қатындар тау-тасқа тығылған, өзі де үш солдаттың қолына түсіп қап, бұйырғаныш көрген, кіші үйдің қызы содан бері жіңішке ауруға шалдығып, от басында сұлап жататын болған, Соқ-да да қатын шіркіннің таңсыққойлығы басылған ба?

Бозингендер Күмсінайдікіне кірсе, бұрышқа домаланып біреу жатыр. Диуана далада болса керек. Сары ит қораның сыртында қыңқылдап қояды. Бозинген шырағанды бір қызға ұстаып, Ақбілектің қасына келіп, шапанын ашып қарады. Ақбілек аузы әңгек ашылып, сілекейі ағып, қорымдап ұйықтап жатыр еді.

— Е, байғұс-ай!— деді.

Күмсінай арт жағынан келіп:

— Не қыласыз? Ұйықтасың,— деді.

Бозинген шапанының өңірін қайырып, әдібін көрді, көйлегінің сүйегін байқады; жеңсіз камзолының жисігін, қалтасының қақпағын, кебіс, мәсіні — бәрін шұқылап көріп болған соң, мағдайына шашырай салбырап тұрған шашын ақырын сырғытып:

— Өзі де қыз десе — қыз екен!— деп қорығанды шығарды.

Шапаны бикасап, әдібі бағсайы, жеңсізі дүрия, көйлегі бәтес екенін айтысып, біреуі: «Айтжанның көйлегі терізді екен»— деп, енді біреуі: «Айтжандікі бұдан гөрі қаттылау»— деп тұрғанда, Бозинген Ақбілекті былай қойып, көйлек жайынан қыздармен айтысып кетті. Оның айтуынша, қыздар дым білмейтін боп шықты. Айтжандікі бес есе артық боп кетті. Айтжан қарағы ұзатылмағанда, орыстар «қырылып» қалатын екен, масқаралықтан Құдай бір сақтапты, өйткені аманында бергенін «өзі» қалапты (екі қабағ боп қалғаны есінде жоқ).

Қатындар, қыздар біраз дауласып, қарқындары басылған соң үйді-үйіне тарады.

Бозинген үйіне келгенде, Мұсабай бірталай ой ойлап, уысына еш нәрсе түсіре алмай, дал боп қисайып жа-

тыр еді. Кеп былай: Мұсабай жанада байыған мажқанды, қалтырауық адам болатын, (бұрын қаланың жағағы ғой, қатыны да жатақтың қызы ғой). Үйіндегі бас көтерер адам — қатыны, соның арқасымен кісі болып жүретін. Ана жылы жоғалған бір-екі биесі Мамырбай төңірегінен шығып, соған қолы жете алмай жүрген. Өйткені Мамырбайға да ел керек қой: төңірегіннің ұрлық-қарлығына ара түспесе, адамдығы қайсы? Мына қызы қолға түсіп тұрғанда, соның қаруын қайыруға болмас па екен деп, Мұсабай жаман ойға жүгіртіп еді. Қызды тығып қояйын десе, ауылы құрғыр-түгіл есітіп қойды. Өзге айпағанмен Бірмаған барып жеткізеді ғой. Бірмағанмен оның малайын азғырып алғаны туралы жаздай араз болып, қатындарының шайырғал екені есінде. Қызды біреуге беріп жіберуге кім даяр тұр? Ол тағы бiлiнбей қалмайды. Ақбілекке сұрау салып жүргені мәлім. Әлдебір енгі жігітке масқаралатса қайтер еді? Бірақ онымен де не кегі бігеді? Мамырбайды шығындатқандай бірдеңе табу керек қой. Қалай шығындату керек? Міне, бұл мәселе — мәселенің қиыны болды. Қатыны келіп, қыздың сұлулығын мақтағанда, өзінің жаман делебесі де қозды. Бірақ Бозингеннен асар қауқар қайда?

— Қайтейін, сұлу болса!— деп кейді.

— Қайт дедім саған?— деп қатыны да тежеп тастады.

Сонымен Мұсабай күшеніп, төңбекшіп жатып қалды. «Әрі жат!» деп қатыны да шынтағымен бір түргіп, теріс қарап, өткен дәуренін еске алып, есінеп: «Осы жаманға қайдан тидім?» деп тағы да өкінді.

* * *

Түнде шайға оятқанда, Ақбілек тұрмай, жатып қалған. Таңертең Ақбілек көзін ашса — Үй толған кісі. Оң жағына қараса, немере ағасы Әмір отыр.

— Қарағым-ай!— деп Әмір кемсеңдеп, құлағын жайды. — Ағажап-ай!— дегеннен басқа аузына сөз түспей, ағасын бас салып, солқылдап ағыл-тегіл жылады. Ауылынан келген екі жігіт бірінен соң бірі көрісіп, кеңкілдеп, Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді.

Көріскен кісіні айырғанды парыз көріп алған қатындар тоқтау айтып, айқасқан қолдарын жазып, салиқалы Бозинген де пешке сүйеніп тұрды.

– Енді қайтсін! – деп ісіркеген болды.

Алайда қатындардың кеңлі бұл көріске жарымалды, өйткені Ақбілек суырлықты сөйлей алмады. Жайшылықта, қыз ұзатқанда, кісі өлгенде айтылатын жырлардың бірде-бірін айтпады, тұтқиылда тығылып қалған жүрек қызыл тілге құшырын теге алмады, ішке толған қалың шер кернел келген бұлақтай қатты ышқынған жас болып, ыршып-ыршып кетті. Ақбілек жыр жағтап та көрген жоқ еді, қыз болып ұзатылуға әлі талай заман бар ғой деп, балалығы арылмай жүрген, 15 жасар бала ғой. Шешесі өлгеннен бері дауыс қып жоқтағандай болған жоқ, өз басына күн туып кетті. Қатындар онысын есеп қыла ма, сөйлемей көріскенін жас баланың жылағанындай көріп, айыздары қанбады.

Жыласып, көрісіп, үндемей төмен қарап, біраз отырғысты. Әлден уақытта Әмір ағасы отырып:

– Түнде осы ауылдан хабаршы барған соң, жата алмай қолға түскен атпен жүріп кеттік, – деп, қалай келіп қалғанын білдірді.

Мұсабай жаман ойдың ұшығына шыға алмай жағқанда, Бірмаған жақсы атты кісі бола қалайын деп, түнде шапқызған екен. Бірмағанның қызыл қатыны өзгеден гөрі омыраусып, Ақбілектің қолын ұстап айырып жүрген сол екен. Қызыл қатын қарап тұрмай:

– Естігенде өз баламыздан жаман аядық... Қайтейік, не амал бар? – деді.

Әмірдің бір жолдасы:

– Ағайынның ағайындығы осындайда көріңеді де, – деп, Бозінгенге көзінің құйрығын жіберді. «Жайда көсемсіп жүруші ең, бүгін қайда қалдың?» дегендей қылды. Өйткені Мұсабайдың Мамырбайға қиғаштығын білуші еді. Және Мұсабайдың биесін ұрлаған кісімен бұл жігіт жегжат еді. Жігіт оны айтқанда, қызыл қатын мардамсып, иығын бір көтеріп:

– Е, о не дегенің... Біз анау-мынау қазақтай боқтан өзгені қылға тізбейміз, – деп келе жатыр еді, Бірмаған отырып:

– Керегі не сондай сөздің! – деп қатынын тоқтатты.

Бұл сөздің бәрі Бозінгенге жарадай тиді. Ләм деуге айтары болмай, тымырайып, жапалақ ернін жылмыра берді. Түнде әлгі қорсылдаған шошқа бір атты қинағанда, бүгін

Бозінген бұл сөзді естір ме еді? Шірік ит! Талай жерде өлтірді-ау!

Күмсінай шай даяр екенін білдірді. Ауыл кісілері тысқа шықты. Қызыл қатын Ақбілекті үйіне қонаққа шақырып еді, Әмір Тәңір жарылқасын айтып, ауылға жеткенін мақұлдады. Бірмаған да жабысып көріп еді, қонақтар асыға берді.

– Ендеше, Ақбілекке кер жорғамды ерттеп, өзім аларып салып қайтайын, – деп Бірмаған тысқа жөнелді.

Бозінгенге бұл жұмысы да қатты тиді. Үйіне келіп:

– Әмірі әбүйір байлаған, сұқым! Отыр енді албасты басып! – деп, байын тағы бір мұжыды.

Мұсабай үндемеді. Қатын шіркін бір жеңіп алған соң, таң атыра ма? Өзінен шығар өнері болмаған соң, Мұсабай қатынға қол талсырып пір қылған ғой. Қатын болмаса, бұл Бірмағанның қолы емес пе? Бірмағанның әнтек қолы кеміп бара жатқанын, әйтпесе мұның қасында анағұрлым адам ғой. Бірмағанның қолы кемігеннен ғой – ана жылғы сайлауда ауылнай болып, кісі қатарына ілінгені. Одан бұрын бұл кісі ме еді? Бір безер ит еді.

Сол Бірмаған кер жорғасына көрпе салып ерттеп, Ақбілекті мінгізді, бір байталға мініп өзі қасына ерді.

Дуана өз жайына кете барды.

Жолда келе жатқанда Әмір ағалары дуананың кез болып алып келгені жақсы боқты десіп, дуананың да пайдасы тигендігін, оның жүрмейтін жері жоқ екенін, бірақ тіленшілік қылмайтынын, жазы-қысы жалаң аяқ жүретіні тегіннен-тегін еместігін айтысты. Одан кейін ұсталған ақтарды, Мұқашты сөз қылды.

Ақбілек орталарында жорғақаттып, төмен қарап келе жатып, әңгімелеріне құлақ салды. Ақтардың тұтылғанын сонда білді... Әнеугі апанда бұғып жатқандағы қасына келіп, «тоқтай тұр» деп кетіп қалған қазақ Мұқаш екенін де топшылады. Өткен күндерді бір-бірлеп есіне түсіріп, жағалап қара мұртқа да келді, оның түрлі қылықтары демде кез алдынан елестеп өтті. Енді мынау ағаларының ортасында ауылына келе жатқанына таңалды, таңғалып қана қойған жоқ, өзін бейне бір арам сиғақ ұрлық малшыдай, әкесіне арам жегізетіндей көрді. Енді бұрынғы нәрестедей

ғой. Жасыма жетпей кемпір қылдың-ау, жасаған! Мен енді екеме құрт аурудан жаман бір масыл болдым ғой! Өлмей менен құтыла алар ма?..

Ей, Тәңірім-ау! Осы келе жатқанда бір қазаға ұшырап кетсемші! Астыздағы ат омақасып, астында тіл қатпай қатсамшы! Немесе жер ойылып жұтып қойсайшы! Болмаса үстімізден қара бұлт төніп, нажағай соқсайшы! Әйтпесе албасты басып тұншықтырсайшы! Өнеугі қаңғып келген орыс енді келіп алып кетпейші! Ең болмаса, есімді біліп тірі барғанша, өкемнің алдына апарғанда, кірпігім қимылдап жатсамшы!

Ақбілек аспанға қарады – аспанды мезгілсіз бұлт құрсау емес; жерге қарады – жер баяғы жер, қозғалар емес, сүрінер ме екен деп, өкшесін тебінді – кер жорға сүрінер емес, өзге аттарды сау желдіріп, тепсеңде теңселіп келеді. Ақбілек қасындағы ағаларына қарады. Ағалары Ақбілекке қарар емес, көздері алдында, сипай қамшылап, «ауылға қашан жетеміз?» дегендей тебінгілері сартылдап келеді.

Ақбілек алдына қарады. Қараса, ауылға кел қалыпты. Ауылын көргенде, жылағысы кел кетті. Өнеки, бұлардың қарасын көргеннен қатындар Ақбілектің үйіне қарай шұбырды. Өнеки, өз үйінің иттері де ұлыды. Өнеки, бұзаулар да Ақбілекке көрісетін кісіне бері қарап мөңіреді. Міне, кей дауыс қылған қатындардың ащы айғайы құлағына келді. Жер-дүние күніреніп дауыс қыл тұрғандай болды. Жан жарасы сол дауыспен жеңілетіндей, көп дауысқа қосылып, Ақбілек те егілді, екі көзі жасқа толып, жарық күн шымылдық құрғандай бұлдырал, тұман бол кетті. Сол тұманның ішінде басы ағарған адамдар қолтығынан ұстап, сүйемелеп, әлдебір жерге әкеліп, үл-үлкен бір адамның үстіне жанып еткізді. Ақбілек жылай берді, жылай берді...

Сорлы Ақбілек! Сен жыламай, кім жыласың? Тас ештегі жібіткен, тар құрсағын кеніткен, аруанадай анаңнан айырылды! Келешектегі бақытты өміріңнің кітіндей көріп, сары майдай сақтаған алтын қазынаңнан айырыдың! Ар-ұятың төгілді, адамшылығың жойылды. Жас науектер жүрегің – соқпай жатып өрт болды. Жаңа шыққан жауқазын – піспей жатып жоқ болды. Шам-шырақтай жас жаның – жанбай жатып шоқ болды. Есіл ерке балалық –

уыз денесі былғағып, арамданып қалған тәрізді, бұрашғы кірпіксіз, апилақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, күне-сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы енді қатын болып қалған тәрізді, бұл былғаған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз ауылының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұлып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды: ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де, демін де арам деп білді...

Осы арам деміммен, арам аузыммен өкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтп оны да арамдармын? Құдайдан қорықпай, оның құтты қалам менігітей үйіне қалай кіремін? «Кәпір» сүйген, аймалаған аяғыммен жай-намаз салатын жерін қалай денем пімірікпей басармын? «Кәпірді» құшақтаған арам қолымды қайтып өкемнің адап дастарқанына апарып, қайтп бір табақтан ас ішермін? Мұны бұрын ойласамшы! Бұларды есіме алсамшы! Шыбын жаны құрғырды ойлай беріптің-ау, япыр-ау! Бұлар мен туралы не ойлады екен? Мені арамдалмай аман келе жатыр деп кім ойлады дейсің? Әлде менің тірі қалғанымнан да өлгенімді тіледі ме екен? Кім біледі, сөйткен де шығар. Мені көргенде, «пәленшенің орыс бұлдіріп... кеткен қызы» деп, кім көрінген ішпек ойлап тұрады-ау! Әлде біреу өкеммен, не өзіммен егескей күні айтып та салады-ау!..

Ойбай-ау! Менің күйеуім ше? Ол енді менің маңыма жолау ма? Орыстан қалған салдаманды ол неғылсаң! Тым болмаса бұзылмаған қаймағым соған да бұйырмады-ау!.. Ол алмаса, онда мені кім алады? Мен бір ел-жұртқа әйгілі кезге шыққан сүйел болған екем ғой! Ақылымнан адасқан сорлы мұны білсемші! Кеше түнде арам денемді қасқыр боршалап, неге жеп қоймады екен?!

Мені көргенде ауыл-үйдің адамы үркіп тұрады-ау! Мен өзгертім ғой, қатын болдым ғой, қартайдым ғой. Көзімнің алды кек таңба шығар, етім сылқылдап, денем бос қалған шығар, белім бүкірейіп, бөксем жалпыған шығар, аяғым талтандап, жүрісімнен жанылған шығармын. Менде не сын қалды дейсің? Ернім кезеріп, жағым суалған шығар. Орыстың айнасына қарағанда, ажарым тайған сықылды еді

аяққа құйған астайын шірлітан етті – тоқталды. Жыла, жасың бұла! Жасыңмен қайғың жуылсын! Жасыңнан теңіз жиылысын! Теңізді дауыл толқынтсын! Құтырсын толқын, туласын! Зарлаған сені мұнарлар тұншықсын – суың да улансын! Қатын – қызы тұл қалып, сендей болып шула-сын!

Екінші бөлім

Бесатардың оғы шыққан жерін алақандай қыл үңірейтіп, жұлып әкетеді. Емдеуі келіспей, асқынып кетсе, ол оқ тиген адам жуырда мал болмайды. Сол бесатардың оғы Бекболаттың иығын ала қарнынан тигіп, сырт жағын үңірейтіп кетіп еді. «Бұған суырмақ тарту керек... Малдың жыны да – мың да бір дәрі...» деп, әркім әр түрлі ем айтып жатқан үстіне қаладан келген бір «үністірік»: «Дәрігерге көрсетпесе, өледі!» – деген соң, Бекболатты дуанға апарып еді. Мамырбайдың Төлегені не дегенмен қайын ағасы ғой, барған соң, кеңседен кеңсеге жүгіріп жүріп, ауруханаға жатқзып емдеуге қағаз алған еді.

Бекболат ауруханаға жатқалы 20 күнге жуықтады. Дәрігердің қарауы күшті болғаны ғой, 15 күн дегенде қолы икемге келіп, жарасы бүріліп біте бастады. Алғашқы кезде аурухананың сары төсегіне, сасық дәрісіне, шөл тамағына үйрене алмай, мұрнын тыжырып, іші пысып, уайым басып жатса да, жүре-жүре аурухананың өз аламындай болып, бойы үйренейін деді.

Дәрігер күншуаққа шығып отыруға рұқсат еткен соң, Бекболат бір күні тысқа шықты.

Үсті-басына ақ киген, ақ орамалмен желкесінен бір түйген сары мағүшкелер сыпсындап кіріп-шығып жүр, қолдарында бөтелке, шайнек, орамал, шылашын. Мұртын тазының құйрығындай ширатқан, шашын енесі жалаған бұзаудай тарап, жылтыратқан ақ киімді дәрігер де мағүшкелерге орысшалап, ауру жатқан үйлерді нұсқап, бірдеңе тапсырып тұр. Аурухананың қабырғалары да, төбесі де, табаны да сүргі тартқандай теп-тегіс, маса тайғандай тап-таза. Мыналарды көргенде өзі жазылған соң, Бекболат: «ауру қалай жазылмасын?» – деп ойлады.

Аяғында – көттік пен өкшеден ырай жоқ, сылпылдаған башмақ, үстінде березе жағалы ұзын сар шапан, басында ақ орамал – Бекболат судан шыққан тышқанша болбырайып, сенекпен егтеп аяндап, алақтап, дәрігердің қасынан өтті. Дәрігер «неге кегіп барасың?» дегендей, Бекболаттың бетіне ажырая қарап, рұқсат бергені есіне түскен соң, «күре бер» дегендей, кірпігін бір қақты. Бұрын ауыз сенекте олай-бұлай жүріп буынын бекіткен ғой, бойы тынайған тәрізді.

Бекболат сыртқы есікті ашып тысқа шықты. Аурухананың төрт қабырғасы, табығ төсеті, сасық дәрісі басырқып тастаған екен, күні жарқыраған, ашық ауасы саңғыраған, көгерген көк аспанды көргенде, бойы да кеңіп, жадырап, реңі де шырайланып, ажарланып, ойы да көтеріліп, шарықтап, елге қарай бет қойды... Еліне тезірек қайтқысы келді. Жар дегенде есіне Ақбілек түсті. «Мен, міне, Құдайдың жарық күнін көрдім, жазылдым. Ол осы күнде не күйде екен? Әлде тұтқында екі көзі жаудырап, жасын бұлап жүр? Әлде орыстар өлтіріп тастады? Әлдебір сары орыспен құшақтасып отыр? Әлде бәрі жабылып...» деген ойға келгенде, шауып келе жатып, биік жардың ернеуіне төніп қалған кісіше, денесі шіміркеніп, жүрегінің астыңғы жағындағы бір нәзік қыл үзіліп кете жаздағандай болды. Бұл ойды Бекболат жараның беті қайтқалы күні де, түні де ойлаған, жардың ернеуіне бір емес, жүз, мың қайтара таянған, жүрегінің нәзік қылы да сонша тырсылдаған, сонда да бұл жолғы жүрегінің қағысы бұрынғыға ұқсамады. Бұ жолы Ақбілекті ойламайын десе де, кең дала, еркін, сай-ран өмір еске түскенде, Ақбілек те еріксіз сол сұлу өмірдің түліндей жылтырап, көзіне іліне береді.

Бекболат ауруханада жатқанда, Төлеген екі-үш рет келіп, кеңілің сұрап кеткен. Төлеген бір сыпайы, жатық жігіт. Келгенде: «Жараң қалай? Бойың тәуір ме? Тамаққа көңілің шаба ма?» – деген тәрізді жарасының жайын ғана сұрайтын. Төлеген қайын ағасы болған соң, Бекболат Ақбілек жайын сұрауға ұялатын. Қарындасы жайынан о да сөз қылмайтын. Өзі бірдеңе айтып қалар ма екен деп, Бекболат елдің хабарын сұрап, жақаурағқанда, Төлеген: «Жалпы аман болса керек... Бетен хабар блінбейді...» деп, Ақбілек жаққа жуымайтын. «Шешесін өлтіріп, қарындасын алып кеткенде со-

ларды барып бір көрмейтін, соларға бір жәрдем қылмайтын негкен жан? Әуелден көңілі қатты адам ба екен? Қалада жүріп қақайып кетті ме екен? Мұның пайдасын әкесі қашан көреді?»— деген сұраулар Бекболат ойына талай келсе де, өзіне бірдеңе деуге аузы бармайтын. Өйткені көңілі деуге Бекболатты жан тартып дөрігерге қаратып, көңілін сұрап, келіп-келіп жүреді. Қарындасы болса да кетті. «Бнді менен не үміт қылады?» деген ойлар келгенде, Бекболат Төлегеннің негкен адам екеніне миы желпей, лағдаратын. Бекболаттың имене беретіні де Төлегеннің жұмбақтығы еді.

Енді далаға шығысымен, Бекболат Ақбілектің не болғанын білуге көңілі кетті... Қалай, кімнен біледі? Мұнда қазақ бар ма екен? Кеше төсекте жатқанда бір қазақтың есік алдынан өткенін көзі шалып еді, со қазақ жылт етіп, жоқ бол кетіп еді. Сол кім екен?... Немесе дөрігерге келіп тұрған қазақтар жоқ пе екен?— деп, қабырғаны жағалап, қақпа жақтағы бұрыштан асты. Асып еді, ауруханаға кіретін екінші есіктің тепкіштігіне отырып, бір-екі тымақты қазақ сөйлесіп отыр екен. Бекболат іздегені табылғандай қуанып кетті:

— Ассалаумаликум!— деді.

Қырдылап төмен қарап сөйлесіп отырған екі қазақ жалт қарады. Ел қазағы ұқсынды біреуі «әлі» алды. Аяғында орысша етігі бар, ықшам шапанды, жөкей қара тымақты, аузы-басы бияздай, қожаға айтқан нияздай қара сұр жігіт ойнақы көзі жалтаң етті де, ернін қыбырлатты. Бекболат амандасты. Ойнақы көз жігіт «сені кім шақырды?» дегендей, жеңді амандаспады. Бекболат келген соң, сөздерін де қоя қойды. Онысы өздеріне қолайсыз көрінді білем: жуан етік қазақ Бекболаттың аты-жөнін сұрады. Бекболат жөнін айтқан соң, ойнақы көз жігіт:

— Ә, Бекболат сіз боласыз ба? Отырыңыз, — деп сырғып орын берді. — Өнеугі оққа ұшқан жігіт екенсіз ғой, — деп біле қойды.

Бекболат:

— Өзіңізді мен танымадым ба?— деп сұрады.

— Мен Тақырдың Жылтыры деген жігіт болам, — деп, Тақырдың Жылтырын білмейтін қазақ жоқ тәрізді, «Жылтыр» дегенде езуін қисайтып, басын бір шұғыл тастады,

өз атын мардамсып атағаны көрініп тұрды. — Мына кісі Мұсағай деген біздің ағайын, — деді.

«Тақырдың Жылтыры» дегенде, Бекболат: — Ә, естуім бар, — деді.

Жылтыр жұлып алғандай, тікірейе қарап: — Мені кім деп естідіңіз?— деп сұрады.

Бекболат әңгек мүдіріп қалды да:

— Көзі ашық, пысық жігіт деп естіеміз, — деді.

Бекболат әлгідей дегенде:

— Әйтеуір халықтың көз жасы үшін Мағайдың Өбенімен ұстасып жүрміз. Ақырын бір Алла біледі, — деп қаз көрген қаршыға бастанып, мойнын қылқын еткізді. Бекболат мақұлдағансып:

— Е, — деді.

«Е!» дегені; «Ажалы жеткен қарға қаршығамен ойнайды» деген осы-ау! Өбен кім? Бұл кім? Ол — арыстан да, бұл — тышқан ғой. Ол сегіз болыс елді, бір дуанды аузына қаратқан Өбен емес пе? Ол Петроамборыңа да барған, патшаға да білікті болған Өбен емес пе? Онымен таласқандай мұның не айбыны, не күші бар? Шытыген бір қораш жігіт... деген ой келіп еді. Бірақ Бекболат бұл ойын неге билдірсін, іші пысып қалған кісі ғой: оны-мұны сұрай бастады.

Жылтырдың білмейтін хабары, естімейтін есегі жоқ, ағып тұрған сөз екен. Аузы аузына жұқпайды. Ол сөйлеген сайын Бекболаттың аузы ақпип, жаны кіріп барады. Ол елдің партиясын, сайлауын, кімнің пара алғанын, кімнің бергенін, кім қызып сайлаушыға шырға қылғанын, кімнің үйі, малы таланғанын, кімнің қатыны, қызы кеткенін, кім мен кімнің керіскенін, төбелескенін, қызыл мен ақтың соғысқанын, кімнің басы сотты болып, кімнің үстінен арыз беріліп, газетке басылғанын, кім абақтыға түскенін, кім шығарып алғанын, кім келіп іздеп жүргенін — бәрін саулапты. Оның таныс емес әкімі де, сөйлеспеген адамы да, білмейтін заңы да жоқ. Соның бәрін көзімен көріп, қолымен ұстағандай, су тегілігіз қыла, нандыра, жанын бере, орысшаны ара-арасына қыстыра сөйлейді. Манағыдай емес, Бекболат Жылтырдың сөзіне ұоға айналды, нанып емес, танғалып ұйыды. Бір сәтте осыша хабарды, осынша

сөзді, заңды үйіп-төгіп тастаған неткен тілмар, неткен білігіш деп, таң-тамаша қалды. Сөзінің арасына жік салмастан бірді айтып келе жатып, бірге кетіп судыратқанда, қалың тобылғыдан андағайлап қашқан қоянды көрген тазыдай, Бекболат қай сөзін ұстарын білмей, даң болды. Даң болса да, оның айтқан бір хабары құлағына майдай жағып кетті, ол хабар – Қарашаттағы ақтардың қолға түсуі еді. Оны естігенде, Бекболат:

– Е, бәрекелді!.. Япыр-ай! Түгел түсіп пе? – деді.

– Түгел. Бірін қалдырмай ұстап әкелді.

«Ақбілек қайда екен?» – деген сұрау Бекболаттың аузына келіп қал, бірақ ел қазағы отырған соң сұрауға қаймыға бермеді: «Орыс масқаралап кеткен қызды несіне сұрап отыр?» – деп, мазақ қылар ма деп ойлады. Бекболаттың сұраулары көбейіп, әңгіменің аяғы созылып жапқанын сезіп, ел қазағы «бір айналып соғармын, – шаруам бар еді» деп, тұрып кетті. Ол кетісімен Бекболат қабыржып, қобдианың, Жылтырға қарай берді. Бір уақытта бір жасырын сөз айтатын кісіше кезін жыпылықтатып:

– Сізден менің бір сұрайын деген сөзім бар еді, – деді.

– Айтыңыз, айтыңыз, – деп Жылтыр жөпішдетті.

– Мамырбайдың қызы не болды екен? Оны естіген жоқсыз ба? – деді.

– Жоқ. Оны естімедім. Ақтардың өзін кеше кеше әкелді. Білуге болады. Ол айтпақшы сіздің қалыңдық екен ғой. Жалко, жалко! – деді.

– Япырым-ай! Білуге болса, соны маған біліп берсеңіз...

– Құл болады. Бүгін, ертең-ақ біліп беремін. Күнде ешден кісі келіп жатады ғой... Бірақ оның енді не керекті бар? – деді.

«Не керекті бар?» деген сөз Бекболатқа ауыр тиді: жұрттың аңызы да осылай екен деп ойлап қалды. Бекболат жабырқау тартып:

– Өйтсе де, – деді.

Жылтыр біліп бермек болды. Сөйтіп отырғанда есіктен ақ киімді мағұлше шығып:

– Әй, киргиз!.. Доктор... – деп Бекболатқа орысшалап саусағымен ымдап шақырды.

Бекболат орнынан тұрып жатқанда Жылтыр мағұлшеге түйіліп басын шайқап, орысшалап жіберді де, Бекболатқа қарап:

– «Киргиз» деп қорлағанын әлі қоймайды, жалаң бұт немелер! «Жолдас», «граждандан» деп неге айтпайсың? деп жатырмын, – деді.

Бекболат жымылп, көпшіктеп:

– Бәсе! Бұларға да айғыр табылсыншы! – деп, ауруханаға кіріп кетті.

* * *

– Е, атышулы Жылтыр осы екен ғой! – деді Бекболат секте келе жатып.

Бекболатты тамақ ішуге шақырған екен. Қаңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген жылқыша тамсанып ұрттаған болды. Сорпа ішіп отырғанын да, су ішіп отырғанын да андаған жоқ: ойы бөлініп, қиялы әлдеқайда отыр еді.

Ақбілек орыстардан өлі қалды ма? Тірі қалды ма? Өлі қалса, сөз де жоқ. Тірі қалса, үйіне келіп отырса, онда не болмақ? Орыстардың талқысынан қалған қызды бұл ала ма? Аймай ма? Дүйім елге әйгілі бол, абыройы кеткен қызды қалай алады? Екі сөздің бірінде құрбы-құрдасы бегіне не басады ғой. О бір сүйегіне басылған кетпес таңба ғой. Бірақ құдайшылыққа келгенде, Ақбілек сорлыда не жазық бар? Өз еркімен барған емес, тағдырдың кермесіне кез келді. Бұл алмаса, оны кім алады? Адам да алмайды, өтпей отырған бұл басқа біреуді алар. Онысы әлдеқандай болып шығады? Ақбілекті өзі көріп айттырып еді ғой. Ондай қыз бұл өңірде жоқ еді ғой.

Бұлар үш кісі құс салып жүріп алғаш барып көргендегі оның түрі қандай еді! Мандайы қасқып, мойны қаздып, көзі мөлдиреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді. Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түргелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяншыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, тысқарыда жүріп, жөңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сыңғырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымылп келіп, шай

жасап, өп-өгірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шыны-аяқ әпергені, салафты қою кірпігін салмақпен қағып, анда-санда көз астымен бір қарап қалғаны, мұның шыны-аяғына білдірмей бір қант тастап жібергені... Бір жолдасы сөз қатқалы:

— Бұ жақтың сұқсырлары қалай сақ! Қаршығаны көш жерден көре қояды екен,— дегенде:

— Қаршығаларыңыздың қырандығы да,— дел күлімдеген апасы: «Ақбілекжан, қонақтарыңды аттандыр!»— дегенде, жеңгесімен екеуі бұлардың атын шешіп, нәп-нәзік торғын қолымен қолтықтан көгеріп аттандырғаны; «қош болыңыз!» дегенде көзін жалт еткізіп, басын әнтек изіп, артынан қарап қалғаны — бәрі, бәрі сондағыдай сайрап көз алдына келді.

Бұрын қыз көрмеген кісіше құлап кетпейін деп, өзіне өзі осынша берік болайын десе де, Ақбілектің жүрісін, күлісін, көз қарасын көріп, естіген сайын есі кетіп, «осының жолына жаным құрбан болсын!» деп, өзіне-өзі серт қылғаны қайда? Ақбілек өзгеше еді ғой. Әсіресе оның дауысы, оның күлкісі адам баласында жоқ еді. Әлде әнтек күрмеліп, ілінгірлеген құлыншақтың, әлде түн ішінде көл жүзінде сынқылдаған аққудың дауысы ма? Жоқ, оның біріне де ұқсамайды. Ақырын сөйлесе, жас ботаның дауысындай, қаттырақ сөйлесе, ол дауысқа күміс қоңырау таққандай ма, қалай, әйтеуір көмейінен, көмей емес-ау, кеудесінен күңгірлей-сылдырлай шыққан бір сиқырлы жат дауыс дәл жүрегіне барып тиер еді. Сол кезде бойың балқып, жаның иер еді. Тағы да, тағы да осы дауысты естігің келіп, ынтығар едің. Ол күлсе, бұл жалғанның бәрі күліп жібергендей, қайда отырғаныңды ұмытып қалар едің. Өзге әйел оның бір тырнағына, басқан ізіне тұрмай қалар еді. Сол сияқты Ақбілекті Бекболат шынымен ұмытқаны ма? Елдің есетінен қорқып, шынымен алмай кеткені ме? Қой, оңсыз өмірде қызық болмас. Өзге қызды алса да, оның суреті көз алдынан кетпес. Өмір бойы өкінер де жүрер... Қалайда Ақбілектің хабарын тезірек білу керек.

Ол күні-түнімен, ертеңінде күнімен Бекболаттың ойынан Ақбілек кетпеді. Оны қайдай жаман адамдарға араластырып, оған қандай жиренейін, жек көрейін, безейін десе

де, оны алғаш көргені есіне түскенде, ол ойының бәрі жел қуған тұмандай серпіліп, баяғы періштесіндей, Ақбілек кезіне елестейді де тұрады. Оны осынша ойламайын деп, үйдегі атын, құсын, мылтығын, аң аулағанын есіне түсірейін дей ме, болмайды. Ат, құс, аң, сейіл-серуен, қызық-думан — бәрі де жалғыз соның басында тұрғандай, бәрі де соның айналасында жүргендей көрінеді де тұрады. Бәрі Ақбілек аударып әкеткен тәрізді. Қалай екенін өзі де түсінбейді.

Бекболат бір кіреді, бір шынады, тағат еге алмайды. Жылтырға әлденеше жолықты — хабар жоқ, бірер қабат сұрады. Сұрай беруге де ұялады. Дүниенің тегігі Жылтырдың қолында тұрғандай, Жылтырға жолыққысы келе береді. Бірақ Жылтыр көрінген қазақпен бір сөйлесіп, бо-санбайды. Жылтырға жаңадан біреу келіп сөйлескен сайын: «Е, мынау Ақбілектен бір хабар әкелген екен» деп, деме-ленеді. Ол үміті болмайды.

Бекболат есік алдында тепішесінің қадамына сүйеніп тұр еді. Қорадағы дөңбектер үстінде бір қазақпен аузы жабысып Жылтыр отыр еді. Бір мезгілде ана қазақты жөнелтіп, Жылтыр шапаны делегейленіп, басын сермеп тастап, қатты-қатты басып Бекболатқа келді. Келе:

— Вот жулик, вот машинник! — деп орысшалап, шұңғып қойды.

— О не? Не ғыпты?

— Шорты знат! Әкеле жатқан поштаны талатып, поштабай өзі қашып кетті дел, пәле сап отырғаны.

Бекболат мәнісін сұраған соң, Жылтыр түсіндіріп айтты. Матайдың Әбені болыспен өш болады ғой... Болыс Әбеннің үстінен приговор жасатып, он ауылнайдың мөрін бастырып поштамен қалаға жіберсе, оны естіп Әбен үш кісі аттандырады. Үш кісі жолда шабарманды қушып жетіп, поштасын тартып алып, өзін жауу тастап, поштаны алып қалаға келеді. Приговордың көзін жойып, өзге қағаздарды кеңсеге талсырады. «Шабарман бізге пәле салар дел, астымдағы жалғыз атымды бере қоймаған соң, поштасын шашып кетті, шашылған поштаны жинап талсырғалы әкеліп тұрмыз» дейді. Болыс Жылтыр жақтыкі. Приговор, қызыл дел үйреткен Жылтыр болу керек. Сол жұмыс

орынға келмеген соң, Жылтырдың бұрқырап, «шорт знагты» қағып келгені сол екен.

— Бәрібір, ішіне су құйылған. Магерианы губернеге әлдеқашан жіберілген. Бүгін болмаса, ертең жаптырам. Құдай біледі-ау! Оны жаптырмасам, Жылтыр ағым құрысын!— деп, Жылтыр күпсініп, «шорт знагтын» қағып барып басылды. Жылтыр басыған кезде, Бекболат өзге хабар білгелі, сөзді басқа жаққа бұрғалы:

— Манағы бір орысша кинген қызметтегі жігіт пе?— деп сұрады.

Жылтыр жұлып алғандай:

— Ә, ол «шекенің» агенті,— деді.

«Шеке» мен «агентті» білмейтін қазақ жоқ қой, Бекболат:

— Ол сізбен қалай жақын?— деп сұрады.

— Біздің кісілер қай кеңседе жоқ дейсің? «Шекенің» өзі біздің кісі ғой!— деді.

— Онда сізді қалай жапқызып жүр?— дегенде:

— Ой, шырағым-ай! Оның бір мәнісі бар ғой,— деп Жылтыр жымиды.— Мені жауып отыра алмайды. Мен ертең-ақ шығамын. Кәне менің абақтыда отырғаным? Есебін таптықта бөлнеске келдік,— деп қолды бір сермеп қойды.

Бекболат тағы бір-екі сөз аралатып, қыздан хабар сұрады.

Жылтыр:

— Жоқ, әлі жоқ... Қыз демекші, ой қыз кәпірді қойсайшы,— деді.

Бекболат:

— Е, қыздың несі бар?

— Шорт знаг!.. Әлгі агент бір қызық әңгіме айтып кетті.

— Не әңгіме?— дегенде, Жылтыр мынаны айтты:

— Осында Мадеше деген бір мұғалім қыз болатын. Сен білмейтін шығарсың. Өзі шала қазақ. Баяғыда бір шадыр сары ноғай болды ғой... Лапке ұстайтын. Соның қатыны қазақ болатын. Үш қызы бар-ды: Қадияша, Мадеше, Зағипа деген. Шетінен жел аяқ. Мадешесі жап-жас қыз еді. Алдыңғы жылы Семейге барып оқып, мұғалім боп келген. Сол Мадеше бір әгірет командирімен жүреді екен. Соның

арғымағына мініп кататься қыла беруші еді. Түнде бақшада бірдеңе серең-серең етеді депті. Бақша күзетегін шал бұ не дел жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі. Бірдеңе ағараң етеді. Қараса — шолақ дамбал. Шал дамбалды «шекеге» тапсырады. «Шеке» Мадешені шақырып алып: «Мынаны танысың ба?»— десе, біресе дамбалына ұмтылып, біресе жылайды дейді. Ой, масқаралық-ай!.. Әлгіде соны айтып күлгеніміз ғой... Бұ қыз кәпірге дауа жоқ... Қазақ пен ноғай жетпеді ме екен?..— деді.

Қызды бұлайша сөккеніне Бекболат кеңіліне ауырлап, Ақбілекті арасалағалы:

— Өз еркімен де сөйтеді екен-ау!— деді.

— Е, бұл қаланың қыздарына қалтаң болса болғаны,— деп, Жылтыр басынан кешкен бір оқиғаны сөйледі.

Бекболат тындап отырып:

— Қала бір бұзылған жер ғой,— дей берді. Онысы Ақбілкке кір жуытқысы келмегені ғой.

Соны айтысып отырғанда, кішкене қақпаны ашып, бір қазақ кірді.

— Е, Жаңбырбай, мал-жан аман ба?— деп Жылтыр ұшып түрегеліп, шұрқырай кетті. Елдің амандығын сұрап болған соң Жылтыр Жаңбырбайды ергіп, манағы дөңбек үстіне барды. Сөйлесті, сөйлесті. Бекболаттың екі көзі соларда. Бір мезетте Жылтырдың көзі Бекболатқа түсіп кетті де, Жаңбырбайды түгілі қап, бірдеңе сұрағандай болды. Жаңбырбай жауап беріп еді, Жылтыр ежіктеп тағы сұрады. Сөйтті де Бекболатқа жайрандап қолын бұлғады.

— Шүйінші!— деді.

Бекболат жымияп:

— Ал, ал,— дей берді.

— Қыз аман-есен үйіне келіпті,— деді.

— Япырм-ай, шын ба? Япырм-ай, шын ба?— дей берді.

— Өтірік айтамыз ба?— деген соң:

— Япырм-ай, ә, япырм-ай, ә!— дегеннен басқа сөз айта алмады.

Бекболаттың қуанғаны сонша, Ақбілекті орыс алып кеткенін де, масқара болғанын да ұмытып кетті. Ақбілек дәл бір боранда адасып кетіп, не жауында орманда қалып, жоғалып табылғандай көрінді. Қуанған сайын Ақбілек

таза, Ақбілек періптесіндей болды. «Жаным, сәулем! Көзі мөлдіреп қай жерде отыр екен? Құрмалдығы болайын!» дегендей Ақбілекке мүлде құлап кетті. Әкесі базардан келген балаша қуанып, Бекболат тайрандап ауруханаға кірді. Ойы - дөрігерден қашан босатуын сұрамақ еді.

Ертеңінде жолыққанда, Жылтыр тағы да Матайдың Әбенін жамандап келіп:

— Мен тағы бір арыз бергелі отырмын. Сенің атыңнан берсек, қалай болар еді?— дегені.

Бекболат шошып кетті. Бұрын мұндай хат-қаламға араласпаған, мылтық ату, құс салу, бозбалалық құрумен әуестеніп кеткен серілеу жігіт қой:

— Жаным, менің ретім келмес. Мұндай жұмысқа мен өзім жоқ едім,— деп абдырап қалды.

— Сен өзің бір жасық жігіт екенсің ғой! Одан қорқатын түк жоқ. Барлық фактісі, міне, менің қойнымда отыр,— деп омырау қалтасынан, көп қағаздың арасынан бір қағазды суырып алды. Алды да:— Міне, міне, мына қағаз оның әкесін танытады. Таңытатын жерге әлдеқашан жіберілген. Мынау шорнобай,— деді. Сөйтті де ісі-міс жоқ, қағазын сұдыратып оқи бастады.

Бекболат амалсыз тындады. Кім біледі, кейін бір керегі боп қалар, біз де тындайық.

«Семей губпробкомына. Копия «Қазақ тілі» басқармасына. Н. үйезі Сартау болысының қазағы Жамандай Тайқотұлынан мағлұмнама.

1. Сартау елінің барлық қанын сорған, байлығын жиып алған Матай балалары. Себебі 1887 жылы Сартау еліне боп-лыснай управитель болған. Сонан үшбу уақытқа шақты еліне әмірінің жүруі бөлек: автономиялы, ханлы ел сықылды.

Халыққа қарайтұғын алым-шығын, збор хәм қара шығын, поштауай ат хәм лау ат, ауылнай, старшин сайлану хәм елу басы сайлану — баршасы жалғыз Матай балаларының ықтиярында болған. Осындай өз қолымен сайлап қойған ауылнай старшиндер хәм нарядный судьяларының махырлары Әбен Матайұлының қолында болады да, өзі керек қылған кезінде баса береді».

— Рас па?

— Біз қайдан білейік?

— Тында, ендеше.

2. «Және де елде ұрыларды көбейтіп, Әбен Матайұғлы олардан жақсы аттаралағын. Соланған аттардан осы уақытқа қолында бар: бір шек кер ат — ұры Ақмет Сағынайұғлынан; япас қарагер ат — ұры Босаға Салықбайұғлынан және де көк ат алған.»

— Мен білмеймін.

3. «Және де біреуінің қатынын бұзып, босатып, басқа біреуге малға сататын. Сол ғадатын осы уақытқа да істеп жүр. Бейсен Әбішұғлының қатынын бұзып, Құлдық Бұржықбайұғлына сатып отыр.

Және де көп кісілері илан хәр ауылнайға барып, қонақ болып, ол барған үйінің малы аса семіз болмаса, оған өзі үкім қылады: пелең атын, яки пелең түйесін айыпқа әкел бересің деп. Осы істен қорыққаннан нашар ауылдар өздері шақырып семіз малын сойып беретін.»

— Бұл де өгірік пе?

— Ел аралайтыны рас қой.

4. «Және де Әбен Матайұғлының малайлары: алты жылқышы, төртеуі түнге, екеуі күндізге, үш қойшы, бірі түнге, екеуі күндізге, бір түйеші, бір сиыршы. Екі үйіне төрт биеші, екі тезекші және де екі үйінде малдарын сауатын алты қатын бар. Осының бәріне бір тиын ақы берген емес. Себебі: қайсыларының жесір дауы, қайсыларының мал даулары бар, қайсылары қатын алғысы келеді, қайсыларының қатыны бұзылып жүрген, қайсылары ұры атанды, қайсыларын құлым деп жұмсайды. Осындай себеп илан қызмет істегіп келеді. Ғұмырынша «царь освободительден» кейін адамды құл қылып ұстайтын рәсім жоқ еді. 52 жыл болды. Мүсәпір Жайтуғанұғлы құл есебінде болып, жылқысын бағып жүр. Оның балалары құл болып қойын бағып жүр».

— Бұған не дейсің?

— Бұлларды бекер деуге бола ма? Бай болған соң малай алмай тұра ма?..

5. «Және де 1914 жылы «Көпкөл» деген завод болған. О заводтың тас көмір тартатын бөдіретін Әбен Матайұғлы алып, бұтына 11 тиыннан хәм барша кірекештерге бұтына 9 тиыннан хисап берген. Бір миллион пұт тас көмір тасылған.

9. «Және де осы биыл август айында Колчак үкіметі мен Земство бұйрық қылды деп, управитель Аббас Матайұғлы елге жариялады: 130 мың сом жиып налог салынсын деп, тез жинап салмасаңыз отряд шығарамыз деп, ауылнай поштабайларын шапқызып, барша аталмыш ақшаларын жиып алды. Сол ақшаның үштен бірін салып, өзгесін болыснай Аббас Матайұғлы, Әбен Матайұғлы хәм... (мінгірлеп кетеді) хәм ауылнай Жүсіпұғлы пайда қылып отыр деп есептейміз.»

– Бұған таласың жоқ шығар?

– Мен оған несіне таласайын? Ақша жиылып жүрді ғой. Бірақ кім-кім пайда қылғанын кім біледі...

– Білмесен, міне, тыңдай бер:

10. «Және де 1919 жылы август айында Семей барып, Колчак қазынасымен жақын болып, әскерге 300 ат беруге уағда қылып қайтты. Үйіне келіп, 70 ат жіберді. 70 мың сомның кездемесін, 30 мың сомның шай, былғарысын хәм бір жүз он мың сомның ақшасын әкелген. Қалған 230 ат үшін Колчак өкіметі 500 сом переуат қылған. Бұдан соң қазынаға ат жиямыз деп, елдің жақсы аттарын Әбен Матайұғлының малына қоса берген, небә мәртебе аларын жібер деп телеграмма келсе де, жібермей, ақыры сол 230 ат Матайұғлының қолында хәм... (мінгірлейді) ұғлы пайдаланып кетті...»

– О жолы біздің әкей тәлімнен құр қалған шығар араздығының басы осы ғой.

– Оған мен таласпаймын, әйтеуір бірге жүрген кісі ғой.

– Оны неуге болмас па?

– Жоқ, оны артынан сөйлесерміз...

11. «Және де Колчак өкіметі жығылып, ақтар қашқанда Әбен Матайұғлының атағына келген бір полковник, бір начальник қанша жолдастары илан, баршасын алғаш келген қызылдар ұстап алды. Бұдан бұрын Степанский полкының арты Сартау сыртындағы Жаманқала поселкасынан жүргелі тұрғанда, Матайұғлы, Ақбанұғлы, Ермекбайұғлы, Темірбайұғлы хәм... ұғлы басқа болыстан қанша жолдастары бар ақтардың 60 ғаскерін ұстап алған. Бір пулемет, қанша ат-арба, қанша киім, қанша ақша – баршаларын

Сонда барша кірекештерден 20 мың сом пайда қылған. Ол уақытта орта қасап илай орта жылқы 20 сомнан болушы еді. Сонда барша кірекештерден бір мың жылқы пайда қылған болар. Сол заводтың управляющийне екі яқшы ат беріп, тамыр болып, бір яқшы мылтығын алды, үш ауызды, алыстан тиетұғын. Ол бәдірет бітіп, управляющий қайтар уақытта тамыр болып берген екі атты өзі ұғырлатып алды. Осындай досына опасыздығы бар.»

– Осыларды да естімедің бе?

– Естідік қой, мұның бекері жоқ. Бәдіреттен қанша пайда қылғанын қайдан білейік? Атын қайта алуы рас қой.

6. «Және де 1916 жылы Сарадыр жәрмеңкесінде Петр Павловтың келесі Патколланың 30 мың лүт жинап жүн-жабағысын бәдіретке алып, Ертіске түсіріп беруге бұтына бір сомнан алып, кірекешке 90 тыннан беріп, халықтың үш мың сомын жеді. Ол уақытта қой 6 сом еді. Сонда 500 қой пайда қылған болады.»

7. «Және де 1916 жылы 25 июнь жарлығы болып, бұратана елден қара жұмысшы шақырғанда, Қарабас заводынан Әбен Матайұғлы қорғасын бәдірет алып, сол бәдіретке кіргізіп қара жұмыстан алып қалам деп, кіргізген кісілерінен 96 ат алды хәм ол тартқан қорғасынның кіре ақысын Әбен Матайұғлы өзі пайда қылды және де 19 бен 31 арасында болған жігіттерінің орнына бала салып, хәм өтірік ауру болып, қалғандарынан кісі басына бір ат алды, бермесен, көрсетем деп қорқытып. Осылардан алғаны 140 ат. Төрт кісі пайда серік боп бөліп алды. Ақып Жамышбайұғлы, Төлемісұғлы...» – деп келе жатып, Жылтыр мінгірлеп кетеді. Өйткені Сейіт Бекболаттың әкесі еді. Бекболат сасып:

– Жоқ, біздің әкей аман шығар... – дей берді.

– Аман болса, аман шығар, – деп Жылтыр тағы оқыды:

8. «Және де 1919 жылы дуандағы комендант Алексеевпен тамыр болып, жек көрген адамдарын абақтыға салғызды. Оларды шығарам деп көп ақшасын алды. Комендант Матайұғлын Земский собратыға председател сайлады. Бұдан кейін Әбен Матайұғлы Шилі, Шенгелді елдеріне барып, қорқытып 30 ат әкелді.»

14. «Және де бір қыстауынан бір қыстауын аударыстырып салатын ағаш үй не түрлі жұмыстарын елден жігіттер жинап, ақысыз олар жұмыс істейді. Өз үйінен тамақ жоқ, маңайдағы ауылдарға бұйрық салады: бір қонамыз, қымызын жинап, семізін даярлап отырсын деп. Халыққа зияны тимеген күні бір топ кісімен бір семізін сойғызып жеп кетеді».

15. «Ақырында Сартау елінің қазағы – қой, Өбен Матайұғлы – қасқыр. Қой қанша көп болса да қасқырға қарсы келе ала ма?»

Осы ағалымыш залымдарды елге жолықтырмай, бір орынға жиып қойып, бір ғадил адам үй басынан жүріп жауап сұраса, баршалары басынан кешкен оқиғаларын айтар еді.

Мағлұм қылғандағы мақсұтым: ғадилдігі үкімет, ғадилдік, марқымет етсе, көп халықтан тәңір жарылқасын алсын деген.

Мен мағлұм қылушы сіздерден тіленемін: Мені Өбен Матайұғлына білдірмесеніз екен, Матайұғлының қабары қатты еді, мені сау қоймайды ғой.

Да бұ мағлұм беруші.
1920 жыл, 20 май.»

Жылтыр арызды оқып болды да, сұқ қолын орган қолына тіреп, тырнағымен арызды бір шертіп қалды:

– Міне, мынау 15 факт, 15 статья көтіне тас байласа да, сүркілдетпей ме?!– деді.

– Біз қайдан білейік. Қара кісіміз ғой,– деп Бекболат алақанын жайды. Өйткені мынау арыздан өзі де шошыннайын деді.

Сонғы кезде Бекболаттың әкесі Өбенмен араз еді. Себебі Колчак тұсындағы жиылған ақшадан, 300 атқа алынған бұйымнан мез тәлім бермеді деп өкпелеген. Сол өкпемен Өбеннің бір шақырғанына бармаған. Қорықса өзі тығылдар деп, Өбен 40 өгіздің тұсында Бекболаттың әкесінен де бір өгіз алдырған. Сейт оған ығыспаған. Содан кейін Өбен Сейтпен ауылнайлас Дүрбеуіл дегенді қолына ұстап, адам қылған. Сейт Дүрбеуілге ел билетпеймін деп, ауылнай ішінен партия ашқан. Дүрбеуілге Өбен ат салысқан. Дүрбеуіл жақтағы біреудің Сейтке тән біреуде ақысы бар деп, ми-

олжа қылған. Ұстап отырған үстіне қызылдар келіп, алған нәрселерді тап деп, жөнө өзіне тән жылқыдан бізге екі жүз ат даярла деп бұйрық салған. Сонан кейін Матайұғлы плендерінің нәрсесін жиылған ел таратып алып кетті. Кім алғанын білмеймін, бір кісі қосып берейік, өздерің кісі жібер, солар жисын деп сұраған. Полк бастығы үш солдат қосып беріп, 4 кісіні нәрсе жиңауға жіберген. Матайұғлы елден 200 ат жиғызып бергенде, бұлар арық ат нашар елдікі, өзіңнен 200 семіз ат бер деп, қаһарлы бұйрық қылған. Елден тағы да ат жинап жүргенде полктың жүрегің уақыты болып, алдыңғы 200 арық атпен жүріп кеткен. Сол аттар баршасы кетті. 10 ат қайтқан еді, оларды Матайұғлы иесіне бермей алып қойды, себебі: лаушыны мен жібердім деп, плен нәрсесін жинаған 3 кісіге 3 мың сом, бір пулемет беріп, қалған қанша қару-жарақ бұйымдарды жоғарыда айтылмыш 3-4 адам пайда серік болып, бөліп алды...»

– Бұған не айтасың?

– Ақтың нәрсесінен пайда қылды ғой жұрт.

12. «Мұнан кейін елге сайлаушы шықты. Сартау еліне келген Шөмен Айдарбекұғлы Матайұғлыблән сөйлесіп, 20 жылдан бергі 3-нші ауылдай старшинны боп жүрген Жүсіпұғлын болымнай ревком сайлады. Шара жоқ, ауызша сұрау жоқ, бір болыс елдің барша ауылнай ревкомлары да жалғыз Матайұғлы жаздырып жіберді. Бұдан кейін сойысқа 40 өгіз берсін деген бұйрық келді деп, өгізі бар 40 кісіге бөлімдік деп, мелітсемен жиып алды...»

– Рас. Біздікінен де бір өгіз алды.

«Сол малдарға қазына ақша бергенін де білмейміз. Берсе де, өзіміздің жалмауыздар жеп қойғанын да білмейміз».

13. «Және де Матайұғлы екі жерге қыстау салып отыр. Біреуі Шақат бұлағындағы Әлкебай балаларының, Қорабай, Боқсарыұғлыларының... Жерін тартып алып, екінші көл басында, күнбатыс жағында Құрман балаларының, күншығыс жағында Топшазар балаларының жерін тартып алып, тамам нашарларды жылатып, қанғыртып отыр. Және де Әлкебай балаларының қора-мүлкі бар еді. Екі бөлмелі үйің қаншама қора-жайының есік-терезелерін өзіне бермей жылатып отыр».

– Бұ да өтірік пе?

– Қыстау салып, жер алып отырғаны рас қой.

лиция жіберіп, бір сиырың қудырып алған. Сейт баласын жіберсе де, сиырды қайырмаған. Содан былай Әбеннің Сейтке тізе көрсетуі көбейген. О жақтың қатындарын жасырын кетірткен, жер дауын туғызған, аласыларын бергізбеген, барымта кірістірген, әйтеуір пәлені еккен. Сейт Әбенге қарсы тұрған қармаулы сүйенер елі болмай, баталасуға алмай жүретін, жақын арада осы Жылтырлардың қуғынымен Әбеннің қойған болысын түсіріп, оның орнына қаладағы Күреңбай деген коммунисті – етікшіні болыс қып сайлапқан еді. Жылтырлар «өзі қойған» Күреңбайын салғаннан Әбенге қарсы шығарып, бұрынғы ауылнайларды түсіріп, өзіне тән адамдарынан қойғызып еді. Бұрын ел билеп көрмеген етікші қалай үйретсе де, Әбенге тегел бере алмай, елді менгере алмай, есі шығып жүр еді. Кешегі пошта тартып алу да «жаман болысты» басынғандығы ғой. Бекболат Жылтырға жолыққаннан бері бұл әңгімелерге әбден қанған. Енді Жылтырды өзімсініп:

– Біздің отағасы да Әбенге наразы адамның бірі ғой. Әлгі арыздан о кісіні шығарып тастауға болмас па екен? – деп сұрады.

Бекболаттың аңқаулығын сезе қойды да, Жылтыр:

– Е, әбден болады, – деді. (Әлдеқашан жіберіліп қойған арыз екенімен жұмысы жоқ). Неге десең, Жылтырға ел керек қой.

Бірақ Жылтырдың жымғанын Бекболат та сезді, әлгі сөзді байқамай айтқанын біліп:

– Бірақ ол арызыңыз жіберіліп қойған жоқ па? – деді.

– Е, ол арасы оңай. Ретін табамыз, – деді.

– Ретін тапсаңыз дұрыс, – деген болды. Ар жағы Жылтырға сенбеді.

Бекболаттың Жылтырға сенбейтін де жөні бар ғой. Қалай сенсін?

Жылтыр – аты шулы алаяқ. Оның қылмаған бұзақылығы жоқ. Ол әуелде Мағайдың Әбеніне тілмәш болған. Әбенмен бірігіп елді қанаған. Әбенге шәкірт болған. Ол қазының ақшасын да жеген. Талай адамдардан «қарызға» ақша алып, дөт дегізген. Төңкеріс кезінде елге сайлаушы бол шығып, параны өкіріткен. Бір тайпа ауылға «ет ас» деп өмір қылып, «еттерінді өздерің же» деп жүріп кеткен күндері де

болған: ұлықтығын көрсетпекші ғой. Ол шалқасынан жатып, жеті қызға аяғын жуғызған. «Кемесермін», «болдырушымын», «бұйрығым бар», «мандатым бар» деп, елден салық та жинап алған. О түгілі бұ Жылтыр кісі де өлтірген, ұрлық та қылған, подлог мөр, подлог документ жасап алу да мұның қолынан келген. Оның бүлдірмеген ісі, екпелен пәлесі жоқ. Ол абақтыға жүз түсіп, жүз шыққан. Ол бір – сынап. Оның өтірігіне найза бойламайды. Ол бір су, орысшаға да, қазақшаға да бірдей. Ол талай қызды алып қашқан, талайды тастаған, қатын алу, тастау оған тыммақ ауыстырып кигенмен бір есеп. Оның басына қандай тас тисе де, бір қайтпайды, ұрған сайын борсықша семіреді. Қашан көрсең де көзі ойнақтап, пұшықтау мұрнының жұқа танауы делділіп, дөнес мандайы жылтырап, қунақ құланша атығырлып тұрғаны. Өзі де орта бойлы, арам еті жоқ, қағілез, сайтан секілді ұшып тұр. Жүріс-тұрысына, бет құбылысына, қол сермесіне көз ілеспейді, бір минутта жүз құбылады.

Бекболат бұрын Жылтырды алаяқ деп естігін, бірақ өзін көрген емес еді. Енді Жылтырмен таныс болған соң: «Мұндай да адам болады екен-ау! Бұларға елім жоқ-ау!» – деп таңғалып жүрді. Әйтседе «бұ көшір әлде қай жерде аунатып кетеді?» дегендей қауіпсінді. Бет-аузы да, өзі де, сөзі де жып-жылмағай, қолға ілінерлік, табан тірерлік түк кедергісі жоқ, Жылтыр мұздың үстінде тұрған кісідей болды.

«Не де болса, ауруханадан кетсем екен, елге, кеңге шықсам екен, байсалды қазақты көрсем екен, мынауың құрып қалсын! Адамның басын айналдырып жібереді ғой» деген оймен Бекболат ауруханаға кірді. Кірсе, дәрігер киініп кеткелі жатыр екен.

– Мені қашан шығарасыз? – деп тағы сұрады. Дәрігер:

– Ертең, ертең, – деп басын шұңғыды. Бекболат көңілін бір демдеп, төсегіне келіп жантайып, Ақбілетін тағы ойлады.

Ертеңіне сәскеде дәрігер жарасын көріп, дәрі сеуіп, қайта байлап, шығуға рұқсат берді. Аурухананың киімдерін тастап, өз киімін киген соң, адам сияқтанып қалды. Тысқа шығып шапанының өңірін сілкіп, жауырынын

қимылдатып, қаластан ішідқан құстай қомданып алып, артына қарамастан, қаздандап жөнелді.

Күн бұлттау. Түнде жауын жауып, жер сабыр боп қалған екен.

Таныс қала, таныс көше. Олай-бұлай өгіп жапқан матүшке, солдат, уез кеңсесінің алды толған қазақтың аттары...

Бекболат екі-үш көшені айналып, салған бойымен Төлегеннің пәгеріне келді. Төлеген үйде жоқ, қызметіңде екен. Қазаншы матүшке ас үйде тамақ істеп жағыр екен.

— Аман, аман,— деп тани кетті...

— Е, етті көп асып жағырсындар ғой?

— Қонақ келеді.

— Қандай қонақ?

— Комиссар, көп комиссар...

— Мен де қонақ болам,— деді күліп.

— Жарайды. Арақ кед, шошқа бар,— деп матүшке қалжындады.

— Қой, шошқа құрысын!

Матүшке күлді. Бекболат көр-жерді айтысып тұрып, арғы үйге қарай жүрді. Матүшке:

— Ей, аяғың сүрт!— деп жеңінен тартты. Өйткені тақтайды жаңа жуып қойған екен.

— О, құрып қал! Аяғым таза,— деп, босағада жатқан дымқыл кенепке аяғын сүйкел, арғы бөлмеге кірді.

Тал-таза екі бөлме. Ауыз бөлмеде ортада үлкен үстел. Жағалай орындық. Бұрышта Төлегеннің ілулі киімдері: екі шалбар, бірі қара шұға, бірі көк диагональ, күзен ішік, брезент сулық, шолақ кемзал, сырма шалбар. Соңғы екеуі Төлеген киюге лайық емес. «Мұны қайтеді екен?»— деп ойлады.

Бұл бөлмеде біраз отырып, киімдерді көтеріп көріп: «Осының бәрін бір өзі кие бере ме?» дегендей басын бір шайқады да, жоғарғы бөлмеге кірді.

Қос әйнектің арасында көк шұға жазу үстелі тұр: ортасында — төрт бұрышты, бұрыштары былғары қалың қызыл қағаз, жез қақпақты, төрт қырлы тас сауыт; оның екі жағында екі жез шамдал; қалам қыстыратын, шылым салатын тағы бірденелер; үстелдің ірге жағы — қаптаулы кі-

таптар, қарсы қабырғада, бұрышта жалтыраған солқылдақ кроват, ақ жастық, мауыт көрпе; кроват алдында, жерде кішірек қызыл масаты, қабырғаларда үлкен-үлкен 3-4 су-рег, кроваттың аяқ жағында айналы шкаф, жұмсақ барқыт қаптаған б орындық.

Мұнша аспаптар қайдан келген? Осының бәрін Төлеген ақшасына сатып алған деп ойлайсыздар ма? Жоқ. Төлеген мұның бәрін кеңседен алған, кеңсе қаланың байларынан жинаған, өйткені қызылдар келісімен байлардың мүлкін қазынаға көшірген ғой. Төлеген сияқты есебін тапқан кызметшілер қазынадан пайда қылмай тұрсын ба? Төлегеннің алатын да жөні бар ғой: ол өзі продком (азық-түлік) деген кеңседе, комиссардың орынбасары, өйткені Төлеген жылы жерді біледі ғой. Жақсы киім, жақсы тамақ продкомшілерден табылады ғой.

Бұлардың қайдан келгенін Бекболат қайдан білсін?

Төлеген қара басына құнақты жігіт екен деп ойлады. Анығында да Төлеген құнақты жігіт еді. Жақсы тұрғанды кім жек көреді? Сонда да Төлеген «ел пайдасы» деген сөзді ауызы айтқаны болмаса, ар жағы өз пайдасын көбірек қарастырушы еді. Ол қазаққа обал болар демеуші еді. Елден ылау, азық-түлік, салық жиналатын болса, комиссардың айтқанын екі қылмауға жанын салар еді. Жийлыста еш уақытта айттысып, тартыспаушы еді, өз ойын жарыққа салудан өлгенше сақтанар еді. Өзінен үлкен әкімге жағынудың ілімін әбден білген еді. Бірақ өте ақ жарқын, жайраңдаған жігіт еді. Анамен де, мынамен де: «Ө, товарищ!»— деп, өтірік күлгенсіп, иыққа қағып сөйлесер еді.

Өзіндей жастар партияға жазылып жатса да, Төлеген әлі жазылған жоқ. Жазылмауы да есеп еді: қызылдар құлап қалса, кім біледі... Одан да байқай тұрайын деп ойлаушы еді. Алайда партияға кірген жоқтастарымен пікірі, қызметі, ымы-жымы бір еді. Пікір дерлік Төлегенде пәлендей пікір де жоқ. Көптің ауқымы — оған пікір, коммунистер айтса — құл, алайда Төлеген пікірсіз де жігіт емес. Онысы рушылдық пікір еді. Қызметке адам сайланса, елге кісі жіберілсе, елден шығын жиылса, өз еліне, өз тұқымына бүйрегі бұрып отырар еді. Бірақ ол бұрғандығын өмірі сездірмей, ешпен іс қылар еді.

Төлеген қолы ашық, мырза жігіт еді. Әсіресе оның мырзалығы жолдас арасында көрінер еді. Жолдастары Төлегенді «продком» деуші еді. Продкомнан табылмайтын нәрсе жоқ: киім, тамақ – бәрі сонда ғой. Төлегеннің «продком» болуы өзіне де, кейбір жолдастарына да теріс емес еді. Оны екі жағы да сезуші еді. Сондықтан Төлегеннің тұрмысы тәуір боп бара жатқанын көрген сайын олар жымыш:

– Әй, сен осы мыналарды қайдан тауып ала бересің? – дегенде, Төлеген де мырс етіп:

– Е, елді-күнді табылады ғой, – дей салушы еді.

Міне, бүгінгі Төлегеннің қонақ шақыруы да сол жағынудың салдары еді. Жағынбай қайтсін! Шешесін өлтірткен, қарындасын масқаралатқан Мұқаш туралы партияда сөз болыпты, «Мұқаш еңбек сіңірді, оны бір жақсы орынға қою керек» дегімі. Қандай орын беруді ревкомға тапсырыпты: ревкомдағы Балташ, кім біледі, Балташ кейдейіл, бір беткей кісі, Мұқашты Сартауға болыс қып жібере ме? Және Әбен бай-болысіден ұстасып, шағатақасып жатқаны мәлім: Сартау болысың өзгертіпей тұра ма?..

Мінеки, көк сұр келе қалпағының астынан қара бұйра шашымен тышқан кезі бірдей көрініп, мұрты қырылған көк аяз еріні өгірік жымылдап, жуан портфелін қолтықтап, әсем киімді Төлегеннің езіде келді. Келе жатып, матушкеден оны-мұны сұрап, үй ішін түтел шолып:

– Великолепно, великолепно! – деп сөйлеп кірді.

Оның дауысы шығысымен Бекболат орнынан тұрып, алдынан қарсы шықты. Екі белменің арасындағы табалдырықта қарсы жолығып, Бекболат сәлем берді: Төлеген қолың соза да, табалдырықтан өтіп барып қол ұстап амандасты. Неліктен екені белгісіз: «Табалдырықта тұрып амандаққан кісі араз боп кетеді» деген орыс әйелдерінің ырымы сол арада ойына түсе қалып еді.

– Е, аман-есен шықтың ба?.. Жақсы болды... Қызметтен қол тимей, барып тұруға да болмады, – деп, соңғы кезде көңілін сұрай алмағанын жайып-шуды. Онысы да өзіңше есебі ме, кім білсін...

Портфелін үстелге қойып, ауыз үй жаққа барып, матушкесіне бірдеңе тапсырып, қайта келе жатып:

– Ел жақтан да хабар бар. Сіздің ауыл да аман дейді... Біздің отағасы да... – деп келе жатып, әнтек кідіріп: – Жақсы көңілді болса керек, – деді. Онысы қарындасың табылыпты деуге өзін қайын аға көріп, туралап айта алмап еді. Оны Бекболат та сезе қойды.

– Иә, естідім, жақсы болыпты, – деді.

Төлеген Бекболаттың Ақбілектен әлі көңілі лайымағанын сезіп, тәуір көріп кетті. Тәуір көргендігін немен білдірерін білмей:

– Шылым тартасыз ба?.. – деп қалтасынан күміс табакеркесін шығарып, әдемі шылымын алдына жайып қойды.

Бекболат шылым тартып машық қылмаса да, алмауды қолайсыз көріп, екі бармағының ұшымен, қолы әнтек қалтырап, шылымдарын шашып-тегіп, бірін алды. Екеу-үшеуі үстелге түсіп қалып еді:

– Оқасы жоқ, оқасы жоқ – деп, Төлеген Бекболаттан бұрын жинап, сауыттына сала қойды.

Мынадай құрақ ұшып тұрған «оқымысты» қайын ағасын көрген соң, Бекболаттың кеңлі Ақбілекке бұрынғыдан да бекіген тәрзіденді. «Мынадай қайын ағасы, анадай қалыңдығы бар жігіттің не арманы бар?» дегендей көңіліне әнтек мақтанш кірді. Бір жағынан өзі қарапайым қазақ болғанына «оқымысты» қайын ағасының алдында қорынайын деді. Әлгі қолының әнтек қалтыраған себебі де сол еді.

Төлеген қоржын шалбарының қалтасынан жұпар иісі мұңкіген ақ орамалын алып, олай-бұлай аяндап жүріп, мұрнын шұқылай сүртті. Бекболатқа оның бұ жұмысы да «үлкен төренің» қалпы тәрізді көрінді. Келген кісімен сөйлеспей отыруды тағылық деп білетін Төлеген күйеу баласымен тіл қатыспай отыруды қолайсыз көріп, аяндап мұрнын сүртіп жүргенде, не тақырыпты сөйлеуді ойлап жүр еді. Сыпайы сөз осы болар деп:

– Бүгін бір қонақ шақыруға қам қып жатыр ек. Дер кезінде жақсы келдіңіз, – деді. Қазақтың дәм үстіне келген адамға «мақтап жүреді екенсіз» дейтін мәтелін айтқысы келсе де, оным тым қазақшылық, тым ақтарылғандық болар, қайын аға басыма лайық болмас деп өзін-өзі тоқтатты. «Жақсы келдіңіз» дегенде, Бекболат та бірдеңе айтқысы сол еді.

келіп, қозғала түсіп, орынды сөз таба алмаған соң, «ниетің түзу ғой» дегендей, ажарланып:

— Ө-э,- дей салды.

— Губернядан бір азаматымыз келіп еді. Оны да шақырып едік,- деді. Оны айтқаны: бір еселген жақындықты білдіру үшін, өз әлемінен де хабар бергені еді, екінші - «губерня азаматтарымен де әріптеспіз» дегендей, күйеу баласына кішкене қоразданбақ еді. Әйтеуір сөз қағайын деп Бекболат қозғалыңқырап:

— О кім деген жігіт?— деп сұрады.

Төлеген ол келген Ақбала деген губервком мүшесі екенін білдірді.

Осындай сыпайы сөздермен біраз отырған соң, Төлеген: «Тамақты білейінші» деп, ауыз үй жаққа кетті. Жалғыз отыруды қолайсыз көріп, Бекболат та бой жазуға қораға шықты.

* * *

Қонаққа алдымен Ықан мен Тыпаң келді. Төлеген алдынан шығып:

— Ө, Ықа, келіңіз,- деп қолын ұстап, орындық ұсынды. Бекболат та қолын көкірегіне басып сәлем беріп, қолын ұсынып еді, Ықан көзіндірігі арқылы сүзе қарап, қу сүйек мықыр қолымен бостау ұстап:

— Аманбысың?— деді.

— Ө, Тыпа, келіңіз,- деп Төлеген шотпақ қара кісіге орындық ұсынды.

Бекболат Тыпаңды тани кетті. Екі қолымды бергенім қате болды ма деп, жеңін сыбанып, қалақтай алақанын Тыпаңның жып-жылы жұмсақ уысына қырынан сұға қойды.

Тыпаң көзінің астымен бір қарап:

— Аман ба, шырағым?— деп, иегін болар-болмас қозғалтып, Ықанң қасынан орын алды.

Төлеген екі қонағына жайрандап:

— Қанша айтқанмен бұрынғының кісілері қамшы салдырмайды-ау! Жақсы келдіңіздер!— деп білезігіндегі көздей сағатына қарады.

Төлегеннің сүйдеуі-ақ мұң екен, Ықан үлкен қылмысты болып қалған кісіше шошып кетті, көзін бажырайтып, ауызын үңдірейтіп:

— Ерте кеп қалдық па?— деп басын қалтаң еткізді.

Ықанмен жарыса Тыпаң да:

— Белгілі қазақ баласы емеспіз бе? Ет дегенде бет бар ма?— деп, Ықан бір қарап қарынын бүлкілдетіп күлген болды.

— Жоқ, ерте емес. Алдымен келгендеріңізге қуаныш айтамын,- деп Төлеген жылмандап: — мінеки, тартқыңыздар!— деп, манағы күміс сауытын ашып, алдарына қойды.

— Е, бәсе!— деп Ықанң көңілі жайланды. Көнегөз шоплақ кара бешпетінің қалтасынан ұзынша ақ қалбырын алып, елтеп ашып, алдына қойып жатып: — Рақмет!.. Мен өз темекімді тартпсам, қанбаймын,- деп орысша бір-екі сөз қыстырды.

Тыпаң шабындынын түйірі бейнелес шашын бір сипап, мауқіл басын бір шұлғып, быртқы саусағымен бір шылым алып:

— Бізге табылғаны бола береді,- деп, борылдатып сора бастады.

Ықан ақ қалбырынан төрт бұрыштап қиып, қалтап салған қағаздан бармағын жалап бірді алып, қиыршық темекісін баптап орауға кірісті. Шылымын жуантық қып орап, қайта-қайта жалап жабыстырды да, шүмекке шүметей орнатқан анашасы болған шоплақ түсігіне нығарлап бұрай сұғып, жылқы тістеген «майлы аяқша» бір езуіне ырси-та қысып отырды. Содан кейін қаттаған уақ қағаздарын темекінің үстіне салып, қақпағын мықтап жауып, манағы қалтасына қалбырын жайғастырды. Мына қалтасынан оттығын алып, қабын сол бармағымен мықтап ұстап, оң қолымен шырпының тұмсығын шарықтың қажалақ жеріне дәл тигізіп тұрып, сермеп кеп қалды, оттық пыс ете түсті. Ықанң шылым жасап тартқанына Бекболат қарай қалды. Өйткені Ықанң шылым жасап тартқаны үлкен тақуалардың сағтанып дәрет алып, намаз оқығанынан бір кейін болған жоқ. Мойындағы бір ауыр міндетті атқарғандай, өмірдің бір мақсаты сол шылымда тұрғандай сонша ықыласын қойғаны Бекболатқа жат көрінеді. Ықан

шылымын тұтатқанда, бәуелді аузым толтырып, түгінді жүдемете будақтатып жіберді. Оны көргенде Бекболаттың көзіне кешке таман күл шашқан бұқа елестеді. Сөйткенше болмады, жел тұрып түгін азырақ серпілейін деді. Ықаң тұтатып алған соң ауызынан жел жіберіп, түгінді айдап, шылымын сұқ қолымен ортаң қолының арасына қысып рақаттанып отыр екен.

Әлдебіреу Ықаңның шылым тартқанын осынша сөз қылғаны несі десе, жетпегендігі де. Мұнда үлкен мән бар. Көңілді қына, көзінді торға басса, күйінсең, өкінсең, қайғынды ұғар, сөзінді тындар жан болмаса, қайғыға қарсы тұруға қайратын жетпесе, ішке толған қапырықты шылым, насыбай, апиын, арақ болмағанда немен сөйлітер едің? Дәрігерлер темекі де, арақ та, апиын да у дейді, дененді улайды, тамырыңды қуалайды, қаныңды бұзады, дертті қылады, жасыңа жетпей қартайтады, өлгіреді дейді. Әлде көңілдің шері у емес пе? Ол жаныңды жемей ме? Әлде мейірімсіз қорлық, зорлық, жауыз өмір у емес пе? «Зердің басын зәр алады» деп неге айтыпты? Өлім де, ілім де улың зиянын өзгелерге айта берсең, біз Ықаңның шылымқұмарлығын сөге алмаймыз.

Сөге алмайтынымыз: Ықаң (шын аты Ыстықбай ғой) бұрын үлкен қалада тұрып, атбекеттік құрып, арғымақтың, арақтың игілігін көрген, орыстан қатын алған. «Керең!» тұсында құрылтай мүшелерінің тізіміне де ілінген, өзінше болған-толған кісі ғой. Қызылдар келген соң сол салтанатты тұрмыстан жұрдай бол, шаштың ағында, өлер шағында ел тауып, осы қалаға келсе де, пәтер, отын, үй-сайманға жарымай, қызына пальто, ұлына етік таба алмай, көрі кемпірі құлағын күнде мүжүші еді. Өзі бір бөлімнің бөлімшесінде (подопделде) орынбасарлық қызметін атқарушы еді. Енді Ықаң қайдан оңсын? Ашы темекісін бипаздап тартпағанда, Ықаң енді не бітіреді? Қой, Ықаң байғұсты не қыласыз? Тыпаң болмаса?

Тыпаң, міне, жаңа ботинкасын көлденеңдетіп, екі аяғын айқастырып отыр ғой. Қара шұға шалбары да (ескінің жұрнағы ғой), қоныр пенжегі де әлі сыны кете қойған жоқ,

қайырма жаға тақталы көйлегіне қара шұбар галстук те тағып қойыпты. Тыпаң деп отырғанымыз Тышқанбай деген кісі ғой. Ықандай үлкен оқулы болмағанмен, бұрын орын тепкен, беделді кісі болған соң, жұрт «Тыпаң» деп кеткен ғой.

Ықаң да, Тыпаң да дәулет құсы бастарынан ұшқан адамдар еді. Ықаң жаңа тәртіпті түгелімен жаратпаушы еді. Өйткені омырау большевик келді де – бағзыдан бергі қызметті де, абырой-апақты да, әдет-тұрыпты да талқан қылды, оқығаның, білгенің де, сақалыңның ағы да бес тиынға тұрмай қалды. Одан да жаман пәлесі – пенсия. Бола ма, жоқ па – қараңғы. Оның үстіне бірдемесімен жасты бала-шағаның «ұлық» болып, «олай қыл, былай қыл» деп бұйырғаны-ақ батып барады. Төлеген сияқты «Құдайға қараған біреуі болмаса, Бағдаттар, өле бір қилы көздер, кез келгенде сәлем де бермейді. Ал Тыпаң көр-жерден «безобразия», пәлен-түген ... деп, қабағын түксітіп бұдырағаны болмаса, Совет өкіметіне пәлендей қарсылығы да жоқ, сығалап қызмет қылып, көндігіп келе жатыр. Өйткені Тыпаң тесік табатын епті кісі ғой. Ал Ықанда ондай еп жоқ, «ну!» деп бір-ақ өлетін кісі еді.

Айтпақшы, Ықаң мен Тыпаңның жасы туралы тұқ айтпашыз-ау! Ықанды елуде десек те, алпыста десек те үлкен қателескен кісі болмайсың, өйткені маңдай терісі қырысып, бет-аузы тырысып, көзіне торға байланып тұратын кісі ғой. Ал Тыпаңның жасын адам біліп болуы қиын, өте құбылмалы еді. Өйткені анкета толтырғанда Тыпаң 45-те болып шығушы еді, жасырақ әйел отырған жерде 30–35-терге түсіп қалушы еді.

Төлеген қазақшылығы ұстады ма, немесе бір күніме керегі болар деді ме – жастардың қатарында бұл екеуін де қонаққа шақырған еді. Оған бұлар «біз де жан екенбіз» дегендей әлдеқандай бол, дардиып келіп отыр еді. Тыпаң қыбыржып қарап отыра алмайтын кісі ғой.

– Қалай, Төлеген? Қызмет жақсы ма?.. Немене, әнеуі қалашылардың астығын қайтарлындар ма?.. Бұлары тіпті безобразия ғой...– деп, қазаққа қабырғасы қайысағынын білдіріп, зорлық, зөбір көрген қазақтардың арызын сөз қып отырды. Тыпаң әлде бірдеңені көптіріп айтқанда, Ықаң көзін ежірейтіп:

— Е, разве?! Е, разве?!— деп, аяңырақ аянын білдірді. Ықандың таңырқайтын да жөні бар, өйткені баяндама, отчет, анкета, нұсқау секілді есепсіз мол қағаздың ішіне кіріп кетіп, басы қатып, сыртқы дүниеде не болып, не қойыл жатқанын хабары кем еді. Дала қазағының не күйде жатқанын сұрап білейін деген пәлен ой да жоқ еді.

Өңгіменің көбі жалақы, пағер, отын, темекі — қысқасы, күн көріс жайынан болды. Сөйтіп отырғанда, жуан портфельдерін қолтықтаған өңшең қышқан кескендей жас комиссарлар да келіп қалды.

Бұл келген төрт жігіттің бірі: қошқар туған қозыдай келбетті, бітімді Ақбала еді; енді бірі келбеті де, киімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапақтау Балташ деген жігіт еді; одан соңғы дүрдек ерін, жалпақ мұрын, бір көзін аса, бір көзін баса қарайтын Доға деген қара бұжыр жігіт еді. Төртіншісі — Доғаның жанында ершіктей, Балтаның жанында шапашоттай жымырайған Жорғабек деген кісі еді. Анау — губерниядан келген Ақбала, мынау — уездің бастығы Балташ, Доға — «көбелбас», Жорғабек жер бөлімінде қызмет етеді. Комиссарлар саусылдап кіріп келгенде Төлеген:

— Ө, келіңіздер, келіңіздер!— деп алдарынан жүгірді. Біздің Бекболат та ұшып түрегеліп, босағада қаздырып тұра қалды.

— Ө...— деп Тылап да қутындап түрегелді.

Ықан тұрудың да, отырудың да есебін таба алмай: «Е!»— деп күшеніңкіреп, срындықтаң бөкесіні тиер-тимес көтеріп, бүкшиді.

Тылаң бір-екеуінің қолын ұстап, қалған ексуіне:

— Бүгін біз көрістік қой?— деп, өгірік жымыған боп жатыр.

Ақбалаға қарап Ықан басын қылқың еткізді. Бір шетін-де тұрып Бекболат та қалақтай алақанын қырынан жапсырып жатыр.

Комиссарлар қалай болса солай портфельдерін лақтырып тастады. Балташ кроватьға барып тыраң ете түсті. Жорғабек Тылаңды сағалап орын алды... Ақбала отырмай, үстелден кітаптарды алып, аша бастады. Доға әйнек алдына жеке отырып, бір көзін қысып қойып, шылым тартты.

¹ Өкбелбас — жер бөлімінің бастығы.

Өңшең жақсы кийген «төрелер» киіе-жара келіп, үйді билеп кеткен соң, Бекболат қымтырылып, әрқайсысының бетіне бір қарап, босаға жақта тұрды да, орындықтың шетіне тамаң ештеп отыра қалды.

Төлеген бір кіріп, бір шығып, ауыз үйге барып, пышақ шанышқыларың сылдырлатып, тамақ дайындап жүр.

Ақбала бір кітапты қолына ұстап тұрып:

— Ей, мынада Каутский де бар ғой,— деді.

Төлеген ауыз үй жақта жүріп:

— Бізде Энгельс те бар, маркші болудан да дөмеміз бар,— деді.

— Уай, қойшы! Сен маркші боп жарытпассың,— деп төсекте жатып Балташ кекей сөйледі.

Жорғабек пен Тылаң ымы-жымы бір кісіше бастары тиісіп, күбірлесіп, күлісіп, бірдеңе айтысып отырды. Тегі, арақтың жайын сөйлесіп отырды білем, Жорғабек:

— Ішуге неге болмасың?— деп қалды.

Бұл мәжілісте адасқан қаздай ана шетте жалғыз қалған Ықан, бұл жақта Бекболат еді. О кісі төмен қарап тағы да шылым жасауға кірісіп еді. Шылымын тұтағып алған соң, Ықан теріс қарап аяндап жүрген Ақбаланы нұсқап, Тылаңды ақырын түргіп:

— Бұ қай бала?— деп сұрады.

— Гүбревком члені — Ақбала деген жолдас,— деп Тылаң аузын толтыра жауап берді.

О кезде гүбревком члені естімеген кісіше, өлең айтқан болып ыңылдады. Аяндап жүріп әдемі кроватьға, масағы кілемге, барқыт орындықтарға көзі түсті, қабырғадағы ілулі Ленин, Троцкий жолдастардың, олармен қағар Төлегеннің суретін де байқады, шкафты, үстелді, ана жақтағы киімдерді де шолып өтті. «Тұрмысың жарайды, жігітім! Қонақ шақыратын жөнің бар екен» деген мәңде аяндап жүріп:

— Ым-ым... да...— деді.

Уездік жерде кім қызмет қылады? Кім қалай тұрады? Кімге сенуге, кіммен істесуге болады? Олар немен шұғылданды? Қандай кітап оқиды? Орыстармен арасы қандай? Кедейшл, байшыл, адамы, араны қайсы?... Міне, мұндай нәрселерді білуге Ақбала құмар еді. Өлгі олай-бұлай аяндап, әр нәрсеге көз салғанда, «ым-да» дегені — «сенің

жайынды да білдік» дегіндей бір қорытынды пайда болып еді. Ақбала тұтқавылда Балташтын қасына тоқтай қалып:

– Мұндағы байлар, тегі, жақсы тоналған ғой?– деді.
Үйдің төбесіне қарап, шашын үрпите, ұқалап, «сен коммунист болсаң, мен де коммунисттің» деген түрде шалжиып жатқан Балташ оқыс сұрауды естіген соң, еңсесін азырақ көтеріп, мойнын қырырайтып, бір кезін сығырайтып:

– Е, сболыштарды өкіртті ғой!– деді. Онысы «бай итті қанша тонаса да, менің қыртыма келмейді» дегені еді. Өйткені Ақбаланың не оймен сұрағанын білмей, өзінше байшып, кедейшілдігімді сынағалы сұрады ғой деп жорып қап еді.

Сұрауына Балташтың теріс мән бергенін Ақбала сезе қойды да, оған сенімін сездіргелі:

– Сол мүліктер орыстың қолында кетті ме? Қазақтардан да пайдаланушы болды ма?– деп сұралды.

Бұл сұрауға бәрі де құлағын тігіп аңтарыла қалды. Балташ барқыт орындықтарға қарап:

– Е, мекемеге келген мүліктен біздің кейбір жігіттердің де алып, ұстап жүргені бар,– деді.

О кезде ана жақта жүрің, құлағы шала-шаршы шалып қалған Төлеген де жетіп келіп, Балташқа қарап:

– О не?– деді.

Балташ «саған келген пәле жоқ» деген кісіше, бетін тыржитып:

– Жай, әншейін,– дей салды.

Төлеген әнтек қипалақтап тұрып:

– Кәне жолдастар! Тамаққа жүріңіздер!– деді.

Қонақтар керенау қозғалып, ауыз үйге қарай аяндасты. Олардың арт жағынан келіп Бекболат та бір шеттен отырды. Жас «төрелер» Бекболатты жан екен деп елеп, кім деп сұраған да жоқ. Бекболат әнтек оған қорланып, ішінен оларды ұнағынқырамай отырды.

Тамақ мол болды.

Алдымен ортаға туралған ет қойылды. Оның артынан кеспе келді. Одан кейін домалақтап қуырған шапқан ет тартылды. Сонынан қарбыз сойылды.

Етті үстелге әкеліп қойысымен, Төлеген төргі үй жақтан ішіне тығып бірдеңе алып келіп еді, Тыпаң жылмыз ете түсіп, білмегенсің:

– Сенің қолыңдағы не?– деп өңірінен тартты.

– Ештеңе емес... Кішкене әлгі не еді...– деп қолын үстелдің астына таман ұстап, қипалақтады.

– Немеңе, тазасы ма еді?– деп Тыпаң тағы қозғалды.

– Кішкене «боз жорға» еді,– деп Төлеген сыпайы қонағына қарап, жымиды.

– Өй, оның реті болмас,– деп Балташ түсін суытқансып, кезінің қырымен Ақбалаға қарады.

– Біздің құбыжығымыз жоқ, сендер болмасаң,– деп Тыпаң қарнын бүлкідетті.

– Өзі де пәлен көп емес. Тек «аппетит» үшін,– деп Төлеген мөлдіреген бөтелкені суырып алып, үстелге қоюға ыңғайланды.

Бәрі де бөтелкеге қарай қалды.

– Құрғыр, сен мұны қайдан тауып жүрсің?– деп Жорғабек те бір тамсанды.

Төлеген:

– Елді-күнді бірдеңе болған да,– дегенде:

– Бұл табатын жерін біледі,– деп Доға да бір кезін сығырайтып тамсанды.

– Бүгін кешке заседания жоқ па екен?– деп Балташ Тыпана қарады.

– Бүгін жоқ қой... Өзі де бір шатынап тұрған нағызы білем,– деп, бөтелкеге қылмындады.

Бұлар солайша сөйлесіп жатқанда, Ықанның екі көзі бөтелкені ішіп-жеп бара жатыр еді. Ықан арақ таптағалы қашан. Мынау – бір дәулет қой! Әттең дүние, не бір тиер ме еді?.. Жұрт олай-бұлай десіп, арақтың градусын санап, қипақтап отырғанына Ықан шыдай алмады: алдында тұрған стақанды ұсынып:

– Бұ жарықтықты әуре қылмай құйшы, қарағым!– деді.

Жұрт ду күлді. Манадан бәрі сыпайысып отырған Ақбала да:

– Ақсақал айтты ғой, құй енді!– деді.

Төлеген жымыңдап:

– Жәні со ғой!– деп даяр тұрған суды қосып, стақандарға құя бастады.

Балташ жан-жағына алақтап, Бекболатқа:

— Өне бір әйнектің аңымылдығын түсіріп жіберші, — деді.

Қонақтар стақандарын көтеріп:

— Көне, мұны кімнің құрметіне ішеміз? — дегенде, мұндайда көсемсіп отыратын Тыпаң жыбырлап, Ақбанаға қарап:

— Жаңа келген қонақтың құрметіне ішу керек шығар, — деді.

Ақбала жұлып алғандай:

— Ол жарамайды. Басқа бірлене үшін... Әлеуметтік маңызы бар жұмыс үшін демесендер... — деп өзінің әлеуметшіл екенін, өзін көтермелегенді қаламайтынын білдірді.

Со кезде Балташ ұшып түрегеліп, стақанды көтеріп:

— Жасасын Совет өкіметі! — деп әркімнің стақанына бір шағылыстырды.

— Жасасын! — деп бәрі де ішу ете түсті. Жалғыз-ақ Ықан, Тыпандардың көз құйрықтары ұшырасып қалғаны болмаса, «жасасын» деген дауыстың кемдігі болған жоқ. Қайта Тыпанның «жасасын» басым ыбықты.

Екінші көтерісте — большевикті, үшіншіде — қазақ автономиясын, одан кейін — жаңа қонақты, ең аяғы үй иесін де жасатқызып, арақ бірте-бірте ішіле берді. Тек Бекболат бұл көтеріске қосыла алмай, көзі бажырайып, панышқымен әлек боп отырды.

Бір бөтелке спирт бір жарым бөтелке арақ болды. Арақ ішілген сайын, күлкі көбейіп, мәжіліс қызуға айналды. Ақбала губерния жұмысын үш есе арттыра мақтап, өздері тындырып жатқан болды. Манадан бері салқындау отырған Доға мен Балташтар да Тыпаң мен Жорғабектердің қалжыңына құлақ қойып, кейде олармен бірге күлісіп те жіберді. Ықан көбінесе араққа дәнделі. Ет жағына келгенде Доға мен Тыпаң битін салды. Манағыдай емес, қонақтар қызарып-қызып сөйлегенде бірін-бірі тізеге салып қалып, бірінің иығына бірі асылып, көздері кішірейіп, стақанды кейбірі түсіріп алып, шылымдар да қалай болса солай үстелде жатып қалатын күйге ұнырады. Орысшалау, түтін салысу, күлісу... мидай араласты. Тамақтан кейін қонақтар төрті үйге кетті. Бұлардың сөзі де, өзі де Бекболатқа

түсініксіз көріне бастады. Бұларды басқа дүниенің адамдарындай, өзі мен олардың арасын жер мен көктей көріп, оқымағанның кемдігін Бекболат сонда бір қағты сезді.

«Бұлар да өзіміздей жігіттер-ау! Оқысақ біз де осылардай боламыз-ау! деп азырақ күндегендей боп отырды. Әйтсе де өзін елемегеніне қорланып, намысы келді. Оларды да кемітпек болды. Түтін бұрқыратып шылым тартқаны, арақ ішкені, қағаз шимайлағаны, орысшаласқаны болмаса, бұлардың өмірінде не қызық бар? Тар үй, тар көшеде, анау ұлан байтақ даланы, асқар Алағтауды, жасыл орманды, ит жүгіртіп, құс салғанды көрмей неғып шыдап жүрді екен?! Неғып бойы жазылады екен? Япырау, бұлар мүлде осыған үйреніп алған-ау! Әке-шешесін, ел-жұртын бұлар да ойлай ма екен? Бұлар да бізге ұсап Ақбілек сынды қызды жақсы көре ме екен» деген ойлармен ауыз үйде отырып қалды.

Мәтүшке келіп, орыңдықтарды қозғап, үстелдегі ыды-саймандарды жия бастады. Бекболат мәтүшкеге оралғы бола берген соң, тысқа шығып, қолын жуып бой жазды. Өйткені шылымның түтінмен басы зеңіп қалған екен.

Есік алдындағы телкішекте Бекболат бір қыдыру отырып қалды. Ауруханада ағып тұрған Жылтырдың сөзіне басы даң болып, Бекболат тезірек елге кетсем екен деп бір ойлап еді. Енді мынау өңішен орысша сөйлескен, шылым тартқан, арақ ішкен, шысық, бықсықан қазақ әкімдерін көрген соң, тағы да елі есіне түсті. Тағы да елге қайтқысы келді. «Бұлардың ішінде елеусіз бөтен кісі боп отырғанша, мен де өзімді ұғатын, өзіммен қалжындасып, өзімді қаңірлейтін жолдастарымды көрсем екен деп ойлады. Ауылдан кісі қағыналатын кезі болса керек еді. Не ғып келмей жатыр? Әкей де сөзбен әулігіп кеткен бір түрлі заңбас адам ғой! Мені керек қылмағаны ма» деп, ішінен әкесіне ренжіді.

Бекболат ауыз үйге кіргенде, төрті үйдегі «төрелер» қызу-қызу айтысып жатыр еді. Бір мезетте Бекболаттың құлағы «Матайдың Әбені», «Мұқаш» деген сөздерді шалып қалды. Мұқаш — кәдімгі Ақбілекті шығарып беретін Мұқаш. Әбен — мұның әкесімен араз боп жүрген Әбен. Екеуі де Бекболатқа керекті кісілер ғой. Бекболат ештеп кіріп, босаға жақтағы бос орындыққа отырып, әңгімеге құлағын тікті.

Сөйлеп тұрған Балташ ікен. Үстелде жаюлы жатқан бір қағазды алақанының сыртымен соғып қалып:

— Бұл арыздағы сөздің бәрі рас... Бай неліктен бай болады дейсің? Елді жеумен, нашардың қанын сорумен, солардың еңбегімен бай болады. Мағайдың Әбені, меніңше, елді құртқан, барып тұрған сболыш кісі, ең зиянды элемент. Меніңше оның көзін жою керек. Мұқаштың үстінен мына материалды бергізіп отырған да сол сболыш!.. Рас, Мұқашты да мен тап-таза жігіт деп айта алмаймын. Елге зияны тиген де шығар, бірақ оның зияны байға тиді. Ол нағыз — коммунист, идеяның коммунист. «Цель оправдывает средство»¹ — деп орыспалап барып, кроватка отырды.

— Жолдастар, маған кішкене сөз беріңізші, — деп бір көзін қысып, Доға қолын шошайтты.

Ақбала тұмсығын көтеріп, Доғаның бетіне қарады да:

— Е, айта бер, — деді.

— Айтканда былай, — деп Доға бір қолымен мықының таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады, — Мағайдың Әбені бай екені рас, болыс болғаны да рас. Значить, ол елге беделсіз емес, беделі бар. Бірақ-құр бай екен дел, байдың бәрін бір күнде жоқ қылуға бола ма? Болмайды ғой. Значить, мынау арыздағы сөздің көбі бекер... бекер. Мұны жазып отырған белгілі атчаянның Тақырдың Жылытыры, Жылытыры. Оның қазір қылмысы мойнына түсіп, арыстабайт етіліп отыр, етіліп отыр. Значить, бұл арызды қолданып іс қылуға болмайды, болмайды... Ал Мұқаш болатын болса, о да тонын партияға айналдырып жамылып жүрген бір құ, бір құ... Значить, оның ойы — болыс болу, болыс болу... Осы күні партияға ұры-қарылар да кіріп кетіп отыр. Жаман ауыл ячейкесіне жеті ұры жазылғаны кеше секцияда мәлім боп отыр, мәлім боп отыр... Значить, Мұқаш сияқты жігіттерді таза коммунист деуге болмайды, болмайды. Оның қылмағаны жоқ: елді ақтарға шапқызған, талатқан, қыз, қатындарын бастырған, бастырған, шығарып берген... деген кезде Төлегенге бір қарап қойды. Төлеген қызарып төмен қарады. Бекболат та жерге қарап кетті. — Иә, значить,

¹ Цель оправдывает средство — жақсы мақсатқа жету үшін жамандық қылса да оға емес, Автордың ескертуі.

оның материалды, міне, қолда отыр. Значить, ол материалды тексермей, оны қызметке сайлауға болмайды, болмайды... — деп Доға көбінесе қолымен, басымен сөйлеп барып сөзін бітірді.

Ол бітірген кезде «маған, маған...» — деп Балташ та, Тыпаң да көтеріліп, қозғалып қалды. Ақбала:

— Ана кісі айтысың, — деп Тыпанды нұсқады.

Доғаның Мұқашты жамандағаны Бекболатқа ұнаса да, Мағайдың Әбенін жақтай сөйлегені ұнамады: «Мына кісі не дер екен» — деп Тыпанның аузына қарай қалды.

— Ау, жігіттер, жолдастар! Бұл жұмысқа қызуламай қазақшалап қарайықшы... Жастар, жолдастар, сендер коммунист болсаңдар да, қазақсындар ғой. Қазаққа бәріміз де қызмет етеміз деп жүрміз... Қашаннан бері егіп те жүрміз... Сендерден гөрі бір көйлекті бұрын тоздырдық қой, қазақтың жайын жақсырақ білеміз десек, мақтанған болар ма екеміз, — деп, «осы сөзім қалай шығып кетті?» дегендей Тыпаң бәрiнiң бетiне жағалай бiр қарап қалды.

«Қазаққа қандай қызмет қылғаныңды білеміз» дегендей Балташ тыржиып, теріс қарады. Жорғабек «мынау бүлдірді-ау!» дегендей біресе Ақбалаға, біресе Тыпаңға қарап, қабағын түйді. Доға «айта бер!» — дегендей бас изеді. Ықаң шылығын орап, өзімен-өзі болып, жем шоқитын құс тұмсықтанып, үстелге төніп қап отыр еді. Төлеген бұл әңгімеге қатысы жоқ кісіше төмен қарап, оттықты шыр кебелек айналдыра берді. Балташтың жаратпай отырғанын Тыпаң да байқады:

— Өншейін тек үлкендік... ағалық жөнінен неткеніміз болмаса, біз қатысатын да сөз емес еді, — деп манағыдай емес, жасып қалды.

Тыпанның мұнысын естіген соң Ақбала:

— Жоқ, жоқ, айта беріңіз. Сіздің пікіріңіз де керек. Ел жайына сіздер қанық екендеріңіз рас, — деп қуат берді. Оныкі де қулық еді. Қулық екенін Тыпаң да түсінсе де, қызып алған кісі — ер келеді ғой, «қашанғы қорғалай береміз» дегендей, сөзін тағы бастады, манағы «қазақтыз ғой» деген сөзден енді қашайын деді.

— Сөздің шынына келейікші, — деп тамағын бір кенеп алды. — Бұл шағалақ жұмыс. Сартау елі қып-қызыл партия...

Партиялықпен екі жағы да арызды жаудырып жағыр. Пәле салу, өтірік шағым дегеніңіз Құдай сақтасын... Айтпақшы «Құдай» деген сөзді не қылмаңыздаршы, сөздің аялғысы ғой... — деп тағы бір сасқалақтап қалды. — Өзге толып жатқан қағазды қояйын, мысал үшін жақында ғана болған мына бір оқиғаны айтайын... — деп, әнеуігі пошта талату туралы Жылтырдың айтқан хабарын сөйледі. Соны сөйлеп болып: — Міне, осының қайсысына сенуге болады? Қазақтың өтірігіне, жаласына адамның көзі жетпейді... — деп бір қойды. Жалпы қазақтың кемшілік мінездерін бұлдыратып суреттеп келіп, аяқ кезінде сөзінің бетін Әбен жаққа бұрды. Әбен газет-журнал оқитын көзі ашық адам екенін, мектеп ашып, бала оқытып жатқанын, елдің кедейлеріне көсіп тауып беретінін, үй тұрмысын, шаруасын мәдениетті елдің қалпына түсіріп, елге үлгі болып тұрғанын, қазақ оқығандарына жәрдем беретінін, қашқан ақтардың шапыранды отрядтарын қырып, қазақты жауынгерлікке үйреткенін, елін шабыншылықтан қорғап қалғанын, игілік іске, алдымен халыққа басшы болатындығын, бір дуан елге беделі барлығын, онымен жауласса, ел бүлініп, көтеріліс боп кететінін — бәрін де сыпайы, майда тілімен айтып келіп, сөзін тоқтатты.

Тыпаңның сөзі недеуір әсерлі болғаны ғой, Балташ жүген көрмеген бас асау жылқыша басын жұлқып тастап, қабағын түйіп, сез сұрап, өршіп отыра алмады. Доға «ақтан тигіздің, жарайсын, сабазым!» деген кісіше, масайрап, қыла көзін ашып-жұма берді. Балташ жұлқынса да Ақбала үлкен жерден келгендігін, тәртібін көрсеткелі сөзді Жорғабекке берді.

Жорғабек жорғалап алды да кетті. Ол Балташтың сөзін де теріс деген жоқ, Доғанікін да кеміткен жоқ, Тыпаңның кейбір сөзін де дұрысқа шығарды. Бұл әңгімені пәлендей үлкейткен де жоқ, қазақ арасының қашаннан келе жатқан шағасы, оған бола артық айтудың да қажеті жоқ, келешекте ел болуында, ел болуы үшін алдымен оқу керек, дұрыс сот керек, анау керек, мынау керек, оның бәрін істейтін қазақтың ендігі жастары, жастарда өзара бірлік болуы керек, ақылдасып іс қылу керек, бар үміт жастарда... деп жастарды мадақтай, бірлікке шақыра, дәнекер бола сөйледі.

Қалайда Жорғабектің сөзінен белгілі бір қорығтынды шығару қиын болды.

Бұл айтысты естіп отырған Бекболаттың кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екеніне ақилы жете алмады. Әйтеуір Мұқашты жамандағанды тәуір көре берді. Одан өзгесін артық керек қылмады.

Бұл қалай болды? Бір жағы Әбенді өлгенше жамандап, Мұқашты мақтады. Енді бір жағы Әбенді көтермелеп, Мұқашты іске аялғысыз қыл шығарды. Бұлардың бір ауыз бола алмаған себебі не? Ол себеп ашылмады ғой. Ашылмайтын жөні бар. «Қайсы?» десеңіз, ол мынау:

Балташ — уездің бастығы. Оның руы, атасы басқа, басқа уездің жігіті. Бұл елдің жайына жетік емес. Бірақ Балташ кедейдің баласы, қолынан келсе, өзі де кедейшіл болғысы келеді. Ол мына Доғаларды, Төлегендерді жарапайды, ел жұмысына араласқан, былтанған деп есептейді. Балташ жоқта Доға мен Тыпаң Сартаудың болысын түсіріп, әбеншіл біреуді қойған. Балташ келген соң оған ренжіп, үлкен кемесерлігін қылып, ол елге Күреңбай етікішіні бола қойып жіберген. Күреңбай содан бері Балташтың кісісі болып, осы қаладағы бір тәуір келіншектен тамыр қылған. Онымен де тұрмай, Күреңбай Балташқа палыто қылатын күзен жиып берген. Балташ ақша беріп сатып алса да, сол күзеннен өзі қауіптеніп жүретін. Күреңбаймен ымы-жымы бірігіп, Әбенді жамандаған сөздерін көп естіген. Оның Әбенді ондырмай отырған мәні сол.

Ал Доға ше? Доға да шет жердің адамы, қаладағы жатақтың баласы. Бірақ Доғаның нағашылары Әбен руынан болатын. Доға Сартау еліне сайлануға шыққанда, Әбен оны «жиен» деп, қолын сүйіп күткен, көк жорғасының майын берген. Ол ол ма? Доға дүниені де теріс көрмейтін жігіт қой; қалтасына жұмсақ қағаз да салынған. О да аз ғой. Доғаның ойында бір сұлу қыз алу да бар еді. Сол қыздың реті Әбен жақтан келе ме деп дөмеленуші еді. Неліктен оның сұлу қызға құмар боп жүргенін кейін естірсіз. Әзір түсін ашпай тұра тұрайық.

Тыпаң ше? Ой, Тыпаңның өткен замандағы істерін санап бітіре алмаспыз. Тыпаң о баста Әбеннің тілмәші еді ғой. Кейін Меруайда тілмәш болып, бағы көтерілген ғой.

Тыпаңның руы да сол ел, алып отырған қатыны да сол елдің қызы. Әбен тірі тұрғанда, Тыпаңа не дарыр дейсіз? Қаза беріп не қылайық, осы да жетер.

Ал Жорғабекке жол болсын? Бұ кісі оқуды кешірек бітіріп, әлеумет жұмысына жаңа араласқан. Бұл өзі бір атақты болыстың баласы. Гимназияда оқып жүргенде-ақ зирек, пысық, шешен бала болған. Содан әлі пысық, бірақ Қолчак заманында көрнекті орында қызмет етіп, кезге түсіп қалып, қызыл келген кезде елде қашып жүруші еді. Қызметке қазақ оқығандары керек болып, өткен істерге кешірім жарияланғаннан бері Жорғабек жақында келіп, жер бөліміне кіріп еді. Оның бар мақсаты: жастарды елден ұстап, беделін, ықпалын жүргізіп, айтқанын істету еді. Қаза берсек, түпкі ойы – бір үлкен орын еді. Ол ойы жүрегінің түпкірінде сары майдай сақталып жатушы еді. Сыртқы түрінде егілік, шешендік, әлеуметшілдік, ісшілдік, бүтіншілдіктен басқа оғаш мінез білінбеуші еді. Әркімнің бетіне қарай құбылып, өз пікірін есте сездірмеуші еді. Ол көрімен де, жаспен де, коммунистпен де, емеспен де жанасып кетер еді. Оңда орыс та, қас та болмаушы еді. Сыртынан жамандап жүрген адаммен жолыққанда жақсы сөйлесіп кетер еді. Өзінше кумын, жұрттың бәрін алдап жүрмін деп ойлар еді. Төлеген екеуінің мінезінде бір ұқсастық бар секілді еді. Бірақ Төлегеннен гөрі бұл өтімді, тартымды, білімді, беделді, алғыр еді. Бір көрген, бір сөйлескен кісіні тез ұйытып ертіп әкестер еді. Топпа сөйлесе, «Жорғабек – жігіт!» дегізер еді.

Жорғабек сөзін бітірген кезде манадан бері зорға шыдап отырған Ықан Төлегеннен рұқсат сұрап, үйіне қайтты. Өйткені Ықан бұл айтыстар түсініксіз, жағ нәрсе еді. Ықан қашаннан орыс ішінде жүріп, елден қол үзіп, алыстап кеткен кісі еді, елдің дау-шары о кісінің миына бармаушы еді, ел сөзінен гөрі о кісіге бір рюмка арақ қадірлі еді. Және манағы арақтан жүрегі қобалжиын деді ме, әлде үйдегі кемпірі тықырлар деп қорықты ма, әйтеуір Ықан тысқа шығу керек болып еді.

Төлеген түк сөйлеген жоқ: Несіне бой көрсетсін? Доға мен Тыпаннан қалатын сөз бар ма? Оның сенгені де солар ғой.

Манадан бері өзге жолдастардың сөзін тындап отырған Ақбала елді өзі сөйлеуге оңтайланды. Ақбала төңкеріс болғалы топ алдында сөз сөйлеп, көсемдік қылып, ауызға ілініп жүрген жастардың бірі еді. Ол газет-журналда сөз жазатын, баяндаманы да жақсы істейтін, жұртқа «ой, пәле-ай!» дегізгенді сүйетін жігіт еді. Кейінгі жастардың арасында беделі де бар еді. Коммунист партиясына алдыңғы қағарда кіріп, қазақ жастарының партияға кіруіне де себепкер болып, шынымен коммунист болам деп жүрген пікірлі, білімді жігіт еді.

Ол бір жерде сарылып қызмет қылудан да жүргенді, сөйлегенді, думанды, топты тәуір көруші еді. Өзі сөйлеп, өзгелер аузына қарап отырса, сонда оның жаны кіріп, жымың-жымың егер еді.

Ол съездің қаулысын, жаңа шыққан кітаптарды көп оқушы еді. Әсіресе Ленин, Троцкий, Бухарин, Сталин секілді атақты адамдардың съездердегі айтқан сөздерін қызығып оқып, кейбір әдемі жерлерін, әдемі сөздерін жаттап алушы еді, жаттап алмағанда да, солардың сөз сөйлеу оңтайын құлшынып оқығандықтан жадында қалушы еді. Біліш адамдардың пікірін кейде өз пікірі қылып сөйлеп жіберетін де жерлері болушы еді. Естіген сөзін, хабарын ішіне сыйғызып тұра алмай, айтып салғанды тәуір көріп тұрушы еді. Әсіресе өткен жиылыстарда оның не айтқанын, өзінің не дегенін қайта айтып беруге шебер еді.

Бірақ сонысына қарағанда, жеңілтек, ұшқалақ емес, жүріс-тұрысы, бойы сабырлы, айтыс-таргысқа шыдамды, табанды жігіт еді. Өзінің біліміне, өнеріне, шешендігіне өзі сенуші еді. Өзі жеңіліп, жығылып қалған жерлерде де көңілі көп жабырқамаушы еді, өзінше басқа план, басқа шара қарастырып, бір жұбаныш тауып алушы еді, келе-шбектен үміті зор еді.

Ол қазаққа шын пейілмен қызмет етпекші еді, бірақ көп нәрсені қиял қылушы еді. Кейде сондай бір қиялмен алданып жүріп, тұрмысқа жанаспайтын істерді де істемек болушы еді. Өз ойын, өз мақсатын жарыққа шығару үшін әмір иесі өзі болғанды қалаушы еді. Үезге келгендегі бір мақсаты да: жастарды өз соңынан ертіп, өзін бір танытып кету еді.

Үездегі қызметкерлердей ел жұмысына араласып, артық былықпаған, парыз, беделге сатылудан аман, нағыз әлеумет қызметкері, нағыз майталман болуға өзін арнаған азамат еді.

Сондықтан Ақбала манадан бері айтылып жатқан сөздерге үлкен мән берді. Ол мән — осы Сартау елінің жұмысы жайлаңсын деген мән емес, үйездегі азаматтар арасындағы алалық жойылсын деген де мән емес, бірінікін мақұлдап, бірінікін теріске шығарып, бірін-біріне жығып берем деген де мән емес, сол айтыстан шығарып бір іргелі мәселені қозғап, енді өзіме қорытынды туғызуға болды деген мән еді. Ақбаланың бір жақсы жері: сөзді қазақша да, орысша да таза сөйлеуші еді. Ол қазақша сөйледі, Бекболатқа ұғымды болды.

— Иә, жолдастар! Мен енді өз пікірімді айтайын,— деп мұрнын орамалмен сүрткіп, төмен қарап отырып сөз бастады. — Мәселе болыс, үйез-маштабындағы мәселе болса да жалпы қазақстандық мәселені қозғауға себеп болып отыр,— деп, кеудесін көтеріп, сұқ қолымен бас бармағын ұқалап, басын әнтек шалқитып, қарсы алдында отырған Тыланың қарнына қадала қаралы.

— Біз төңкеріске дайындалған ел емеспіз. Төңкеріс бізге көктен түсті. Біз орыс пролетариаты, орыс большевиктері қан төгіп алып берген даяр олжаға ортақ боп отырмыз,— деп бір нығыздап қойды. Бұл сөз төңкеріс болғалы талай айтылып, талай жазылып, иі қанғандай ескі сөз болса да, Ақбала шыт жаңа сөздей қып айтты.

— Иә, өкімет жалшыныкі, кедейдікі. Жалшылар табы байлар табын жеңіп қашаннан иемденіп жүрген жерсуын, фабрик-заводын, мал-мүлкін астынан аударып алып отыр... Иә, иә, орыста тап күресі басталғалы жүздеп жылдар өтті. Бізде тап тартысы әлі басталған жоқ. Ол нелік-тен? Әлде бізде бай, кедей, жеуші, жегізуші жоқ па? Әлде біздің елімізде қой үстінде бозторғай жұмыртқалап тұр ма? Жоқ, жолдастар! Жеу, қанау, жаншу, зорлық, қиянат деген нәрселерден бізде көз тұнжырайды. Бірақ өкімет байлардікі, күштілердікі болғандықтан жылмажордың көз жасы керілмей, тілегі берілмеді. Міген тыныш, қапа боп, итшілеп күнелте берді... Иә, иә... бай тегіннен-тегін бай болмайды.

Елдің байлығын, қанын сорып, малайдың еңбегін жеп бай болды. Бұл талассыз шындық. Әлгі Әбендердің бай болу себебі сол. Оған дау жоқ. Иә, иә... бізде кедейлер табы деген тап болып, байларға, жауыздарға қарсы тұра алмауы қалай? Олар да жан емес пе? Өз пайдасын, елерін білмегені ме? Міне, бұған түрлі себеп бар. Бізде жалшылар, кедейлер бас қосарлық, ұйымдасарлық, мұн-мұқтажын сөйлесерлік фабрик-заводтар сияқты ордалы дүкендер болмады. Езілген, жаншылған кедейдің басы бірікпей, әр төбенің түбінде бытырап жүрді. Шын мәнісінде бізде пролетариат болған жоқ, болса да олар әлі аз, енді бізден жалшылар шықпақ, өйткені фабрик-завод кәсібі бізге де орнамақ. Кен жұмыскерлері бізде бұрын да бар ғой... Иә, иә... біздің кедейтеріміз, жалшыларымыз ақтан қараны айыра алмайтын, көзі соқыр болды... Иә, кедей баласы соңғы жылдарда ғана оқи бастады. Бұрын терелердің, ақсүйектердің, байдың, болыстың баласы оқитын... (Жорғабек естімеген кісі боп, теріс қарайды)... Иә, онысын бізде ру таласы деген пәле бар. Ру басы ақсақал, атқа мінерлер өз пайдасына бола руының кедейлерін жауластырып, кедейді шоқпар қылды...

Иә, енді, міне, кедейдің өкіметі келіп отыр. Кедейді сүйе, кедейге теңдік әпер, кедейдің көзін ащ, шаруасын түзет деп отыр. Кедейді сүйеу бізге керек пе? Керек. Тап жігін, тап тартысын ашуымыз керек пе? Керек. Қалай ашамыз? Қандай шаралар қолданамыз? Міне, мәселе осында,— деп қалтасынан шылым алып тұтатып, бір сорды да, сөзін тағы қозғалды. Тыңдаушылар «тап тартысын қалай ашар екен?» дегендей, еңселерін сала құлақ қойды:

— Бұл мәселе туралы губернияда екі түрлі ағым бар... Жазанаса үш түрлі ағым бар деуге де болады. Бірақ мен үшінші ағымды ағым екен дегім келмейді. Өйткені олар бізде тап жоқ, тап тартысы деген орысқа елкістендік. Бұл болмайтын еңгіме деседі,— деген кезде Жорғабекке көзінің қырын бір жіберіп қойды. Жорғабек «маған айттып отырсың ғой» дегендей, артынан мықтайтын кісіше көзін бір қысып қойды.

— Біздер, қазақтың коммунистері, ол пікірді қолдай алмаймыз... Біз төңкеріс жолына түсуіміз керек... Иә, сонымен екі ағым бар.

Бірінші ағымның айтағыны: қазаққа төңкеріс жасау керек, байдың жер-суың, мал-мүлкің, жазаласа артық қатынына дейін кедейлерге тартып әперу керек, пышақ үстінен бөліп беру керек. Бай, кедей деген айырманы жойып, қолма-қол теңгеру керек. Өйтпесе бай қолында малы тұрғанда, жері-суы тұрғанда, өмірі кедейге теңдік бермейді деседі. Бұл ағымды бастаушы кейбір орыс жолдастар, оларға қосылатын біздің Жақсылық етікші тәрзіді қаланың да кедейлері және кейбір шолақ ойлы жолдастар... — деді. Соңғы сөздерінен Ақбаланың өзі бұл ағымға қарсы екені көрініп қалды. Өзіне қарсы кісілердің пікірін шолғитып; ондырмай сөйлейтін, өз пікірін дәлелдеп, нығайта сөйлейтін айтысушылардың әдегі ғой. Ақбала да осы жолды тұтынып, анау ағымдарды кеміте сөйледі.

— Ал екінші ағым айтады: ондай төңкерістен мән шықпайды, онымен кедей теңелмейді дейді. Бұлардың дәлелі... — деп, көп сөздермен дәлелдерін санап, түсіндіріп өтті. Ол дәлелдері: осы күнде байдың малын тала десе, бұзақылар талап кететін; кедейлер байлардың малын пайдаға асыра алмай, жау малындай ішіп-жеп қоюы, сөйтіп, жалпы мемлекеттің байлығы кемуді, сол кездегі дерт, жұт, ашаршылық, соғыс елдің шаруасын күйзелтуі, байды кедей қыламыз деп жүріп, кедейді бай қып алу қауіп, кедей оңай олжаға қызығып кетуі, еңбекке үйренбеуі, социализм, коммунизм жолына қайшылығы, кедей ақыл-ой, сана-саңылау жағынан теңелмей тұрып, жалаң малмен теңеле алмайтыны... Тағы сондай көп сөздерді айтып келіп: — Кедейді оқытып, көзін ашу керек, ұйымдастыру керек, әкімшілік, сот кедейдің қолында болу керек, кооператив, артель ашып беру керек, кедейді отырықшы қылу керек, көпшіке үйрету керек! — деп бір тоқтап, сөніп қалған шылымын тұтатып алды, Содан кейін:

— Бай, кедей, тап мәселесіне бізде осындай негізгі көзқарас болу керек. Әбен жалғыз емес, Әбендер көп. Олармен біз алысуымыз керек, мүмкін ұзақ алысармыз. Өйткені оларда амал-айла көп. Олар тесік таба біледі. Олардың агенті уез түгілі губерниялық жерде, кіндікте жоқ емесін қайдан білеміз? Алдымен жуандардың ықпалынан, рушылықтан қазақ азаматтары, өздеріміз тазаруымыз ке-

рек. Өзіміз тазармасақ, еш нәрсе жасауға болмайды, — деп сөзін тоқтатты.

Ақбаланың сөзі күшті шықты. Күшті шықса да, бұл тыңдаушыларға ұнамады. Алдымен «тап тартысын ашу керек» деген сөзі Жорғабек пен Тыпаңа ұнамады. Өйткені бұл екеуі әлгі кекетіп өткен үшінші ағымның адамдары еді. Бұлар қазақтың жауырын жаба тоқып, ел қылушылар еді. «Байдың жер-суын, малын тартып әперу керек емес» дегені Балташқа ұнамады. Өйткені Балташ шынымен кедейшіл жігіт еді. Бірақ Балташ айтысуды ойланса да, айттыспалды. Өйткені манағы екі-үш рет сөз бермей, тоқтатып қойғанды ол кек қып отыр еді, оның үстіне «бірінші ағымдағы шолақ ойлы жастар» деген сөзі де бұған жайсыз келді. «Айтыса қалсам, мені де шолақ ойлы» деп санай ма деп қауіп қылды. «Өзіміз тазаруымыз керек» деген сөз де бізге тигелі айтылды ғой деп ұқты. Айтысуға өзі тығылып қалған кісі, толық дәлелдері де болмады. Балташтың білімі де Ақбаладан гөрі кем еді. Бұл жиылыстағы білімі тәуірлеу, кітапты көп қарастырғаны Жорғабек еді. Жорғабек бірнеше сұрау берді:

- 1) Саясат пен тап тартысын ашуға бола ма?
- 2) Өнерсіз жұртта социализм орнатуға бола ма?
- 3) Тарихта ондай тәжірибе болған ба? Маркс айтқан ба?
- 4) Біз (қазақ) капитал дәуірін ағтап өтеміз бе?
- 5) Қазақтың келешегіне қалай қарайсындар?
- 6) Орысқа тұтынған жол қазаққа да жарай ма?
- 7) Жер жүзінде төңкеріс болмай тұрып, бір жұртта социализм орнай ма?
- 8) Тапшылық туралы қазақтың өткенінде қандай негіз бар деген сияқты.

Жорғабектің сұрауларын Ақбала ішінен ұнатқан жоқ. Көзінің қырымен қарап, қасын анда-санда көтеріп қойып, тыңдап өтті, бірақ сыртына сыр бергісі келмей:

— Сіздің бұл сұрауларыңыздың ішінде тереңірегі де бар көрінді. Мен бұларға қазір жауап беруіме де болады. Бірақ бұл арада жауап беруді артық керем, өйткені бір жағынан, өзіміз ішкен, қызыңқырап алған кісіміз; екінші: мен Маркстен, Лениннен дәлел әкелуге қазір мүмкін де емес. Бұл

мәселелерді біз тереңірек қарауымыз керек. Әйтсе де былайша айта кетуге болады.

Тегінде, біз орыс едбекшілерінен бөлек ешбір жол таба алмаймыз. Біз солардың соңынан еріп, солармен қол ұстасып, теңдікке жетеміз. Қазақтың өз алдына саясаты да, тарихы да бола алмайды. Сондықтан орыстан бөлініп іс қыламыз деп ойлаудың, терең мәселелерді тексерудің бізге бұл күнде пәлендей қажеті де жоқ. Біз практикалық жұмысты ойлауымыз керек. Мұжық арасында тап тартысын жүргізу мүмкін болса, қазақта да мүмкін: екеуінің кесіп жөнінен пәлендей айырмасы жоқ. Мұжықтың пікірі, ой-өрісі, білімі қазақтан мәзкар озып кеткен жоқ. Біздің айыр-мамыз рушылдықта... Міне, бұ жағына біз көңіл бөлуіміз керек...— деген секілді бірталай ұзын сонар жалпы сөздерді сөйлеп келіп, аяқ кезінде: — Сіз Марксті оқыған көрінесіз ғой, не ғып төңкерісіңіз болмағансыз?— деп өгірік күлген болды.

— Біздің төңкерісіңіз емес екенімізді қайдан білесіздер?— деп Жорғабек те күлген болды.

Сонғы Жорғабектің сұраулары, Ақбаланың жауаптары Бекболатқа құран сөзіндей түсініксіз болды. Бастапқы сөздерді де Бекболат әрең тындап отыр еді. Өйткені ол сөздердің ішінде Әбен, Мұқаштар бар еді. Сондықтан Бекболат «осылай дедер» деген кісіше:

— Ым-ым!— деп орнынан тұрды.

Тегінде, құсбегілер, аңшылар өз сөзінен басқаға топастау келеді ғой. Бекболат та осы жолы өзінің топастығын байқайын деді; қай жерде, қай дүниеде отырғанын өзі де білмеді. Сөз көбейген сайын басы қатып бара жатқан соң, тысқа жөнелді.

* * *

Тұңғыш көбік қар. Тынық қатқак. Әуе шыныдай, аттың ізі баданадай. Қаладан шыға беріс тепсенде шерттіре аяндаған екі ағты. Бергінің мінгені — екі танасқан, ешкі бас, құлан сан тобылығы торы. Әсем басады, қарды уыстап лақтырады. Өйт піркің! Шерттір! Шерттір! Құйысқан — қысқа, ер — ықшам, үзеңгі — аяқтың ұшында. Тақым жабысқан. Сұр күптілі ақ құба жігіт қамшыны сипай түседі.

Арғының астындағы — жадағай жирен. Жарау, бірақ то-рының аяңына ілесе алмай, бүлкіл қағады. Жігіт пәс. Каймі кене.

Желдей ескен аяңшылға мінгенің бар ма? Мінсен, білесің: ағ үсті адамды аруақтаңдырады, көңілді көкке сер-педі, аузымен құс тістейсің!

Торылы қамшыны екі бүктеп, анау тауды нұсқалды.

— Уай, піркін-ай! Деген қансонар екен! Өттеген-ай!— деп саптамасын сарт еткізді.

Жолдасы:

— Несін айтасың, — деді.

— Бүркітті қайырғалы қанша болды?

— Жаңада, бір-ақ жұма...

— Бүгін шықпаған соң не керек!

— Сонар болмаушы ма еді?

— Құсты ұмытып кеткенсіңдер ғой...

Мұны айтып келе жатқан Бекболат қой. Хабар кеш тиіп, Ақберген ағ әкелгенше сол болыпты. Ертенгі шайдан кейін елге тартқан беті еді. Дәл жүрер күні қар жауып, қан сонар болып қалар ма!

Бекболатта бір бүркіт, бір қаршыға бар-ды. Құстарын керметелі ай боп қалды. «Мал-жан аман ба?» дан кейінгі сөзінің көбі құстары болған. Ақберген құстарға жем іздеп, қоян атуға кеткенде, томағасы түсіп қалған бүркіт күшікке талшынып, екі шалғысын қиратып алған екен. Көшеден бергі «өттеген-ай!»— бәрі сол шалғының екінші еді. Ол екі шалғыны жамап алуға да болады ғой. Сонда да Бекболат биыл бүркітін баптап түлетіп, қанат құйрығын өзі сымдай қып алдым ғой деп жүрген жылы еді. Бекболат құсына рен-жігенде, Ақберген:

— Біз өзіңді уайым қып жүрсек... Тәйірі, қолдан кел-летін нәрсе ғой, — деп жұбата беретін.

Ақберген — Бекболаттың жан жолдасы. Бала жасынан бірге ескен. Қашаннан бергі қоңсысы, жаңынан екі елі қалмайтын серігі.

Ақбергенде кәрі шеше, екі сиыр, бір қатыл, бір ағ, содан басқа мал-жан жоқ. Оразасын өз үйінде ашқан, қысы-жазы үйде тұрған жан емес. Ол әрі құсбегі, әрі мерген, әрі әнші, әрі жақсы жолдас. Бекболаттың әкеден де, туысқаннан да

артық селетін адамы – і-Ақберген. Өйткені ол білмейтін сыр жоқ. Балалық, жастық, аңшылық, жел бастық, аштық тоқтық, ойын-күлкі – екеуінің бірге тартқан тауқы-меті. Бірге күйінген, бірге сүйінген.

Бес арқан бойы түйсіз құздардан Бекболат үшін Ақберген түлкінің күшігін алған. Аяғын әңтек жазатайым салса, ажал аузын ашып тұрған тік жартастың бегімен шыбынша өрмелеп барып, бүркіттің балапандарын екелген. Бүркіт қашқан қаралы күндерде үш күн, үш түн дым сызбай тау-тас кезіп, үңгірге түнеген. Сақырлаған сары аяздарда бүркітті жаурапаймын деп, ішкі тонына баласындай бөлеген. Әккі түлкіге бүркіттің аяғын шайнапаймын деп өлерін білмей шауып, қия тастан ат-мағымен домалап, бұғанасын қиратқан. Асау құсты үйретем деп арпалысып, қолына әлденеше сүңгі сұқтырған. Жастықтың талай кезеңінен асқанда үнсізде тіл болған, жолсызда жол тапқан, қасқыр боп торығын, мысық боп жорғалаған, ит боп ірге тырналаған, қазық боп ат ұстаған. Мұнан артық еңбекті, тұған ана болмаса, кім сіңірер?

Онысына қарай Ақбергеннің аты да, асы да, киімі де Бекболаттан болатын. Қаптың әперуге де Бекболат себеп болған. Бекболат үйленіп, бөлек отау тіксе, өз алдына саба орнатса, Ақберген қара лашығын жанына қондырса, Бекболаттың отауын емін еркін билесе – міне, Ақбергеннің ендігі арманы.

Дүниеде дос деген болса, сондай шын дос Бекболат пен Ақберген еді. Бұларды дос қылған екеуінің де құмарлығы, әуесі – аңшылық еді; екеуінің сүйегінде де жалқаулық, серілік бар еді; екеуі де шаруаға қырбай еді; әкесі-Бекболат екеуін «екі әуейі» деуші еді. Алайда екеуінің жаратылысы екі басқа еді.

Ақберген Бекболаттан гөрі қажырлырақ, шыдамдырақ, айлакерірек, қиысырақ, кекшілірек еді. Бекболат одан гөрі әйленкесірек, қиялшылырақ, жасығырақ, мақтаншақтау, әуесқойлау еді.

Бекболат қысылған, сасқан, кейіген жерде Ақберген ақыл тауып, тоқтау айтып, демесін болушы еді. Жазаласа Бекболат оның тілін көбірек алушы еді. Қатты қайырым бейнеттің бәрін Ақберген көрген соң, Бекболат өзін істепті

жүрмін деп жұбанушы еді. Ақберген ондай ауыр бейнеті – қажырым, ерлігім артық болғаннан істеп жүрмін, менен басқаның қолынан келмейді деп ойлаушы еді. Ақбергеннің еңбегі болмаса, Бекболаттың тіршілігі де қызық болмас еді. Бекболаттың ағы, асы, киімі болмаса, Ақбергеннің күні де күн болмас еді. Бірінде жоғы бірінен табылып, екі жарты бір бүгін боп, тағу-тәтті өмір сүруші еді.

«Есептескен дос болмайды» деп жұрт айтады. Есептеспеген досты көргеніміз жоқ. Сыртына шығармағанмен, екі достың есебі ішінде жүреді. Есепсіз кетсе, бірін-бірі алдаған, арбаған боп табылады. Оның түбі теңдік емес – зорлық. Міндетсіз, сілетсіз, мақтансыз, қаяусыз, айнымас дос болады дегенге нанбаңыздар, өйткені өзін ұмытып кететін адам табылмайды: әркімге алдымен тіршілік керек, тамақ керек. Әрі өз басының, әрі достың пайдасы бірдей табылған соң адам шын дос боп жүреді (әлде шын әлеуметшілерде де сондай ма екен?). Бекболат пен Ақберген де сондай достар еді.

Кешеден үй ішінің көр-жер аманатын орындап және Төлегендікінде болған соң, Бекболат досымен емін-еркін сөйлесе алмап еді. Атқа мініп, оңаша шыққан соң әңгіме қозғауға айналды. Бекболаттың әңгімесі Ақбілек болу керек қой. Бірақ Бекболат салған жерден Ақбілектен бастауы еді. Ақберген «о күнде жұрт құсты ойлағандай болды ма?» деген кезде, Бекболат «енді Ақбілекті сөз қылудың кезегі келді ғой» деп ойлап:

– Иә, ол күндер естен қалмайтын күндер болды ғой. Нағыз жұлдыздың терісінен шыққан екенбіз... Бұ қояны құрғырдың жолы қатты болмай қоймайды... Со күні жолықпаймыз деген ойда бар ма еді?..– деп бір қойды.

– Е, Құдайдың әмірі десейші... О да бір сорлы бақытсыз екен,– деді Ақберген мырзасының ойын білгелі.

– Не сорын айтасың? Орыстың қолына түскенін бе, басқа ма?– деп сұрады Бекболат, жолдасын байқағалы.

– Соры бар емей немене? Ел-жұртқа әшкере болды... Әббiрi кеттi,– дегенде Бекболат та оның ойын біле қойып:

– Кім өмірі әбiрiлi боп өгер дейсiң. Тағдыр да,– дедi.

айттырғаныма іші ырза емес еді. Оны өзін де білесің... Енді жұмыстың түрі мұндай болды, – деп Бекболат бала жасына бері қарай қозғал, балалықты, жастықты, ойын-күлкіні, жолдастық-достықты, елдің партиясын, партиялық тақырыпты, әкесі бұған қыз айттырғанын, оны менсібегенін, екеуі ақылдасып, Ақбілекті көріп келіп, ұнатқанын – бәрін жыр қылды. Аяғыңда келіп: «О болса ондай болды, бұл мұндай боп отыр. Мандайымның соры бар ма? Қайдан білейін. Ендігі ойым: тағы да қыз іздеп, тағы да әкейді ренжітіп жүргенде өмірдің бірталайы өтіп кетер. Одан да не де болса тәңірінің жазуы шығар, жұрт не десе, о десін, теуекел деп соның өзін алғым келеді», – деп күрсініп тоқтады.

Бекболат сөйлеп келе жатқанда, Ақберген «айтқаныңның бәрі рас» деген кішіше: «Е, е!» – деп басын ізей берді. Бекболат тоқтаған соң, Ақберген де өзінің нашарлығын, жалғыздығын, қоңсылығын, достығын, тілеу бірлігін айттып шықты. Бекболаттай ұзартып сөйлеген жоқ, шағымды, тиімді жерлерін басып өтті. Ақырында:

– Өз іңдінің солай болса, оныға мен де бөтен сөз айта алмаймын. Жалғыз-ақ дос бар еді, дұшпан бар еді, құрбы-құрдас бар еді... Тек солардың табасына қаламыз ба, бірде болмаса, бірде бетіңе салық қып, сүйегіңе таңба бола ма деп артың ойлағанымыз болмаса, – деген сөзге әкел тіреді.

– Онысын енді Құдайдан күттім. Менің жамандығымнан болып отырған нәрсе емес. Тұтқиылда кез келген тәңірінің бір апаты. Оған кім ара тұра алады? Айта берсек, сол өңірде орыстан сау қалған әйел бар ма екен? Бірақ қайсысы безіп жатыр әйелінен? Ашылмаған қауіп, жарылмаған жұмыртқа іздейтін баяғы бейбітшілік шағымыз бар ма? Елдің не қымбағы, не асылы құрбан болмай жағыр? – деп, Бекболат жолдасын делелмен жеңбек болды.

«Артының намысы» дегеніне Ақберген де артық таласқан жоқ.

Жолдасын өзіне серік қып алған соң Бекболаттың көңілі бір дәмдегендей бол:

– Ел не дейді екен? Біздің үй іші қалай көреді екен? – деп сұрады.

– Е, тағдыр ғой... Ақбілектің пердесін езіміз ашпаймыз деген кімнің ойында бар? – деді.

Бекболат Ақбергеннің арбасын келе жатқанын білді де, сөздің бетін ашқалы:

– Сен де ку боп кетіпсің-ау! – деп жымиды.

– Оны неліктен айттың? – деп түсіне қойып, Ақберген де жымиды.

Өйткені бұрын бұл екеуінің арасында пернелі, қалтқылы сөз болмайтын. Ойлағандарын бүкілсіз айттып салатын ғой. Мынадай тұзсыз әңгіме екеуіне де ұнамды. Не бірін бірі тосансып, жатырқап қалғаны, болмаса өзге бір себептің барлығы сезілер еді. Ол себеп: әбiрiнен айрылған Ақбілекті қалай өмірлік жар қыларсыз деуге Ақбергеннің аузы бармай, «Ақбілекті әлі де болса аламын» дегенді Бекболат та ашып айта алмай келе жатуы еді. Бекболат елдің, досының аңысын андамақ еді. Ақберген мырзасын сынамақ еді. Неге десең, бұл өзі зор мәселе ғой. Өмір серік жар табу бір қиын жұмыс. Тапқан жары Ақбілек еді. Ол мұндай күйге ұшырап отыр. Ақбілек оқиғасы қазақ баласының басында болмаған, теген оқиға ғой. Жалғыз Бекболат пен Ақберген емес, мұндай оқиғадан кейін не істеу, қалай болу керектігін бүкіл қазақ баласы ойлап көрген жоқ қой.

– Ку боп қапсың? Мені жатырқағаның сауымысың? – деп Бекболат жолдасына назын білдірді.

Соны айтқанда Ақберген манағыдай емес, ажары сазарыңқы тартып:

– Сенен мен не жатырқайын? Сені жатырқағанда менің табарым да белгілі ғой. Бірақ не айтудың жөнін таба алмай келемін... Өзің не ойлайсың? Әуелі соныңды естіртші... Саған дегенде менде бөтен ниет болып көрген жоқ, қара басым қара жерге кіргенше ондай болар деп ойламаймын, – деп, достықтың нышанын көрсетті.

Бұл сөзге Бекболаттың жүрегі еріп кетті. Жолдасын құшақтап, сүйіп алғысы келді. Бірақ ондай дағды өмірі болып көрген жоқ қой. Сондықтан:

– Сенде бөтен ниет болады деп мен де ойлаған емен. Әуелі Құдай, Құдайдан соңғы жақыным да, досым да сен деп білем. Сен білмейтін сыр жоқ. Сенен басқа ақылдасар кісім де жоқ. Әкей екең әкей де анаңы қоя беріп, Ақбілекті

— Ел деп енді, ел не демейді? Елдің сөзіне артық құлақ қойған да кісі жоқ... Жағыз-жарым Сайлаубай, Аязбек секілді бықсыма күншілдер айызы қанады білем. Қарындастарын алмай қойған соң, сөйпей қайтушы еді? Ал тілеулес ағайынның әзір суық сөзі естілмейді. Өз үйлерің болғанда, би әкесі пәлен тіс жарыл, ештеңе айта қойған жоқ білем. «Ақбілек табылыпты» деген хабарды естігенде: «Е» депші де қойыпты. Ал Жанболат ағаң болса, ол енді аузы жеңілі кісі ғой: «Е, біздің Бекболат енді ол қызды алмайды: орыстың сарқытын неғылсын?»— дел, үйіне келген кеткен кісіге соғып отыратын болса керек деді.

— Е, жігіт енді соға береді ғой. Елде жоқ, күнде жоқ пәризатты тауып алған неме!— деп Бекболат күлді.

Ақберген қошемет қылды.

Өйткені ағасының алып отырған қатыны да партия тақырыпты ағастырған бір жетесіздеу адамның шажа байталы бейнелес кілбиген, маймақ, кәрі қызы еді. Қарны шерміп, борбайы шыт-шыт боп, тек жыл сайын бір баладан қоздата беруді білуші еді. Жеңгесін Бекболат пен Ақберген дәйім мазақ қылып, ашуландыра беруші еді. Оны көргенде — екеуінің де жыны қозып кетуші еді. Бұл жолы да күлуге сол себеп болды.

Ауылға жеткенше екеуінің әңгімесі — әйел болды. Әйел деген жарықтық өмірі таусылмайтын, адамды жалықтырмайтын қызық әңгіме ғой. Өсіресе біздің екі әуейі әйелдің әңгімесіне жалыққаны бар ма? Ауыздарынан сілекейі, көздерінен жасы аққанша күлісіп, мез-мейрам болды.

Бекболат бір жасап қалды.

* * *

Балташ кабинетіне кіріп келді.

Қызыл шұғамен кежімделген емен үстел. Сұр ала тас дәуіт, қалам сауыт, шамдал, басқыштар. Былқылдақ барқыт орындық. Тақтай — айнадай. Үстел — шытырдай. Оңында — Ленин, солында — Сталин суреті. Үстелде — телефон. Қолын созса — электр. Бір түймені басып шылдыр еткізсе — хатшы жетіп кел, мойнын қылқың еткізеді.

Осы сынды кабинетіне Балташ кіріп келді.

Орындық та, үстел де, қаламдар да жегулі аттай жалаңдап «отыр да өкірте бер!» деп тұр.

Балташ сары портфельді үстелге бір алып ұрып, бетті бір сипап, былқылдақ орнына алшай келіп отырды. Сол қолының түймені жеңін ашты да уақытты білді. Тоғыздан қаңғып барады екен. Сол жағындағы қаттаулы қағаздарды алдына таман алып, қой қырқатын кісіше икемдей баурап, түйіліп қарай бастады. Біріне «анықталсын», біріне «тексерілісін», біріне «мәжіліске салынсын», енді біріне «қаржы жоқ», тағы біріне «тыңдалсын», «қайқайтылсын» деген тәрізді бұрыш-бұрышына қиғаштап «резюлюция» тартып қап жатыр еді. Есік тырс етті.

— Можно?— деді.

«Можно?» болса, «оппинотделдің» бастығы бірдеме «штейн» екен. Отыра қалып, қағаздарын бұдыратып, қолын сиқыршыларша тулатып, сықпыртып еді, Балташ ә дегенде «Мүмкін емес» деп басын шайқаса да, әрі-беріден соң «ә, ол мүмкін» деп қолды қоя берді. Балташ ақша жұмысына онша жетік емес еді. «Параграф», «квартал», «декрет», «секрет» дегендер көбейіп кетіп, солардың кілтпанына миы жете алмай жүр еді. Жауапты қызметкер болған соң бір жерімнен мүлт кете ме деп сақтанушы еді, бірақ қай жерінен мүлт кетіп жүргеніні өзі де білмеуші еді. Анығында пәлендей тіресетін де мәселелер емес еді. Алайда Балташ әуелі бір тіресіп, бетін қайырып алуды әдет қылып еді. Ісі фальш болса, алғашқы дүрсе қоя бергенде беті қайтар, дұрыс болса безектер, дәлел табар деген өлшеуші болушы еді. Бірдеме «штейн» кеткен соң, басын бір сипап:

— Шортан знает, сбольштар қайдағы жоқ бөлені тауып, ақша алады,— деді.

Балташ екішесін тірел, орнынан көтеріліңкіреп, орындығына ұмтылып, орны беріктігін сезгендей қайта ыңғайлана отырып, келген адамдарға түйіле қарап, біріне қол сермеп, бірінің қағазына қолын орақтатып, аяғына бір тартып қалып жатты.

Бір мезетте Тылаң кіріп кеп, жайрандап бас изеп, жүл-жұлсақ қолымен комиссарының қолын ғашық жарының қолындай жақсылап қысып:

— Сәлемет пе?— деп ақырын жымың етті. Өйткені кеше қызу үстінде қатырақ кеттім бе, бірдене деп қойдым ба деп, ұбықтап тұрғалы зәресі жоқ еді. Мынау майда амавдас соның майдалауы еді. Майдалап болған соң, «енді бір састырайын» деген кісіше:

— Бүгін сіздің баяндамаңыз болады екен,— деп бір жашырақ қағазды ұсынды.

Балташтың тоқ ішегі қылып ете түсті. Қорқақтықтан дейсіз бе? Жок. Өз жұмысын білетіндіктен дейсіз бе? Жок. Баяндаманы талай істеген, орны да берік, арты да мықты. Соңда да баяндамасы түскір кісіге бір қышыл кіргізбей қоймайды. Қашан соны істеп, жауап беріп, айтқысып-тар-тысып аман-есен өткенше, көтiңе қыл баппайды. Қыл көшір тәрiзденедi де тұрады. Балташ:

— Барлық материалды жинап, реттеп беріңіз,— деді.

— Болады,— деп Тылаң иек-қақты да, шығып кетті.

Әйтсе де манағыдай емес, Балташтың сүреңі келіп-кіремейді. Сөйтіп отырғанда таңқы мұрын, бадырақ көзі жігіт кіріп келді. Келе:

— Амансың ба, жолдас?— деп үстелден асыла қолын созды.

Өзі сүреңі бұзылып отырған кісі, мына қыр қазағының омыраулап келіп қолын созғанын жарағнады:

— Аман,— деп кезінің қырын түсірді.

Бұл келген Мұқаш еді.

Мұқаштың неге келгенін Балташ та біліп отыр еді. Қанша жақсы көрген кісің болса да қайта-қайта келіп мазанды ала берсе, ішің пәлен тәуір көрмейді ғой. Және Мұқаштың материалы тексерілісін, оған дейін қызмет берілмесін деп кеше Ақбала бар, бәрі қаулы қылысқан. Сондықтан Балташ «отыр» деп те айтқан жоқ, қараған да жоқ. Мұқаш өзі барып, жақын орындықса отырды. Балташ көз қырымен тағы бір қарау қойды. Мұқаштың кеудесі күлсіген, көзі ежірейген, тындырып келдім деп түрі айтып тұр. Онымен де қойған жоқ, отырар-отырмаста:

— Кәне, жолдас! Мені не қылатын болдыңыздар?— деді. Не боларына көзі жеткендей-ақ. Өйткені ол бюрода да мақтау алған ғой, орынаға қой деп, Балташқа тапсырған ғой.

— Сен немене? Қандай қызметке тұрғың келеді?!— деді Балташ не сұрарын білмей, көзін жұмыққырап.

— Қандай қызмет болады? Жұрт істеп жатқан бір қызмет болады да,— деді.

— Елдегі қызметті қалайсың ба? Қалада болғың келе ме?

— Қала қызметіне менің оқуым жоқ қой. Елде болғаным дұрыс қой.

— Елде қандай қызметті қалайсың?

— Осы күні кім болса сол болыс боп жатыр ғой. Біз де соның біріндей қызмет қылармыз.

— Ә, болыс болғың келе ме?

— Қолдан келсе, неге болмайық дейміз? Бұрын байлар да болыс болды... Өзіміздің өкімет келгенде біз де болайық та,— деп жымыды. Онысы Балташты өзімсінгені еді.

Балташқа бұл сөзі ұнамады.

— Сен партияға не мақсатпен кірдің?— деп сұрады.

Бұл сұрау Мұқашқа шөлкем-шалыс келді. «Мені тергеуші сен бе едің? дегендей:

— Не мақсат болады? Көлейді жақтайды, қызметке келейді қояды, байдың малын келдейге епереді деген соң кірдік. Біз езілген таппыз. Малайлықта да жүргенбіз. Мойнымызға ершік салып, жүк те көтергенбіз. Енді біздің күніміз туған жоқ па?— деп, ажырайынқырап, бірталай өзі білген сөздерді айтты.

Балташ Мұқаштың мақсаты болыс болып, мал табу екенін байыптады, ішінен «сен де бір оболыш екенсің, Доганікі дұрыс екен» деп ойлады. Мұқаштың надандығын, одан басқа мақсат оның ойына кіріп шықпайтынын ескермеді. Мұқашты өзіне қоятын өлшеушімен өлшеді. Сондықтан оған қызмет берудің орнына өзін бірталай сөгіл, тергел, пікірі терістігін айтып келіп:

— Сенің бұл ойыңды білсе, партиядан дереу қуыласың... Елге сенің зәбірін көп тиген көрінеді,— деп, оны қорқытуға айналды. Мұқаш оған пәлендей ығысқан жоқ. «Сен қой-мағанмен бюро қояды» деп ойлады да:

– Сонымен, маған орын жоқ па? – деп түрегелді.

Балташ: «Медитсе болсаң қайтеді?» – деп еді, Мұқаш басын шайқап: «Болмаймын» деді.

Балташтікі де ұстап кетті:

– Болмасаң, жүре бер! – деп қолды бір-ақ сілтеді.

– Көрерміз, – деп Мұқаш есікті тартып қойып шыға жөнелді. Шыға беріп Балташтың әкесінен қозғай бір боқтап алды да атына мініп, бюроға тартты.

«Совет өкіметі кедейлігі дегені қайда? Кедейлігі болса, менен артық кедей бар ма? Менен артық Советке еңбек сіңірген кім бар? Әлгініңқыртып отырғаныне? Ол тұрмысын неге көгереді? Бұл бір буржой ғой! Оқыған неменің өстіп селтіе қалатыны бар. Сен қоймасаң да қоятын кісіні табармын» деген оймен атын борбайға бір салып, жортып келіп, танымал мекеменің алдына түсе қалды.

Бюрола Иванов дейтін арық, ку жақ орыс бар еді. Ауызда әркімдер есік күтіп тұр екен. Мұқаш есікке таман келіп, кимелеп ашайын деп еді: «Кезекпен кіресің» – деп, балалау орыс иығынан тартып кіргізбеді. Аман жоқ, қамшысын екі бүктеп, қолын артына ұстап, іріленіп, ежірейінкіреп тұрды. Алдында ноғайшалау киінген бір мұғалім тұр еді. Мұқаш биікте тұрған кісіше жан құрлы көрмей, көзін кешіетте-не бір салып қойды. «Болыс болатын мен кіремін! Жаман мұғалім, саған не бар» деген қарас екенін мұғалім қайдан білісін, жай тұрмай:

– Жолдас, қай елдікі боласың? – деді.

– Не керек? – деді Мұқаш тұрмысын көтеріп.

– Тарбағатайлық болсаң, елге баруға серік бола ма деп едім.

Мұқаш сөз қауға ерініп, тандайын бір қағып, басын шайқады. Өлден уақытта Мұқашқа да кезек келді.

– Ә, Мұқашқа! – деп Иванов қол ұсынды.

Мұқаш бүктеулі қамшысын сермел, балдыр-багпак тілімен Балташтың қызмет бермегенін сөйледі.

– Не айтады?

– Тындамайды. Өзі бір буржой көрінеді, – деді. «Қасқырдың қара құлақ деген шамы», дегендей, «буржой» десең-ақ большевик шамданады деп ұғынушы еді, «буржой» деген сөзді боғауыздан ксм көрмеуші еді.

– Как буржуй? – деп Иванов жымылдап, телефон қақты.

Мұқаш тылдап тұр.

«Қандай материал?» «Тастаныз, тастаңыз», «білем», «бос сөз», «қалдыр», «пажалысты», «жарамайды» деген сөздерін ұқты. «Қайда қалдыр» деп, неменеге «жарайды» деп жаққанына түсіне алмады. Бірақ Ивановтың қабақ түйісінен, қол сермесінен өзіне болысып сөйлеп жатқанын сезді.

Иванов телефонды шылдыратып қойды да:

– Күте тұр. Ертең мәжілісте қараймыз. Сені орналастырамыз, – деді.

Мұқаш «пажалыстыны» қағып, қол ұстап қолтасып, «кираттым ба?» дегендей апырандап тысқа шықты.

Көшеде келе жатыр еді, бұрыннан танымал Жақып деген жігіт жолықты. Жақып біресе агент, біресе милиционер, біресе инструктор боп жүретін. Орысшаға Мұқаштан гөрі жегік, пысық жігіт еді. Сөйлескен жерден:

– Қайырлы болсын! Болыс болды деді ме? – деді.

– Кім айтты?

– Сартау жігіттері айтты жүр.

– Жоқ әлі.

– Ойбай! Ендеше, сені болыс қоямыз деп сұранып жатқан кісілер бар.

– Кім, кім дегенде Мұқашты ерттіп, ауруханадағы Жылтырға алып келді.

Жылтыр кашаннан күтіп отырған немеше асты-үстіне түсіп жылпылдап, бай біткенді ондырмай, оның ішінде Матайдың Әбенін іске алғысыз қып, аяғында Мұқашты болыстыққа сұранып жатқандарын айтты:

– Болыстықтан басқа қызметке тұрма! Сені қайтсек те Сартауға болыс қоямыз. Бізге тек Әбеннің енесін ұрып берсең болғаны! – деп, Мұқашты әбден құтыртты.

Мұқаш не іс қылса да мұнан былай Жылтырларға ақылдасып тұрмақшы болды. Жылтыр өзі «науқас себеті» ауруханадан шыға алмай жатқанын ескертіп, Жақыпқа: «Мұқашты апарып қонақ қыл, не керегін тауып бер» – деп тапсырды.

Жақып кешке таман қаланың шет жағындағы өзі сияқты жылмандаған бір қазақтың үйіне әкеліп ет асқызып, са-

моған ішкізіл, қонақ қылды, атың жемге көміп қойды. Қалтасына «жұмсақтан» да басты. Көңіл көтерегің бір әйел де табылды. Мұқаш мыршымға кірді. Мұқаш көңілді, «Болыс болмаймын» деген ой жоқ.

Ертеңіне салып отырып Ивановына барды.

Иванов кешегідей емес, «Мұқашка!» деп қолың созған жоқ, салқын амандасыл:

– Қандай қызметті қалайсың? – деді.

Балташқа айтқан сөзін Мұқаш тағы айтты.

Иванов басын шайқап:

– Агент боласың ба? – деп еді. Мұқаш болмайтынын білдірді. Кешеден бері қарадай болыс боп қойған кісі емес пе? Агент болам деп бұрын былғанғаны тағы есінде, Иванов:

– Олай болса, үйіңе қайт. Керек қылсақ, алдырармыз, – деді.

Мұқаштың салы суға кетті, не айтарын білмеді.

Әңгіме былай: Доға, Төлеген, Тыпаңдар бас болып, Мұқашты Сартауға болыс қылмаудың әрекетіне кіріскен еді. Өйткені олар Әбеннің кісілері ғой. Бұлардан басқа да Әбеннің тілектестері әр мекемеде бар еді. Қалайда Мұқашты қаралау үшін «шекенің» бір агентін соңына салып қойған еді. Мұқаштың қайда барып, қайда тұрғаны, кіммен сөйлескені, қонаққа болғаны, самогон ішкені, әйелмен жақындық қылғаны – бірі қалмай «шекенің» «лауқылмақұзына» тіркеліп еді. Кеше Балташтың сөзіне сенбей, Мұқашты жақтап отырған Иванов бүгін сылқ ете түсуі сол «лауқылмақұздағы» жазуды көріп еді. Мәжілісте ол көргенін айтпағанмен, Балташтардың Мұқаш туралы материалды тексерейік деген жобасына «қазақ жұмысына кіріспейтіндіктен» көнген еді.

Мұқаш Жылтырына барып, келте сөйледі. Ол таңғалды. «Иванов солай дедіні» естіген соң, о да кешегідей жылыбыл-ламады.

– Мұнда бір машина бар екен. Сен енді өз шаруаңа жүре тұр. Біз мұның ізіне шөп салып көрейік, – деді.

Сонымен Мұқаш әрі елге жексұрын боп, әрі өкіметтен жақсы ат ала алмай, тұшайман болып, қалада бір-екі кеш сандалып жүріп, аулына қайтты.

Үшінші бөлім

ҚАЙҒЫ

Мінеки, Ақбілек үйіне келгені он бес шақты күн болды. Алғашқы кездегі Ақбілектің ісі: басына қара салу, баға қыла келген қағындарға көрісу-жылау, үйілеу, күрсіну, алдына тосқан құманға қолын тосып, көз жасын шаю, дастарқандағы дәмді шымқып аузына салу, түзге барып келу, қайта келіп, бір орыннан тапжылмай отырумен өтті. Бұрынғыдай емес:

«Жылқы ішінде Шұбарым,

Жібектен таққан тұмарын;

Өлпештеген есан анам,

Тарқамай қалды-ау құмарым.

Есіктің алды қазған жар,

Жар жағалай қаз қонар.

Жан апамнан айрылып,

Ішінде қалың қайғым бар...»

деген тәрізді, жырынды жетгелері үйреткен, құрама-сұрама жоқтауын, кісі келсе, сұақылдатып қоя беретін болды. Жетгелері солай деп жоқта деген соң, Ақбілек солай болуға тиіс екен деп айта берді. Әйтпесе ішіндегі қалың қайғысын білдіруге «Жылқы ішіндегі шұбар», «есік алдындағы қазған жар» сияқты сөздердің түк лайығы жоқ, мәнсіз, жат сөздер еді. Қалай да сол мәнсіз, жат сөздер мен жүректелі қайғының арасына сөйлеген сайын, жылаған сайын бірте-бірте көпір салынып, жалғасқан, байланысқан тәрізденді.

Әуелгі кезде: «Апыр-ау, осы байы өлген, баласы өшпен қағындар өлісімен қалай сұңқылдатып жоқтай алады екен? Неғыз жүреті аузына тығылып қалмайды екен?...» деп ішінен таңырқап жүрді. Өйткені Ақбілек әнежүні Әмір ағасын тосын көргенде, одан кейін әкесіне, қағындарға, аулына көріскенде түк айта алмай, екі сөздің басын ұйқастырып қоса алмай, тығылып қалды ғой. Кейін жетгелерінен жоқтау үйреніп алған соң, сондағысы өзіне бір түрлі балалық, топастық, жерсіздік, ұят сияқты көрінді.

«Бірақ ол күндегі менің жайы-күйімді жұрт ұғар: мен онда шұғылдан көрістім ғой, дауыма сөз түскендей болды ма? Бұрын мен дауыз қып көрдім бе?» деген ойлармен өзін-өзі жұбаттушы еді.

Аулына алғаш кеп түскенде қатындар қолтықтап, сүйрелеп әкел, әкесіне көрістірді. Жабыла көргілесө, апасы тірілігіннен жаман, ауылдың біткен еркек, әйелі көкпарға тартқан серкедей созылап, илеп, жұлқылап, көріп, әбден есеңгіретіп, әлсіретті. Бәрі де: «Қарағым-ай!», «Шырағым-ай!..», «Көз жасым-ай!..», Еркежан-ай!..», «Шырайлым-ай!..» деп, есіркеді, аяды, өзеуреді; беті-қолын жуғызып, алдына дәм қойып: «Іше ғой, жей ғой, қарағым!» деп үстіне түсіп, өліп-өшіп, күтті, сыйлады. Ақбілек бәріне де нанды, бәрі де бауырым екен, мені аяйды екен, әлі де мені жақсы көреді екен деп ойлады. Ауыл күткен сайын, «қарағым», «шырағым!» деген сайын, әнеуі аулына таянып келе жатқандағы өзінен-өзі именген, өзін ит тиген астай көріп жиренген, дүниенің қайғысын бір өзінің басына орнатқан, өмірге қол серметкен қалың ой, ауыр сезімдер бірте-бірте алыстап, үстің тот басып, ұмытып бара жатқандай болды. «Басыма қара тұмаңды бекер орнатқан екем, жұрт маған онша өзгерген, тосырқаған, менен үріккен, жиренген көрінбейді ғой. Мен әлі де осы ауылдың, осы үйдің ардақты бір баласы екем ғой...» деп, өз ойына өзі үйренгендей, бауыр басқандай болды.

Күндерден күн өтті. Үнемі кірген, шыққан танымал кісі, күнгіргелеген біркелкі «құлқуалда», «күледіқұлла», «оллаһу ядғу...», жаттап алған «шұбар», «тұмар», «есіктің алды...» дауыз қылған сайын Ұмысайдың қашанғы өлген Әбілдасын жоқтауы, өзі кім болса, соған көріскені, қатындардың айырғаны – бәрі де жапырақтың сыбдыры, судың ағыны, түйенің боздағаны тәрізді Ақбілекті тербетіп, әлдилеп, қалғытып, перде үстіне жапқандай, қайғысын бүркей берді. Бірақ қайғы ұмытылған жоқ, оның үстіне жаңа қайғылар жамалды.

Алғашқыдай емес, бата қылушылар сиреді. Ет пен шай кеміді. Онымен бірге ауылдың қатындары да қатынасын сиретуге айналды. Жалғыз-ақ жақсы көретін Ұрқия жеңгесі жанынан кетпеді. Бәйбіше өлгеннен кейін осы үйдің шаруасына араласқан сол екен. Әлі де бас-көз болып жүр. Балалардың үсті-басын да сол қарастырып жүр.

Балалар дедің бе? Оларды айтпаңыз-ау. Ақбілектің 12 жасар Қажікен деген бауыры, 7 жасар Сара деген сіндісі бар-ды. Ақбілек өзінен бетер сол екеуінің жетімдігіне қабырғасы қайысқан. Қажікен ойын баласы ғой, көбінесе балалармен ойнап, далала жүреді. Монғиған Саражан Ақбілектің жанынан екі елі айрылмайды; шашы жалбырап жабысып отырғаны. Ей, байғұс-ай! Әйелдер дауыз қылып жатқанда Қажікен үйге келмейді. Сара Ақбілектің дауысы шықса, көзінің жасын көреді де, бірге жылайды. Қажікен апасының жоқтығын артық елемейді, Сара жүлеп кетті. Ақбілек біраз есін жиған соң, Сараның кірін жуғызып, жыртылған көйлегін телшіп, үзілген түймелерін қадап берді; білтеленіп, биттеп кеткен басын жуып, шашын тарап, оңашада тізесіне жапқызып, битін қарап отыратын болды.

Әкесі бұрын да үй ішімен көп сөйлесе бермеуші еді; енді мүлде тұнжырап кетті. Малшыларға: «Түйе келді ме?.. Көк ат суарылды ма?.. Қой қалай шықты?.. Ана жүгенді үйге апаршы!» деген тәрізді шаруаның бірдеңесін айтады. Кейде Қажікенді шақырып алып, атқа мінгізіп, бұзау қайтарып келуге жібереді. Бірақ келгелі Ақбілекке әкесі сөз қатқан жоқ. Ақбілекке әуелі қарамайды да.

Бұрын көзіне көрінбесе: «Ақбілек қайда жүр?» деп сұрап отырушы еді. «Қарағым, ананы нетші!» деп оның мұныға жұмсаушы еді; кейде Ақбілек еркелеп қасына таман келгенде: «Қарағым!» деп маңдайынан иіскеуші еді, «Жел қарысар, белінді бусайшы, түйменді салсайшы» деп жаны ашып отырушы еді. Енді оның бір де бірі жоқ, жатырқап қалған тәрізді, «Апамның қайғысы шығар... Үйде кісі болған соң именетін шығар...» деп ойласа да, Ақбілек өкесінің оңашада бір ауыз тіл қатпағанына қапа болды. Ол түгелі әкесі Ақбілекпен оңаша қалудан қашатын тәрізді. Әкесі мен екеуінің арасын қара мысық кесіп өткендей, бір өткел түскенін Ақбілектің жүрегі сезеді. Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?.. деп сарылып, сарғайып күтеді; әкесінің көзі түсер ме екен деп көзінің қырымен жансыз аңдып та отырады. Бір қараса да қайғысы жеңілгендей, бақытты болатындай көреді. Сонда да әкесі көз салмайды. Енді Ақбілекке шешесінің өлімінен де мынау жаман бағты. «Жан дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге сыямын?» деп

қайттырды. Міне, Ақбілекті ендігі ауыр күрсіндіретін жаңа қайғы осы еді.

Ақбілек бұл қайғысын тірі жанға сездірмей көп жүрді, көп күтті, көп дөмеленді. Далаға барса да, Сарамен екеуі оңаша қалса да, сіндісін бауырына басып, көз жасы бұршақтай домалайды. Неге жылай беретіңін сіндісі білмейді, көзі жауғанда: «Тәге, қойшы, тәге, қойшы» дей берді. Ақбілек көзін сүрткен болады, бауырын уағып, басынан сипаған болады. Аз толас болып тұрады да, жаңбыр тағы тамшылайды.

Ақбілектің бұл дерті ұлғайды. Ұлғая-ұлғая ішіне сыймауға айналды. Кімге айтар? Кімге шағар? Кім болушы еді? Жасына бергі сырласы Ұрқия жегісінә айтпаса.

Ұрқия – Әмірдің қатыны. Әмір Мамырбайдың немере інісі. (Әмірдің әкесі Тәуірбай Мамырбаймен бірге туысқан ғой). Әмір өзіндік ораза апары бар біртоға, момын жігіт. Ұрқия түскелі 10 жылға айналып барады, жасы 27-ге келді. Бар айыбы – пұшаға қанаған жоқ, әйтпесе жібі түзу әйел. Бәйбіше тірі күнінде Ақбілектің ойынға немесе бетен ауылға жібергенде, жалғыз Ұрқияға сеніп, қасына соны қосып беруші еді. Туған шешесінен соңғы Ақбілектің жақсы көретін жақынды да, әдеп-әрхен үйренген ұстазы да Ұрқия еді. Өз үйінде айналар бала-шағасы, қаусар шаруасы болмаған соң, Ұрқия бәйбіше өлгелі Мамырбай ақсақалдың туған келінідей болып үйін ұстап тұра қалып еді. Осы Ұрқияға бір күні Ақбілек дөң астында отырып, қайғысын сөйледі. Ұрқия тыңдады да:

– Шырағым-ау! О кісі ашамның өліміне қайғыратын шығар. Сені неге жек көрсін?...– деді.

Десе де, ақсақалдың баласына салқындалғанын Ұрқияның да іші сезуші еді. Ақбілектің көңілін аулағалы әлгідей дегені болмаса, о да төмен қарап, шепті ширата берді. Онысы өз ойын айтарын да, айтпасын да білмей, ойланғаны ғой. Ұрқияның ойланғанын Ақбілек те сезді.

– Мен байқаймын ғой. Менен бойын қашықтаға береді. Мені көрмеген кісі секілденеді. Неге сезбейсің? Сен де сезген шығарсың. Кеше Сара екеуіміз оңаша отырғанда үйге басын сұға түсіп, бізді көрді де шығып кетті. Іле-шала сен де келдің. Сен сезсен де, маған айтпайсың ғой. Мені ренжір деп айысың ғой... Сенің онында мен білмеймін

бе?... Аламан соңғы бар сырласатын кісім сен едің. Сен де ішңе бүкпей сақтайтын болғаның ба?...– деп, Ақбілек жылап жіберді.

Ақбілек жылаған соң, Ұрқия да жылады. Жылап отырып:

– Бауырым-ау! Сенен не бетіммен бүкпе сақтайын...

Білген нәрсем болса, сенен жасырып... Ойбай-ай! Енді қайтейін!.. О не дегенің, қалқам?... Үлкен кісілердің не ойлайтынын кім біледі?... Саған айта алмай жүрген бір сөзім бар екені шың, оны жасырмаймын. Қалқам, ия-ау! Жұрттың неге таңырқайтынын білмейсің. Осы үйге кім келсе де бар ғой, бәрнің көзі сенде болады (бір тамсанып қояды). Саған жұрттың таңырқап қарағанына ішіңнен мен күйіл-пісіп отырамын... Сондағы ойлары не екен десейші?... Дәу де болса, ішім айтады: «Орыстардан кейін қандай боп қалды екен? Өзгерді ме екен? Жок, бұрынғы қалпында ма екен? Орыстар оған не көрсетті екен?...» деп қарайды-ау деймін. Әйтпесе таңырқайтын несі бар?

«Жұрттың ойы» десе де, Ұрқияның өз ойы да осы еді. «Орыстар апарған соң, не істейді екен?» деген сұрау өз аузына да келіп қайтып тұрушы еді. Бірақ өзі мынадай сорлы боп отырған «шырайлымынан» қапай беті пімірікпей, аузы барып сұрасын.

Әлгі сөзді естігеннен кейін Ақбілек жасын тыйып, көзі мөлдіреп, қиялға түскенде, алдында тұрған жөнеспесіне қарап, бедірейе қалды. Қарашақтағы құйын соққандай астан-кестен күндер заматта көз алдынан шапқан аттай бұдырап өтті.

Ақбілектің бедірейе қалғанын көрген соң, Ұрқия ойын білейін деп:

– Сені аман-есен келеді деген тірі жан болған жоқ... Өзіміз де күдер үзіп қойдық... Орыс шіркін өлтіріп тастады ғой деп ойладық: үлкен апамады көзіміз көрді ғой. Құдай сақтайын десе, қайда сақтамайды? Шыбын жаның қалған соң, не керек...– деді.

Ұрқияның «ерянің емеурінінен» оның ойын Ақбілек те біле қойды. Орыстардың неғып жібергенін бұ да естігісі келмеді екен деп ойлады. Ұрқия сездірмесе де, ай-жай болған соң, Ақбілек сырын өзі де айтпақшы еді. Бірақ «мақтанған кісіше не айтам? О бір жақсы нәрсе болса екен...» деп, іші-

не сақтап жүруші еді. Енді айтатын орын келді ғой деп, жөңгесіне бастан-аяк көрген оқиғасын сөйледі. Жөңгесі там-самыш, тындай берді. Қара мұрттың атып тастай жаздаған жерін, қасқыр қамаған жерін айтқан кезде: «Ой-пырым-ай, ойпырым-ай!..» деп үрейленіп, әңгіме біткен соң:

— Қалқам-а-ай! Қалқам-ай! Көрмегенді көрген екенсің ғой...— деп таңдайын қағып, басың шайқады.

Бұл сырды тірі жанға аузынан шығармасқа — Ақбілек жөңгесінен уәде алды. Содан кейін екеуі бұрынғыдай қалтқысыз дос боп кетті. Оңаша болса, жөңгесі Қарашат жайынан оны-мұны сұрап қояды. Ақбілек дүние көрген кісі боп, кейде қара мұрттың қылықтарын асырыңқырап айтатын да болды. Өткен күндер бір түрлі жиреншіткі болса да, айта-айта жиреншіткі жақтары ұмытылып, сұлу жақтары көбейіп, ертегі тәрізденіп кетті. Сырын айтқаны Ақбілекке де тәуір болды, бірсыпыра қапырығы сөйілген іспеттенді.

Алайда «әкем неге түзу қарамайды?» деген жұмбақты Ақбілек шеше алмады. Ол жұмбақтың шешуін Ұрқияның іші сезсе де, Ақбілекті аяп, айтады. Ақбілек бұл тұрмысқа да жүре-жүре көндіккендей болды, апасының орнына үй шаруасын басқаруға кірісті. Жарылып өлең бе, қайтсін?..

Мамырбай нәліктен баласына салқындады екен? Не ойлағаны бар екен? Өңгіменің бетін солай қарай бұрайық. Сыртына шығармай, доң айбатпен жүретіні болмаса, Мамырбай ақсақал тегінде балажан кісі еді.

Кім баласын сүймейді?

Сен туганда, Нұралым,

Төбел бие сойдырдым,

Төрт қырлап ошақ ойдырдым...

Қара кеске бөлеттім,

Ақ қара кес батад деп,

Бала кеске бөлеттім.

Алтыннан шумек ойдырттым,

Күмістен түбек қойдырттым...

деп, би Едіге — ер Едіге айтқандай, кім баласын үлде мен бүлдеге орамайын демейді? Кім баласының арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Аппатондай ақылды, Жи-

реншедей ағынды болғанын, сақалының ағында, елерінің шағында үйде ырыс, түзде өріс болғанын тілемеуді? Мамырбай ақсақал да баласының жақсы болғанын бір кісідей тілеуші еді. Тілегені емей немене: заманындағы құрбы-құрдасынан кейін қалмасын, өнер үйренсін, адам болсын, жатқа жалындырмасын... деп, Төлегенін 12 жасында қалаға оқуға беріп еді. 6—7 жыл оқып, ол, міне, адам болды. «Жат жұрттық бала ғой, бізбен қанша жолдастығы бар? Оң жақта аз күн тайтандап, дәурен сүрсін!» деген бәйбішесінің тілін екі қылмай, Ақбілегін маңдайға шерткен жан емес еді; оның тана-моншағына, сән-салтанатына дүние аяған жоқ еді. «Жыламайтын теңі ғой» деп, бәйбіше ұнатқан соң, Ақбілегін Бекболатқа тәуелді қылып еді. Ана екі баланы қойшы — әлі жас қой.

Бала қамын жесе де, ақсақал «баладан қол жалағам жоқ» деп ойлаушы еді. Неге десең, оқып, өзі адам болғаны не керек, қалада жатып, хат жазғаны, болмашы істен жан тартқаны не керек, Төлеген «қоқиып орыс боп кетті», жаз бір-екі ай елде тұра ма, тұрмай ма?.. Оң ай көз көрмейді. Онысы да оқа емес қой. Төлеген айтырып қойған әжептәуір қалыңдығын қоя беріп, малын бооқа шығын қылды. Оған да артық қынжылмас еді. Бірақ суық хабар естіді: Ресей жақтан қаңғып келген, атасын, жетесін билмейтін бір ноғайдың қызын алғалы жүр деседі. Мамырбай ақсақал «ноғай» десе, аза бойы қаза тұрушы еді; өйткені баяғыда Насырден деген бір бақалшы ноғай құла атының ақшасын жеп кеткен ғой. Ақсақалдың Төлегенге әсіресе ренжігені: кешегі бәйбішеден өлідей, Ақбілектен тірідей айрылып, басына қара күн туып, жалғыздық көргенде, сол шіркіннің бір көрініп кетуге жарамағаны еді. Келмейді деген кімнің ойында бар? Ағайын да, ауыл да күтті. Қолынан еш нәрсе келмесе де қарап, суалып отырған әкесін жұбатып кетсей-ші, о жаман туған шіркін!

Төлегені түз баласы болғалы, көзіне тоғанақ болып, өзін күтетін, сыйлайтын қарағы Ақбілек еді. Ажары да, мінезі де құлағына жағушы еді. Қақ-соқпен жұмысы жоқ, әдепті, әркенді, салмақты болып өсіп еді. «Құдай бұйрығынан» құтыла алмай, атастырып қойғаны болмаса, Ақбілегін қолынан шығаруға қимаушы еді. «Ең болмағанда, 4—5 жылға дейін бермесің» деп, құдасынан мал алуға да асықтаушы еді. Сөйткен Ақбілегі мұндай күйге ұшырады...

Алғашқы кезде ақсақал-Ақбілекті өлтенге санап жүрді. Бірақ «өлі» десе де, өліміе іші қимады. Кеше ғана күлкісі бұлбұлдай сайрап, сүйріктей боп өсіп келе жатқан кезінің құрғы, алданышы, қуанышы емес пе! Бәйбішенің орны бір үңірейіп қалса, Ақбілектің орны одан да бетер үңірейіп, үйі мүлде қуарып, адыра қалған моладай көрінді. Анау екі жас бала бұралқы күшіктей сенделіп, кірлеп, биттеп, құрттап жүдеубасқа айналып бара жатқанын көргенде Ақбілек тіпті керексізді. О болса, апасының орнына балалардың үсті-басын қарастырар еді, үйді үңірейтпес, қуартпас еді; қашан бір қатын алып, үйлігін түзеткенше, шаруаға да бас-көз болар еді. Туған-туысқанға не сенім бар? Бөрінің көздегені өз пайдасы.

Бірақ Ақбілегі «барсақелмеске» кетті. Жай кеткен жоқ, сүйекке таңба салып, масқара болып кетті... «Пәленшенің қызы сондай боқты...» деген атақ мәңгі жойылар ма? Әкесін бүйтіп қор ғып кеткенше Алмақтың ақ өлімінен кетсе, не арманы бар еді? Ақбілегін жақсы көргені, аяғаны, қызғанғаны, өкінгені, жирейгені, қорланғаны – бәрі араласыл, ақсақалдың жүрегінде зіл қара тастай бір бітеу жарапайда болған еді. Әнеуі «ақтар ұсталыпты» деген хабарды естігенде, ақсақал қорлықты да, намысты да ұмытып, аталық мейірімі жеңіп: «Ақбілек қайда екен?» деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалып еді. Сол қызудың үстінде кісі аттандырыл, сұрау салғызып еді.

Енді Ақбілек табылып, үйіне келген соң, оның сорлы болған түрін көрген соң, оның масқаралығын ойлаған соң, ақсақалдың намысы қайта қозғалды. Бұрынғы нәрестедей бана, ақ қағаздай таза көріп жүретін Ақбілегі, енді күйе жаққан қағаз, бала емес, қатын болып қалды. Ақсақал баласын Құдай қосқан күйеуіне де қызғанатын іші тар кісі еді. Баласы кірсіз, таза болғанын қалаушы еді. Енді – Ақбілек баласы емес, бетен әйел іспетті. Кімнен қалған әйел десеіңші! Қазақ болса да бір сәрі ғой. Ол ол ма? Келген, кеткен кісінің көзі Ақбілекте болатынын алдымен әкесі сезді. Бәрі де: «Мамырбайдың орыс бүлдірген қызын қара!» деп, ақсақалды көзге шұқыған тәрізденді. Енді Ақбілек әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа таманпалаушы маймыл ұстап отырған кісі тәрізденді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал өзін масқара болып абыройынан айрылғандай

көрді. Міне, ақсақалдың өз баласына түзу қарап алмай, қашақтап жүргені сол еді. Қызғаныш, жиреніш, өкініш, аяныш, ызса, қорлық – бәрі ұласып, оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырданар еді. Бірақ өз қолын өзі кессін бе? Өз ішіне өзі пышақ ұрып, жарылып өлсін бе? У жеген қасқырдай іші алау-жалау боп өргеніп, шытқиған сүлдесін сүйретіп жүр еді.

Кейде ақсақал оңаша отырып, терең ойға бағар еді. «Онақарда не жазық бар?» деп баласын бір уақ аяр еді. «Оны да құса қылмайын» деп бір ойымыш келсе де, оның басынан өткен күндер еске түскенде, Ақбілекті кеудесінен итеріп тұрғандай бірдене оның маңына жолатпаушы еді. Бір уақ: «Тезірек құтылсам қайтер еді» деп те ойлар еді. Бірақ қалай құтылар? Бекболат жуырда ала қояр ма? Үйі болса иесіз тұр. Әуелі өзі бір шүйкебас тауып алып, оның қамын содан кейін ойлаған дұрыс қой. Соңғы кезде ақсақалдың ойлап-ойлап тапқан түйіні осы еді.

Бірақ ақсақалға енді қатын ала қою да оңай жұмыс емес. Жасы жер ортасынан асып, міне, елудің бесеуіне шықты. Енді қартайғанда мал шығарып, біреудің жас қызын алып, баулып адам қыла ала ма? Ол алғаны қандай адам болып жолыңар? Бала-шағаны ол күте алар ма? Кәрі кісіге қанағат қылып отырар ма? Ұяты бар біреу кез келсе – құба-құп, жеңіл саяқ біреу килігің, бозбаламен жыртаңдағанын көрсе, одан да өлгені артық қой. Соны ойлайды да «бесік көргеннен» қолды қуады, «кесік көргенді» салмақтайды. Қайтып келген қатын, тегінде, жеңіл ойлы-ұятсыз боларды деп жаратпайды. Байы өлген қатынның не баласы, не әменгері болмай тұрмайды. Сыбай-салған, ар-ұяты бар, шаруаға ұқыпты әйел қайдан табылар екен? Ой тәірірім-ай! Дүниеде қартайғанда қатының өлмесіні! Одан үлкен қырсық болады деймісің? Бабы табыла ма? Пәле-дағы! Сол пәле Мамырбай ақсақалдың басына орнаған еді.

Мамырбай ақсақал артық бай болған да кісі емес, жоқшылық зарын тартқан да кісі емес. Өзі өз болғалы жаз сауамалы мен бір тоқтысын, қыс бір табақ етін қонағына беріп, әңгімесің, куліп-ойнап отырып жегенді – өмірдің бір қызығы деп білген кісі еді. Ауышпай ортасында, болыс ішіне де содырынан кадрі басым, салмақты, тартымды, табанды кісі еді. Ертеде бірер сайлауда би болып, кейінгі

еді. Бұл күнде насыбайы, қалжыны, ескі сөзі, «ондай қыл, мұндай қыл» деген ойыны болмаса, өзге өнерінен жүрдай болып дау қуып, ет андыған, екі күрек тісінен айрылған, саптамасының қонышы салпылдаңқырап кеткен сұқымдау шал еді.

Отырысымен-ақ Әлдекей әңгімені шерте бастады. «Арон Рашидтен» қозғалды. «Өз Жәнібек» те, «Жириенше шешен» де, «Лұқман әкім» де кіріп кетті. Сол елдері пәлен «жақсы», түген билердің сөздері де еске алынды. Қалайда Әлдекей отағасының сөзі желге кеткен жоқ. Төңірегін қапырық басып жүрген біздің ақсақал әңгімені тындаған сайын ауыл-қотаннан қиялы алыстап, басқа бір дүниеге кіргендей, көңілі жадырайын деді. Жадырағаны ғой:

– Уай, әлгі қойшыны шақыршы! Мына кісіге бір тоқты әкеп сойсын. Кәрі саулықтың еті бар еді, оған тісі өтпес, – деді.

О кезде Әлдекей қаз мойын қара шақшасын жаман қоныштан суырып, бас бармағын сұқ қолымен қаусырмалап, тырнағына насыбайын нашына келтіре сілке басады. Манадан бергі тіл мен жақты безеп отырғандағы қарасы да – бір тіске жұмсақ еді. Енді қара шақшаны қалай құтыртып сермесен де жарасты, қақ, шіркінді, қақ!

– Сен осы үйден бір қул жағып, насыбай уқалап алшы, – деп балалау жолдасына әмір қылды. Бағылан сойғызған соң Әлдекейден әмірінен күшті кім бар? Әлдекейдің серпетін де жөні бар: мылтығы бар милиция, агент, немесе болыс болмаса, елдің кім көрінгенге мал соя беруді де си-реуге айналған, баяғыдай мол дәулет жоқ, шығын көп. Және соғым соймаған бір жаман мезгіл ғой. Кешегі қонып шыққан үйі бір сүрі жетізіл, Әлдекей түйіліп, өліп қала жаздап, жолшыбай боқтап келген ғой.

Әлдекей отағасы жеңнің аузын қоныр тібенмен ұштаған сұр күпісін желбетейленіп, қызыл елгірі тымағының мінер жақ құлағын айқыш-ұйқыштай жымыршып, шалқайып отырып шайды да жақсы іпті. «Әйел баласы бір ауулы бала екен? Өтпен, орыс үйтіп тастағаны болмаса!» деп ішінен ойлап қояды. Өйткені әкесі тоқты сойғызған соң, бұл бір сый кісі екен деп, Ақбилек қара шай салғызып еді. Шайға қанып, құрыс-тырысы жазылып алған соң, Әлдекей қайдағы жоқ күлдіргі қулық тауып алып, бәйбішесі өптелі

уақытта оны тастап, қалаңай адамның қарақшы қылып қойып жүруші еді. Өйтсе де ағайын арасының сөзі ақсақалдың алдынан тараушы еді. Жалаң сөз қуып кетпей, бір жағынан шаруасын да қарап, алтан түспеуші еді. Бата қылған, «қайырлы болсын» айтқан ағайынның аяғы сиреген соң, үйге ие табылған соң, ақсақал бір беткей шаруа жұмысына кірісті. Қыс болса түсіп қалды, «қарашаның қары жауды. Алмағы, бермегі, соғымы, қаласы, даласы дегендей, орда-шарқы үйдің жабдығы аз ба?

Ақсақал сөйтпін шаруасына айналып жүргенде, бір күні үйіне бір жолдасымен Әлдекей деген тұрғыласы келіп қонды. Писекем үйінің қамшылар жағы тілік, мінер жағы солақ, сол жақ танауының шегі бар, торс таңбалы жалпақ торы биесі, Ысқақ үйінің мінер жақ құлағы оық, ақ айыл, ақ жал, бөдес сары биесі жоғалып, соған сұрау салып жүр екен. Әлдекей жолыққан кісіге осыны саулатып жүріп, замандасына «сәлем беріп бата қыла кетейін» деп түскен екен. Қоналқаның кезіне келіп қалды ма, кім білсін, әйтеуір Әлдекейдің айтысы солай.

«Әлдекей түсіп жатыр» дегенде ақсақал: «Осы да қаңғи береді екен» деген. Өйткені Әлдекей жоқ қуып, дау сеуіп, ел кезе беретін, өзі кедей болса да, еті тірі кісі еді. Ақсақалдың әлгідей дегені болмаса, Әлдекейден пәлендей жиренген де жоқ. Өйткені әрі замандас, әрі әңгімелесіп, көңіл көтергісі де келді. Сондай біреу болмаса, өзінен именетін ауыл-отанның кісілерімен көсіліп сөйлесе ала ма? Үнемі ауыл-үйдің адамы кісіні жабыландырып, тынышынды, өрісінді тарытып, қатын басшы, үй күшік қып жібереді ғой.

Әлдекей «әліп-ләмді», «құлқуалданы» үш еселіп қосып, құран оқып, амандасып болған соң, өткендегі бір ханның қайғылы боп басын көтермей жатқанда, бір бидің көңіл айтқанын айтып, басын көтергенін мысалдап, заманда-сына баптап көңіл айтты. «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме!» деген Абай сөзінен де бір ауызды айтып жіберді. Бұл Әлдекей ескіше бірталай сауаты бар, ескі сөзді көп білетін, «Мың бір түн», «Қырық үезір», «Тотының тоқсан тарауы», «Алты бармақ», «Қысасыл әнбилелерді» жатқа соғатын шежіре кісі еді. Жасында Байшауақтан бір жаман жығылғаны болмаса, балуан, домбырашы, әнші, тасбап-шы, сылқылдаған бозбала болған, қалжыңға да ұста кісі

езу тартпаған ақсақалды күйдірді: тоқтының етін ақтап жеу керек қой. Қашан ет піскенше Өлдекейдің аузында дамыл болған жоқ. Бір сөздің кезегінде:

— Балаларды жүдетпей бір шүйкебас алуыңыз екен, — деп басып өтті. Ақсақал Ақбілек жаққа көзіннің қырын бір салып:

— Ой, Өлдеке-ау! Енді қартайғанда, қатын алып не мез боламыз? — деді. Онысы аргы жағы — қатын алуға бел байлап қойса да, өзі қатын іздеген кісі болмай, жұрт ұйғарып әлергенді қалағаны еді. Және бала-шағаның көзінше «қатын алам» деп қалай айтсын!

— Е, о не дегеніңіз? Өлі тұғырдан түсетін кезіңіз болған жоқ қой. Екі күрек тісім жоқ, мен де Сәлиманды құшақтап жатырмын. Қатын алмаған соң ретіңіз келмейді ғой, — деген тәрізді бірталай «наштақат» айтты. Сөйтіп отырып: — Сізге лайықты кім бар екен, ә? Қыз алуға сіздің әптіңіз келмейді ғой. Қыз енді ұстатпайды. Шаруаға ұқыпты, байы өлген тұл қатын болса, ой, сізге сол марш келер еді, — деп, ешдегі тұл қатындарды бір-бірлеп екшей бастады. Ақсақалдың өз ойына мұныкі де деп келді.

Ертеңінде шайдан кейін ақсақал қораның бұрышында Өлдекей ексеуі отырып, бірқыдыру сөйлесті. Не сөйлескенін қайдам? Өлдекейдің ағы ерттеулі тұр еді, есік алдында тұрған Әмірлерге ақсақал:

— Уай, мына кісіні аттандыршы! — деді.

Өлдекей келіп кеткеннен былай, не ғажап екені белгісіз, ақсақалдың Ақбілекке бұрынғы қарасы өзгерді. Баласын жылы тартып: «Қарағым, ананы өйтсейші, мынаны бүйтсейші!» деп шаруаның, балалардың жайын сөйлесуге айналды. Ақбілек тірілді, әкесін жаңа тауып алғандай болды. Содан кейін ішкен асы бойына тарап, ажары кіре бастады.

* * *

Әйнектің тарам-тарам қырауы табандығына тырсытырса тамады. Іркінді суда тоңазыған шыбындар жүзеді. Күзгі күн төрдегі сары жайнамазға ашақ сәулесін төгеді. Әйнек алдында бастары түйісе жаздап, шүңкілдесіп екі жас әйел іс тігеді. Келіншек көк суыртпақты ерніне тістеп, суылдата суырып, жіп ширатады. Сұлу қыз кіпкене көк

кемзалды тізесіне салып, омырауына ойған таңа, күміс қалайды. Олардың артында, бұрыпта қара шашы жалбырап мандайына түскен томпаған бала бақайын жыбырлаптып, ақ қайшымен қуыршағына көйлек пішеді. Сұлу қыз артына бұрылып: «Келші, қалқам!» дейді. Қалқасы алдына келіп селтіп тұра қалады. Өлшекі жаңа бітірген көк кемзалын кигізіп, шабуын төмен басып, омырауынан сипайды. Жаңа кемзалына бала мез. Тігіп кигізгенге әлkesі мез. Екеуі де жымың қағады. Жаңа кемзал киген бала қуанғаннан ыршып түсіп, әпkesінің мойнын құшады. «Қалқам, енді былғамай ки!» деп әпkesі бетінен сүйеді. Қандай жарасып тұр. Жалғыз-ақ келіншектің ажары келмейді. Ауыр күрсінеді.

Бұл күрсінген — Ұрқия еді. Жаңа кемзал киген кішкене Сараның гүл-гүл жайнаған ажарын көргенде, ішкі дерті тағы бір қозғалып еді. «Ой, дүние-ай! Тым болмаса, жасаған осындай бір жалбыр шашты қимады ғой! Дүниеде баладан қызық, баладан тәтті не бар дейсің? Қуарған кү бас өмір — бейне жапырақсыз ағаш. Онда не көрік, не дән бар? Баласы болса, Ұрқия да осындай кемзал тігіп кигізбес пе еді? О да таңа-моншаққа омырауын саусылдағпас па еді? Балапанын бауырына басып, еміреніп, еркелетіп, жеп қойғандай құшпырлана сүймес пе еді? Көңілдің бар кірбіңі демде жойылып, мауқы басылмас па еді? Ой, бала шіркін-ай! Неден мұндай ыстық болды екен?»

Бала десе Ұрқия ішкен асын жерге қояды. Балалы қатындарды көргенде іші жарылып кете жаздайды. «Осылардың да арманы бар ма екен?» деп ойлайды. Кедейлік, жоқшылық, аштық, дерт, қайғы — бәрі де бір баланың қасында түк емес тәрізді. Қандай ғана қатын аузы барып баласын қарғайды екен, жылағанды, ұрады екен? Сараның сәнденгенін көргенде, баласыздық Ұрқияға тағы қағты бағты. Баланы өмірі мұндай тілеп көрмегендей болды. Баланы аңсап, шөлдеп, үш жүз алпыс екі тамыры түгел кеуіп, суалып бара жатқандай, емешесі құрды. Неше күн шөлде жүрген адам да мұндай шөлдемес.

Ұрқия күйеуім қатын алады-ау, мені шетке қағалы-ау деп қорықпайды, күйеуіне сенімді ғой, қайта «тоқал ал» дегенді зарыққан кезде өзі айтып жүретін ғой. Десе де, кім біледі, жасаған иш, бойына бала бітіп қала ма деп,

Күнгейдін қырбық қары кебірленіп, өкшеге жабысады. Желкем. Қоныр салқын. Ақ киімді алып таулар ауылдың үстіне төніп тұр. Ақ шымылдықтың бетіндегі қара шыбындай, анау белкейде қой жайылып жатыр. Тау басындағы бүркіттей болып қойшы көрінеді. Сырттағы терең сайда аттардың жоны қылтылдайды. Бауырдан артына таяғын келденең ұстап, талтандап біреу келеді.

Ұрқия мен Ақбілек шапандарын бүркеніп, күнгей жақ төмпейден асып барады.

— ...Сондағы баспа ғып келгені осы төмпей ғой?— деді Ақбілек, төмпейге шыға беріп.

— Осы төмпей,— деді Ұрқия жан-жағына қарап.

— Оқтың қиындай, ей жасаған-ай дейім-ау, тап со күні сап ете түсуі қалай?

— Апырым-ай десейші...

Осындай әңгімелерді сөйлескелі төрт-бес күн болды. Әкесінің қабағы түзелгеннен бері Ақбілек күйеуін есіне ала бастап еді. Бекболаттың жараланғанын, қалада жатып емдегіп жазылғанын Ұрқия өнеукүні естірткен ғой. Бірақ ол кезде Ақбілек егжей-тегжейін сұрағандай болған жоқ. Жатса-тұрса әкесінің өзгеруін уайымдады ғой. Енді көңілі бір жайлы болды. Келімді-кетімді кісі азайды. Оңаша үйде Ұрқиямен отыруы көбейді. Ұрқиядан бүгетін сыр бар ма? Күйеуін сөз қылғанды сүйетінін сезіп, оңаша болса Ұрқия да әңгімесінің бетін солай бұра беруші еді. «Бекболаттың көңілі бұрынғыдай ма екен, жоқ өзгерді ме екен?» Екеуінің шеше алмай жүрген жұмбағы сол еді. Сол жақтан келген жігітке «білші» деп тапсырып жіберіп еді. О жігіт қағынамағалы бірсыпыра болып барады. Түзге шықса, екеуі төнірекке көз салар еді. Кісі қара көрінер ме екен дейді ғой.

Соңғы күндері неге екенін қайдам, Ақбілек күйеуін көп ойлайтын күйге ұшырады. Бұрдың бозбалаға да онша телміре қарамаушы еді. Еркекті аға, өзін қарындас деп санаушы еді. Күйеуінен өзге бозбаланы — берісі әзілдесуге, орамал тастасып, беттен сүюге болады, бірақ қойнына жағқызуға болмайды деп ойлаушы еді. Енді еркек көрсе, қойынға жағқаны, құшақтағаны қандай екен деп ойлайтын болды. Кімштен еркекті жаланап түрінде көзіне елестеткісі келеді. Ол ойынан өзі ұялып, безейін десе, безе алмады. «Япыр-ау, мұным қалай? Ұят-ау! Шыныммен бұзылып кет-

екеуі де дәмеленетін. Ұрқия жағса да, тұрса да Құдайлан бала сұрайды, бақсы-балгерге қарағқан, кожа-молдаға үшкірткен, әулие гасқа әлем байлап — түнеген, Құдайы садақасын да талай берген, мойнына бұршақ салып тілеген, сонда да әлі бала жоқ.

— Еркежан, бері келші! Сен маған бала болсаң қайтеді?— деп, Ұрқия Сараны алдына алып, қысып-қысып сүйді.

— Боласың ба?— деп Ақбілек жымиды.

— Сара «шын айтып отыр ма?» дегендей, әпкесіне қарады.

— Ой, жасаған-ай! Біз де бала сүйетін күн болар ма екен?— деп тағы бір үһілеп қойды Ұрқия.

— Басың жас, Құдайдың қазынасы кең ғой, сүйерсің.

— Қайдан білейін! Айтқаның келсін-ау! Шырайлым-ау, саған жорығтайыншы. Бүгін мен бір түс көрдім. Түсімде біздің ауыл көшкен екен деймін. Сенімен екеуіміз көштен адасып қалған екеміз дейім. Бір асудан ассақ, алдымыз екі таудың қуысындай, бір Құдайдың уысындай құлама құз екен дейім. Құздың үстінде қалықтап жүрген бір қара бүркіт бір мезетте бізге таман төніп келді де, сені кетеріп алып кетті. «Ой-бай-ай! Өлтіреді-ау!» деп қайтерімді білмей безектеп тұрмын. Бүркіттің бауырында көйлегің желпілдеп, тура күн шығысқа қарай кетіп барасың. Алыстаған сайын қара бүркіт ақ бауыр торғайдай боп көрінеді. Бүркіт сорғалап, төмен құдилады. «Енді жейді-ау, енді жейді-ау!» деп тастан-тасқа секіріп, жүгіріп келем... Қарасам, сен бір ақ үрлік балапан болыпсың. Бүркіт жоқ. Жартастың басында көзің бақырайып отырсың. Қайдан келгенін білмеймін, ар жағынан өнеуің өзін айтқан Іскендір дуана шыға келді. Балапанды қолына қондырып келе жатыр. «Дуана-ау! Балапанды маған берші!» деп едім, дуана ұстаға берді. Балапанды бір қолтығыма қысып келе жатырмын...

— Ойпырым-ай! Мен тағы бірдеңеге ұшырайтын болармын Құдай-ай! Мен тағы бірдеңеге ұшырайтын болармын ба?— деп Ақбілек көзі бажырайып қалды.

Олай жориды, бұлай жориды. Екеуі де жори алмады, қорықты. Ақырында «түс түлкінің боғы» да десіп, бірін-бірі жұбатты.

— Сара байғазы сұрап ауыл қылдырып кетті. Ақбілек пен Ұрқия шәутім алып, түзге жөнелді.

кенім бе? Қатын болғандықым ба?!» деп таңданаар еді. Әйел біткеннің бері осылай ойлай ма екен? Жалғыз мен бе екен деген сұрау келсе де Ұрқия бұзылған екен деп ойлар деп, сақтанушы еді. Өйткені Ұрқияның кезінде әлі бала ғой, кеше ғана қолында өсті ғой.

Күндерден күн асқан сайын Ақбілектің күйеуін көксеуі толғақша жиілене берді. Күйеудің ойламаса отыра алмайды, ойлау тұрсын, тілейді, тілеу тұрсын, ынтық болады. Ұй оңаша болса, Ақбілек керіліп-созылып, шалқасынан жатып, көзін жұмып, қиялына күйеуін екеледі. Құшпақтаса, сүйсе... Сонда құмары тарқайтын тәрізді. Енді Ұрқияны көрсе:

— Ана жақтан хабар жоқ па? Жасаған-ау, неге кешігіп жағыр?— деп, серт байласқаннан жаман Бекболаттың келуін күтті.

— Хабар жоқ... Кім біледі, о жақтағы елдің не деп жақпанып, — деп Ұрқия күдік айтады. Ақбілек ол ишараға түсінбей:

— Неге хабар бермейді екен?.. Неге кісіні әуре қылады екен?.. Қыздың күні де бар болсын!— деп өз ойын сөйлей берді.

Бір күні алақ-санақта Ұрқия келді. Шам жағудан гөрі ерте, алайда үй жарық емес. Ақбілек бұрыштағы кішкене кілемнің үстінде жастық шынтақтап жалғыз жатыр еді.

— Шырайлым-ау! Бейуақытта неғып жатырсың?
Шам жағатын уақ болды ғой?— деп еді, Ақбілек енжарлана есінеп, еркелі, назды, майда үнін созып:

— Жа-ғы-лар, — деді.

— Шам қайда еді? Мен жағайын...

— Жсңеше, несіне асығасың... Ерте ғой, — дей Ақбілек бөксесін бұрандатты.

— Жақпағаныңды көрермін!— дегендей, Ұрқия қасына таянып, қолын созып:

— Мынау қолымда не бар? Ташшы, — деді.

— Қолыңда ма? Құрт.

— Жоқ.

— Қант.

— Жоқ.

— Күміс.

— Жоқ.

— Енді не? Түрі қандай?

— Ақ.

— Ақ... ақ... Жұмсақ па? Қатты ма?

— Онысын айтпаймын. Әйтеуір өзі тәтті нәрсе.

— Өзі ақ, тәтті — қант тағы.

— Қант емес, бірақ ең керек нәрсе.

— О немене, жеңеше?

— Бұл сондай қымбат нәрсе, өмірдің бар қызығы осында.

— Ойырылым-ай! Бұ немене екен?! Мұдуар қылмай айтшы, жеңеше!

— Әуелі сөнің бағың да осында.

— Өй, алақай-ай! Хаг екен ғой!

— Таптың, таптың... Бермеймін деп едім, — деп Ұрқия қалжыңдап, тұмарша бүктелген кішкене қағазды алақанына басты.

Манадан бері шам жақпай, енжарланып жатқан Ақбілек дереу атып тұрып шам жағып, жерге қойды да, қағазды жеп қоятындай қадала қарады.

Хагтағы сөз мынау:

«Ғызетлеу, о құрметлеу ғазырдан көргүлі мағшұқым Ақбілекжанға көптен көп егзу сәлемдерімізді ырсап айладік. Бағдында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, алқамдай селле сағ-сәлемәт деп білесіз, қайын ағамыз Төлегеннің ярдемі арқасында жарақатымыз жазылды. Бұл күнде атқа мініп, құс салуға жарадық.

О бағдында сіз ол тарапта кәпірдің қолынан аман-есен қалас болғаныңызды есітіп, ұқраана еттік...

Тағдырда язмыш илан дәрліл-панадан дәрліл-бақая рақылат еткен шапқатлы анамыздың иманы саламағ болғайды. Қасаға разы, бөлеге сабыр егдіз.

Ұтбу Ақберген жолдасымны сізге көділ айтып, аманлық білу үшін жіберіп отырмыз, һәрнешік болсын, біздің көңілімізде бөтен ниет жоқ. Сіз де көңіліңізге бөтен нәрсе алмағаныңызды тілеймін. Аз күнгі қайғы-жапаға сабырлық қышыңыз. Не нәрсе болса, қайырын тілейік. Онда сізлер, мұнда бізлер аман болғай едік.

Дәю қалам тебіреткуші бырадарыңыз Бекболат деп білесіз».

Бұл хатты анау-мынау Әйел оқыса, қуанғаннан секіріп түсер еді. Ақбілек мырс етіп күліп жіберді.

— Жеңешетай-ай! Жақсы болды ғой!— деп, хатты қалтасына салуға қимай, қайта-қайта ашып, айналдырып көре берді.

— Айтқам жоқ па?

— Ақберген қайда?

— Біздікінде отыр.

— Маған жолықпай ма?— деді де: — Жоқ, ол болмайды екен,— деп, өзін-өзі тоқтатты. Ақберген бір түрлі жылы көрініп кетті, өйткені ол жарынан хат екеді ғой. Көргісі келсе де, басы қаралы екенін, жолығу жеңілдік болатынын ойлады.

— Енді кайтеміз?— деді.

— Кайтесің? Сен де хат жаз.

— Не деп жазам?

— Өзің білесің, көңілдегі сөзіңді сен де жаз. Ұяласың ба?

— Апырым-ай! Енді не деп жазам?

— Таңерген ерте жүреді. Қазір дайындап қой. Мен бір айналып келем,— деп Ұрқия кетіп қалды.

Ақбілек қол сандықтан кестесіз атон қызыл қарындашы мен бір парақ қағаз алып «Қыз Жібектің» астына салып, етпетінен жағып, қарындашын жалап қояды.

«Ғазіз көргушіні», «бағдында хал-ахуал сұрасанызды» бұл да жазды. Содан кейін аузына сөз түспеді. Сөз саппақ тұр, бірақ қайсысын жазарын білмеді. Біресе бөріні айтқысы, көп жазғысы келеді, біресе әдепті ойлайды. Қанша жазса да, ойдағының мынанан бірін жеткізе алар емес. Қарындашты жалай түсіп, біреу келіп қала ма деп, саскалақтап отырып:

«Бізде де бөтен ниет жоқ. Үшбу хатты алғаннан кейін бір келіп кетпегіңізді тілеймін. Асығыс жазылды. Ғайып етпегізіз... Дәю Ақбілек» деп жазды.

Аздан соң Ұрқия келіп, хатты алып кетті.

Ел жағса да, Ақбілек оғу. Оның қиялында — келешектегі сұлу өмір. Өзін ұзатқан екен дейді. Басында — жібек желек, кигені — үлде мен бүлде. Жанында Ұрқия мен Сара, ауылға тауу жасыл сайда тамылжып, сызылып тұрғанда, алдынан самаладай болып қызылды-жасылды қыз-келін-

шектер келеді. Олардың көйлегі де, көк шалғын да, күлкісі де судырлап, сыңғырлап кетеді. Шекесіне тырс-тырс еткізіп, қатындар шашу шашып, балалар аяғының астынан таласа-тармаса алып жатады...

Құлпырған шайы шымылдықты алдынан ұстап, қаз қатар қыз-келіншектің қақ ортасында желегінен екі көзін жылытыратып, Ақбілек келе жатыр. Жұрт мәре-сәре, у-шу...

Жасауын жайнатып жиып, кілем, көрпе-төсегін оғулы ақ отауға әкеліп кіргізеді. Құрулы шымылдық ішінде бықырлаған қыз-келіншектердің ортасында Ақбілек отырады. «Келінді көреміз» деп үлкен қатындар келгенде, Ақбілек сызылыш түрегеледі. «Ашшы бетін!» деген бір өктем дауыс шыққанда, желегін бір қыз ашады. Ақбілектің келбеті ай мен күндей. Қатындар таңғалады. «Көп жаса! Отыра ғой, шырағым!» дегенде, Ақбілек жібек көйлегін суыдыратып отырады...

Той өтеді. Ел тарайды. Ақбілек ақ отауында... Ол — келіншек. Басына жаулық салындырыпты, сыртында — желегі. Төсекағаш алдында ақ саусағы майысып, күйеуіне ақ көйлек қиып отыр. Жанында домбыра шертіп, Бекболат жанғайып жатыр. Ақбілек ол әдемі күй шергенде, жаны сүйсініп, күйеуінің бетіне жымия, жылы қарайды, ішінен: «Жаным-ау!» дейді. Бекболат та жымнып, қолын созады. Ісін қойып, Ақбілек шынтақтап, күйеуіне таман жақындайды. Күйеуі мойнынан құшақтап, үлбіреген аузынан, мамық тамағынан тәтті сүйеді. Бірінің көзіне бірі қарайды. Қараса да тоймайды...

Үлкен үйдің самауырыны қайнағанша Ақбілек отауының түндігі ашылмайды, жібек шымылдық күлімдеп күн сәулесі жабықтан түскенде Ақбілек тұрайын десе де күйеуі қыпшасынан қысып, қытықтал, күліп, жібермейді. «Болар енді, сәулем!» деп Ақбілек тұрып киініп, жез құман алып, майысып, дөң астына түзге кетеді.

Ілек-ілек болып жүгіріскен, ойнақтаған боға, желі басында құлын ұстаған, бие қуған бала-шаға, тезек терген, ән салған қыз-келіншек... Соларға қарап Ақбілек ақырын аяндап келіп отауға кіреді. Өзі дәрет алып болған соң, күйеуінің қолына су құйып, шымылдықтың бауындағы кестелі орамалын әпереді...

Кешке таман қанжығаларына қатарлап қаз-үйрек байла- нып, бедеу мініп, қаршыға ұстаған күйеулері келе жатқанда, Ақбілек ақ отаудың жанында қарап тұрады.

Көшкенде, Ақбілек желетін қайырып, беліне қыстырып, отеуын жығысып, жүк артысады. Көш жөнеліп келген соң, артта қалған өңшең қыз-келіншек көк жорға мінген Ақбілекті орталарына алып, көшке жеткенше жарыс са- лады. Бұлар көш қасында топтанысып келе жатқанда, қолдарында қаршығасы, бір топ болып күйеулері де сы- пылдағып өте шығады...

Ақбілек бала көгереді. Күйеуіне тартқан бір жақсы ұл табады. Күйеуі Ақберген екеуі ана жақта қаршығаларын айналдырып жатқанда Ақбілек бесіктегі бөбегін тырбыған саусақайынан сүйіп, арқалығына асылып, еміреніп, емізіп отырады. Ағасы атқа мініп кеткенде, басына үкілі тақия кигізіп, бөлесін алып алдынан шығады.

«Ағанды қарашы, шыбыңым!» дегенде, бөбегі ұмты- лады. Ағасы бөбегін жоғары көтеріп, насыбайын искей- ді...

Бұдан да сұлу, бұдан да тәтті қиялдарда жалшы, Ақбілектің көзі ілінеді...

Таңертең Ұрқия келгенде, Ақбілек:

— Кетіп қалды ма?— деп сұрады.

— Кетіп қалды,— деді Ұрқия.

Өйткені кешегі хатта күйеуін шақырғаны ұят болғандығы артынан есіне түсіп еді.

* * *

Арада төрт-бес күн өтті ме, қалай.

Ақсақал үйде жоқ еді, Ақбілек Сарасын қолынан ұстап, әйнек алдында тұр еді. Малшылар мал қоралатып, малшы қатын сиыр сауып жатыр еді, қораның жоғарғы бұрышынан әйелдің жеулығы ағараң етті. Ұрқия екен.

— Қалқам, құлағыңды әкелші,— деді...

— Шын ба?

— Шын емей.

Ақбілек Қажікенді шақырып кел деп сіндісін жіберді де, ауызы жабыса қалды.

— Енді қайтеміз?

— Біздікіне түседі де...

226

— Ағайдан ұят емес пе?

— Жоқ, ойбай! Екеуінен бөлек онда не ой бар дейсің.

— Біздікінен бір тоқты сойындар.

— Шырайлым-ау! О не дегенің? Оған бір күн қонақ асы бере алмағанымыз ба?

Ақбілектің жүрегі алып-ұшып барады. Үйге кірді. Шам жақты. Шай жасады. Алашаның қайрылған жерін жазды. Жайнамазды дұрыстап ілді. Әйтеуір бір жерде байыз тауып отыра алмай, оған да, бұған да алаңдай берді. Ол бейне бір осы үйдің ішін көруге, сынауға, мінеуге келген кісі тәрізді. Бәрі де жинақы, таза, ретті болса екен дейді. Самауырын да, Қажікеннің жеңі де, малшы қатынның бет-аузы да, дастарқан, орамал да кір тәрізді.

— Қарағым-ау! Жеңің салтақ-салтақ боп кетіпті ғой! Мұрныңды жеңімең сүртпесейші, әлдекімнің баласына ұсап,— деп, Қажікенді иегінен қақты.

Қажікен Сараның қолындағы бауырсағын түсіріп, Сара ыңыдайлап жылағалы келе жалыр еді:

— Айналайың, күнім! Қоя қой енді. Бауырына тимесей- ші! Сенің есің бар ғой!— деп екі бауырын уатып, басалқы айтты.

— Үрбіле-ау! Бетіңді кішкене жуып жүрсейші!— деп, қазаншы қатынның алдына бір уыс бауырсақ тастады. Жаулығы тозып кеткенін жаңа көргендей, апасының ескі кимешегін бермек болды.

— Күн ұзақ далада жүргенде іштерің пыспай ма?— деп, қойшыға да тіл қақты.

«Бұ қай сөзі» дегендей қойшы таңырқап:

— Неге пысады?— деді.

Ақбілек бәрінің қамқор анасы өзіңдей, бәрің де қанағы астындағы балапанындай бауырына басып, жылытқысы келеді. Бәрің де өзіндей қуанышты, бақытты болса екен дейді. Ешкімді ренжітпей, ешкімге жамандық ойлайтын түрі жоқ. «Неге пысады?» деп, қойшының қоңырауының да жарастықты көреді. «Қайтсін, бақыр! Шаршап келеді ғой» деп ойлады.

Шай күндегідей ұзақ ішілген тәрізді. Сараның ұйқысы келмейтін тәрізді. Қарадан қарап отырып асыға береді. Шай жиылысымен балалардың төсегін салды, тысқа шықты. Ас үйдегі Үрбиеге барып: «Қазанды тезірек қайнат, ертрек

227

ашылғанда, Ақбілектің беті де ұялып, кіруге жүрексінші, әнтек кідіріп қалды.

— Кір, қарағым, кір!

Олар көрінбейді. Бірақ осы үй толған олар. Көйлегін судыр еткізіп Ақбілек кіріп келді. Бекболатқа отырған үйі нұрға толып кеткендей болды. Ақбілек жеңісінің артынан ерц, сызылып келіп, төменірек отырды. Тура қарауға дәлі шыдамай, төмен қарады.

— Есен бе, қарағым?— деп әуелі Ақберген амандасты. Бекболат қалай амандасудың есебін таба алмай:

— Есен бе, қарағым?— деп жолдасының сөзін айта салды.

Ақбілек:

— Шү-шүкір,- деп ернінің ұшын қимылдатты.

Тым-тырыс.

— Аңаңның артқы жақсылығын берсін! Құдай әмірі, бәрі мақұл. Тек өз маңдайларың ашылсын!— деп, үнсіздікті Ақберген сөйлітті. Бекболат үндеген жоқ.

Ақбілек уысындағы торғын орамалымен көзін сүртті. Бекболат төмен қарады.

Ол екі арада Ұрқия етін түсірді. Қонақтарының қолына су құйып, дастарқан жайды. Төсін салып, семіз тоқтының жарты етін түгел асқан екен. Он шақты тоқтының маңдайы ғой.

Ақбілек күйеуіне онша таянбай, арасына бір кісі сыйғандай қылып, табаққа таман отырды. Ақберген пышағын алып: «Тураймыз ба?» дегендей Бекболатқа қарады. Бекболат ым қақты.

— Құдағи, мұнда келіңіз!— деп Ақберген астың алдын ана жақтағы қайын ағасына жіберу керектігін білдірді.

«Ойбай, жей беріңдер, қарақтарым! Күйеу кәдесін соң істерсіңдер»,— деп еді, Бекболат сақау кісіше ымдап болмаған соң, Ұрқия табақты ауыз үйге апарып, бір жапырақ кесіп беріп, қайта әкелді. Күйеулер Ұрқияны шақырып, төртеу болып, табақты жағалай отырып, ет жеуге кірісті. Ұрқия отырарда Ақбілекке қарап:

— Қарағым, жақын отыр! Бекболаттан несіне ұяласың. Екеуіңнен жақын кісі жоқ. Бұ да бір мереке емес пе?— деп түртіп еді, Ақбілек әнтек қозғалды. Әйтсе де табаққа да, Бекболатқа да қашығырақ еді.

жатамыз, ұйқымыз кеп отыр»,— деді. Қайтып кел, жұпар сабынын бұрқырағып, бетін, мойнын, білегін әбден таза-лап жулды. Әбдірені ашып, мәре көйлегін алып, балаларға көрсетпей апасының ескі жаулығына орап, көрпенің арасына қойды.

Ет піскенше Сара ұйықтап қалды. Қажікен қойшының қасында отырып, «Жалмауыз кемпір» деген ертегісін айтқызы. Ет түсірілді. Ақбілектің ет жегісі келмейді. Малшыларға «жендер» дей береді. Етті жеп болып келе жатқанда Ұрқия келді.

— Жеңеше, ет же!

Ұрқия:

— Ауыз тиейін,— деп бір жапырақ салды.

Ет жеп болғаннан соң, Қажікенді жапқызып, Ұрқиямен екеуі тысқа шықты, әйнек алдында тұрып, екеуінің күбірлескендегі әңгімесі — қалай жолығу, қай жерде жолығу еді. Ұрқияның ойы Ақбілекті өз үйіне апарып, екеуіне бір табақтан дәм жегізу еді. Ақбілек Өмір ағасынан ұялып, әрі үйдегі балаларды жалғыз тастап кетудің есебін таба алмай, бармауды қалап еді. Қаласа да Ұрқияның ойы дұрыс, шамның жарығында оны көріп отырып, бір табақтан ас жеген қандай жарастықты! Бұл тұңғыш жолығуы ғой, әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп Ақбілек балаларды ұйықтатып, баруға бел байлады.

Балалар ұйықтаған кезде Ақбілек мәре көйлегін, таза кемзалын киіп, жұпар иісін аңқытып, бикасап шапанын жамылып, аяғын ештеп басып, есікті елтеп ашып, буыны дірілдеп, табалдырықтан атталды. Ай жарық. Қар күмістей жылт-жылт етеді. Жұлдыздар жайнап тұр. Екі үйдің арасындағы жалғыз аяқ жол қарауытып жатыр. Бұл жол — жұмаққа апаратын жол секілді. Осы жолмен барып қызықты, тәтті, сұлу өмірдің есігін ашатын секілді. Басқан сайын бақ есігі жақындалды. Жүрегі дүрсіл қағалды. Ұрқия алдынан шықты.

— Өмір ағам қайда?

— Ауыз үйде. Сендер оңаша боласындар.

Ой, Алла-ай! Ақбілек шын сонымен бірге отырғаны ма?

Ұрқия есік ашты. Қатты ұйықтап оянғандай, қаранғы үй кенет жарқырап кетсе, көзін қандай ұялады. Бақ есігі

жатқанын ақын Абай болмаса, біз суреттей алмаймыз...

Аңсап жолыққан екі ғашық тар төсекте не айтысып, не қойысады? Таң атқанша пыл-пыл деп көп сыбырласты, ол сыбырды жазуға роман – қалам, аспан – қағаз, теңіз – сия болу керек.... Және қараңғы үйдегі күйеу, қалыңдықтың сыбырын тыңдайтын жеңгесі біз емес, оны жеңгелерінен сұрай жағасыз; әйтеуір ел тұрмай, Бекболат атқа қонды. Ақбілек шапанын бүркеніп қасында тұрып, жеңгесі қолтықтап аттандырарыш, саулық тілесті.

Бекболат келіп кеткеннен былай, Ақбілек анасының қайғысын аз-аздап ұмыта бастады. Өйткені өз тілегі, өз өмірі, өз бағы қызықтырақ, басымырақ бола бастап еді. Бекболаттың жиі келіп жүргенін тіледі, онсыз өмірде қызық жоқ тәрізді көріңді. Алайда ол тілегін күйеуіне білдіруге ұялып еді.

Бір күні жүрегі айнып құсқаны... Жүрегі бейжай болды да тұрады. Жұмыртқаға зауқы шабады. Таңданады. Жерік болғаны ма? Бекболат келіп кеткелі бес күн ара-лаған жоқ қой. Онымен де тұрмады, Ақбілек толғақ науқасқа ұшырады. Ұрқия өзі бала көтермесе де, бала көтерген әйелдердің жерік болғанда қайтегінін біледі ғой. Ақбілектің жаға беретіні, жұмыртқа іздегені, талғағы – аумаған бала біткен әйелдің белгісі. Ақбілек жеңгесінен дертінің мәнісін сұрай берген соң:

– Қалқам-ау, бойыңа бірдеңе бітгі ме деп шошимын, – деді.

– Қойшы, жеңеше? Қайдан бітеді?

– Кім біледі.

– Жаңада емес пе еді?..

– Қайдам...

– Тез білнуші ме еді?

– Біраз ай өткенде білінсе керек еді.

– Еңдеше бұрын болды ғой.

– Сөйтіп масқара болмаса...

Айтқандай-ақ екі қабат болғаны күн асқан сайын мәлім болуға айналды. Етегі де көптен бері сынбапты, іші томбайған іспетті... Ақбілекке бұл – жаңа дерт бол-

– Иә, сөйтіндер, тізелесіп отырыңдар! Ұялатын үлкен кісі жоқ қой, – деп Ақберген де айтты. Екеуі бірдей қоймаған соң, Ақбілек қозғалып, Бекболаттың оң тізесіне шапанын сүйкей отырды.

«Жендер, алындардан» басқа дастарқан үстінде пәлея сөз бола ма? Жасырын келген күйеу түгіл, епке бас қойғанда, Әлдекей ағайлардың да аузына құм құйылып қалады. Бәрі де әдепті, сыпайы, бірін-бірі қалтқысыз сыйлап, шын көңілмен жақсы көріп, өліп-өшіп отыр. Ет жеңіп отыр деймісің? Бұлар ырыс жеңі отыр ғой.

Бекболат көз қырымен жарының бегіне қарап қояды. Ақбілек бұрынғыдан да сұлу, әдепті, салмақты, сәулім болған екен деп ойлайды. Мұндай жары болғанына ішінен мақтанып, мұртынан жымындайды.

Ақбілек әптек іменіп, бетінің ұшы ойып алғандай қызара береді. Бекболаттың бегіне қарауға шыдамайды. Оның салалы саусақтарына кезі түскенде «қара мұрттың» саусағы есіне түсіп, өз ойының өзі ұялып отыр еді. Күздігүнгі беймаза қара шыбындай, дәл осы арада есіне түсіп мазасын алғанға ішінен қынжылып еді. Бірақ Бекболат оны сезбеді. «Сезді ме» екен деп Ақбілек шапшын сипаған боп шалқайыңқырап Бекболаттың бегіне бір қарады да, көзіне көзі түсіп кетті. Оның көзі «сүйгенім бір сен» деп тұрған тәрізді. Талмау, буалдыр көріңді. Ақбілек: «Мен де сенің жолыңа жаным құрбан» дегендей салалы, оқ кірпігін салмақпен қағып, жылтыраған қара көзін бір төңкерді. Екеуі де біріне-бірі көңілі тойды...

Тамақтан кейін Ұрқия күйеу мен қалыңдықты ертіп, шығарып салды.

Екі жар қораның сыртына жеткенде, аяқтары қоюлады. Әнескі, тоқтады. Жар қолы жардың белін қысты. Ақбілек назданып жоғары қарағанда: Ай жүзін аспанда от көрді. «Сүйсең сүй!» дегендей, жұлдыздар жымың қақты. Қылыш мұрт бал ерінге тигенде:

«Демалыс ысынып,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып,
Иығы түйсіп,

ды. Ұзатқалы отырған қыз емес. Күйеуінің келгенін жұрт білмейді. Және күйеуінен екені де екі талай, дерт болмай қайтсін... Жетгесімен сыбыры тағы молайды. Баланы қалай түсірудің амалын кеңесті.

Ұрқия жансыздан, кәрі қатындардан бала түсірудің емдомын сұрастырды. Бала бірдененен шошығанда, жығылғанда, оқыста түсетінін білді. Ұрқия қараңғы бұрышта тығылып тұрып, Ақбілек келе жатқанда, «ап!» деп шошытып байқады, ойнағансып, ішке түртіп байқады. Оған түсетін бала көрінбеді. Ақбілектің ішкені ас болмады. Жантуды, күрсінуді көбейтті. Сөйтіп жүргенде, бір күні отырып, Ұрқия:

— Шырайлым-ау! Мен де екі қабат болдым білем, сарымсаққа зауқым шабады, менің де жүрегім лоблып, құсатын болдым...— деді.

— Сенікің қойшы! Сенің тілегің бала ғой... Құдай көз жасыңды игені де,— деді Ақбілек.

Ұрқиянікі рас екен. Бір күні ауылдың бір-екі қатыны қабу қабып отыр еді, Ұрқия ауыз үйге барып, лоқсып, құсып келді. Қатындарға келіп, жерік боп жүргенін, бала біткенін айтып:

— Өсітуші ме еді?— деп сұрады.

Қатындар:

— Құдай берейін десе, қиын ба?— деп тамсансыпты. «Құтты болсын» айтты. «Ұрқия екі қабат» деген хабар кешікпей-ақ ауыл арасына жайылды. Тілеулес қатындар: «Байғұсқа болсын» деп, Мамырбайдікіне араласқанын күндейтіндер: «Әй, қойшы! Ол бала тапса, біздің сұр төбет те күшіктер» десіп. Дегенмен Ұрқияның екі қабаттығы анық болуға айналды. Бір-екі айдан кейін іші де білініп қалды.

* * *

Аздан бері ақсақал аттан түспейтін болып кетті. Ағайын арасының дау-шары, кемпір назы дегендейін ақсақалдың алдына келмей тұрмайды. Біреуге о деп, біреуге бұ деп сөзге кіріспесе, ештеңе-септеп өз құлқынын да ойламаса — ел адамының адамдығы, айбыны бола ма? Әйтпесе «ақсақал» атана ма? Мамекен де «ақсақалдық» қалпын құрып, атқа мініп жүреді.

Не жұмыс барын кім білсін, бұ күн қасына Ұлтаракты ертіп, Әбен ауылына кетті. Ел адамдары ол ауылға осал-оңтағай жұмыспен бармаса керек қой. Ақсақалдың барысы да, сірә, тегін емес қой. Жүгерінде ауылдағы Өрміш Тайкөтті шақырып, сақал-мұртын тұжырттып, кеңірдек жүзін қырдырды. Ақбілектен жуылған көйлегін сұрап киді. Тес қалғасына сегіз бүктеп, таза орамал салды. Еті-гін де түкіріктегіп сүрттірді. Көптен бері бүйтіп түзелгенін Ақбілек көрген жоқ еді, бір сый жерге баратынын іші сезді.

Әбен ауылы отыз шақырымдай еді. Біздің Қырекендер болса, жолда бір ауылға қонып, бір ауылға түстеніп отырып, алтыншы күні қоналқаға әрең жетер еді. Мамекен ондай қолы тиіп жүрген азбан ақсақал емес қой. Жолда атын бір шалдырып, қонаға Әбен ауылына келді. Жайлауда болмаса, қыстауында отырғанда Әбен ауылына бармағалы екі-үш жыл аралап кетіп еді.

Әбен ауылы Алтайдың бір шорай қойнауында. Былқылдақ бұлақ. Бұлақ бойы — тал. Сыртғы — орманды, ақбарлы заңғар тау, алды — бұйрағ. Бұйрағ ішінде — қамысты көл. Бұлақтан өте берістегі ұзын қора Әбендікі. Анау — таудың өт бауырындағы жеке қора әкесімен туысқан Сағай қажыныкі.

Мамырбай ақсақал бұлақтан өтіп, қораның ығындағы тармақ дінгекке таман келе жатыр.

Арты тұтас, алды ашық, жарыса созылған екі ұзын қора. Ортасы — беті ашық аран. Бұл аранға 5—6 жүз жылқы сыйып кетеді. Теріскейдегі ұзын қораның күнгей беті жағалай есік. Мұның бәрі қойға, тайыңшаға арналып соғылған бөлек-бөлек мал қора. Анау артқы көлденең өңшең ат қора. Күнгейдегі ұзын қора байдың үйлері. Өзі отыратыны бір басқа, екі қатынның үйі екі басқа, баласының отауы, қонақ үйі, малшылардың үйі, шошала, еттік, астықжана...

Қораның төңірегі тап-таза. Аранның түкпірінде буы бұрқырап, екі ат суып тұр.

Ақсақал аттарын дінгекке байлатып, естегін қамшымен бір қағып, қақырынып, теріскей жақтағы кішкене есіктен байдың қорасына кірді. Қадалары бір-бір кісідей көш құлаш дөңбекпен, сыбысы шырышпен жабылған бүт-бүтін оқтай заңғар қораға кіріп келгенде недәуір-ақ делі ақсақал баладай боп кетті. Өмірі мұндай қораға кіріп

көрмеген Ұларақтың көзі бақырайып, ауызы аңқиып қалды. Толып жатқан есіктің қайсысына кірерін білмей, аңырып тұрғанда, бір есіктен оңтайлы аттай даяршы жігіт шыға келіп, сәлем беріп, қонақ үйге бастады. Сыңғыраған жана есіктің табалдырығын аттап, қонақтар үйге кірді. Ақсақал сәкі тақтайға отырар-отырмаста даяршы жып етіп, етігін тартты. Ұларақ қолбағдан, жете алмай қалды. Елік қоятын жері де белме тақтайлы қабырғадан шығарған шқаф екен. Үйдің асты тақтай, төбесі қолдың саласындай мүсін шыршамен итарқалау қыла жауып, ақпен сырлап тастапты. Кіре беріс жер апаса, құр тақтай, одан арғы жер төрдегі үлкен әйнектерге шейін киіз, алаша, көрпе, бестек төсеулі биіктеу сәкі. Екі әйнектің арасында жоғарыда желдеткіш шырылдап ән салып тұр. Ұларақ дйрмен бе деп ойлады. Бұрынтағы карнезді нар пештің қуысында – қаз мойын жез шәугім, пештің алдында – үлкен жез шылапшы. Төрдегі көлденең сырықта – қызыл ала тек жайнамаз, екі сулі. Осы секілді үш қонақ үйдің ортадағысына Мамырбай ақсақал келіп отырды. Оң жақтағы үйде де қонақтар бар екен. Күбірлеген дауыс естіледі.

Қас қарайған кез еді. Даяршы жігіт жетілік лампыны жағып, қайыңның бөзінен нақыштап істеген үш сирақты күрсіге орнатып, ортаға қойды. Біраздан кейін даяршы кіріп:

– Бай келе жатыр, – деді.

Ақсақал өңірін жиып, қобдиланып, тамағын кенеп, ұлық келе жатқандай палқайынқырап, сіресіп қалды. Бай келді. Ақсақал ұшып түрегеліп, қол қусырып сәлем берді. Бай дауысын әрең шығарып, әлік алды.

«Жарықтық әлі қартайған жоқ екен. Без бейді қара бүркіттей, айыр сақал, қылыш мұрт, қабақты, қасты, мұртыңды, айбынды, арғымақ, ақ сары кісі. Келбеті бұрынғының батырындай. Байдың қасында Мамырбай – ақсақал емес, қарын тоғыршық тәріденіп кетті.

Бай түрегеліп тұрып, даяршыға аяғын ұсынды. Даяршы мысықша жып етіп, етігін еппен суырып, тері шалбарының құрысқан балағын жазды. Мамырбай ақсақал екі қолын ұсынғанда, бай бір-ақ қолын берді, тіп-тік болып, қара ешкі терісі бөстегіне келіп отырды.

– Шаруалар амавдық па? – деп келте ғана амавдасты.

Ақсақал байдың күйі-жайын, ауыл-аймағын да қазып, амавдық сұрағанда, бай:

– Аман, – деп бір-ақ рет жауап берді. Аз тым-тырыстан кейін: – Сапар оңғарылысын! – деді.

– Әлей болсын! – деп ақсақал қауаңдады.

– Анау үйдегі кісілерді мұнда келтірші! – деп бай даяршыны жұмсады.

Деді-ақ мұң – төрт-бес кісі жетіп келді. Байдың:

– Сіз берірек, – деген сөзінен ақсақал қадірлі қонақ өзі екенін сезіп, мардамсып қалды.

Ол келген қонақтардың ішіндегі сорпағашығары: Имам-бай би, Әлдекей, Мүсірәлі екен. Қалған екеуі – солардың жолдасы. Бұлар сол ретімен ақсақалға таяу жерден орын алды.

Қонақтар амандасып, жайланған кезде, үлкен көк дастарқан жайылып, бауырсақ шөмеле боп төгіліп, ақ төрелкемен екі жерден сары май қойылып, сары бие самаурын күжілдеп үйге кірді. Самаурынның екі жағындағы екі егіп даяршы қара подносқа қызыл көрлен шыны аяқтарды қағарлап тізіп, шай құоға кірісті. Шай құоы да төрліп: бір де бірінші аяғын ауыстырмайды, ілгерлі-кейінді құймайды, ернеуінен асырмайды, біріне-бірің соғыстырмайды, екі дүкеншілердей қолы-қолына жұқпайды. Төрдегілердің шайы күрең, қаймағы кесек болып құйылады. Мүсірәлден төмен кеткен соң, шай кегілдірленіп, ар жағынан Семей дьында, төменгі жаққа шашырандысы барып жатыр. Біздің Ұларақтар шетке шыққан бауырсақты қасқырша қақши берген соң, бай:

– Ана жаққа бауырсақ жіберші, – деді. Мамырбай ақсақал: «Бауырсақты үркітіп отырған сен бе?» дегендей, жолдасына зілді көзімен бір қарап қойды. Бығырап жайылған тоқтыларға содан кейін азырақ құт қонайын деді.

Шай үстінде пәлендей сөз бола қойған жоқ. Ақсақал сегіз бүктеулі орамалын суырып, маңдайын сипай түсіп отырғанда, бай шыны аяғын төңкерді. Кейін қалса, айып төлейтінінен жаман, өзгелері де төңкере бастады.

Шай жиылды. Байдың малдасын құрып отырғанын көріп, бір адам аяғын көсілген жоқ. Әлдекей өзіне-өзі келіп,

қара шақшасын суырды. Байым қақты – топырақ салған, қалақшасы кішкене шылапқын Әлдекейдің алдына жетіп келді. Сондай бір шылапшынды өз алдына қойып түкіріп отырды. Оны көрген Ұлтрақтар қалай болса солай былш еткізуді доғарып, қақырғысы келсе, тысқа шығатын болды.

Әлдекей қаз мойынды баяғы қағысына салды. Мүсірәлі құс көрген қаршығаша қобдиланып, алақанын жайып еді, Әлдекей бетіне ажырая қарап, басын шайқап, шақшасын тұтамдап отырып алды. Алақаны жаюлы қалған соң, Мүсірәлі ұялыңқырап:

– Кішкене, кішкене, – деді.

– Өзіңдікін атсайшы, – деп Әлдекей қырын қарады.

– Әкел бері! – деп Мүсірәлі омыраулап, тізеден тартты.

– Болмайды, – деп Әлдекей оны елең қылмай, жайымен түкіріне берді.

Сол кезде бай жымияп, Әлдекейге қарап:

– Мүсірәлі саған неге жабыса береді? – деуі-ақ мұң екен, Әлдекей қоқиланып:

– Білмеймін, осы иттің маған неғып үйір бол жүргеніңің! – деп, бір жымияп алды.

Мүсірәлі Әлдекеймен құрдас еді, әзілге доғал болған соң, Әлдекей оның иығынан түспеуші еді. Бай сонысын біліп, әлгі бишараны «тағы бір қолға ал» дегені еді. Байдың мұнысын сезген соң, Әлдекей ұзын кеңірдегін созып:

– Бағғыда осы Мүсірәлі Шаян ноғайдың бақалын қыдыртып жүр еді, – деген кезде-ақ отырған жұрт жымияңдап, күлуге ынғайлана бастады.

– Бұл онда Бөкелпен құда ғой. Бөкел бір тілді адам еді. Сонда Мүсірәлі қалмақшы Исабаймен оңаша сөйлесе беріпті. «Құдаңыз сізді керек қылмай кетті-ау!» деп, жұрт Бөкелке қалжындаса керек. Сонда насыбайын атып болып, Бөкел айтқан екен: бағыр мен бағыр маңдайласқан жауда бас қосады; шешен мен шешен таңдайласқан дауда бас қосады; молда мен молда жайнамазда бас қосады; ит пен ит жер ошақта бас қосады. Анау – қалмақшының иті, мынау – қасқыр тымақтың иті. Екі иттің бас қосқан жері осы болды ғой, – деген екен.

Жұрт ду күлді. Мүсірәлі қызарандап:

– Уа, шіркін-ай, уа, шіркін-ай! Қашан сүй деп... Өзің кім едің?.. – деп келе жағқанда, Әлдекей тағы киіп әкетті:

– Тәңті мырзаның аузынан жалыны шығып тұрған кезі. Біздің Сәрсекеңе қырындап жүрсе керек. Қозыкеге келіп түсіпті. Қозыке: «Сәрсекең алдына жай, Сәрсекең алдына жай» дей берсе керек. Сонда Тәңті мырза дастарқанды серіпп жіберіпті. Жұрт аңтарылып отырып қапты. Омарәлі ділмар адам екен, сөзді со кісі бастапты.

– Ертеде бір хан жаман хандікіне қонаққа келген екен. Жаман хан салған жерден: «Е, хан, еліңіздің қатыны буаз ба? Малы жуан тыша ма?» – деп келе жағқанда, ана белмеде отырған қатыны шыжымды тартып қапты. Жаман хан борбайын ұстай-мұстай тұра жөнеліпті. Жаман ханның да-нышпан уәзірі бар екен. Жақсы хан уәзірден: «Ханның неге кетіп қалды? Қатыны буаз ба? Малы жуан тыша ма» дегені қай сөзі?» – деп сұрайды. Сонда уәзір отырып: «Қағыны буаз ба?» дегені – «еліңіздің есімі қалай?» дегені еді; «малы жуан тыша ма?» дегені – «шаруасы берекелі ме?» дегені еді. Сіз сол сөзіне түсінбеген соң, кетіп қалды дегті. Жақсы хан аттанған соң: «Мені не деп кетті?» деп, жаман хан уәзірінен сұрағанда, уәзір манағы жауабын айтып: «Сізді мақтап кетті», – дегті. Сонда жаман хан: «Уай, өттеген-ай! Шыжымды ерте тартпағанда, одан да дәмді сөздерім бар еді», – деген екен.

Сол тәрізді бұ кісінің шыжым тартып отыратын бәйбішесі еді. Қозыкеңнің сөзінде нарық жоқ, – деген соң, Тәңті мырза мырс етіпті, жұрт та күліп, қошемет қып, тамақ жеуге кіріскен екен. – Біздің Мүсірәлі де жаман хан секілді. Өзінен қатыны тәуір адам, – дегенде, жұрт тағы күлісті.

Манағы – манағы ма, Мүсірәлі одан жаман қызарандап, дабырлап:

– Сен бір надансың! – деп келе жапыр еді, Әлдекей тағы бір мысал сөйледі:

– Әкімбек мырзаның Алышбайдың Сламбегі келіп отыр екен. Жанәбіл қожа, осы Асекеңдер де бар екен. Бір сөздің кезегінен Сламбек Жанәбілдің қожалығына тиіп сөйлесе керек. Сонда Жанәбіл отырып:

– Имам... Тапгазани мен Қожан Баһаудден бір мәжілісте отырса, біреу: «Язилжалал!» дегті. Тапгазани ғалым кісі екен: «Зұлжалал емес, залжалал деген дұрыс» десе,

Қожан Баһаудден: «Зұлжалал» дұрыс деп жатып таласанды. Баһаудден қызып кетеді: «Лауқылмақпұздың өзінен қарайың» дейді. Қараса, «Зұлжалал» екен. Сонда Тап-тазаны назаланып: «Ей, теңірі! Залжалал еді ғой! Мынау үтірді сызып тастайын ба?» дегенде, Құдай тағала: «Сенікі де дұрыс: «залжалал» еді, бірақ мына Баһаудден кереметті құлым еді, осыны ұялтпайын деп, «Зұлжалал» қып түзетіп қойып едім» деген екен, — депті.

Құдай өтірік айта ма?— деп, Сламбек Жанабілді ұялтты.

Жанабіл Сламбекті тоқтатқалы: «Қаз дауысты Қазыбек елгенде Бегі Мысық әулие өлікті асасымен үш салып, төртінші сала бергенде: «Жындымсың?» деп, біреу қолын ұстай алған екен. Сонда Бегі Мысық әулие: «Ей, қолымды бекер ұстадың-ау! Енді бақ-дәулет үш атасына шейін-ақ барар» деген екен дейді. Сламбек Қазекеме үш аталдан соң келеді екен: сөзден жығылыпты.

— Бұл Мүсірәлі, рас, Тапғазани сияқты ғалым адам. Олан-бұдан жинастырған сөз болмаса, бізде мұныкіндей ілім жоқ, — деп, Әлдекей «надансың» дегенге тағы ондырмай кекетті. Жұрт тағы қарық болысты.

Жақсылардың бұл қаңқулап отырған Мүсірәлісі — құдасы келінін бермейтін болған соң, байдан жәрдем сұрай кеп отырған кісі еді. Партияда бес түндікті артынан ерте алмайтын, ағайынға сүйкімсіз, малжанды, қарау адам еді.

Мүсірәлінің иін қандырған соң, қызынқыраған бай бір жігітне ым қағып, домбыра алдырды. Жынды Қара деген жігіті қазақ пен сарттың айтысқанын айтып, қонақтарды дау күлдірді. Өлеңнен жалыққан кезде, байдың «бір ым қағуымен Жынды Қара ұртын қушытып, ернің шүртітіп, екі қолын артына жіберіп, шапанын көтеріп қанат қылып, еңбектеп, секектеп, бүркіт болып, төменгі жақтағыларға теңіп, екі аяғының арасынан насыбайын саңғылды. Оның қызығы басыла бергенде, Жынды Қара кетіп қалып белдемше байлап, басын ақ орамалмен тартып, буаз мөгушке болды. Мөгушке былдырлап, орысшалап, ерқайсысына бір шарылдап, артымен еңкей беріп, бұлғының арасындағы қулыққа құйған суын қонақтардың үстіне шашты. Онысы буаз мөгушкенің түзге отырғанын салғаны еді. Көбінесе буаз мөгушкенің құты Мүсірәліге түсті. Төрдегі Мамыр-

бай, Иманбай, Әлдекей ақсақалдар «мөгушкенің сыйынан» қағыстау қалды.

Әңгіме, ойын-күліммен отырғанда, тамақ та пісті білем, даяршы сыбыр еткен соң, бай өз үйіне кетті. Қонақтар да бір қабағ желпініп: «Ойбай, қызық-ай!» десіп, күн райын, тоғабын сөз қылысып үйге кірді.

Ет мейлінше мол болды, тең жартысы жеусіз қалғты. Ет асауға бір адам келген жоқ. Байдың тәртібі солай ғой. Семіз тай сойған екен, жылы-жұмсағын салған екен. Табақ жайылған кезде Әлдекей көңілдегі: «Тоқтар ишавның айтатын қазы-ю, қозы-ю, қызы-ю, қымызы-юы болған екен!» деді. Десе де, олтығып отырған кісі қомағайланып, үлпершектен басынқырап жіберіп, қараған қуған түйеше қолы қылдырыңқырал, қара хесегін іздеп кетті, өзгелері де мейліннен атып, майды саусақтың саласынан ағызып, жаласып, саусақпен бірге бойы да балқыды. Әлдекей жұрттың көңілдегі сөзін біле қояды ғой: «Шіркін, бай десе, бай ғой!» дегенде, өзгелері де: «Есеп бар ма?», «Құдай берген кісі ғой!» десті.

Ия... Құдай берген кісі ғой!

* * *

Торы шолақта бес тал құйрық бар, оның жарымы да тал сияғы жоқ бірдене. Жол дегеніңіз — өргендегі қараған. Сондықтан ба екен, үйетін бастай, мойны қылқып тұрғаны. Бүтін арқаны торы шолаққа тағдыр жазған емес. Қолыңды арқасына таман апарсаң, құлағын жымытып, артын қиқаң еткізіп, тізігінің ар жақ тілін тартып тұрмасаң, қол етіңнен қыршып алады. Торы шолақтың жоны сида, қарыны қабақтай, бұты таяқтай. Сонда да шолақ тоймыш, өмірі арық та, семіз де боп көрген жоқ. Торы шолақ ыстық боп көрген мал емес, аузын жерден екі елі айырмайды. Жұрт торы шолақ тоймыш болған сой, арқасынан ер түспейді деп ойлайды. Ер түспесін білген соң, торы шолақ тоймыш болғанын қайдан білсін. Торы шолақ көзіне көрінгенін күйледей соға бермегенде, не бітірсін, үйірі иесіз қап бара ма? Тілетін кестесі қалып бара ма? Көп жылқыдан, бос жүрістен күдер үзгелі қашан. Құнан болғалы торы шолақ қойшының астынан арылған жоқ, бұ күнде торы шолақтың қаншаға келгенін жұрт ұмытып та кетті, тек торы шолақты біледі.

Торы шолақ беріктіктен қойшыға ағ болды ма, ол арасы мәлім емес; әйтеуір торы шолақ берік. Торы шолаққа қамшы дегеніңіз – жалақтың тілімен бір есеп, өйткені борбай жақты қойшыға тапсырып, ауызбен ауыл-үй қонған болатын. Торы шолақтың жаны сүйетін жүрісі – аяқ. Бүлөккен де оған налог төлегені оңай. (Желіс, шабыс түске кірмеген нәрсе ғой). Өйткені кішкене бүлөккесе, қарыны қорық-қорық етіп, шорттасы үзіліп кете жаздайды. Оның бүлөкті мінген кісіге де пәлен бапты емес. Оны бүлөккетем дегенше, томарлы жерде қоқай арбаға мін. Қойға мінген мал құл болып кетеді ғой. Қалайда торы шолақ үштің біріне қосылған мал. Ол үшіміз: жаман қатын, шабан ат, өтпес пышақ қой.

Торы шолақты неге сөз ғып отыр деп қоңыраймаңыз. Оның кішкене кілтипаны бар. Мана Әбен байдың үйінде құрметті қонақтар көк дастарқанды жағалай отырып, шайға бас қойды ғой. Дәл сол кезде осы торы шолаққа мініп, Қойтеке түйеге кеткен еді.

Малшылар да торы шолаққа ұқсал, жоқтан өзгеге ерініп, біріне-бірі иек сүйеп кететін әдеті ғой. Түйені қойшыға сеніп, ауа жайылған бес түйесін қайырмаған екен. Өзі қайырып алар деп, қой ұзап бара жатқан соң, қойшы да айдап келмейті. Күн кешкіріп бара жатқан соң, қойшы мен түйеші әңгімеде жүріп, атқа жеңіл Телпекбайды тауып алмасын ба? «Сен барып, айдап келе ғой?!» деп, торы шолақпен Қойтекені жіберді.

Әкесі осы қойдың соңында жүрумен басы көрге кірген, шешесі байдың сиырын сауатын жетім бала кім десеңіз, ол – Қойтеке. 9-дан 12-ге дейін Қойтеке қозы барып, 13-ке шыққан жылы қойдың соңына түсіп еді. Тіс қақпаған бала қойшыны ана қойшылар «қолды-аяқты бала» көріп, оған-бұған жұмсай беруші еді. Қойтеке де жасынан көп жұмсалған кежір бала ғой, әйтпесе тіл алмаса, үлкен қойшылар «тоқмаш» сыйлап қоятынын білген соң, жазған Қойтеке телендей түйеге тартты.

Қойтекенің астында желком, оның асты торы шолақ қолында шығыршықты кендір қамшы, кигені шолақ қаудыр тон, аяғында шана бас шоқай. Көз барында түйенің қарасын көрейін деп аяғын тыпырлатып, шолтаң еткізіп торы шолақты борбайға салып-салып қалады. Торы шолақ

қырсаудың қырсауы, бит шаққан құрлы қабарына келмейді. Торы шолақтың көрген қоқайы осы-ау!

«Өй, жаманда! Ойсыл келгір!.. Құлағымды... Иттің малы!» деп Қойтеке тістөніп, шапқа да, басқа да, мойынға да ұрады. Сол кезде торы шолақ басын бір ізеп, екі адымдай ғана бүлк-бүлк борсаңдайды да, жорғасынан жаңылып кеткен немеше, жалма-жан қыбыр аянына түседі. Қойтеке тағы ұрады, боқтайды, қарғайды, сілейді, жұлқынады, тыпырлайды. Торы шолақ міз бақпайды. Жұлқынып-жұлқынып Қойтеке әбден терледі, қол-аяғы да талды. Сонда да тыпырлауын қоймайды. Әлден уақытта бір дөңге шығып, көз ұшында бұлдыраған 4–5 қараны көрді. Қас қарайып барады. Енді тезірек жетейін деп торы шолақты тағы да басқа, көзге төпей бастады. Сол төлеудің үстінде кендір қамшының басы ұшып кетіп, сабы шолтаң ете түсті. Олай ізделі, бұлай ізледі. Шөптен айырғысыз кендір не табылсын.

Кендір қамшы адыра қалған соң-ақ, Қойтеке мен торы шолақтың басына бір алуан жаңа дәуір туды. Бұл дәуір туысымен-ақ торы шолақтың мерейі үстем бола бастады. Қу шекесіне, жұқа шабына жылтындап маза бермейтін шыбыннан құтылды. Шолақ саптың сіреу теріге былп еткенін бұйым көрсін бе? Бірақ бұл дәуір Қойтекеге жайсыз келді. Қажып қалған қары қағты ұруға жарамалды, ұрғаны өпеді. Торы шолақ аяңды азайтуға айналды. Мына қыбырмен анау бес қараға жете алмасын сезді. Қарғап, зарлап, боқтап, кейіп, ақтық күшін жия, қос телекке салып, тыпырлап көріп еді, торы шолақтан қайран болмады. Қойтекенің жүрегі өртеніп, күйіп, долданып, кейіп, жылап, домалаң етті де, торы шолақты басқа бір салып қоя берді.

Қара түн жан-жағын қамап жұтып қоятындай ұмтылып келе жатыр. Таулар бұлдырап барады. Айдалада жермен-жермен қыбыр-қыбыр етіп, домалаңдап Қойтеке келеді. Жүрісі өнбейді. Қай бір борбайы ұзын кісі. Тайталаңдаған шоқай етік кегжіп кейін тартады, томаршағы бұтылдалп тайғанай береді. Сонда да ентелеп, ентігіп, жан ұшырып, тырбандуаын қоймайды. Тер пушағынан ақты. Жыртық миылық, жалбыр тымағын қолына алды, жаман тонның бөлін шешті. Ө дегенде бойы әнтек сөйілген тәрізденді, аздан соң шекесіне қыл бұрау салған адамдай басы тарыла

бастады. Тер қапқанын біліп, жаман тымағын жалп еткізіп қайта киді.

Не дегенмен жанды қарға ғой, борбайы тызындап, жер кенеше қыбырлап келеді. Бір игі жері – алыс-жақынды көп кезіп, тырбық борбайы жер мөлшерін алған ғой; алғашқы бетінен аласқан жоқ. Өлден уақытта серейген мойнақтарды көзі шапты. Келе-ақ: «Шек, былай, ақ шелек!» деп, шырылдап айғайды салды. Түйелер: «Сен қайдан келіп қалдың?» дегендей әуелі аңтарылып, бір қарады да, жаяу Қойтеке ексін көрген соң «ыж-ыж!» деп мазақтаған немеше мойындарын қақырайтып, көрмегенсіп, қырындап жайыла берді. Әйткенмен тырбандар Қойтекенің шолоақ ағашы тірсектеріне тықылдай бастаған соң, түйелер елеіні деді, айдаған жағына ығыса берді. Бір жаман жері – ішінде бас білгі түйе жоқ екен. Мойнақ ит қайбір жөнге жүрген, бірін қайырса, бірі теріс лағып, сілесін әбден қатырды. Қайырған сайын қарғайды: «Жау алғыр, иттің малы» деп қояды. Түйелерге «қарағым!» дегенмен бір есеп.

Тайталаңдап алас ұрып жүргенде, өкшесі даладай боп қажалып қалған екен, қаны сорғалап, майы шығып, ауырып жүргізбейді. Жерде қырбық қар, түн. Амал жоқ, шоқай етігін қолтығына қысып, жаяу жүгірді. Өудем жерге бармай-ақ, мұзға тыққандай аяғы ағаш боп қағып қалды. Аяғы мұздаған соң, бойы да жаурады...

Тісі тісіне сақылдап, дірілдеп, өлдім-талдым дегенде түйелерді айдап, ауылға келді: Келе мұрттай ұшып, ас үйдегі жаман жабық ортасына кірді.

Мана біздің «оқақсылар» Өлдекейдің Мүсірәліні мазақтағанына, Жынды Қараның буаз мәтүшке болғанына мәресіре болып, жылы үйде майға тойып, «Құдай берген кісі ғой» деп байды мадақтасып жатқанда, Қойтеке: «Иттің малы... ақ шелек!» деп егіле еңіреп, үсіп өлтелі келе жатыр еді.

Қойтеке жаурап келіп, үсіп жығылғанда, «тоңып қалды-ау» деп аяудың орнына, манағы қойшы:

– Торы шолоақ қайда? – деп сұрады.

Өзі ыңқылдап, күрсіңдеп, беті албырап жатқан Қойтеке:

– Қалды далада... – деген мұршасы келді.

– Жұрғымың құрғыр-ау! Оны неге тастап кеттің?

Қасқыр жеп қойса, қайтесің? – деп қойшы қоңқылдап, жер-жебіріне жетті.

Қойтеке не жауап қайырсын, өзі бойын жылыта алмай, танауы тарс бітіп, төңбекшіп жатқан кісі. Тек бәйбішенің «қағтысын қайырып, жұмсағын жұмырып» жаңа ғана болып келген шешесі:

– Қойтекемісің? Ас жедің бе? Не ғып жатырсың? – деп сұрады.

Баласының ыңыранып, тісін шықыратқанын естіліп, шешесі:

– Ой, жасаған, не болды? – деп қасына келіп, үніліп еді, баласы ышқынып, солқылдап жылап қоя берді.

«Соры қайнаған шіркін, сорың қайнаған екен ғой!» деп шешесі де кемсеңдеді.

Сол жатқаннан Қойтеке тұрған жоқ.

Бір жұмадан кейін таң сәріде төрт құдақты ескі бейіттің түбінен үш-төрт малай жер ошақ қазып, жазған сорлының кішкене денесін қара жерге тапсырды.

* * *

Мамырбай ақсақал таңертең тысқа пыққанда, сеңсең ішілгіп күміс кісемен шарт буынған Өбен бай екі қолын ұстап, үш жігітпен қара атты айналдырып жатыр екен. Тықай тағасы түсіп қалыпты, соған жаңа таға таққызбақшы екен. Мамырбай ақсақал байға сәлем беріп, қасына таман келіп тұрды. Байға сөз қатқалы:

– Тағасы түскен бе? – деді.

Бай «не көріп тұрсын» дегендей, аттың аяғынан көзін айырмай:

– Е!.. – деді.

Бір жігіт аттың құлағы мен шаужайынан ұстап, енді бірі бүкпеген аяғын сүйел, үшінші мініскер жігіт шегенің тұқұлын суырып жатыр екен. Мініскер бір шегені балғамен шегіндіргелі жатқанда, бай тұрып:

– Оған болмайды. Кемпірауызбен суыр, – деді.

Дуалы ауыз ғой, кемпірауызбен ол-оңай суырылды.

– Үлкен үйде, шкафтың астыңғы тартпасында, кішкене ақ жәшікте тағаның шегесі бар, бәйбішеге айтып, одан алты шеге әкел! – деп бір жігітті жұмсады. Көз ілескен жоқ, жігіт барды да алып келді.

Жаңа шегені қаға бастағанда ат шапшып, айнала берді.

Бай бар ынтасын салып, еңкейіп сығалап:

— Шынтағың соқтыма! Тұрасына кетпесің, шапқайта қақ!— деп, жігіттеріне қадағалады. Байға кім сөз қайырсын, бірі аттың қолтығын, бірі мойнын сипап: «Құр, жануарым, құр!» деп атқа еңсесін салысты. Қаққан сайын ат шапшып, секіріп тұрмады. «Байқа, байқаны» бай да көбейтті. Сөйтіп жүргенде, бүкпелі аяғы босанып кетті.

— Неге босатасың, дурак!— деп, бай аяғын ұстағанға ұрысты.

Жігіт таңдайын қағып, аяққа жармасып жағып:

— Шылбыр үзіліп кетті,— деді.

— Андағың қай шылбыр? Бері көрсетші!

Жігіт көрсетті. Бай шылбырды көріп:

— Кімдікі бұ жаман шылбыр? Біздің шылбыр емес қой!— деп ақырды.

Ағ басын ұстаған жігіт бұлақтың шылбыры кеше құрыққа тағылғанын, мына шылбыр қойшыныкі екенін айтты. Бай:

— Құрықтың өз бауы қайда? Құрықтан ол шылбыр неге алынбаған? Өз жүгеніне неге тағылмаған?— деп сұрады.

Жігіт құрықтың бауы үзіліп қалғанын, құрық жылқышыда кеткенін білдірді. Бай кейіді.

— Шылбырды құрыққа таққан кім?— деп сұрады.

Жігіт таққан кісіні атағанда, бай:

— Иттің баласы!— деді.

Бай «иттің баласы» деген кісіге бапты болмайтынын жігіттер де біліп, тым-тырыс болды. Өйткені ол зорың тапқанда, байдың аузынан шығатын сөз ғой.

Бай ашулана бастаған кезде, тұруды қолайсыз көріп, Мамекен үйге жөнелді. Бір дуан елді аузына қарапқан атақты байдың шылбырға бола ренжігені Мамекенге уақ мінез секілді көрінді. Шегенің қай жерде тұрғанына дейін білгеніне — «неткен ұмытпайтын шаруақор адам!» деп таң қалды. Бірақ Мағайдың Өбеніне мін тауға болмайды. Ол біліп істейді, оның ірі мінездері толып жағыр.

Өбен өзіне жоғарыға шәкірт, өз төндесіне кекірт, өзіне төменге ұстаз бола біледі. Берем десе де, алам десе де, қылам десе де қолынан келеді. Бай білмейтін ақыл жоқ, ол — ішті кісі. Орыстың, қазақтың ұлығы байды аттап өтіп

көрген емес. Бай ұлықты күтсе, есінен тандырады. Бірақ бай еш уақытта: «Мынаны былай қылып беріңіз!» деп айтқан емес, тек сый-құрметті басына асыра береді. Уақыт үйекті айтса, байдың нөкерлері айтады. Олар да байдың сөзі қылып айтады: «Елдің қамы үшін... пәлен-түген» деп жақуаратып, майдалап келтіреді. Ол түгілі елдің уақ-түйек сөзіне де бай өзі кіріспейді. Ол тек: «Ананы үйгіндер, мынаны бүйгіндер» деп, қысқаша бұйрық қылады. Сыр-дан сығанақ еткен құла ауыз билері, нөкерлері тілдің майын ағызып, қанын тамызып, әңгіменің иін қандырып, пісіріп, түсіріп әкеліп, «тоқ етерін» байға естіртеді. Бай не мақұлдайды, не өз қалшына келтіреді.

Шайдан кейін байдың нөкер-билері бірі Мамырбаймен, бірі Имамбаймен, бірі Мүсірәлімен онаша шығып, сөзге кірісті. Екі-үш сағаттан кейінгі әңгіменің тоқ етері мынау бол шықты:

1) Мүсірәлінің құдасын көндіріп, келінін бергізуге бай міндетті. Соның үшін Мүсірәлі байға бір жақсы ат сый қылады.

2) Мамырбай ақсақал Құдай дескен құдасынан айрылады, өйткені ол байдың дұшпаны. Малын да, жесірін де кетіруге керек. Ақбілекке орын тауып береді.

3) Имамбай би қол астындағы Өрік деген жесір қатынды екі баласынан айырып, іргеден шығарып, алты қараға Мамырбайға сатады. Қалыңмалдың бір қарасы — байдың сыбағасы болады.

4) Өрік қатынның малы беліске түседі. Малдың жарымы мен екі баланы бір жамағайынның қолына беріп, қалған жарымын жақсылар үлестіріп алады.

5) Мамырбай ақсақалдың бір мүддесі — Мұқашты мұқату болса, оны жайғастыруды бай мойнына алады (Қалай жайғастырғанын кейін естірсіз).

Сөйтіп кешеден бергі сый-құрмет босқа кеткен жоқ, есесі толды. Бай — Құдай берген кісі ғой! «Құдай бергенге құдай береді!» деген осы да.

Етке тойғанда, «құда мың жылдық» деп қазақ босқа шатады. «Мың жылдық» болса, Мамекен құдасынан неге айрылды?

Күштілер өз тамағына бірдеңе түсірерде: «Жетім-жесірдің көз жасы... Әділдік керек... Обал бар... Құдай бар...»

ренжиін деді. Бірақ әкесіне не десін! Балалардың, шаруаның қамын ойлап асыққан шығар деп өзін-өзі жұбағты, тек тәуір адам боп жолыққай еді деп тіледі. Апасы өлген соң енді бәрібір ғой, несіне күйіп-піссін? Және өз қайғысы өзінде, әкесінің қатын алғанын тексергендей боп жүр ме?

Бұл хабардан кейін бір жұма өгер-өгпесте, мал алуға 5 кісі құдалар да келіп қалды. Бастығы әнеугі Иманбай би, өзгесі жамағайындары. Бір қой сойылып, құйрық-бауыр желініп, ертеңіне құдалар үш сиыр, бір ат, бір тай, бір түйе алып, ауылына қайтты. Қатынды әкелуге ақсақал Әмірді, Қажікенді, тағы бір-екі жолдас қосып жіберді. Екі күн өтіп, үшінші күні кешке Ақбілектің жаңа шешесін алып келді.

Ауылдың қатындары үй ішін дұрыстап жиып, сыпырып, тазалап, шашуларын да әзірлеп қойған екен, алдынан шығып жаяулатып әкеліп, төр үйге кіргізіп: «Ірі жолдың құтты болсын!» деп, кексе қатындар шашу шашты.

Жаңа шешесін Ақбілектің қасына таман отырғызған еді. Сара Ақбілектің алдында, әкесі ерксктермен төрде отыр еді. Қатындар қамалап, балалар анталап, үй іші кісіге лық толды.

Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікшиген, жұқа қабақ, қайқақ ерін, таңқы мұрын, тымырайған, тымпиган, қайқандау қара сұр адам екен. Үйге жылан кіріп келгендей, Ақбілектің жүрегі су ете түсті. Сара Ақбілекке қарай тығылып, көзі бажырайып, үріккен тайлақша ожыра қалды. Қажікен көзі үйреніп келген ғой, еш нәрседен хабарсыз – киімін шешініп, әкесінің алдына барып жанғайды. Ақсақал көзінің құйрығын бірер жіберді. Не ойлағанын кім білсін, балаларға:

– Топырламай, шығындар! – деді.

Мұндайда қатындар жыбырламай жай отыра ма? Кішкене Сараға:

– Мынау апаң, қарағым! Саған ана болам деп келді...

Бара ғой! – десті.

Соны айтқанда, жаңа апасы:

– Келе ғой, – деп алақанын жайып еді, Сара онан жан ман үрейленіп, Ақбілекке тығыла түсті.

– Енді қайтсін? Тосырқал жатыр... бала ғой... Әлі-ақ бауыр басып кетеді ғой, – деп қатындар жайластырды.

деп келтірсінеді. Олай болса, Өрік неге жаза тартады? Екі баласы неге зарлайды? Қойтеке неге жасын жерге шыра етеді? Сүттей ұйып отырған, шын сүйіскен асық жарлар – Ақбілек пен Бекболат неге айрылады?

Қайда шылдық? Қайда әділдік? Қайда адамгершілік? Қайда Құдай? Қайда қиямет?

Сайланғындар, бейпаздар! Қасқыр өзі де ойланбайды. Әбен ауылына барғандағы Мамырбай ақсақалдың атқосшысы Итаяқтың Ұлгарағы еді. Итаяқтың әкесі – Бақыраш. Бақыраштың әкесін адам да білмейді. Сондықтан Ұлгарақтарды жұрт «тобы жоқ, шұнақ құл» деуші еді. Ұлгарақ қол-аяғы бақандай, қара жон, солапат, кесе жігіт еді. Ат баққан, шеп шапқан, самаурын қойған, ет асағаннан басқа «жақсылардың» сөзіне араласпаған жігіт еді. Жасы қырыққа келсе де, әлі қатын алған жоқ. Өйткені өзінен үлкен екі ағасы Байпақ пен Шұлғау, сол «жеңгесімен тамыр» деп, ауыл-үйдің қатындары өсек қылар еді. Өйткені ағасы Байпақ «шірік неме» болған соң, Ұлгарақ «жақсылардың» жанына еріп, ет жегенте буланып, жеңгесін қатынынан жанман сабаушы еді.

Ақсақал Әбен ауылынан келген соң, Ұрқиялар:

– Үлкен кісі не бітіріп қайтты? Не сөз болды?... – дегенде,

Ұлгарақ тайдың семіз болғанын, майдың сол қалшыменен қайтқанын, қандай мүшелерін салғанын тәптіштеп сөйлей берді. Одан соңғы бір үлкен әңгімесі «буаз мәгүшкә» болды. Ұлгарақтан жарымаған соң қатындар:

– Өй, солапат! Өй, сұңқарым! Сені буаз мәгүшкені көріп келуге жіберіп пе едік? – деп келемеж қылды.

– Енді қайт дейсіндер? Мен көргенімді айттым... – деп Ұлгарақ күмілжі берді.

Ақсақалдың дауысы ашығырақ шыққанына қарағанда, үлкен жұмыс бітіріп, көңілденіп қайтқаны байқалады. Ертеңіне ақсақал Әмір сияқты ауылдың кейбір еркектерін шақырып алып, қатын алмақ болып қайтқанын естіргі. Ағайындары қуанысқан болып, «қайырлы болсын» айтысты. Өздері де осыны ойлап жүрсе де, айтуға бата алмай жүргенін білдірісті.

Еркектер билген сөзді әйелдер естімей тұрған ба? Бұл әңгіме Ақбілектің де құлағына тиді. Ақбілек сыртына шығармаса да, тым болмаса апасының жылын күтпегеніне

Көркембай деген кемпір жаңа шешесін қосынды ма, Сараны аяды ма, бәйбішені жоқтады ма:

— Е-е-й, жасағанның әмірі-ай!— деп тамсанып, көзін сүртті.

Өмірі көрмеген, ойда жоқ, жат адам үйір болғанша не заман. Мінезі үйлесе ме, жоқ па, оны айтуға да болмайды. Оған қараған жоқ, қатындар жаңа шешесіне Сараны оң-оңай тели қоямыз деп ойлады. Сара отығып, есейіп қалған бұзаудай бетен енеге жуымады. Енесі де қасына таянса, аяғын серішпегенмен, иігендей, мекіренерлей түрі жоқ еді.

«Мені екі баламан, малыман, неше жылдай үйренген, бауыр басқан жерімнен айырып неге сағып алдың? Сондағы түрін мына бурыл сақалың ба?» дегендей, Өрік оқты кезімен ақсақалға бір-екі қарап қойды. Ол қарасы қасындағы қатындарға ұнамады: «Шіркіннің көз қарасы қалай жаман еді! Кісі отырғанда қарамай-ақ, иба қылса қайтетін еді?»— деп ойласты.

Қарқындары басылған соң қатындар тарай бастады. Төрт-бес еркек, бірді-екілі қатын қалды. Үйлеріне қайтқан қатын да жаңа бәйбішені сынай сөйлесіп бара жатты.

Біреуі:

— Кәпірдің тікірейген көзі жаман екен, оңдырмас,— деді.

Енді бірі:

— Еріні қаймыжықтай екен, сөзге сойқан шығар,— деп.

Тағы бірі:

— Қабағы қайрақтай бол, танауы делділіп тұр екен, дәу де болса көкәйыл, долы шығар,— десті.

Бәйбіше марқұмға салыстырғанда:

— Қайдағы... Басқан ізнен садаға кетсін,— десті.

«Балаларға қалай болар екен?» деген сұрауға:

— Әй, мынау шеше болып жарытпас, қатыгез тұсақша бедрейіш тұр екен,— десті.

Өрікті қадірлеп, ешкім еріп келмегені де қатындарға сөкетті көрінді.

— Соқа басын сопитып қоя бергені несі?— деп тамсаньысты.

Ұрқия тоқалға шай әлеріп отырып, байқастанды. Өрік тұк қымсынбастан, тізесін шошайтып, жұртқа қарсы қарап,

шалқайып отырып шай ішті. Ұрқияға онысы ұнамады. «Жаңа түскен кісі, тым болмаса қырындап отырсайшы!» деген ой келді. Өріктің байы өлген жесір қатын екенін, екі баласы онда қалғанын ұмытып кетті. Жаңа түскен әйел баяғы өзіне ұқсап, сызылып, ұялып тұру керек деп шамалады.

Ас ішіп жұрт тараған соң, қатындар төрге төсек салуға кірісті. Көкселеу қатын бәйбішенің құс төсегін көпіртті, алақанымен шартылдағып, байдың орнына салды. Оны көргенде Ақбілектің іші қазандай қайнады. «Есіл апасының орнына әлдекімнің жаман қатыны шынымен жатқаны ма?! Апасының аруағын қорлады ғой, апасын аяқсызғи ғой!» Мана алғаш көргенде-ақ денесі жиіркеніп еді. Енді апасының төсегіне жапатынын көргенде, бұл бөтен қатын Ақбілектің асыл нәрсесіне озбырлық қылғалы, бірдеңесін ұрлағалы келгендей көрінді. Өзіне де, осы үйге де жау деп түсінді. Бұрын төргі үйге жататын Ақбілек, бөтен қатын келген соң, екі бауырын алып, ауыз үйге жатты. Бөтен қатын келе-ақ бәрін айдап шығып, әкесін жеке иемденіп кеткені де Ақбілекке ауыр тиді. Әкесінен біржола айрылғандай көрді.

Көпке дейін Ақбілектің көзі ілінбеді. Төргі үйдегі әкесінің сыбыры тоң жермен жүрген атғын дүбіріндей естіліп жатыр. Үлкен кісінің ебі де кетіп қалады екен. Әкесінің дем алғаны, жөтелгені... Қатынның шылапшын салдыратқаны, судың сарылдағаны — бәрі сайрап тұр. Есті-мейін деп, көрпемен басын тұйықтап оранып біраз жатып еді, оған да болмады. Бұрын апасы барда мұның бір де бірін құлағы естімеуші еді. Енді өзі де қатын болып қалғандық ме, немене, әйтеуір құлағын салмайын десе де еріксіз сала берді. Бұрын әкесін әке деп ойлаушы еді. Енді әкесі жұрт көзінше биеге шапқан айғыр тәрізді көрінді, әкесін ұятсыз, жаман адам көріп, жиренді... Сөйтіп жатқанда, қара мұртымен, Бекболатпен бірге жатқан, құшақтасқан күндер көзіне елестеп, өз көңілі де еркекті тіледі. Әкесін мына бөтен қатынға қызғанған тәрізденді. Адамның есіне келмейтін жаман-жаман, былғаныш ойлар басына келіп, енді өзінен-өзі жиреніп, дөңбекшіп, қайтерін білмеді. Мұндай жаман ойларды ойлауға кім, не себеп болғанын да біле алмады. Қалайда жүрегі лүгілдеп, басы айналып, тұншығып, көп азап тартып жатып, әбден талғанда көзі ілінді.

Ертеңінде түндегі бөтең қатын алдеқашанғы осы үйдің байырғы қатынынан жаман ерте тұрып, төсек жиып, байға дәрет алғызып, орамал әлеріп, шылаашынды шығартып, сымпындап, кужандап, ажарланып, құлшырып түрегелді. Шай ішкенде кешегідей Ақбілектің қасына отырмай дастарқанның ана басына, апасының орнына, ақсақалдың қасына отырды. Астына төрт қабаттап көріе де салып алыпты. Ақбілек екі бауырымен дастарқанның бұ жақ шегінде қалды. Үш бала бір жақ, ана қатын бір жақ секілді көрінді. Қақ ортада – төрде әкесі отыр. Әкесі бұлар жақтыкі бола ма, оныкі бола ма, белгісіз. Мына қатынның отырысы, тұрысы, лезде «бәйбіше» бола қалғаны, дастарқанның басына, әкесіне жақын отырғаны... – бәрі де Ақбілекке ұнамай отыр. Бұл қатынды «апа» деп атауға ыңдыны қаламай, енді не деп атарын тағы біле алмай отыр. Бірақ «апа» демеске тағы болмайды, әкесіне қатын болды. Ол қатынға бола емес, әкесінің көңілі үшін «апа» деу керек. Қатын алу әкесіне лайық болды. Әкесіне лайық болған іске Ақбілек қарсы тұруға жол жоқ. Осылай болуға тиіс. Міне, Ақбілектің жұбанышы.

Өрік шаруақор қатын боп шықты. Шаруақорлығы ғой: белдемшесін байланып, жеңін сыбанып, соғымның ішек-қарнын аршыған қатындарға қолғабыс қылып ішекке жылтаң қарақ май жібермей, бір табаққа бөлек жинады. Ішек-қарыншы қатындардың некесіне басылған шақпақ ет, шажырқай, ұйқы, бел тамыр, шолақ кеңірдек, талақ сияқтыларды да:

– Бәрі әкел, бермәй!– деп, танауын жетбектеп, астауға сала берді. Өрік қырындаған кезінде қатындар бірне-бірі қарал, еріндерін шығарып:

– Мынау бір ыңдыны жарымаған шіркін ғой!– деп күңкілдесті.

Қазы тілпенде, пұжық, бүйен қарта қылғанда, мүше бұзғанда Өрік өзі қақайып қарап отыратын болды. Неғұрлым Өрік қытымыр, құнтақты болған сайын, соғұрлым қатындар да еретісіп, ұрламайтынды ұрлауға айналды.

Бұрынғыдай емес, малшы, құлшы да шөміштен қысым көрді. Есепке кірмей, емін-еркін тиетін ішек-қарын, өкпе, көтең, мойындар да қылға тізілді. Өрік ас салуға да шөберлік көрсетті. Бұрын соғым сойған күні бәйбіше марқұм

ауылдың кісілерін шақырып, жылы-жұмсағын асып, бір тойғызуды еді, биыл ол да болмады. Сөйтіп, Өрік бір жақ, ауыл бір жақ болуға айналды. Өрікке наразы болғандар Ақбілекке келіп шақты. Ақбілек бір-екі көрші қатынның сөзіне кірісіп:

– Апа, не қыласыз? Бұрын алып жүрген нәрсесі ғой, – деп еді.

– Ас-суда жұмысын болмасын! Бар, ісінді қыл!– деп, бетін қайырып тастады.

«Осы үйді тез байытуға келген ғой» деп, ауыл-үй Өрікті жарадай көрді.

Оның бәрін де Ақбілек елең қылмас еді, Ақбілектің жанына бағатын қылықтары да көріне бастады. Бір күні Сара бауырсақ сұраса, бере қоймайды. Бірденеге алданып жатты ма, кім білсін. Мазасын алып қоймаған соң, Өрік ашуланып:

– Сенің-ақ жыланшығың құрып тұра ма? Неткен бала өзі!– деп, Сараны төбеге бір қояды. Сара жылап әпкесіне келеді. Ақбілек ол жолы үндемейді. Тағы бір рет те: «Аяғымен алашаны былғайсын» деп Сараны итеріп тастайды. Сара тағы жылайды. Ақбілек тағы үндемейді. Енді бір күні Қажікен байқамай қағып кетіп, лампының шынысына қиратып алады. Өрік оны желкеге бір түйеді. Онымен де қоймайды.

– Өй, қағынды! Өй, түйнеме келсін! Добалдай боп, көзің шығып кетті ме? Көк шешек!– деп, жаман-жаман қарғысты соғып жатқанда, Ақбілек кіріп келеді. Мұндай қарғысты бұрын естіп көрген жоқ қой, шыдай алмай, күйін кетіп:

– Не қылды? Ненді бүлдірді. Баланы сонша қарғал... Ауыл-үйден ұят емес пе?–деп келе жатқанда Өрік кімделіп:

– Тәйт әрі, албасты қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумалды дейтін шығарсың... Қарғамасқ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ. Балаға ара түскенді көрсетпе! Паһ! Бауырың екен, көрдік!– деп шаптығып, жерден алып, жерден салды.

– Ойбай-ау! Ұят қой! Пәленшенің қатыны дейді ғой, – деп, тағы бірдене айтпақ еді, Өрік одан жаман дәуірлеп:

— Қатыны болсам, не қыппын? Қинас қыппын ба? Өтірік айтыпшы ба? Құдайға шүкір, оң қолым таза, аузым оймақтай! Келсем, Құлайдың жазуымен келіп отырмын. Аятынан келген дейтін шығарсын. Құдай сендей әбiрi кеткеннен, орысқа салдақы болғаннан сақтасын!— деп, бастырмалатып, аузынан ақ ит кiрiп, кара ит шыққанын бiлмей бұрқырап жатқанда, Ақбiлeқ шыдай алмай, еңрeл шыға жөнeлдi.

Сараны жетелей-жетелей, Ақбiлeк ағыл-тегіл боп Ұрқияныкіне барды. Солығын баса алмай, ышқына кеңкіл-деп отырып, естіген сөзін айтты. Ұрқия Ақбiлeктi алдына жатқызып, шашын сипап, аялап:

— Қойшы енді, қалқам! Қоя ғой енді. Сол шiркінмен қайдан тiресiп қалдың? Ол бiр көргенсiз адам ғой,— деп уа-тып едi, Ақбiлeк уанбады, апасының жоқтығын, жетiмдiгiн, қорғансыздығын, өзi масқара болып, ел-жұртқа қарар бегi қалмағанын, бойына арылмас пәле тағы жабысқанын ай-тып:

— ...Мен бiр сорлы ғой! Менен сорлы кiм бар дейсiң? Бұдан да өлгенiм артық едi ғой!— деп солқылдады.

Ақбiлeктiң жылағанына кеңiлi-босап, Ұрқия да жыла-ды. Екеуi жылап-жылап, әбден сiлесi құрып, мауқы басыл-ды.

Кешке таман: «Әкең бiлiп қойса, ұят болар» деп, көзi қыл-қызыл боп iсiп кеткен Ақбiлeк пен Сараны Ұрқия ер-тiп үйiне апарып салды.

* * *

Балаларының мұндай күйге ұшырағанын әкесi көрмеп пе? Көрсе, оларға бүйрегі бұрмап па дерсiз. Ия, дейтiн жөнiңiз бар.

Еркек үйде отыра ма? Малға, шаруаға бас-көз боп, көбiнесе далада жүредi ғой. Және бiздiң Мамекең секiлдi ел адамы төбендi басып, қораның бұрышын, қидың түбiн босатпайтын әдетi ғой. Үйдегi қатынның не деп жатқаны, баланың неғып жүргенi олардың ойын пөленде бөлмейдi. Үйде басы ағарып отырған қатыны бар. Түзде малай бар. Ендеше, шаруа түгел деп есеп қылады. Үй iшiндегi ме-рездей шiрiп жатқан бiгеу жараға олар көзiн салмайды.

252

Зәуде көзi түсiп қалса да, көрмеген, бiлмеген боп жүре бередi. Неге десең, қатын-баланың сөзiн олар уақ, бос сөз көредi. «Қатын ит оттайды да қояды, бала шiркін жыламай жүрмейдi» деп, өздерiн үй iшiң шыршуынан жоғары, iрi санайды. Еркек ұлы кеуде келедi ғой.

Ой, қарындастар-ай! Дүниеде сөз баққан адамның атағына қызықпағайсың! Өзiңдi өзiң күң қыласың! Ой, балалар-ай! Дүниеде бойың еспей, бұғанаң қатпай тұрып, туған анаң өлмесiң! Жас жүрегiңдi қанды жаспен шер қыласың! Ой, көк өрiм, жастар-ай! Көкiрегiңдегi жылы жүрегi бауырмалдықты кiм бердi саған? Әлдiлел, аялаған, аяған, бейек болып, бағып-қаққан кiм сенi? Ана... Ана... Мейрiмдi ана. Адамды сүйгiш, ар-ұяғты, көргендi бала болсақ, әкемiзге бiр есе, анамызға он есе борыштымыз. Тәжiм егтiк бiздi тәрбиелеген аналарға! Көп жасасын ана-лар! Көсетесiн көгертсiн балалар!..

Өрiктiң бiр-екi балаларға ұрысқан дауысы шығып жатқанын естiп ақсақал:

— Қатын, қойсайшы! Не керек балаларға ұрса берiп,— де-ген болды. Ақсақалдың көзiнше бөсендегенмен, оңашада қатын өзiңiкiн қылып жүрдi.

«Не дер екен?» деп, Ақбiлeк өгей шешесi жылапқан ба-уырларың әкесiне жiберiп байқады. Әкесi:

— Әй, қатын-ай! Сенi ме!— деп әңгiмесiне айнала бердi. Ақсақалдың қатынға баға сөйлей алмайтын да мәнсi бар. Жасы болса келiп қалды, қатыны мүшел жарым жас. Қатыны көзiне шөп салса немесе ұрам деп кетiрiп алса — өлiм ғой. Ендi қартайғанда қатын сабап не барқадар та-бады. Бәрiнен бұрын бұл қатын шаруасын тап-тұйнақтай ұқсагып отыр, қылғаны қолайына жағады. Мұндай қатын болмаса, үйi үй бола ма? Қатын ала беру — оңай емес. Қатынмен шатақтасып жату — елден-жұрттан тағы ұят. «Менiң осы ойымды бiлмей ме екен? Маған жаны ашымай ма екен? Балаларды қойғызса болмай ма? Шыршу шығара бермей» деп, ақсақал бiр қабат Ақбiлeкке де ренжiп қоюшы едi.

Әнеугi ұрыстан кейiн Өрiк Ақбiлeктi иықтатып алуға бел байлады. Шам сөнсе Өрiк сыбыр-сыбыр етiп, ақсақал «е, е, е» дей берушi едi. Сол сыбырдың көбi Ақбiлeк болады екен. «Қызың менi кiсi құрлы көрмейдi. Ас-судың билiгiн

253

Бұл хабарды естігенде Өрік өлген байы тірішіл, екі басы қолына тигендей қуанды. Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштесе, аяу дегенді білмейді, ар-ұяғты, адамгершілікті ұмытады, қай-қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді андиды, қай-қайдағы жан шошырлық былық іске кіріседі. Әйел шақса, шаяннан бетер шағалы. Әйел өмірі кешірмейді.

«Ақбілек екі қабат» деген сөзді құлағы шалғанда Өрік: — Ө! Шешесінің күйігі екен десем, уһілеп, жаға беретіні... кемзальның түймесін салмайтыны... шапанын арқасынан тастамайтыны сол екен ғой, — деді.

Содан кейін Өрік бірталайға дейін Ақбілекпен араздығын ұмытқан кісідей сөйлесіп, жылы ұшырап, жылмандай қалды. Неге бүйтіп жүргеніне Ақбілек түсіне алмай тамсанды да жүрді.

Бір күні Ақбілек тысқа шыққалы түрегеп еді. Өрік қамқорсып:

— Ішіңе жел қарысар, түйменді салып шықсайшы! — деді.

Шын екенін, аярлық екенін біле алмай, Ақбілек күдіктеніп, кіршігін мұңая бір қағып, үндемей шығып кетті.

Тағы бір күні Өрік әбдіре ақтарып, төрт көз сантоп тауып алып, Ақбілекпен ақылдасқан болып, өзіне қынама пішті. Өз кемзальын ұнатпай, Ақбілектің кемзальына салып пішуді қалап:

— Қарағым, сенің кемзальың маған құйып қойғандай шығар. Беліңнің қиғанын көрейін, түйменді салшы! — деді.

Енді аярлық екенін Ақбілек сезді:

— Мен киюші ме ем? Өлшесем, өз бойыңа өлшей бер! — деп, кемзальын шешіп, лақтырып жіберді.

Өрік әлі де көзі жетпегендей, таңертең, Ақбілек ұйықтап жатқанда, ақырын барып, көрпесін ашып қарады. Ішіне суық қол тигенде, Ақбілек шошып оянып:

— Ө, ә... Немеңе... бұл кім? — деп, үршіп түрегеліп еді, Өрік:

— Көрлең ашылып қалғанға жауып жатырмын, — деп жұбатқан болды.

Өрік өз көзін жеткізді. Қапысы жоқ, дәл өзі!

Бейшара құны қалғандай, неге сонша қудырлады екен? Ақбілек бірдеңесін алды ма? Тегі, құны қалған ғой. Құны

маған беретін емес. Балаларды азғырып, маған жау қып қойды. Пәлен жерде пәлен етті деп, өтірікті шындай ғып, құлағына тоқп береді екен. Алғашқы кезде ақсақал: «Қой! Бала боп па? Өйтпес, есі бар ғой» десе де, күнде тоқп берген соң сенбек қой: «Осы қатын неге айта береді? Әлде рас та шығар» деген күдік бірте-бірте пайда болды!

Дала меңіреу ақ кебін. Біресе 'жел ысқырып боран соғады; біресе сақылдаған сары аяз болады; біресе шашағы салбыраған бозғыл тұман басады. Қорадала шыққан сирпылың бақайы сылдыр-сылдыр етеді. Егіктің сықырына есік ұя қосады. Есік ашылса екі арба аяз үйге кіреді. Тысқа шыққан қара сақал демде қартайып, сақал-мұрты аптақ болады. Қатын-бала жылы үйден шықпайды, қағынас сирейді. Еркек малмен әлек. Қарлы қыс қара албастыдай басып, адамның қырыс-тырысын жаздырмайды. Адам бірінен бірі қыстың кетін алатындай, қырғи қабақ боп, тоңырайысып отырады.

Қыстың сондай тар қамашау, тымырсық күндерінде әйелдер бірін-бірі андысып, қылп еткенді қылға тізіп, өсектеп, ұрыс-қағыспен елгізді. Өрік өсекші қатындарды бауырына тартып, берген кісі болып алды. Жар дегенде Өрік, Ұрқиямен ұстасты. Ақбілекті азғырып, өзіне қаршыға қылып салатын Ұрқия деп ұқты. Ұрқия келсе, бас терісі аузына түсіп, кірпідей жиырылды. Пәле іздеген адамға сып-тау табылмай тұра ма? Бір күні Ұрқияға: «Қу бас, қаншық, келме үйіме, маңымнан көш жер аулақ жүр!» деп, ит терісін басына қаптап айдап шықты. Ұрқия да тоқалдың мінездерін ауыл-үйге даяттал, өзіне тілеулестер тапты. Сөйтп, Мамырбай ауылы — екі ұдай партия болды. Бір жағы — Өрік бастатқан көршілердің қатыны, екінші жағы — Ұрқия, Ақбілек бастатқан ауылдың көпшілігі. Ақсақалдыңнен ұрттап, жалайтыны бар кедей қатындары тамаққа сатылып, Өрікке ауды. Өз ауыз ашары өзінде, кісіге жалынышты еместері Ұрқия мен Ақбілек жаққа шықты. Партия болған соң біреуді аяй ма, бірін-бірі мұқатуға тырысып өтірікті, өсекті өрбіте берді. Кімнің не міні, не жамандығы бар — бәрі де терілді, қазылды. Талай бит астындағы жасырын сырлар жарыққа шықты. Осы қазбалаудың, андысудың салдарынан Ақбілектің екі қабат екені де мәлім болды.

емей, немене? Екі баласына айырып, Ақбілектің әкесі сатып алды. Мынау шалдың екі кішкене баласын көргенде, өз балалары есіне түсіп, «олар не боп жүр екен?» деп, ішін жарып жібергендей болушы еді. «Ит ашуын тырнадан аладының» кері ғой, көзіне көрінгені, әлі жеткен – Ақбілек еді. Бірақ Өрік байға бауыр басқандай, дүниені бала қылғандай, өз балаларын, өткен күнін ұмытуға да айналып бара жағыр еді. Оның күйттегені, көбінесе жаңа өмірдің қызық-шыжығы еді. Ақбілекпен өштігі әуесіде өткен күнін көксеуден туса да, жүре-жүре ол себеп ұмытылып, енді тек өштіктің қызығына түскендіктен өшігуші еді. Жығылғанды жұлдырықтау оған – өнер, мақтан есепті көрінуші еді. Өйткені адам – айуанның айуаны ғой. Кімнің басына зобалаң туса соны табалауға, мұқағуға, одан әрі батпаққа батыруға құмартып тұрады. Табаласа, аяғымен таптаса, сонда айызы қанады. Әсіресе ел мақтаған, кірсіз адамды – кірлеуге жаны өш болады. Өйткені кір көңіл адам кірсізді көре алмайды, күндейді, оны да өзімен бастас, өзіндей қылуға тырысады.

Қыстың аяқ кезінде, Өрік ақсақалды әбден өзіме қараттым ғой деп, сенімі күшейген кезде, Ақбілектен ақтық көңілін шығаруға, екі қабағ екенін естіртті. Ақсақал аяғының астынан аю шыға келгендей, шошып кетті:

– Ah! Oh!.. Қой!.. Қой!.. Қой!.. Қой!.. Ой!.. Ой!.. Ой!.. Ой!.. Қатын жанын беріп сендірді. «Оны азынсан» дегендей, босанатын мезгілі де таяу екенін білдірді.

Ақсақал абдырады, састы, қысылды, жан терге түсті. Бұл қыз қасиетінен айрылды деп өкініп, қызғанып, жиреніп жүрген үстіне мына хабар төбесінен жай түскендей болды. Түнеугүні Әбен ауылына барғанда, Ақбілекті басқа жерге бермек боп, сөз байласып қайтқан еді. Ол беретін жерден хабар болмай кетіп еді. Әбеннің тіліне сеніп: «Қызымды Бекболатқа бермеймін» деп, сүттей ұйып отырған құдасына сөлем айтып жіберіп еді. «Не онда жоқ, не мұнда жоқ, бұл қыз бір масыл болды ғой. Өтпей қалып, әбиірімді алмаса игі еді» деп жүргенде, мына хабарды естіген соң, қызынан біржола көңілі суыды. «Бүйтіп масқара болғанша, неге баласын түсіртіп тастамайды екен? Бұл – орыстың баласы ғой. Орыс түгiлi, өз күйеуiнiң баласын оң жақта тапқан қызды кім естіген? Одан масқара нәрсе бар ма?» деп, ау-

зын шайнады. Ақбілекті тауып әкелген кездегі жиренгені, қынжылғаны, мынаған астар болмай қалды. Япыр-ай! Бұл қызды енді қайтсе екен? Көзін қайтпн жойса екен? Буындырып өлтірер ме еді? Таспен атып өлтірсе – қайгер еді! Қол-аяғын байлап, суға тастап жіберсе не етер еді!

Осындай ауыр ойлар жанын жел, жігері құм боп, ішкені ас болмай, бітеу жара асқынып жүргенде, бір күні қоранын ішінде қасына қатыны келіп:

– Қызың толғатып жатыр! – деді.

Ақсақалдың көзі қанға толып кетті, дауысы қырылдап:

– Кетіп, кетіп... бәлекетті! Жоғалт кәпірдің көзін!

Көрсетіп, көрсетіп! – деуге ғана тілі келді.

Өрік үкідей ұшып, Ақбілекке келіп:

– Әкең бұл үйден кетсін деп жағыр! Тұр жылдам!

Кет! Бар ана сырласыңа. Келімді-кетімді кісі бар. Сені

жайратып отыра алмаймыз?.. Сенің қағанағыңды жуатын мұнда кісі жоқ, – деді.

Өзі қиналып, құр жаны отырған Ақбілекке мына сөз қалай тигенін сөзбен жеткізіп болмайды. Ақбілек еңсесін сүйретіп, бүйірін таянып, бір басып, екі басып, әрең дегенде Ұрқиянікіне жетті.

Көктемнің алтын күрегі қарды бордай тоздырып, жер көксоқта болып жатқан лайсаң кез еді. Кешкі төлді алып, қой-қозы шулап, ауыл азан-қазан еді. Сол көп шуылдың ішінде Ақбілек те еріген қардай ағыл-тегіл боп, қозы алып жүрген Ұрқияға жолықты.

– ...Ойбай-ай! Енді қайтесің? Біздікінде бір-екі кісі отыр еді.

– Ендеше, мені бір жерге апарып буындырып өлтір, өлтір, жеңешетай! Берібір өлген кісімін ғой! – деп зарланып жалынды.

– Қой, қарағым, жаман сөз айтпа! – деп, Ұрқия қолтығынан сүйемелеп, өз үйіне таяу Көркембай кемпірдікіне алып келді.

Бұл бір – баланы көп тауып, жалғызынан басқасының бәрі ұзатылып, өліп таусылған, ауыл-үйдің жібін иіріп, жабуын, сырмағын сырып, тігіп күн көріп отыратын, көңілшек, тәуір кемпір еді. Жас қатындар оны «көке» деп іші еді. Жалғыз баласы Мамырбайдың жылқысын бағушы еді. Кемпірдің жапырайған жаман тас қорасы, көр секілді

сығырайған кішкене құжырабы болушы еді. Құжырасында жөнді тесеніп те жоқ, тәйтері, шоқып, ши, салам секілді бірдеңелер жатушы еді. Ұрқия осы құжыраға Ақбілекті кіргізіп, «көкене» мән-жайын сыбырлап айтты.

— Ойбай-и! Енді қай жаққа барайын?!— деп, кемпір байғұс бүкпелден, жаман пешінің түбіне, бұрышқа ескі текеметтің тамтығын, шоқып, керлесін төсеп, қорасынан құр әкеліп, жіп құра бастады. Ол кезде Ақбілектің толғағы бір ұстап, бір қайтып, толғақ қысқанда не отыра алмай, не жата алмай, не құрулы құрға асыла алмай, шытынап, ыңырысып отыр еді.

— Е-ей, қарағым-ай. Сабыр қыл, сабыр қыл! Сабыр түбі — сары алтын, биатпаға сиын, биатпа піріңе,— деп кемпір байғұс күбірлеп, үшкірген бол, күл мен ұшықтаған болып, ішін сипап ламыл көрмей жүр.

Толғақ қысса Ақбілек құрға асылып:

— *Биатпа, пірім, биатпа!*
Жанымды менің қынатпа! —

деп, дауысын әрең шығарып, тістеліп ышқынады.

Ақбілек құрға асыларда, Ұрқия артынан құшақтап, сүйемелеп еді, кемпір:

— Ойбай, сен былай тұр! Өзің шермендеп жүріп, жазым боларсың!— деп, оны жолақтады. — Сені іздеп біреу-міреу келіп қалар,— деп, Ұрқияны болмай үйіне қайтарды.

Шаруаға көп айналыспай, өзі тұмса байғұс қой, Ақбілек көп толғапты, жаны жаман қиналды. Толғақ қысқанда, тұла бойы күл-талқан бол қирап бара жатқандай, қарыны мен белдемесінің арасынан гүйте арамен біреу біресе жүлқып, біресе иездегеге созып тартып, егелеп, тіліп жатқандай болады. Сол кезде барлық сүйегі үгіліп, күйреп, барлық егі, тамыры жыртғылып жатқандай қиналады. Өзге қиналудың бәрі оның қасында ойыншық тәрізді. Бала тауып көрмеген еркек оның қандай қиналу екенін қайдан білсін? Өйелдің жаны кезіне көрініп, өлі мен тірінің арасында болатын, «бұдан да тезірек өлсем екем» деп тілейтін шағы ғой. Жүкті әйелдер: «Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде» деп неге айтады дейсің? Ақбілек те өлі мен тірінің арасында, қасында жалғыз кемпір, жатқан жері көр, алдында ала көлеңке,

сықсаған жалаң бас лампы, дарға асылған адамдай жіпке асылып, «биатпасын» көп қақты-ау!..

Түн ортасы ауды-ау деген кезде кемпір де, Ақбілек те әбден жан терге түсіп, қиналып, әлсіреп, талықсыған кезде, «сегің салып» баланың дауысы шыр етті. Ақбілек талып кетті...

...Әлден уақытқа есін жияса, кемпір кіядігін кесіп, баланы орап, астын құрғатып, беліне су бұркіп, тірілтіп отыр екен. Ақбілек көзін аларта бір төңкеріп, ауыр күрсінді де:

— Бала қайда?— деп сұрады;

Кемпір:

— Міне, қарағым! Өзі бір бағлан еркек бала екен!— деп, жаман тонға ораулы жатқан баланы қолына алды.

— Көзін жоғалт, шеше!— деді.

— Жоғалтайын, қарағым, жоғалтайың! Міне біреуді жұтшы!— деп, бір қолында бала, бір қолымен көтік, ескі, сары тостағанды ұсынды. Шалап сусынды жұтқан соң, Ақбілек әнтек әлденейін деді.

Кемпір бүкпелдеп баланы бауырына қысып, көзін жоғалтқалы, шығып кетті.

Әлден уақытта кемпір «жоғалттым» деп қайтып келді. Кемпір байғұс «әлің кірсін» деп, орта тостағандай сары май ерткіл ішкізді. Майды ішкен соң Ақбілек тыныс алып, көзі ілінді.

Со күні түнде Ұрқия да босанып, көптен зарығып жүрген кісі, еркек бала туып, көзайым болды.

Көркембай кемпірдің жаман үйшігінде белуарға шейін оранып, Ұрқияның жіберген тамағын қорек қып, анда-санда келген Сара бауырын құшақтай жылап, Ақбілек мұңдық жарық сәуле көрмей көп жағтты. Өйткені бала емізбеген соң, емшегін сүт кернел, ұлғайып, жарылып кете жаздап, тастай боп тырсылдап, сыздап, ауырып, денесі күйіл-жанылып, көп бейнет шекті. Көркембай көпті көрген ене, жырынды байғұс қой, суық суға шоқиып, майлық орамалын малып, әлсін-әлсін тарта берді. Содан барып сүгі қайтып, тәуір болды.

Ақбілек көрнеген сүттен құтыла алмай, азапта жатқанда, Ұрқияның емшегінен сүт шықпай, баласын аштан өлтіріп ала жаздап, ақырында жас балалы көрші қатынға емізетін

Төртінші бөлім

МАХАББАТ

Арада бес жыл өтті.

Ертіс үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағыызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің от арба, от кемеңіз тоғысағын күндізгі, қара шаңырағы – Семей. Семей – бір губерния елдің миы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір губерния елдің жүрегі. Семей бүкілдесе, бір губерния ел бүкілдейді.

Ертістің он қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды. Талтайған жерінде арал пайда болады. Аралдың өнбойы сыңсыған орман. Жаз болса, орман жасарады, астына шалғын кілем төсенеңі. Арал сәнденеді, арал жанданады. Екі қаланың егі тірі еркек-әйелі қызылды-жасылды киім киіп, түрленіп, қайыққа мініп, сол жеке аралға, көкке шығады. Арал толған ағаш. Ағаш арасы – жол. Жол жиі-тірі – түрлі шөп пен түрлі гүл. Гүл әліпті жасыл жолда иін тіресіп, ерсілі-қарсылы жүріп жағқан жан. Ағаш-ағаштың саясы топ-топ адам. Ол топта пәремші көрзеңкеледі, тау-кеншік самауырының бықсытқан татар әйелдері де бар, орталарына қымыз қойып, қой сойып, жер ошаққа еттерін асып, шымырлатып жағқан қазақ та бар. Қыз қолтықтаған, гүл терген орыс та бар, арақ ішкен, мас болған, сырнай тарқан, өлең айтқан орыс-татар да бар. Өн-күй де, қызық сый да, сұлу қыз да, бал қымыз да, махаббат та, сыра да, арақ та, карта ойыны да, төбелес те, айқай-ұйқай да, ойын-күлкі де – бәрі содан табылады.

Күн жұма. Ақша бар ма? Әйда аралға! Ес қайықты! Өпкел домбыраны! Әміре қайда? Шақыр мұнда! Салсын «Ардақты!» Саңғыратсын аралды! Көтерсін Семейді ба-сына! Ай-хай, жасыл аралым! Қызық еді-ау бір күнде, әлі де солай ма екенсің? Біз аралдан кеткелі көп айлар, көп жылдар өтіп барады. Сағындық-ау аралды. Сағындық-ау Семей, Алматы!...

Сол аралда, Алаш жақта, үлкен қара ағаштың түбінде, Ертістің шымырлап аққан суына көз салып, көк теңбіл желек жамылған, ашпақ шөлмектей бір келіншек отыр, ашыр-

болты. Бұрын бала талпағайн әйелден сүт шықпайтыны да болады екен...

Бір күні Ақбілектің көңілін сұрағалы Ұрқия келді. Кел-мегелі бір жұма боп қалған ғой. Ақбілек емшегі қайтып келе жатқан кезі еді. Өзі бүйткіп жағса да, женешесіне «құтты болсын» айтты.

– Тәуір болған соң бергелі жүр едім, – деп, Ұрқия көйлегінің жеңіне шыыршықтап ораған бір қағазды алып берді.

Ақбілек ашып оқыса, Бекболаттың хаты екен. Ақбілек оқып болды да жылап қоя берді. Ұрқия сасып қалды:

– Ойбай-ау! О немене екен? Мен білмедім ғой, – деді.

Ақбілек:

– Жай, әншейін – деді, жылап отырып.

Әңгіме былай: Мамырбай ақсақал қызын Бекболатқа бермеймін дегенін естіп, құдасы айрылуға бет түзеген болатын. Бірақ әкесінің ол ойына Бекболат разы бол-май, Ақбілекке: «Қайтсем де сені аламын» деп, бір-екі рет хат жазған. Ақбілек те бөтен ойы жоқ екенін білдіріп «тағдырдың не жазатынын қайдан білейін?» – деп, ішін-дегі дертін уайымдап, екі ұштылау қып жауап қайырған. Соңғы кезде Бекболат Ақбілектің екі қабақтығын естіген екен. Ауыл-үй білген хабар елге жайылмай тұра ма? Соған нанарын да, нанбасын да білмей, Бекболат Ақбілекке хат жазып: «Жұрттың сол өсегі рас па? Рас болса, біржола түңілейін, әйтпесе...» деп сұраған екен.

Енді Ақбілек жыламай қайтсін? «Екі қабақ болғам жоқ, бала тапқам жоқ» деп, не бетімен айтсын? Көркембай кемпірдің үйінде жатқанын жұрт естімей тұрады дейсің бе? Өзге айтпаса да, Өрік шешесі елге хаяды ғой. Бір қайғының үстіне бір қайғы жамалып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айрылғандай, ойын қара тұман басты. Ке-шегі «өлгенім жақсы еді», деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай, жұртта қалған бұралқы, жұрдың күштіктей көріп, табан тірерлік, сүйенерлік аяқ ас-тында алақандай жер қалмаған адамша жаны түршігіп, жүрегі аузына тығылып, көзінің жасы көл болып аға берді, аға берді...

Көріскендей болды ма жұрт, балапан басына, тұрымтай тұсына...

— Ия десейші! Жаман болды ғой! Өткен күннің белгісі жоқ. Ту баста бүлдірген Рақымжан деген ғой... Қазақтардан солдағ алып, қызылдармен соғыспақ болып... Әй, дүние-ау десейші?! Соғыспаса қайтп барады екен? Орыс шіркінді жеңем деп ойлай ма екен... Сонда едің кісілерін жинап алып, Рақымжан айтыпты ғой: «Башабай келді. Малдарыңды талап алады, әйелдеріңе билік қоймайды. Аман күндеріңде Қытайға ауыңдар» депті ғой. Әкемдер қалаға барып келді де, «ал ауамыз!» деп, елді бөріктіріп, аласапыран болмасын ба? Тігулі үй тігуімен қалды. Толып жатқан әбдіре, сандық бәрін тастап, жеңіл-желпі киім-кешек, төсек-орынды алуға ғана мұршамыз келді. Малды айдап, күні-түні шұбырып, аудық қой. Қанша күн жүргенін де білмеймін, сол көшкеннен көшіп, Қытай қазақтарына бардық.

— Иә, ауып кетті деп естігенбіз.

— Естісең — сол. Ол бір бейбастақ, нашар ел болады екен. Кім көрінгені би болып, малымызды талап ала берді. Әсіресе бір үкірдай дегені жаман болады. Әкемің бар малын сол айдағып алып, сымпыдық та қалдық. Не мал жоқ, не үй жоқ, не тамыр-таныс жоқ, жашпаның астында жаттық. Көрген күнімізді Құдай итке бермесін. Мені тартып алады деген сөз шықты. Әйтеуір Құдай сақтады.

Не керек, сонда бір қыс тұрып, аштан өле жаздап, жаз шыққан соң, жаяу-жалпылы шұбырып, елімізге қайттық.

Елге келсек — қора-мүлкімізді, жерімізді бір келдей көршілеріміз иемденіп отырып алыпты. Өз үйімізге өзімізді жолатпайды. Әкем ел азаматтарына барды, болысқа барды, түк болмады. Қайдан болсын! Болыстың өзі екен қондырған. Әкем ізденіп, болыстың үстінен арыз беріпті. Қайдан білсін, бұрынғы заманы бар деп жүр ғой.

Бір күні ауылға мылтықты екі мелисе келіп, әкемді алды да кетті.

— Не жазығым бар?— десе:

— Сен қашқының, боржайсың,— дейді.

Боржайы не екенін қайдан білейік. Әкемді қалаға апарып, абақтыға жауып қойыпты. Әкем жағып алды, шығармайды. Өзің көрген Ақан деген ағатайым бар еді

ау, өзге жұрт арал кезіп, арақ қымыз ішіп, қызыққа батып жатқанда, жападан-жалғыз отырған неткен келіншек екен? Тегі, жай емес қой.

Аузы жыбырлап, жылды кісіше өзінен-өзі сөйлеп отыр.

...— Шіркін-ай! Біздің ауылдың жайлаудағы шалғыны қандай еді! Бұзау көрінбей жатушы еді! Ауыл келіп қонғанда, жұпар иісі мұрынды жарушы еді! Тау аясындағы айдың көлінің айнадай суы қандай еді. Өңшең ұсақ бала шолылдатып, суға шомылып, жұмыртқа іздел, жылан бас тана теріп кетуші ек. Есіл қызық күндер-ай! Есіл оң жақтағы дәурен-ай! Елім-ай! Жерім-ай! Сағындым-ау, қайтейін,— деп отыр еді ол.

Сол кезде ағаштың ар жағындағы жолмен орысша киімі бар бір жас әйел келе жатып, келіншектің сөзіне қулақ салып тұра қалды. «Сағындым-ау, қайтейін» деген кезде, келіншектің қарсы алдынан өте беріп, бетіне қадала қарады да, тамсанып тоқтады:

— Япыр-ау! Жаңылмасам... Таныдым ғой. Сен Кәмилә емессің бе?— деп жаза басам ба дегендей, аяғын бір басты.

— Иә,— деді келіншек кезі бажырайып, көсілген аяғын жиып алып, қарай қалды.

Орысша киінген әйел таныған сайын келіншек тесірейе қарап, дәл қасына келе бергенде:

— Бауырым, жиен-ау, сені де көрегің күн бар екен!— деп, ұшып түрегеліп, мойнынан құшақтай алды. Келіншектің көзінен жасы ыршып-ыршып кетті. Көріп, мауқын басқан соң, екі жас әйел біріне-бірі таянысып, аяқтарын айқастырып, телмендеп отырып әңгімеге кірісті.

— Сен мұнда қайдан келдің?

— Сен қайдан келдің?— деп екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.

— Әуелі өзің айтшы!

— Әуелі сен айтшы!— деп орысша киінген әйел келіншектің қолынан ұстап, өз алдына тартты.

— Жарайды еңдеше,— деп келіншек бастады. — Жасаған-ау! Енді қайтейін!— деп тамсанып қояды. — Сені керем деген титтей ойымда болсайшы... Ана жылды, жайлауда отырғанда, апам екеуің келіп, жағып кеттіңдер ғой... Онда екеуіміз де бала едік қой... Япыр-ау! Содан қайтып көріскеміз жоқ-ау?

ғой. Сол олай шапты, бұлай шапты. Әкемді босата алмады. Жалғыз әкем ондай болдыр Туған шешен болмаған сон, немене...

— Ой, дүние-ай десеңші! Нағашым сені жақсы көруші ме еді?

— Е, жақсы көрмей. Қытай қазақтарына бермей, алып келді ғой. Менің де балауау күнім емес пе, он беске жаңа шыққам ғой. Әкемнің абақтыда жатқаны жаныма жаман батып жүрді. Айға жуық жатты.

Ақан ағам қалаға кетіп еді. Бір күні әкемді босатып алып келді. Қуанып қалдық. Әкем келген сон, қора-мүлкімізді де, жерімізді де өзімізге қайтарып берді.

— Онысы тәуір болған екен!

— Тәуір болғаны құрсын! Тәуір болмады. Арада бір жұма өтті ме, өтпеді ме, бір күні кешке таман қаладан үш кісі сау еге түсті. Жоғарғы үйге кіргізіп, көрпе салып, қой сойып, әкем шала бүлініп жатыр. «Мұнысы кім?» деп отырмын. Қатындар жиялып келе бастады. Біріне-бірі «Күйеуді көрдің бе?» дейді. Жүрегім су еге түсті.

— Кімнің күйеуі?— дедім.

— Ойбай-ау! Күйеуің келгенің білмей отырсың ба?— десті.

Не дерімді білмедім. Көзімнен жасым тимей-тимей келті. Мен жылап отырғанда, өгей шешем келіп:

— Жылағаны несі? Бала емессің. Күйеуге тимей отырушы ма ең? Дәнеңе жоқ. Өз теңің, оқыған төре жігіт. Қой, жылағанды!— деді.

Оған да болғам жоқ. Теріс қарап, домаланып жылай бердім. Енді қайтейін. Өрі жаспын, әрі күйеуге тием деген ойым бар ма... Және бір ауыз сөз айтпастан, дәнеңе етпестен, бір-ақ күнде «күйеуің келді» деген соң...

— Ой, Алла-ай десеңші!

— Асқа да тұрмай бұлан-талан болып жатыр едім. Қасыма ағатайым келді. Қамығып, басымды сипап отырып: «Сені берейік деп отырғамыз жоқ. Әкеннің ханы қала ма деп уәде қылып едік. Енді уәдемізді жұта алмай отырмыз. Заман жаман: осындай қызметтегі бір адамға сүйенбесек, жазым боп кететін көрінеміз. Бізді қашқын деп кім көрінген сұқтанатын көрінеді» деп бірталай ақыл айтты. Ағатайым сөзі кішкене құлағымға кірейін деді. Әйткенмен ар жағым

болатын емес, көңілім соқпайды. Жоқ жерден күйеуге ти-еді деген не деген сұмдық! Әкемнің пылқанына қуанып жүрсем, сорлы басым, мені бермек боп босанған екен.

— Ал сонсын?

— Сонсын немене? Тамақтан кейін, әл-еркіме қоймай, жеңгелерім «қол ұстағамыз» деп мені сүйрелеп алып барды. Есіктен кіргізді. Үй ала көлеңке еді. Әйнектің түбінде қап-қара аюдай бірдеңе отыр. Өзі тіпті үлкен. Аузынан түтіні бұрқырайды.

— Ойпырым-ай!

— Манағы манағы ма, зәрем одан жаман кетті. Мынау еңкіген қара аю жеп қоятындай көрдім. Жеңгелерім мені қасына таман әкеліп:

— Өзіңдей бұл да адамның баласы. Балалық қылма. Әлі-ақ үйреніп кетесің,— деп қасына отырғызды да, шамды алып, шығып кетті. Төмен қарап, бұғып отырмын, дір-дір етем. Түтінін бұрқыратып болды да әлгі қара аю сырғып келіп, қолымнан ұстады. Денем шым еге түсті. Қолы темірдей тиді.

— Неғып отырсың? Бері таман кел!— деп қолымнан тартты. Жүрегім дүрсілдеп барады. Бауырына таман тартып, қолаңса иісі қолқамды ағып, тіке мұртың бетіме қадап, жап-жалпақ аузын жапсырды. Белімнен қысып, икемдеп әкетіп барады. Ағатайадым, жалындым, жыладым. Керек қылмады. Темірдей қолдарымен денемді бүріп, күйретіп барады. Не керек, тамұқ азабын тартқандай жан терге түсіп, қиналып, тұла бойым дал-дұл болып, көрер ганды көзіммен атқыздым.

— Сөйтпей, қайтуші еді? Сонсын?

Сонсын ергенінде ол кетіп қалды. Он шақты күннен соң ағатайым мен апам екеуі төсек-орныммен арбаға салып, мені қалаға алып келді. Бір қатын, үш-төрт сыпыған еркек алдымыздан шығып, үйге кіргізді. Ауыз үйі кішкене, тергі үйі үлкендеу екі бөлмелі үй екен. Төсеніші жоқ. Қу тақтай. Бір бұрышта темір кроват тұр. Шешем екеуіміз соның үстіне отырдық. Еркектер ортадағы орыс үстелді жағалай, орындыққа отырды. Өңшең бір шудірілеген бөтен адам, тартқандары — шылым. Қайда отырғаныңды білмейсің.

— Е, оның рас, алғашқы кезде кісі сөйтеді екен. Сонсын?

— Сонсын кешке таман қонақ шақырғы. Кровать жаққа маған шымылдық құрып қойды. Апам басы ауырып, ауыз үйде жатып қалды. Қонақтары келді сауылдап. Орталарына ет қойып: «Келіншегің құтты болсын!» деп айғайласып, стақанды салдырапты, арақ ішті. Ақан ағам ішпей еді, бері жабылып, қояр да қоймай, оған да ішкізді. Мен, шымылдық ішінде жалғыз шошайып отырмын. Ағатайымды аяп отырмын...

Шетінен мас. Бір жігіт арақты азырақ ішті білем, бәрі соған жабылды. Менің күйеуім: «Іш, сен неге ішпейсің?» деп күжілдеп, әлгімен ұстасты. Содан ұшқынып, екеуі керішдесіп, боқтасты. «Қой, қойлағанды» тындамай әлгі менің күйеуім тілі күрметтіліп, боқтап «атам» деп мылтығын ала ұмтылғаны ғой.

— Құдай-ай! Сақтай гөр!

— Зәрем зәр түбіне кетті. Бәрі дүрлігіп, ыдыс-аяқты қиратып, үстелді, тақтайды тәрсылдағып, үйді басына келеріп барады. Қорқып, мен де ұшып түрегелдім. Шымылдықтан сығалап қарасам — күйеуімді екі жігіт ұстап жүр екен. Көзі қисайып, ақшиып кетіпті. Қылы екенін сонда көрдім. Қолында мылтығы, тұра-тұра ұмтылады. Күйеуімнен қорықтым, көңлім қалды. Мінезі жаман екен. Әлден уақытта екеуін де қойғызып, қонағы түскірлер тарады.

Ыдыс шашылып, стақан, бөтелкелер қирап, арақ төгіліп, үйдің ойран-боғқасы шығып қалды. Ағатайлап, мана төбелестен бұрын лоқсып, шикылдап, ауыз үйге шығып кетіп едім. Күйеуім қонақтарын шығарып салып, тәліптіктеп келіп, мені тағы құшақтап, сүйді. Өнебойы арақ сасиды. Шешінбестен төсекке келіп қылжиып, әлгі төбелескен жігітті боқтап жатып ұйықтап қалды.

— Ойпырым-ай! Күйеуіңнің мінезі қалай жаман еді?

— Мінезі жаман дейсің! Жамандығын қазір айтам...

— Сонсын қайттың?

— Сонсын жылап-жылап, сілем құрып, кроватьң алдына бір көрпе тастай беріп, жантайып таң ата көзім ілінді. Не керек, бір сау күні болған жоқ, қызметтен келсе арақ ішумен, мас болумен, боқтаумен күлі өтті. Мені жан екен деп сөйлесу жоқ. Тек қойныма жатуды біледі. Күндіз-түні бүк түсіп жапқаннан басқа, жарық сәуле көрмедім.

Бір жұмадан кейін күйеуім қызметтен түсіп қалды. Партиясы дей ме, бірдеңесінен шығарып тастапты. Пара алып, жолдастарымен ұстасып, әйтеуір жамандығы білініп қалса керек. Содан кейін ол мені алып өз еліне қайтапты болды.

Кешіп-кегіп жүрегін бір қазақ қатыны бар еді. Өзі бір сұмандаған сөзі кел қатын еді. Бір күні сол келді. «Күйеуіңді қызметтен түсірді! Бұл қаладан қуып отыр. Жаман жұмыстары кел, енді абақтыға түседі. Өзі кедей дейді. Сен оған ерме! Мұнда қал! Саған жақсы күйеу тауып береміз...» — деп мені азғырды. Не сөз екенін де білгем жоқ. Келген соң күйеуіме айттым. Кеше ғана тие сала қалай айрылайын? Күйеуім:

— Олар менің дұшпаным. Өтірік айтады. Әуре болма! — деді.

Содан мені осында алып келді.

— Семейдікі екен ғой?

— Иә, осында бір жаман үйі бар екен. Мені өз үйіне әкелген жоқ, бір жолдастарының үйіне түсірді. Ноғай қатыны, екі ақ үрпек баласы бар екен. Шай қайнатты.

Күйеуім кетіп қалып еді. Әлгі үйдің иесі бар, бір-екі балалау жігіт бар, шайды жаңа ішіп отыр едік. Бір мезгілде бір шұбар мәтүшке келіп, еңтігіп, сұрланып, ерні дірілдеп, есік көзінде тұра қалып еді. Бәрі де үн-түн жоқ, төмен қарады. Сөйткенше болмады, әлгі мәтүшке:

— Оныкі жаңа қатын сен бе? — деп мені көрсетіп, — мені де оныкі қатын, — деді. — Мені тастады. Менкі одан бір кішкене бала қалды. Баланы асырауға ақша жоқ. Баланы саған тапсырдым, — деп маған қарап жылап қоя берді. Мен аң-таң болдым. Үй иесі жігіт отырып маған мәнісін айтты. Бақсам, күйеуімнің орыс қатыны бар екен.

Маған оны айтастан алып келті.

— Ойбай, масқара!

— Масқара болғанда қандай! Сол жерде не болғанымыды білмедім. Өнім екенін, түсім екенін айыра алмадым. Мен жылап отырғанда күйеуім келді. Мәтүшке кетіп қап еді. Күйеуім шай ішіп отырып:

— Баланы да жібергелі отырмын, — деді.

Жолдастары:

— Өзің білесің. Пәлен-түей, — деп жөнді ештеңе айтпады! Ішнен жақтырғандары көрініп тұр. Мен күйіп кеттім:
— Баланды неге жібересің? Орыс боп кетпей ме? Алып қал! — дедім.

— Енді қайтейін... алдым. Тіпті намысым келді. Кім де болса, күйеуімнің баласы ғой. Айтқанымға бола ма, баласын бірге тастады.

Қатыны кеткен соң, мені өз үйіне әкелді. Жаман, тоқал үй екен. Бір ағасы мен жеңгесі бар екен. Ағасы жауу жүріп сауда қылады екен.

Өлгі күйеуімнің тастаған баласы анда-санда келіп-кетіп жүрді. Бес-алтыға келіп қалған жап-жақсы бала. Менің күйеуімнің баласы дейтін емес. Қазақша тіл біледі. Бейшараны аяймын.

— Маған бала боласың ба? — деймін.

— Болам, — дейді. Әкесі келсе:

— Келме, үйіңе бар, — деп қуып жібереді. Сол бала артынан кешеден қайыр сұрайтын болыпты. Әкесі жолыққанда, бала қолын жайса, керек десе садақасын да бермелгі. Не деген қатты адам екенін білмеймін, — деп, келіншек сөзін бітірді.

— Осы күні күйеуің қайда?

— Қызметпен басқа қалаға кетіп еді. Екі ай болды. Хабар жоқ.

— Бала көтердің бе?

— Бір бала түсік түсті. Біреуін қолдан өлтірдік.

— Күйеуіңнің аты кім?

— Обал ғой, қалай атайын?

— Оның обалы жоқ, бауырым. Жай сөз. Атай бер.

— Ана аттың мойнына салатын имек ағаш?

— Қамыт па?

— Жоқ, одан жоғарылауы.

— Доға ма?

— Е, сол, сол.

— Аты да бір түрлі екен. Өзің немене жүдеусің ғой?

— Жүдеу болмай, қайтейін? Адамқан қаздай... Жападан жалғыз... Науқасқа шалдықтым. Азырақ жетелім бар.

— Ей, қалқам, Кәмилә-ай! Сенің де көрмеген қорлығың жоқ екен ғой...

* * *

— Ал енді өзіндікін айтшы! — дегенде, орысша киінген әйел бастан кешкен күндерін бір-бірлеп ағыта бастады.

Бірінің аузына бірі қарал, киімдерін шұқыласып, екеуі ағаш түбінде көп отырды. Күн де еңкейді. Кәмиланың қыдырып кеткен қайын аға, абысындары да келді. Сонымен ол күні әңгіме аяқталмай қалды. Орысша киінген әйел Кәмиланың тұрған үйін сұрап алып, ертең келмек бол, қош айтысты.

Ертеңінде Кашти жырасымен ағып, екі әйел Ертіс шетіндегі «Маған кел, маған кел!» деген көп қайықтың бір бұтіндеуіне отырып аралға тартты. Ана жерге, мына жерге барса да орыс, ноғайдың қыз-қатыны, қолтықтасып жыл етші шыға келеді. Оларды көргенде келіншек:

— Осылар-ақ үйінде отырмайды! — деп қалды.

Оңаша орын іздел, екі әйел аралды өрлеп барып, Алаш жақтағы орманның бір алаңқайына алдын бере отырып, әңгімесін қайта қозғады.

— Иә, сонымен?

— Сонымен жазға салым ауылға ағатайым келді. Мен әлі әкеме көріне алмай, Ұрқияның үйінде жүруші едім. Өңтіменің бәрін ағатайым естіпті. Әкемді көндіріп, ағатайым үйге алып келді. Бетімнен отым шығып, ерең бардым-ау! Елде бір жарым ай тұрған соң, ағатайым мені қалаға алып кетті. Әкем үндеген жоқ. Өзі де құтыла алмай жүрген кісі ғой. Қайта кеткенімді тәуір көрген шығар, — деп әңгімесі әйел қалтасынан орамалын алып, мұрнын сүртті.

Сөз әлпетінен оқушылар өзі де сезген болар, бұл әңгіме айтып отырған Ақбілек еді. Анау Кәмилә деген келіншек Ақбілектің шешесімен бірге туысқан, бұрын болыс болған Бояубайдың қызы еді. Ақбілектің туған нағашысы болды ғой. Ендеше, Ақбілектің әңгімесіне құлақ салайық.

— Ағатайым, қаладағы бір Мағиша деген оқыған қызды алғалы жүр екен. Орал тауынан ауып келген естек қызы. Бір мұғалім ағасы бар. Үйелмелі-сүйелмелі екі қыз екен. Біз құсап дәм айдап келген ғой. Көргенді жердің балалары болса керек.

Бір жұмадан кейін сол жеңгемізді алды. Оқығандардың үйленгендері де бір түрлі «құда түсер, қол ұстағар, шаш

синар, ілу жыртқыс, кит-сит, кәде-сәде» дегеннің бір де бірі жоқ. Томаға-тұйық үйге алып келіп, қонақ шақырады екен. Қыз ибасы да, қынамендесі де, тойы да – сол. Бір соғар.

Жаңа женгей де ұялған жоқ. Ағатайымымен тізерлесіп отырып, қонақ күтіп, өзі жүтіріп жүрді. Естек болғаныммен өзіміздің қазақ сияқты, қытығы жоқ, көң пейіл тәуір адам екен. Көзі қап-қара, денелі, келбетті кісі.

Жеңешемді сөз қып кеттім-ау. Оны айтатын да жөнім бар. Ағатайымнан да маған оның қызметі асты. Мені адам қылған сол ғой...

Оң қолынан өнері төгіледі. Шаруаға да көріпкел. Тамақты қандай ғып пісіреді! Неше түрлісін істейді! Ішпегенді ішкізеді.

Өзі бір саудыраған ақ көңіл бала сияқты адам. Не десен, соған нанады. Ағатайымның бар-жоғын білдірмейді. Келген кісімен ерекше сөйлеседі. Менің көзімді ашқан сол жеңгем ғой, әйтпесе...

– Ал содан кейін қайда бардың?

– Содан кейін ағатайым сол жылы Семейге барды. Қызметке. Мені де ала барды. Пәтер-тұрмысымыз жайлы болды.

Сол кезде бір курс ашылып, ағатайым мені сол курсқа түсірді.

– Қурысың немене?

– Ондайды әлі білмейді екенсің. Бала оқығатын сондай мектеп болады.

– Үйден шықпаймын, қайдам...

– Оның да рас қой. Курста менен басқа да төрт-бес қыз оқыды. Көбі ересек. Қазақша хат танығаным болмаса, үлкен оқуды кім көрген. Әуелде түк түсінібей жүрдім. Өзіміз оқитын ескі молданап тәрізді емес. Орысша кинген хігіттер түрегеп жүріп оқыталады. Жазу жазатын, отыратын жерің – бәрі үстел. Мұғалімдеріміз қара тақтаға бормен жазып-жазып, сөйлеп түсіндіреді.

Есеп дей ме, жағырапия дей ме, сен білмейсің ғой... Көп нәрселер үйретеді. Мұғалімнің үйреткенін дәптерімізге жазып ала береміз. Үйге келген соң билмеген жерімді жеңешемнен, ағатайымнан сұрап алам. Екеуі де айтып берді.

Не керек, сол курстан алты айдай оқып, ежептәуір нәрсе біліп қалдым.

Үйге келгенде жеңешеме қолқабыс қылам. Омырауыма алшақыш байлап алып, қартоп тазалаймын, кеспе кесем. Пәреміш, самсы, тұшпара, кәллет дейтіндері болады екен. Олардың істеуін де үйреніп алдым. Кішімім де ыңғайлы. Семейге келген соң ағатайым мен жеңешем маған да орысша киім тіктіріп, мені қылтитып сәндеп қойды.

Кейде ағатайыма, не жеңешеме еріп, театрға, суретке барамыз. Сен оларға барып көрдің бе?

– Әлгі қозғалып тұратын ба?

– Иә.

– Әлгі жоққа бір таныс шәкірт аларған еді. Не екенін ұға алмадым.

– Әуелде мен де тап-тамаша қап: «Бұл қалай қимылдап тұр? Жаны бар ма?» – деп жеңешемнен сұрай бергем. Сөйтсем жаны жоқ екен. Қозғалып тұратын бір тетігі бар екен. Спектакльге бардың ба?

– Онысы немене?

– Кісілер бет-аузын бояп, сақал жапсырып алып, сөйлесіп ойнайды ғой.

– Әне біреу... әлгі бір қойшы болып, қағынын ұратынды айтады екенсің ғой.

– Е, сол, сол. Семейге сені қай жылы әкелді?

– Қай жылы екенін қайдам, әйтеуір төрт-бес жыл боп барады ғой.

– Бізге де, міне бес жыл боп барады. Біз 21-ші жылы қысқа қарсы келдік. Сені мен неғып естімедім екен?

– Е, келген жылы біз Қарқаралыға кеткенбіз.

– Бәсе... Келесі жылы тағы көре алмайтын жөнім бар. Ол жылы мені ағатайым Орынбордағы оқуға жіберген ғой.

– Ендеше, ол жылы біз қайтадан Семейге келгеміз. Менің алғашқы бала кетерген жылым ғой...

– Ол жылы мен Орынбордамын. Ағатайым: «Көбірек оқымасаң, адам болмайсың» деп оқу бөлімінен қағаз әперіп, Орынбордың рабфагына жіберген. Екі қыз барғанбыз. Ажар екеуіміз... Жеңілтек қыз еді. Қалалы жердікі ғой. Есі-дерті бозбала. Бет-аузын бояп, әлектенеді де жағалды.

Менің отарбаға алғашқы мінгенім сонда ғой. Атын естігенім болмаса, кім көрген. Туы ішінде ағатайым мен жеңешем екеуі бержебаймен апарып салды. Жыбырлаған кісі. Отарба өкіріп жүр. Ағатайым күні бұрын қағаз алып қойған екен, кезек күтпей билет алдык. Апарып бір ұзын үйлерге, үй емес, дөңгелегі бар, үлкен бігеу күймелерге (вагон дейді екен, артынан білдік) әкеп кіргізді.

Жеңешем мен ағатайымды қимай көп жыладым.. Бұрын көрмеген алыс жер ғой, қорқып жүрмін. Енді қайтейін. Бір жағынан оқығанымды да жақсы көремін. Бір қыс оқып, оқудың дәмін алып қалдым ғой. Оқыған жеңешемнің түрі анау, бәрін біліп тұрғаны.

Ағатайымды қандай сыйлайды! Ағатайым да оны ренжітпейді. Жеңешемнің тілі де бір түрлі қызық қой! Ол сөйлегенде ағатайым екеуіміз күлеміз де отырамыз. Әуелде тіліне түсіне алмай жүруші ем. Жүре-жүре құлағым үйренейін деді. Жеңешем де қазақша сөйлеуге айналды. Әйткенмен кейде бірденені қойып қалады.

Ойбай-ау! Бірді айтып, бірге түсіп кеттім-ау! Жеңешемді ойласам, айтып отырған сезімді ұмытам да қалам. Тіпті сағынып жүрмін.

— Олар қайда?

— Зайсанға кеттігі. Көрем ғой деп келсем... Жеңешем-тайым-ай, менің көзімді ашқан сол ғой...

— Иә, қимай жыладым дедің ғой.

— Жыламай қайтейін! Сол екеуінен басқа кімім бар? Әке-шешемнің түрі анау болды. Екі бауырым болса, онда өгей шешенің қолында қалды. Ол байғұстардың көрген күні әлдеқандай деп бір ойлаймын...

Не керек, екеуі бетімнен сүйіп, төрт көздері жаудырап қала берді. Өкірген отарбаға мініп, мен кете бардым. Ажардың ойына да келмейді. Сол екі арада бір жігіт тауып алып, әйнек алдында аузы жабыса қапты. Екі күнге дейін көзімнен жас кетпеді.

Жолда төрт қалаға тоқтап, вокзалда жатып, басқа отарбаға мініп отырдық. Ажардың жігітпен таныс болғанының бір пайдасы тиді. Ажар екеуімізге кезекке тұрып, билет әперіп отырды.

Неше түрлі тамашаны көрдік. Талай өзеннен, көпірден өттік. Тауды да, орманды да тіліп етеміз. Бір жерге барып тіреліп қала ма деп қорқып келе жатасың. Тірелмейді де, соқтықпайды да, арасынан жылпылдап, жыланша бұрандап өте шығады. Жүрісі қандай! Құйындай ұшады!

Орынборға келіп, бержебайға мініп, Ажардың таны-малына барып түстік. Орынбор қаласы Семейден ретгі. Көшесі тас, бержебайы да онды екен. Солкылдаған кішкене пеуеске.

Ертеңіне қағазымызды алып, үшкөлге бардық. Адам айтқысыз бір үлкен үй. Ығы-жығы бала. Біз де кіріп, кең-сесін тауып алып, қағазымызды көрсеттік. Қағазымызға қарап, бізді тыңдамастан, дөңеңе епшестен алды.

Қыздар жататын бөлме басқа екен. Солардың арасынан бізге де екі кровать берді. Төсек-орнымызды әкел, сонда орналастық. Қыздардың бәрі орыс. Қазақтан бес-алтты-ақ қыз болды.

Семейдегідей болмады, оқуы қиын тиді. Семейде мұғалімдеріміз қазақ – оқуымыз да қазақша еді. Орыс тілін азырақ оқып едік. Мұнда оқу орысша. Оқытатын ылғи орыстар. Қазақтан бір-екі-ақ мұғалім бар. Ағатайымнан, жеңешемнен орысша оны-мұны үйренген болғам. Ол білгенім аз екен. Көпке дейін түсіне алмай, босқа отыратын болдым. Бір тәуір жері орыс қыздары көп, тіл үйренуге оқудан да солар жақсы болды. Әйтсе де сабақты мез оқи алмай жүрдім.

Елкіге ұқсаған қызы түскірлер секектеп, отырмайды екен. Сабақтан босанса, жігіттермен жыртыңдасып, хат жазысып, қолтықтасып, құшақтасып жүргені. Орыс қыздары тіпті ұят дегенді білмейді екен ғой. Еркектің мойнына мініп алады, жас балаша алдына отырады. Тіпті ұят! Оларға еліктеп, біздің қазақ қыздары да жігітпен жүреді. Әсіресе біздің Ажар мен Кәмилә деген қыз. Түні бойы жоғалып кетеді. Қараңғы жерге барып, әркіммен бір құшақтасып отырғаны. Кәмилә деген қыз сабағын оқи алмай, қыс ортасына жетпей, шығып кетті. Екіқабат екен деген сип жүрді. Кім білсін?

Жігіттер мені де айналдырды. Мен олардың ортасына көп түспей шеттеп жүретінімді. Өзім сияқты жуастау орыс қызымен жолдас боп, сонымен сөйлесетінмін. Жігіттер: «Қыдырайық, ойынға барайық, сөйлесейік» деп маза бермейтін болды. Мен олардың ыңғайына кенбедім. Бозбалаға несіне қызығайын? Бұрынғы тартқан азабым аз ба? Және жеңешем Ылғи құлағыма құйып отыратын. «Жігіттердің азғырағына ерме! Ерсең, бұзыласың. Әбiрiң кетедi. Адам болмайсың. Әуелi оқу оқы. Күйеуге тиетiн кезде жігітке көз жамандайтын, ыртаң-жыртаннан басқаны білмейді дейтін. Сол сөздері есімде.

Айтқанына жүрмегенсін, жігіттер менің соңыма түсті. Мені «ұлы кезде» деді, «байдың қызы» деді, «куыршақ» деді, «кісі киік» деді. Айтпағаны жоқ. Тоғыз саққа жүгіртті. Өтіріктен өтірік «пәлен жігітке хат жазыпсың, пәленмен жақынысың» деп жала жапты. Маған хат жазып, ғашық болды. Домалақ қағаз түсіріп, неше түрлі былғаныш сөздерді айтты. Сонда да болмадым. Ең болмаған соң, қараңғыда аяғымнан қағып-жығып кететін, ұрып кететін болды. Қағаз-кітаптарымды, тарағымды, орамалымды ұрлайтын болды. Еркек бала бір түрлі бейбастақ келеді ғой.

Екі күнде, үш күнде бір жиналыс болады. Айғай-ұйғай боп сөйлесіп жатқаны. Жиялысқа бармай қалсаң, біреуі барып жеткізе қояды. Бірін-бірі мүйіздел, жамандап, үшкөпден шығартып жатқаны. Әсіресе біздің қазақ балалары. Не жетпейтінін білмеймін.

Бес жүзге тарта бала бар. Үй тар. Отын кем. Жұмасына бір жаға ма, жақпай ма. Үйдің іші былғаныш, сасық. Көп бала сасытпай тұра ма? Тесікті ашсаң, азынап суық кіреді – ауырып қаласың. Ашпасаң тұншығып кете жаздайсың. Оның үстіне тамақ та жайсыз. Ашаршылық жылы ғой. Таласыл-тармасып, күніне жарты қадақ нан, бұлдыры жоқ картоп салған сорпа ішесің. Кешке бір қайнаған су. Оқу оқып жетілгеннен бұрын аштан өле жаздадық. Талай бала ауырып шығып кетті. Өлгендері де болды. Қыстың аяғына жете алмай, мен де жүдеу басқа айналдым. Семейге баратын үш-төрт баламен мен де қайттым.

– Сен де бейнегітi тәуір-ақ көрген екенсiң.

– Атама. Жасынан оқымаған соң, кiсiнiң тiлi де қағып кетелi екен. Жуырда икемге келмейдi екен. Есейген соң оқығанның бiр тәуiрi есiң болса: артық бұзылмайды екенсiң. Өншең өгiздiң ортасында аман қалғаныма өзiм де таңданам...

Жеңешем мен келгенге қуанып қалды. Оған да серiк керек. Екеуiмiз бiр туған кiсiдей боп кеткемiз ғой.

Ағатайым тубкомда қызмет қыл, тәуiр боп тұр екен. Келген соң «босқа жүргенше, тiл үйрен» деп бiр үшкөлге учитель қатынды жалдап төрт ай оқытты. Бұрын қазақ баласын көп оқытып, ысылған керi қатын екен. Баласы жоқ. Табысымен күн көредi. Сол қатыннан оқығаным көп пайда болды. Орысша жазуға да, сөйлеуге де сол кiсi сауатымды ашты. Орыстың тiлi қиын болады екен, тiптi?

– Осы күнi орысша бiлiп алдың ба?

– Оныша жетiк бiлмесек те, түсiнетiн болдық. Аса бiр қиын сөз болмаса, ойлағанымды айта алам.

– Бiз сияқты аузын бұған өгiз емессiң ғой.

– Оқысаң сен де үйренер едiң. Оқи алмай қалдың ғой. Заман оқығандiкi көрiнедi. Өмiрдiң қызығы соларда. Бар тапқанын тамағы мен киiмiне салады. Мал жиям деп әуре болмайды. Тұратын үйлерi қандай! Саңғырлаған бiр сарай. Әй, бiздiң қазақтың көрген күнi құрысын! Бықсыл, сасып, биттел, құрттап жатқаны...

– Құрттаса да мен сол елдi сағынып өлiп жүрмiн. Қуарған қаласы бар болсын. Бәрi бетен, бәрi жат. Iшiм пысып, санамен сарғайып, дерттi боп отырмын.

– Қалқам-ау, ол сенiң оқымағандығың. Оқысаң бәрiне де үйiр боп кетесiң.

– Ендi бiзге оқу қайда? Елiмдi бiр көрсем, арманым болмас едi, – деп қатты күрсiндi.

Қаланы, оқығанды мақтағаны болмаса Ақбiлектiң арғы ойы: оқымаған Кәмиләннiң алдында өзiнiң оқығандығымен, орысша киiмi мен азырақ мақтанбақ едi. Әйтпесе даланы, елдi өзi де сағынып едi. Кәмилә елiн бiр көрудi арман қыл, күрсiнгенде Ақбiлек ұялып, «өтiрiк мақтанып отырмын-ау» деп ойлады. Сондықтан:

– Сенің оның рас. Кісі кейде елді біртүрлі сағынады, – деді.

Кішкенедең соң Көміл:

– Сонсоң не болды? Бітті ме? – дегенде Ақбілек:

– Жоқ әлі. Өңгіменің қызығы ілгері деді.

– Е, соныңды айтсайшы.

– Соны айтсам... Немене... Қай жерге кеп ем?

– Семейге келіп, орыс қатыннан оқыдың ғой.

– Е-е... Содан кейін қысқа қарсы Орынборға тағы бардым. Оқуға. Қайта-қайта айта бермейінші. Орынборда тағы үш жыл оқыдым. Тұрмыс та, оқуда бұрынғыдан жөнделейін деді. Тіл біліп қалдым ғой.

Қалаға әбден таныс болдым. Оқушылар ойын қойып, мен ойынға да араластым. «Бәйбіше – тоқалды» ойнағанда мен Мәмеш болдым. Свердлов клубына қойдық. Оқыған азаматтарға қыдырып жүріп, билет сағтық. Ойынымыз жақсы боп өтті. Мен де тәуір ойнадым білем. Ойын басқарушы «жақсы шығардың» деп, гүлдіесіп жатыр.

Бетімнің бояуын сүртіп, ауызға шығып едім: «Ақбілек, сен жақсы ойнадың!» деп өзіміздің қазақ учитель жолыға кетті. Көтеріліп қалдым. «Жүр, шай ішейік» деп үстелге алып келді.

Ол үстелде үш жігіт отыр екен. Мені таныстырды. Көмесерлеріміз екен.

– Мынау – Ақбала жолдас, мынау – Балташ жолдас... – деп жатыр.

«Отырыңыз!» десті. Отырдым. Сыра ұсынды. Ішпедім. Ақбала деген жігіт отырып:

– Ішпесе, зорламаңыз. Әйел балалардың ішпегені де жақсы. Біздің әйелдеріміз де кісі боп қапты. Ойындарыңыз тәуір шықты, – деп бірталай сөз қылды. Мен шай ішіп отырдым.

Ақбаланы бұрын да көшеде бірнеше рет көргенмін. Балалар шешен деп, білгіш деп мақтайтын. Орта бойлы, маңдайлы, ақ құба жігіт еді. Көзқарасы, сөйлесі сабырлы жігітке ұсайды.

Сол отырғанда Ақбаладан көп сөйлегені жоқ. Әдемі-леп, баптап, әр түрлі сөздер айтты. Өзгелері тыңдап,

қошемет қып, күлісіп отырды. Ақбала менен оқуымызды, тұрмысымызды сұрады. Көбінесе маған қарап сөйлеп отырған тәрізді. Мен қарсы отырармын ба?..

Маған таюу Балташ деген жігіт отырды. Ол маған «алыңыз, ішіңіз» деп тамақты алдыма тартып, сыйлаған болды. Білімі де Ақбаладан төменірек пе деп ойладым.

Тарарда Ақбала өзгелерінен онашалана беріп:

– Жұмысыңыз болса, келіп тұрыңыз. Сіздей қарын-дастарымызға жәрдем беруді борыш көреміз, – деп қолымды майда қысты.

Көмесерлігіне қызыққан кіші несіне барайын. Қайтып оны іздеп барған да жоқ. Оқуымда жүре бердім.

Бір күні газеттен «Ақбаланың баяндамасы болады» деген хабарды оқыдым. Не себеп екенін білмеймін, соның сөйлегенін естігім кел кетті. Бармайын деп бір ойлап тұрдым. Бір уақытта қолым шашыма, аяғым айнаға барып қалғанын, пәлтеміді киіп, үшкөлден қалай шығып кеткенімді білмей қалыпшын.

Бір үлкен жиылыс екен. Арт жағына таман келіп мен де отырдым. Мен отырған кезде бір орыс сөйлеп тұр екен. Ол бітірген соң үстел басындағы қара шұбар кісі: «Енді Ақбала жолдас, баяндама қылады», – деді. Жүрегім бүлк ете түсті.

Сахнаның ар жағынан жайымен аяндап, жылмиып Ақбала шықты. Портфелін үстелге қойып, отырған жұртты бір шолып өтті. Маған да көзі түсер ме екен деп отырмын. Білмеймін көрген-көрмегенін.

Ақбала сөзін бастады. Асықпай-саспай, қоңырлау, әдемі дауыспен бастады. Мен қадалып қашып. Бір үлкен мекеменің істеген жұмысы жайынан екен. Не айтқанын ұққам жоқ. Көзім оның аузында: құлағым оның дауысын-да болды. Алақанын әнтек бүгіп, құлаштап темір соққан ұсталарша, оң қолын нығыздай сермеп, сөйлеп тұр. Сөйлеген сайын өзінен-өзі қызған секілденіп, даусы ашылып, қимылы көбейіп келеді. Оның қыза сөйлегеніне мен де қызып отырмын. Сөзді түйдек-түйдегімен тастап-тастап жіберіп, қарақшыдан ағыш өткен жүйрікше, басын әнтек еңкейтіп шұлғыды. Жұрт шапалақтап алды да кетті. Мен де соғып жатырмын.

Оның артынан әлдекімдер қарсы сөйледі. Ақбаланың баяндамасын мінеді, сынады. Мен оларға оқты көзіммен қарап қоям. Жаратпай отырмын. «Жаман болса, неге шалапақтады?» деп ойлаймын. Ақбала қағазына түргіп жатты. Олар сөйлеп болған соң, Ақбала шығып, бәрине жауап берді. Біреуін мысқылдап, біреуін кекел, бірін түк білмейтін қып, неше түрлі дәлелдер келтіріп, сыбағасын берді-ау.

Түн боп кеткен екен. Ақбала сөзін бітірген соң тысқа шықты. Үшкелге бірге қайтағын серік іздеп, тепкішекте жан-жаққа көз салып тұр едім. Артымнан біреу келіп, білгімнен ұстады. Қарасам – Ақбала. Жымыын:

– Сәлеметсіз бе? – деді.

Сасып қалдым. Қызарып кетсем керек. Қызарғанымды көріп қоя ма екен деп, тағы састым.

– Үшкелге қайтқалы тұр едім, – дедім.

– Ә, жүріңіз, апарып салайын, – деді.

Ұялдым. Бұрын кемесердің арбасына мінгенім жоқ қой. Ұялсам да ештеңе дей алмадым. Маған да кішкене мақтан пайда болды.

Арбасына мінгізіп, қасыма отырғып, үшкеліме әкеп салды. Жолда:

– Менің баяндамамды естідіңіз бе? – деп сұрады.

– Естідім.

– Қалай боп шықты? – деді.

– Жақсы, – дедім.

Баяндамасын сұрағаны, менің ойымды білгісі келгені, қолтығымнан ұстап, таянып отырғаны, көшенің жарық жерінде бетіме жылы қарағаны – бәрі де өзімсініп айтқандай, қарағандай жылы көрініп келеді. Қолғасарда:

– Ертең театрға барсақ қайтеді? – деді.

– Барайын, – деп қашып.

Сол күні неге екені белгісіз Ақбала түсіме кіріп шықты.

– Е, көңілің кетіп қалған дағы.

– Қайдан білейін, кетсе кеткені ғой... Ертең кешке уәделі сағатта театрға келсем, есік алдында аяндап мені күтіп жүр

екен. Ойынға кірдік. Бірге отырдық. Көп сөйлестік. Оқыған әйелді, махаббатты сөз қылды. Бірдеңе айтып келе жатып:

– Сіз оған қалай қарайсыз деп менен сұрап қояды. Оған не десем ұнар екен деп қулықпен жауап бергім келеді, бірақ бүге алмай, өз ойымды айтып қоя берем. «Сіздің пікіріңіз маған ұнайды» деп қояды. Біздің елді, туған-туысқандарымды сұрады. Тағы да бержабаймен апарып салды. Қолымды жұмсақ ұстап, қайта-қайта қысып айырылды.

Жақсы көрген адамның тілі айта алмаған нәрсені, көбінесе, қолы айтады ғой. Сен соны байқадың ба, Кәмила?

– Ол рас, – деп Кәмила бір күрсінді.

– Айтпақшы, ұмытып барады екем. Театрда әнеуі Балташ деген жігіт те болды. Орны бізден бөлек еді. Антракт кезінде біздің қасымызға келіп, екеуі екі жағымнан телмендеп сөйлеп жүрді. Екеуі екі қанатым тәрізді. Екеуін сермеп ұшып кететін тәріздімін. Көңілім кетерілгені сонша, Балташ мен ойлағандай емес, недеуір білетін, артық желігі жоқ, сыпайы, есті жігіт көрінді. Өзім, әйтеуір солай ойладым.

– Сіз ойынға келетін болыпсыз ғой. Қалай... ойын ұнай ма? – деген сықылды ол да сөз қатып қояды.

Екеуі бірдей өліп-өшіп жүрген соң, маған да азырақ желік пайда болды. Азырақ емес-ау, үлкен желік. Маған желігің, таласып жүрген секілді көрінеді, өзім солай жо-рып қойдым.

Бір күні көшеде Балташ жолығып, қасыма еріп жүріп, бірқыдыру сөйлесті. Ақбала сияқты әдемі сөйлемеді, кідіріп, кібіртіктеп ыңылдап қойды. Оның сөзі, көбінесе, оқу, тұрмыс, көктем жайынан боп келеді. Қыз жайынан сөйлеуге қыры жоқ секілді. Айрыларда қолымды ұстап тұрып қызарыңқырап:

– Сізбен бір сөйлесейін деп едім. Уақытыңыз болар ма екен? – деді.

– Болар, – дедім. Әлгінің ұялғаны ұнап кетті. Не айтар екен деп ойладым. Әйелдің сондай жеңсігі қала ма?

Үш күннен кейін бір баладан хат жіберіпті:

мек екен деп, ар жағым сене алмай жүретін. Әрі өзім састым. Көңілім – Ақбалада. Балташты оның қасында қораш керем. Ақбалаға жауап қайырдым.

– «Сөзінді дұрыс көрдім. Мен де сізді ұнатушы едім. Бірақ ақылдасатын кісім бар еді. Аз күннен соң ақтық жауабын айтармын. Шыдаңыз, ренжімеңіз», – дедім.

Енді Балташ байғұсты әуре қылмай, көңілін суытайын деп ойлады.

Керуен сарай дейтін бауда Балташ тағы бір күні сөйлесті. Сол күні Балташқа:

– Менің уәде беріп қойған кісім бар еді, өкпелемеңіз, – дедім.

Десем де аяп отырмын. Балташ сазарып кетті.

– Ол кім? – деп сұрады.

Айтпадым. Қоймады. Қоймаған соң, айттым.

– Өзім де сол ғой деп ойлап едім, – деді. Бірақ ол жігіт әйел таңдағыш еді. Оқыған қызды ұнатпаушы еді. Баянды болмаса, неғылсын, – деді.

Менің көңілімді шығарғалы, оны күндегендіктен айтып отыр ғой деп ойлады. Балташ өкпелеп кетті. Көпке дейін жолыққан жоқ.

– Енді қайтсін.

– Екі жігіт таласқанның сондай жаманы. Әуелде қызық көрсең де, артынан кісіге ауыр тиеді. «Сен одан жамансың, сені сүймеймін» десе, өзіміз жақсы көрер ме едік? Әркімнің көңілі сол да.

Оның артынан Ақбалаға екі-үш жолығып сөйлестім. Менің «ақылдасатын кісім бар еді, шыдаңыз» дегеніме азырақ ренжіген екен. «Оқыған әйел өз жүрегіне өзі би емес пе?» деп, кішкене наз қылайын деді. Әйтсе де: «Сізден басқаға көңілімді бұрмаспын. Сізді ағатайым мен жеңешем де ұнатады» деген соң тағы сенді, өкпесін тастадым. Мені: «Жаным», «жарым», «күнім», «күнім» деп кәдімгідей сүйсетін болдық. Ол – күйеу, мен – қалыңдық несіне ұялайық? Ақбаладай жары бар кісінің арманы бар ма? Қуанышым ішіме сыймай жүр. Бір жерде отыра алмаймын. Кім көрінгенмен сөйлесіп, күлмейтін сөзге де күле берем. Ол күндер естен қалмайтын қызықты күн еді.

«Ақбілек жолдас! Уақытыңыз болса сағат алтыда Марс бақшасына келуіңізді сұраймын. Жауабын осы баладан қайырарсыз. Балташ» депті.

– Міне, қызық!

– Қызық деймін өзі! Ақбалаға көңілім кетіп қалғаны ғой. Оның үстіне Балташтың көлденеңнен киіккөні қызық болды. Бармайын десем көңілі қала ма деп ойлаймын. Әйелдің сондай жерде көрсе қызарланып кететін бір жыны бар ғой. Өзі жазғытұрым кез еді. Сабағымызды тыңдатып етіп, көңілім де көтеріңкі еді. Айтқан уағында бардым. Барсам – жоқ. Әлі келеді – жоқ; әлі келеді – жоқ. Енді қайтайын деп ренжіңкіреп отыр едім. Жайықтың жиегімен жалаң бастанып, апыраңдап келе жатыр екен. Күттім. Келіп амандасты.

– Көп күттірдім бе? – деп кешірім сұрады. Бір жұмысқа алданған екен. Тағы да көпке дейін сөз бастай алмай, қипақтай берді. Бір уақытта жұлып алғандай:

– Кісіге осы үйленген теріс болмайтын көрінеді. Мен өзім бір жолдас іздеп жүр едім, – деді.

– Жоғыңыздың оралғысы болсын, – деп мен жымылдым. Тағы да оны-мұны айтып отырып:

– Сізді менің көңілім ұнатып жүр, – деді.

– Менің күйеуім секілді бір топас екен ғой!

– Топас деймін өзі. Әлгі бізді оқытатын мұғалім мені оған мақтаса керек. Мен ашып жауап бере алмадым!

– Ағатайым, жеңешем бар еді. Солардан хабар алған соң, жауап берейін, – дедім.

Оны дұрыс көрді. Тағы да жолығып жүрмек бол, шығарып салды. Ақбала секілді қолтықтап ұстауды билмейді. Ебі жоқ еді өзінің.

Ертеңіне Ақбаладан хат алдым. Негеүір сөз жазыпты. Маған көптең бері ынтық бол жүргенін айтыпты.

– «Енді бұл хатты көңілім сізге әбден кеткен соң жазып отырмын. Сізді өзіме тең көремін, сүйемін. Сізсіз өмір маған қызық емес. Жауабын беріңіз», – депті.

– Міне, қызық!

– Қызық енді болды. Мына хатты алған соң, әрі қуандым. Ол мені ала қояды деген ойым бар ма? Өншейін ер-

— Сонсын?

— Сонсын, сөйтiп жүргенде, айға жақындап қалды. Біздің елге қайтатын уағымыз да таянды. Үйден хаг алдым. Ақбаланы ағатайым да біледі ғой: «Алатағыны рас болса, ти» депті.

Қуанып кеттім. Жалма-жан Ақбаланың кеңсесіне бардым. Әнеугіден кейін барып жүретін болғам ғой. Ағатайымның хатын көрсеттім. Жазып отырған қағазын қоя салып, есікті жауып келіп, құшақтап сүйіп алды. Екеуіміз де бақытты болдық. Кешке суретке барып, ең арттағы ложаға отырып, электр сөнгенде, құшақтасып сүйісіп отырдық. Суретті көргеміз жоқ. Бір жұмадан кейін оны-мұнысын қомдап, той қылып, мені пәтеріне біржола алармақ болды.

Ертеңіне Балташтан тағы хаг алдым. Хаттағы сөзі: «Сізге жолығатын үлкен жұмысым бар. Ол — сіздің келешек өміріңізге де керекті жұмыс. Қайтсе де бір жолығуыңызды сұраймын» депті.

«Менің өміріме керек нелкен жұмыс екен?!» деп таң-тамаша қалдым. Бармайын десем де, тағы көрсе қызарлығы түскір шыдаппады. Ыза болыңқырай бардым.

Барғаннан кейін амандасып отырып:

— Ақбала сізге жолдас бола алмайды?— деді.

— Неге?— дедім жұлып алғандай.

— Ол өткен уақытта сіз сияқты талай қызға құмар болған. Аяғында жараппаған, алмаған,— деді.

— Өткеннің маған керегі жоқ,— дедім. Азғырғалы келе жатқаным бідім.

— Нанбасаныз, міне, оның күнделік дәптері,— деп омырау қалтасынан бір кішкене кітапшаны суырып алды.

— Сіз мұны қайдан алдыңыз?— дедім.

— Жолдасыңыз ғой, алдым,— деді.

— Жолдасыңыздың дәптерін ұрлағаныңыз ұят емес пе?— деп, мен қызарып, ашуланып кеттім.

— Оның ұятын мойынға алдым. Осы дәптерде оның бір қызбен жүргені бар, соны сізге көрсеткім келіп екеп отырмын. Күйеуіңіздің қандай адам екені әлде сізге керек емес пе?— деді.

— Керек емес,— десем де қызбен жүргені дегені қызықтырайын деді.

— Тыңдасаңыз, оқыын,— деді.

— Оқи қойыңыз,— дедім.

Оқыды. Сол дәптер осы күнге дейін менде жүр. Кәміле, сен тыңдайсың ба? Оқиын. Кәміле:

— Қарап отырғанша, оқысаң оқы. Естік,— деді.

— Оқыған жігіттердің бұл бір сыры ғой. Әйел туралы олардың ойын білу қызық емес пе? Еркек туралы біз де ойлаймыз ғой.

— Өзі не жазыпты?

— Бір қызбен жүргенін жазыпты.

— Ал оқы,— дегенде Ақбілек ақ кенеп пальтосының омырау қалтасынан кішкене кітапшаны суырып алды.

— Өзім де саған оқығалы ала келіп едім,— деді.

— Кәміле-ау, дәптерді оқымай тұрып, саған айта кетейінші. Ақбала өзі әуелден Семейде қызмет қылған ғой.

— Семейдікі ме еді өзі?

— Иә, семейлік. Балташ та семейлік қой. Семейде тұрғанда Ақбала үлкен орында болған. Неліктен екенін білмеймін, бір жұмысынан қаға тапты ма, Ақбаланы бір жылды қыстығүні үлкен орнынан түсіріп, бір үйездік қаладағы үшкөлге жіберіпті. Қызметтегі жігіттерді бірден бірге ауыстырып отыратыны бар ғой. Сол кішкене қалада тұрғанда, Ақбала осы дәптерге күнделгі көрген-білгенін жазып жүреді екен. Өзі толып жатыр. Мен саған мына қызыл қарандашпен белгілеп қойған жерлерін оқимын.

— Ал, із.

5 *Февраль. Дүйсенбі.*

«...Үшкөлден қайтып келе жатқанда Күлән қасымнан өтті. Мен оған жолығудан қашып жүрмін. Бірдеңе айтқысы келді ме деп ойладым. Әбікен қатын алу жайынан сөз қозғады. Осы бір әсек естіген екен деп жорыдым. Мен оқыған қыз туралы шкірімді айттым. Ол күліп, өз ойын білдірмей кетті».

— Күләні кім?

— Күлән Ақбаланың құмар болатын қызы. Тыңдай бер.

— Қыздан қашқаны несі?

— Кім білсін? Араларында бірдеңе болған ғой.

6 *Февраль*.

Мен қайтып келе жатқанда Күлән мен Жаңыл сөйлесіп, күлісіп келе жатты. Күләнді кеше де бір жігіт алдынан шығып, ертін анарып салып еді. Сол тағы кездесіп, соңынан еріп кетті».

7 *Февраль*.

«Исполкомге барып қайттым. Қапай баяндама жазып отыр екен. Тұяқ, тағы бір оқыған жігіт келді. Қарағау елінде партия тақырыпты кедей ауылнайларға еңбек-көлік салғы аудару салынса керек».

— Мұның керегі жоқ. Мұны неге белгіледі екен. Мына жерін оқиық.

9 *Февраль*.

«Қапай келді. Көшеге шығып жүрдік. Садық жолықты. Әңгімелестік. Тергеуші Жақыпұлы пара алып, Сексембаевты залогтан шығарыпты».

— Ойбай, бұл да емес. Тұра тұр. Міне біреуін оқиық.

11 *Февраль*.

Осы күні өміріме керекті нәрсе — өмірлік жар сықылды.

— Е, осы екен.

«Жанымда сүйген жарым болса, қызметке бір беткей, алаңсыз қарар едім деймін. Көңіл алаң боп жүргенде, іске құлқым соқпайды. Бір нәрсем жоғалған, бір мүшәм жетпеген кісідей, сынаржақ боламын да тұрамын...»

Кешке Ақымдікінде қонақта болдық. Күлән да келді.

Еркектер оны-мұны сөйлесіп отырды. Мен әңгімеге кіріспей, солғын отырдым. Күлән шашын бұйралай, жақсы қызыл кофтасын киіп келіпті».

— Кофтасы немене?

— Мынадай, омырауша көйлек, — деп Ақбілек өз көйлегін көрсетеді.

«...Бұрын ондай киім кимегендікі ме, ұялған, сезіктенген кісіше, қызарып отырды». Ол бұрын шығып кетіп еді. Бірадан соң мен де шығып артынан келе жатқам. Ілбіп келеді екен. Мен де ақырын жүрдім. Мені күтпек болса, тоқтар деп ойладым. Ойлағанымдай тоқтады».

— Қарашы, еркектер ылғи сынап жүреді-ау.

— Е, өзіміз де сынамаймыз ба? Ар жағын қарайық.

«Ол сөзді бұрын бастады. Мен қысқа, салқын жауап бердім. Хаттарымды сұрадым. Оған жат көрінді ме, күлген, білдірмеген болып, басқа сөзге бұра берді. Менің хаттарымды қайтаруды сұрағанымды Х. қаласының өсегінен болды ма деп мойындағысы келді. Мен Х. адамдарымен танысқым келмейді, дедім. Ол «қыздармен де ме?» деді. «Қыздармен де» дедім. Ол мұны күткен жоқ еді, таңданды. Көшеде біреу келе жатыр екен. «Қош» деп айырғылысып кеттік».

— «Қ» қаласы делін бе? Онысы немене?

— Онысы қаланың атын қысқартып бір қарыппен айтқаны ғой.

12 *Февраль*.

«Күлән күнде екі-үш серіктесімен сенекте қолтықтасып, сөйлесіп, сұңқылдасып жүруші еді. Бүгін көрінбеді. Кла-сынан шыққан жоқ. «Сабақпен шұғылданса» керек. Көңілі күндегідей емес қой. Әйтсе де ішлегісін білдірмейтін әйел».

14 *Февраль*.

«Екінші басқыштың балалары үйірме ашып, іс қылмақ екен. Іс қылмаған соң бұрынғы басқармасын түсіріп, жаңадан сайлаған екен. Бұрынғылар орыс балаларын самогон беріп, азғырып алып, жаңа басқарманың жиылысын жауып, таратыпты. Төбелесе жаздапты. Бұрынғы басқармадағы бай балалары болса керек. Бұлардан қандай жақсы адам шығар екен?»

— Мынау басқа нәрсе боп кетті.

— Мұны неге белгілеп қойды екен?

16 *Февраль*.

«Х. қазақтары әрқайсысы келіп, оны-мұны айтады. Маған сөзін сөйлетпек, мені керегіне жаратпақ, өздеріне кісі қып алмақ. Қапай менің жолдасым болғанша, көңілдегісін істетіп береді деп дәмеленеді. Қазақтың талай былық жұмысы бар. Кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екеніне көз жетпейді. Кімнің сөзін сөйлерсің? Келіп отырған соң тындайсың, шық деуге ұяласың».

– Мұнысы керекті сөз екеңі. Оқып шығайық...

«Және елдің сырын білім келеді. Сондықтан ғана тыңдаймын. Әйтпесе ел қазағының толып жатқан шатақ жұмысына кірісе берсем, тұтынған мақсұттарым далада қалады ғой. Бірақ қазақтың кіріп-шыққаны да зиян ба деп ойлаймын. Сырттан кім көрінген иемденіп, арқаланып, бұтып-пагадаы. Жолаптайын десең, жаман да болса, бұзық та болса өз елің ғой деп ойлайсың. Елден безген соң бір орыс болғанын».

– Онысы да рас қой.

17 Феераль.

«Х. қаласындағы азаматтардың бір өзгеше мінезі – саты арқылы болмайтын нәрсе, жоқ деп біледі. Ісінің ақтығына сенетін кісі жоқ, сатыға сенеді. Жауыздықтың тыйылмауына бұл да бір себеп.

Әжептеуір бір оқыған жігіт абақтыдағы пәленшелерді кепілге шығарып алыңыз деп, маған хат жазыпты. Міне, қызық!»

27 Феераль.

«Қадиша жеңгей (Күләннің жеңгесі, күйеуі Семейде қызметте ғой) шақырыпты. Қапай екеуіміз бардық. Көздерді сөйлесіп, отырып, сағат он бірде қайттық. Күлән бізге самса істеп, ас үйде жүрді...»

– Е, мұнда Күлән бар екен.

«Шай жасап, құйып берді. Беті қызарыңқырап, қолын сүртініп, шашын түзеп қымталыңқырап отырды. Үстел ортасындағы лампы екеуіміздің арамызда еді. Лампыны іргеге таяп қойды. Лампы олай қойылғанда, ол самауырдың көлеңкесіне түсуші еді, мен жарықта қалушы едім. Лампыны алып, оның орнына жент салған кішкене тарелканы қойды. Бізге жақындапқақ болды. Бұдан мен үш түрлі мән шығардым: 1) Ұзын самауырдың көлеңкесіне түсу үшін. 2) Жентті бізге жақындау үшін, әйтпесе... 3) Арамызда лампы қалтқы болмас үшін қойылу керек. Бастапқысы болмаса, теріс емес, от басынан қызарып, сыны бұзылып келген түрін жасыру да – бізге жақсы көріну, жентті кім болса, соған жақындатады ғой. Соңғысы болса, одан да жақсы».

– Туу-у-у! Бір лампыны қозғағанның өзін сонша сөз қылғанын!

– Еркек тіпті уақ нәрсені де андиды ғой. Жақсы көрген дағы.

– Иә, тағы.

– Міне.

10 Март.

«Гапертед төсекте жатқанда бір ой келді. Күләннің маған көзқарасын білу керек. Бұл күйде жүре беру мүмкін емес. Бірдене іздеу керек, істеу керек. Әйтпесе іштен тынып өлетінімін. Қапайға ақылдастым. Ол жеңгесі арқылы сөйлесуді қолайсыз көрді. Арамызда жүретін бала арқылы білуге, болмаса өзімен сөйлесуге бел байладық».

– Өзі әлі сөз байласпаған ғой.

– Солай ғой.

12 Март.

«Қапай кеше кешке барған еді. Ойлағанымдай тұқ бігіре алмай келді. Жәкім болыпты, сөйлесе алмапты.

Сәскеде, 11 жарымда, тауға аңға шықтық. Сейілге десек те болады. Бізбен бірге Қадиша жеңгей, Күлән, Жәкім, бір орыс фельдшер және Қасен болды. Қыздармен жарыстық, сөйлестік. Қапай Күләнмен сөйлесіп келе жатты. Мен Жәкіммен біраз жүрдім. Түсіріп алған қамшысын алып бердім. Бүлдіргелі қамшымды айырбас қылдым...»

Қайтарда Күләнмен біраз сөйлестім. Бұрынғы қалжыңы, күлкісі... Оқимын... пәлен-түген... деп, жарытып жауап бермеді. Ойлаймын: сезімі күшті әйел емес, әулікпейді, қызбайды. Қанша ақылды, әдепті, білімді, есті болғанмен, әйелге жарастықты сипат-сезім ғой. Сезімсіз әйел – иісі жоқ гүл. «Оқимын», «Күйеуге тисем оқи алмаймын» дегені не деген сөз. Оқу – ақыл тілегі. Сүю – сезім тілегі. Онда не сүю жоқ, не сезім кем, немесе ақылы басым. «Сүймеймін» дегуге аузы бармайды. Көңіл жыртқысы келмейді. Оқуды сылтау қып, аяқсытып, сүйретпек шығар. (Сезім) сүю өзгенің бәрін жеңу керек емес пе? Ұға алмадым. Хат жазып, ақтық сөзді айту керек.

Кешке бір кекселеу қазақ қатыны келді. «Бәйке деген мелісенердің шешесімін» деді. Отырған соң, «жаушы боп

кел отырмын» деді. Менімен жақын болғысы кеп (маған тигісі кеп) пәленше деген байдың қызы жіберіпті. Күйеуім менсінбей қаладағы Әбікен деген учитель ағасының үйіне келіп жатқан. Жасырақ ақ шұнақ қыз еді... Лақ секілді. Өлде Әбікеннің маған қатын алу туралы сөйлей беретіні өз қарындасын бергісі келді ме екен? Әлгі қатынның сөзіне сенер-сенбесімді білмедім. Х-ның бір қулығы ма дел, сақтандым. «Қыздан белгі хат әкеліңіз» дедім.

— Қыз да жігітке сөз салады екен-ау?

— Күйеу керек болғасын қайтсін? Өлде Ақбаланы сүйген шығар. Өмірдің өзі де қызық қой! Ақбаланы әлдебір қыз жақсы көреді. Ақбала Күләнді жақсы көреді. Күлән әлдекімді сүйеді? Мен де сөйгітім ғой. Басқа сөзді қойып, мынаны оқыық.

13 Март.

«Бүгін Күләнге хат жаздым. Алкез алмасам нағылсын... Аңға шығу сырт жағынан қарағанда, онша қызық бол-маса да көңілде недеуір әдемі сурет қалдырыпты. Таңертең төсекте жатып, көзіме елестеттім.

...Тау. Тау ішінде бір белден бір белге созылып бұрандап жатқан шанының ізі. Бір ой, бір қыр. Тау бегі. Жолдың екі жағы — орман. Аппақ сіреу қар. Аңшы бастанып киген брезент сулығымыз, мойында — қосауыз, астымызда қылаң ұрған, ағылшын ер-тоқымды аттарымыз, артымызда — сыңқылдап күлген қыздар. Мыжырайған Жәкімнің бөкесі ерге сыймай, қорбыйш, пәлтесі тырсып, үрген мөстей қоқиып, аяғының басын аттың қолтығына тығып, атқа отырысы, қолындағы қамшыға, тізгінге ие болмай, қолғабын кие алмай келе жатқаны; Күләннің қазақша ықшам күші, түлкі тымақ киіп, атқа еркекше қаздып отырып, атын шаужай қақтырып аяңдатқаны; жарысқанда тақымы қозғалмай, етегі шашырамай, артымыздан жетіп, басып озып, бірдене деп тісі ақсиып, күліп өткені; Қадиша жеңгейдің барлық көмейін көрсете қарқылдағаны; фершіл атынан айрылып, атты мен қуып, шұқанақтағы қалың қарға омбылып, ат-матыммен жығылғаным; үсті-басым қар боп аунап түрегелгенде, Күләннің күліп, қашқан атты қайырмалап, ұстасқаны; қайтарда екеуіміз тізе қағысып

келе жатып сөйлескеніміз; Күлән жеңгесіне: «Жорға салыстырындар» дел, Жәкім екеуін оздырып жіберіп, менімен онаша қалғаны; біз Жәкімнің атын, отырысын қожалар сияқты деп мысқылдағанымыз; Қадиша жеңгейлерді қуып жетіп: «Келіңіз, аударысайық» деп, қолымыздан тартысқаны; жеңгейдің еңсеріліп түсіп қала жаздағаны — бәрі-бәрі қазақтың еркіндігі, қыз-бозбаласының ойын-күлкисін кезге елестеткендей. Көңілге бір түрлі тәтті, жүрекке бір түрлі жылы әсер қалдырыпты.

Кешке Қапай екеуіміз ойынға бардық. Күлдік дәуірінен бір бөлімді драма қойылды. Қадиша жеңгей, Күлән, Жәкімдер де келіпті. Күләнге анда-санда қарап қойып отырдым. Ол да ойланған кісідей, кіршігін салмақпен қағып, қарай берді. Бізді шығарып сала ма деп ойлады білем, жеңгесімен екеуі жұрт шығып жатқанда есік аузында аялдап тұр екен. Қапай үйіне қайтағын болған соң олар кешегі орыс фершілмен еріп кетті.

Орыс фершілдің Қадиша жеңгеймен қалжыны, көз қарасы жаман. Күйеуі жоқта бірдене қып жүре ме екен? Әйелге сенім де жоқ».

— Қойшы, орыспен неге өйтсін! Еркектер де өсектей берді екен.

— Қадиша оқыған әйел болса керек. Кім біледі, Балташ рас дейді. Оны қоя тұрайық.

15 Март.

«Тыныс кезінде тысқа шығып ем, қатар есіктен Күлән жымың етіп, жылт етті. Ымдап мені шақырды. Жолықтым. «Хат жазсам да әкеле алмадым. Және жазумен айта алатын емеспін. Ауызша сөйлессек екен деді. Қашан, қай жерде сөйлесуді айтыстық. Мен: «Жеңген біле ме?» деп едім, «білмейді» деді. Уақытын өзі айтақ болды».

16 Март.

Бүгін түсімде Күләнді көріп, сөйлесіп, сүйісіп жүрмін. Ғылымда: «Адам түсінде өңінде көп ойлаған нәрсесін керемді» дейді. Ендеше, мен ойымды, еркiмдi ол билеп, аударып жүр екен. Мен өзімді талай ауыздамақ болдым. Өзіме өзім ұрыстым. Өзімді сөктім, сынадым. «Сүйгенің бекер, алдап, алданып жүрсін, құмар болатын не бар?»

деп өзімді тоқтатпақ болдым. Оның да мінін көрейін, жек көрейін, безейін деп ойфандым, талпындым. Өзімді түзетпек болып, өткендегі жаман істерімді еске түсірдім. Оқыған қызды алғанмен, бақытты болмаймын деген пікірді ойыма келтіріп көрдім. Қалай талпынсам да болмады. Талпынған сайын торға түскен қаршығалай, шымырлатып, орала беріпші. Менің қол-аяғымды байлап, ұстап алыпты. Ол тор — Күләнға ауып кеткен көңілім екен.

Оны мен түсімде көргенім бүгін бе? Биыл ма? Есімде бар, өткен жаз осы қалаға келерде де көрдім. Ол онда үстінде күпісі бар, күжірейіп, қырындап өте беріп еді. Биыл Орынборға жүрерде тағы көрдім. Онда тағы түзу қарап сөйлестеді. Адам әйелді аңсағандықтан кіре беретін шығар деп, өзімді жұбаттым. Оның бәрі бос жұбаныш екенін енді біліп отырмын.

Онымен жолығамын, сөйлесемін дегелі, бақ-үміт кезге елестегенде, келешектегі жақсы өмірдің суреті қиялыма келіп, өзімді әлдеқайда сүйреп әкетті. Қазір жүрегімде қан қайнай бастады. Көңілім алып-ұшып бір жаққа кететін тәрізді. Тәубе, тәубе! Асапай жатып, құндық демеінші!»

— Байғұс-ай! Қайтсін! Құмар болған екен!

— Кәмілә-ау! Тіршіліктің сәні де құмарлыққа ғой. Құр атқа мінгендей, көңілің бір серпіліп кетеді ғой.

17 Март.

Үшкөлге бардым. Жәкім екеуі тұр екен. Басымды идім. «Мен сенің құлыңмын» дедім ішімнен. Ол көзін жауғанда еткізді. Нелкен сүйікті, жылы кез! Оның көзінен шыққан сиқырлы жіптің бір ұшы менің жүрегіме жапқаулы. Көзіне көзім түссе, сиқырлы жібін шерткі жүрегім селт еткендей болады. Сиқыр жібін шерткені қобыздың нәзік шегінен шыққан майда күй секілді жүрекке жылы тиеді, жанға ләззат береді. Өттең, өкініш! Жанға жайлы, майда күйін ұзақ шертіп тұрмайды. Бір қағып қалады да ғайып болады. Күйлі қобызға бір шерткен де қанағат. Ол шерткісте күйлі қобызға үн (тон) беріледі, қобыз үн шығаруы-ақ мұң екен, мұңды тәтті күйін қозғай ала жөнеледі, талай қиялға соғады, тербетеді. Әңгілелейді жүректі. Күй дәуірлейді, бая-

улайды. Бейне құйын жүрген су жүзіндей толқылап, жыбырлап, сыбырлап барып басылады...

Бүгін ол сағат алғыда жолықпақ. Мен сағатқа қарай беремін. Бір баланы көшеге жіберіп, аңдытып қойдым. Минут өткен сайын жүрегің соғуы жиілене түседі. Енді жарты сағат қалды. Уақыт қалай ұзақ! Не істерімді білмей, күнделігімді алып, жазып отырмын. Енді бір жиырма бес минуттен кейін ол көрінсе, келсе, жолықса, жымынып қараса, «сәлеметсіз бе?» деп қолымды ақырын ғана қысса, содан әрі не болмақ! Қазір басыма ешбір ой тоқырап тұрмайды... Бірден бірге көшіп отыр. Не жазарымды білмей отырмын. Ол келер, ә! Бір бөгет болмаса, келер... Өлде келмей қала ма? Ол да мүмкін. Қазір ол не істеп жатыр екен? Өлде сағатқа ол да қарады? Өлде киініп жатыр? Өлде айнаға қарап тұр? Өлде, әлде... сағатқа тағы қарау керек! 18 минут қалты. Қой, уақыт өтіп кетер, тысқа шығу керек, әлде оның сағаты ілгері шығар...

Сағат түнгі 12.

Мана тысқа шығып, бұрышта күтін тұрмын. Бала келе жатыр екен. Баланың жүрісіне қарап, бал ашып тұрмын. Шыдай алмай, оған қарсы барып, білдім. «Үйінен шықты» деді. Жөнелдім. Ар жағынан нарқомға ол да келді, мен де келдім. Алдымыздан бір орыс шығып, билет сурады. Ертең ойын болмақ қой. Біраз тұрдық. Көшеде үш-төрт шекірт көрінді. Ол нарқомның ішіне кірді. Сахна жаққа жасырынды, састы... Бірге оқитын жолдастары ғой, өсектен қорқады. Біз басқа есіктен көшеге шығып кеттік.

Көбінесе жай сөз сөйлестік. Х. қаласының әсегі, әркімнің біз туралы сөзі, менің оқыған қыз туралы пікірім. Мұнда келгендегі бір мақсатым, тағы сондай жанама сөздер. Аяғында «пердені ашу керек» дестік. Көбірек сөйлеу үшін бір жер керек болды. Ол бір күні біздің пәтерге келмекші болды. Бірақ үйлеріңіздегі балалардан сыр шашылып кетпесін деді. Екеуіміз де көп сөйлесетін кісідей болсақ та сөйлесе алмадық, үйлестіре алмадық. Керекті сөз аузымыздан шықпады. Жүрек сырын көзбен ғана білістік. Мен «қайтам-қайтам» деп келе жатып, қас қарайғанда үйіне жеткенше еріп барыпшын».

18 Март.

«Ойында болдык. Ол келді. Бұрынғы орында отырды. Мен қарай бердім білем, женгесі маған: «Кейінгі қағарға отырсыз ба?»— деді. Ол кейінгі қағарда еді. Орын ауыстырдым. Сондай құмартышын, ол қараса менде тағат қалмайды. Сондай құмартып отырған кезде, антракт кезінде үш-төрт шәкірт бұзды. Олар оны жібермей қамалап, сөйлесіп тұрып алды. Біреуі баяғы шығарып сала беретін жігіт. Не сөйлескенін білмедім, бірақ оған жағымды сөз емес-ау, деп жорыдым.

Ойын басталған кезде ол келіп жентесіне сыбырласты, жентесі ренжіп отырды. Х. қаласында тұру керек емес, кету керек деп маған да айтты. Мен де бұл қаланың адамдары бұзық деп жамандадым.

Жентесімен екеуіміз орын ауыстырдық. Мен оның қасына отырдым...

Қалай екеуіміз оларды үйіне апарып салдық. «Баяғы шығарып сала беретін сары бала біресе алдымыздан, біресе артымыздан шығып, қасқырша торыды да, бізді саяқ күзетші деп ұқты білем, бір уақытта шылымының отын алдымыздан жарқыратып шашып, жанап өте шықты. Мен: «Мына кісі өртей ме?» дедім. Ол: «Сонша аямай неғыпты? Кісі аяушыл болу керек емес пе?» деді. Мен ол мейірімсіз екен деп ойладым.

Манағы сөйлесіп тұрғанда, Күлөнді біздің пәтерге барасың деп, сөгіпті! (Онысы есек.) Және олар (шәкірттер) наурыз жасамақ екен, Күлөнді соған шақырыпты.

Күлөн олармен қатынасын үзгісі келмеді. «Бірге оқып жүрген жолдас қой, есектей береді», дейді. Олар онсыз да есектемей жүр ме? «Япыр-ай! Сіздікіне енді қалай барам?» деді. Мен оларды елемесем де болмайды. Не ғажап?! Солармен не қатынасы бар екен?!»

19 Март.

Мұнда қаланшаның сағаты бір дұрыс соғылмайды. Қасынан өтіп бара жатқан кісіден «қай уақыт болды?» деп сұрап соғады екен.

Мұндағы оқушылар неткен көргенсіз, екі бала сөйлескенде: «Спектакль бола ма? Болса, ойнашылармен (бег-

дармен депті) жүреміз бе?— деп ойлап едік» депті (онысы жолдас қыздары, ішінде Күлөн да бар).

21 Март.

«Әбікенде қонақта болдық. Қымыз іштік. Аса қызық болмады. Екі қыз (Күлөн мен Жәкім) жолдастарының наурызына кетіпті. Күлөн оларды жамандайтын, жек көретін. Жек көре тұра олардың сауығына кеткенін не деп білу керек? Оларды сыйласа, жамандамаса еді. Бұл қызда бет болмағаны ма? Қайратсыздығы ма? Өсектен қорыққаны ма? Жақсыны жақсы деп, жаманды жаман деп жиренбеген кісі — еш нәрсені талғамайтын тұтынған жолы жоқ адам болу керек қой. Менің еспетгеп жүрген періштем осындай болды ма? Қайғы... Бұдан үлкен қайғы жоқ. Өзі не дәлел айтар екен? Көерерміз».

22 Март.

«Кешке сол үйде болдық. Қыздардың наурызы туралы сөйледік. Жентесі бізге қосылып, олардың барғанын теріс қылды. Күлөн өз ісінің қате екенін мойнына алды. Жентесі әдейі Қапаймен сөйлескен боп отырды. Біз пештің қасында тұрегеп тұрып, азырақ сөйлестік. Мен біздің пәтерге келуін сұрадым. Ол есектен қорқа береді. «Осы қаладан кеткен сон...» дей береді.

24 Март.

«Сағат алты жарымда үшкелге жиылысқа бардым. Жыылған жұрт жоқ екен. Есік алдында біраз тұрдым. Қасында бір кішірек бала бар, бұрыштан Жәкім шықты. Қолында шиыршықтап ұстаған қағазы бар. Жасы 19-20-ға келіп қалған қыз ғой. Ол туралы есек аттың қара қапталынан. Бозбаламен жүрем деп, сабаққа ере алмай, бір орыс учителінен даярланып жүр деп естігем.

Мені көріп қасындағы баласын бір жаққа жұмсады. Баласы кетіп бара жатқанда дауыстап: «Күлөн да, Мәдине де келеді деп айт!»— деді. Ол — маған естірткені.

Орыс қыздары қасынан бозбала өтіп бара жатса, өлгенше қызық саңқылдап сөйлесіп, қаңқылдап күлетін еді. Жәкімнің мына саңқылдауы — аумаған солардың мінезі. Бұзылған қыздардың барлық сыртқы мінезін жаттаған да қойған. Саудагер әйелдер еркекке жұғысқысы келсе не

«Мария Алексейқызы не айтар екен?» деген секілді, аға-жеңгем не айтар екен, қалай қарар екен дей береді. Жарғым адам. Оқыған қыздың оқымағаннан айырмасы болмағанына кейідім. Бір қыз ораза ұстап, босқа әуре болған екем деп қынжылдым...»

4 Апрель.

«Қапай хаг жазып, ғашық боп жүретін Мариям деген қыз Күләнге: «Ақбала маған хаг жазды», деп мақтаныпты. Мен жазбағанымды, жазбайтынымды дәлелдедім. Қапай менің сырлас жолдасым. Ол Мәрияшты алам деп жүретін. Қапаймен оның жүргенін Күлән өзі де көрген. Мен: «Ол есек болар, сенімен екі арамызға жік салмақ ойы бар шығар, әйел күншіл келеді ғой. Маған пайбасаң менің оған жазған хагымды көр, сұрап ал» дедім. Әйтсе де нанбағандай болды. Күлән өтірікке, есекке нанғыш көп қыздың бірі екен деген күдік пайда болды».

6 Апрель.

«Ыбырай мұғалімде қонақта болдық. Әйелдерді де шақырыпты. Әйелдер белек бөлмеде отырды. Ойын бастанмақ болды. Орыстың «белбеу соқ» деген ойынын ойнадық. Әйелдердің белгілегенін тауып қоя бердік. Олардың кімі кім болғанын уақ балалар бізге жеткізіп тұрып еді. Таба алмағанды ескен белбеумен ұратын ойын еді. Қыздар белбеу жеген соң, ашуланып, ойнамады. Ойынды бұзған Күлән болды.

Әбікен маған сыбырлап сыр айтты. Өнеугі ойында Күлән Сарбаламен ошаа жерде сөйлесіп тұрғанын Мақан деген бала көріпті. (Мақан өтірік айтпайтын бір таза бала). Сарбала жай сөйлесіпті, қолы бір жұмсақ жерде тұрыпты. Жәкімнің түнде бозбаламен ағаш ішін қыдырып кететінін айтты. Жәкім мен Күлән қосақтаулы тайыншадай бірінен-бірі айрылмайды. Күләнге: «Онымен неге жүресің?» дегенде: «Сабақтас жолдас болғасын...» дейтін. «Сарбаламен неге жүресің?» дегенде үндей алмай қаш еді, безерленбеп еді, ұялмап еді.

Марттың 27-де Сарбаламен екеуімізге кезек қарап, қызарақтап отырғанын ішім жек көріп еді. Екеуімізді салыстырғандай немесе екеуімізді де алдағандай көрініп еді.

тамағын кенейді, не кезін қыбады, немесе сондай бір айқын белгі береді. Мына қыздардың өтірік күлүі, саңқылдауы да – соның ағайыны ғой. Япыр-ау! Оқыған қыздың бері осылай боп кеткені ме? Сызылған қыз қылығы бола ма?»

– Онысы рас-ау! Оқыған қыздар тіпті еркекті өзі шақырып тұрады ғой.

– Бұл енді орыс қыздарының мінезі. Біздің қыздар да содан тәлім алады ғой. Сынық екеш сынық та жұғады дейді.

– Сөйткенмен кішкене иба керек қой.

– Әрине.

26 Март.

«Кешке сағат алтыда Күлән біздікіне келді. Есікті жауып алып, көп сөйлестік. Өткен өмірді, есекті, мінезді, махаббатты, келешек іланды – бәрін айттыстық. Аяғында сүйсініп айрылыстық. Ол сөзінің аяғын ағасына сілтей берді: «Мені оқылған сол еді. Оның еңбегін зая қылғандай болам ғой» деді. Және «оқи түсемін» деді. Мен екеуім де «себеп емес» дедім. «Шын жүрегіңнен шыққан бір ауыз сөзің керек» дедім. Оған келесі жылы жауап бермек болды. Өзі ұялып, қысылған іспетті қызарды, терледі. Мен де құшақтап қысып, терлеттім білем. Көңілде тәтті әсер қалдырды.

«Еңбекші қазақ» келді. Бернияз бір қызбен екеуі ағылып өліпті. Қайғылы хабар. Жігерлі жас ақын еді. Аяпыш!... Қандай себеп болды екен! Қазақта өзін өлтіру сирек болушы еді. Мынау бір таңданарлық іс! Өлде мастық, өлде махаббат, өлде алдану, өлде жауыз, тұрмыс... Әйлеуір бір ауыр күйік биледі ғой. Өмір шіркін, қалай шолоақ?!»

28 Март.

«Белинский айтқан екен: «Қиялдан шыққан махаббат таза жүректен шыққан махаббаттан ауыр, жаман болады. Қиял махаббаты жүрекке түссе, ауыр тас түскен секілді, қозғалтпайды, жанышады, улайды» деп. Сол рас па деймін. Сарғано, күйіну, жүрек қагты ауырды».

29 Март.

«Кешке Қадияша жеңгейде болдық. Ай жарық, күн жылы еді. Көшеде қылдырдық. Күләнмен сөйлестім. Өз пікірі жоқ.

Енді соның бәрін қорытқанда, Күләннің таза қыз емесітігі анық боп шықты.

Мақанға Сарбала мақтаныпты: «21-жылы Күлән Жәкімдікінде тұрғанда, оған бозбала көз салушы еді. Сол кезде мен жақын болып едім. Содан бері жақынбыз... Ерлі-байлы кісідейміз. Оқуын бітірген соң, екеуіміз қашпақпыз, басқа қалаға кетпекпіз. Мен қатынымды тастамақпын» депті.

Оған да нанбас едім, менің Күләнға жазған хаттарымды Мақан Сарбаланың қолынан көріпті.

Ол да аз болғандай, саяси бөлімнің бір агенті Күлән мен Сарбаланы базардың қасындағы әйнегі жоқ ескі үйден ұстап алғанын Қалайға айтыпты. Қалай – исполком бастығы. Анау агент оған сырын айтып жүретін.

Сорлы басым! Мұнша алданармын ба! Арып, шаршап, шөлдеп жүргенде табылған бір жұтым суына ит сарып кетсе, қандай болар едің? Мен де сондай күйге түстім. Сүйген адамның мінін көрмейді дегей рас екен. Япырым-ай! Мұнша адасқаным қалай?! Енді оқыған әйелден үмітім кесілді! Есіл таза жүрек, есіл жігер, есіл уақыт қор болған!

8 Апрель.

«Күләнға хат жаздым. «Күрметті Күлән! Кететін болғандықтан хаттарымды тағы сұраймын. Бұл тілегімді берерсіз деп үміт етем. Қош болыңыз».

Ол жауап қайырыпты.

«Сіздің барлық хаттарыңызды жыртып тастағам. Наныңыз». Күлән.

– Міне, Көмила, сен айтшы, кіне кімде? Ақбалада ма?

Күлән да ма?

– Күлән да ғой деп ойлаймын.

– Мен де сонда ғой деп ойлаймын: Балташ бұл әңгімені менің көңілімді Ақбаладан шығарғалы оқып отыр ғой деп. «Мұның несі бар? Ақбалада жазық жоқ. Ондай жұмыс кімнің басынан өтпейді?»– дедім. Балташ оған да болмады. Ақбаланың тағы бір жаман істерін айта бастады. Мен күйіп кеттім. Не болғанымды білмеймін. Балташты өзімнен біржолата түңітейін деп, ертеде басымнан өткен уақиғаны айтып салдым: «Несі бар? Мен де қыз емеспін. Мені орыс та алып қашқан. Ол түгілі мен бала да ташқам!»

дедім. Балташ таңданып, ежіктел сұрады. Тыңдап болды да: «Мұны айтқаның жақсы болды ғой» деп, қош айтысып кетіп қалды.

– Әй, бекер айтқан екенсің. Еркекке сенім бар ма?

– Артынан өзім де ойладым.

– Ал, сонымен?

– Сонымен арада бір күн етті ме, білмеймін. Ақбала мені шақырып, хат жазыпты. Марс бауына тағы бардым.

Бұрынғыдай емес, Ақбаланың қабағы келмейді. Көп бөгелмей-ақ: «Бұрын сен басыңнан еш нәрсе кештің бе?»– деп сұрады. Сасып қалдым: «Жоқ» дедім. Кешегі сөзді Балташ жеткізгенін сезе қойдым. «Танба, Балташқа айтыпсың ғой. Ондай іс әркімнің басынан өтеді. Маған сенің шын айтқаның керек. Бүгін жасырғанмен, түбінде ашылмай тұра ма? Сонда маған не бетіңмен қарайсың?» деп түсіндіріп, бірталай сөз айтты. Ойланып отырдым да: «Рас еді» дедім. «Олай болса, сізді маған тағдыр жазбаған екен. Мен сізді қыз екен деп жүр едім» деп, Ақбала тұрып кетіп қалды. Өз бармағымды өзім шайнап қала бердім. Аң-таң боп сіресіп отырып қашпым.

Мен анырып жын соғып кеткен кісіше мелшиіп отырғанда, қайдан аңдып тұрғанын білмеймін, Балташ жетіп келді. Мен теріс қарап кеттім. Отырып, маған көп сөз айтты. Сөзін тыңдағым келмеді. Ит етінен жек көріп отырмын. Аяғында өзінің мені тәуір көретіндігін сөйлеп келіп:

– Сенің өткен күндегің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің. Сен тисең, мен сені аламын,– деді.

Көзімнен жасым қалай шығып кеткенін білмеймін, жылап Балташтың мойнынан құшақтай алышпым. Сөйтсем, Балташым шын ақылды жігіт екен.

Ертеңіне барып ЗАГС-ке жазылдық.

– Апырым-ау! Жақсы болған екен!

– Несін айтасың? Айпақшы, «ЗАГС» дегеннен шығады-ау. Жазылуға барсақ, баяғы менің бетімді ашағын қара мұрт орыс сонда қызмет қылады екен.

– Ой, жасаған-ай!

— Менің атымды естігенде бетіме қарай қалды. Балташ көріп қоя ма деп қырындай бердім. Көз ішіп-жел барады.

Шыққан соң қарасам, қара мұртым аңқып, мойны қисайып, артымнан қарап тұр.

— Не ғып мұндай боп қалды деп ойлады ма екен?

— Кім блісін... Көзіме жылы ұшырап кетті. Мен «кет-ті» дегендей, әнтек басымды ізедім. Ол шашын ұстай алды, өкінді ме, кім блісін...

— Адам көре береді екен-ау!— деп Кәмілә тамсанды.

— Тірі кісі не көрмейді дейсің,— деп, Ақбілек те күр-сінді.

— Күйеуің қайда?— дегенде:

— Күйеуім осында. Бірге келдік. Демалысқа елге бара жатырмыз,— деді. Содан кейін екеуі тамсанып, қайыққа қарай тартты.

* * *

«Нұрзайсан» екі өкірді.

Сенді киімді әйелдер пароходтан жүгірісіп шыға бастады.

Басында жінішке жібек ақ пике панама, бойына киімі құйып қойғандай ақ құба, қаракез әйел палубаның шарбағына сүйеніп, пристаньдағы жыбырлаған жұртқа көз салып тұр еді.

Пароход өкіргенде бірінші кластың әйнегіне барып, бірдеңе деді. Кідірмей үш жігіт тысқа шықты. Үшеудің ортадағысы Балташ еді. Қасындағы екеуі бұрын бірге оқып, бірге қызмет еткен, бұл күнде ер жерде қызметте жүрген, Сәулөбек, Қанаш деген жігіттер еді. Анау ақ киімді әйел Ақбілек еді. Жолдастары үш-төрт күннен бері Балташты қонақ қылып, бауға, аралға бірге қылдырып жүрсе де, әлі де қамтамасыз қалғандай, пароход үстінде әнгімелерін аяқтап жүр еді. Балташ жолдаушылық кәдесін қылып, оларға сыра ішкізіп шыққан соң, үшеуі тағы да сөйлесіп, пароходтың тұрмыс жағына қарай айналды.

Олардың Балташты құрметтейтін де жөні бар. Балташ — астанада бір тәуір комиссар. Астанадан келген адамнан губерниядағылардың көп нәрсе күтіп, әкесі базардан кел-

298

гендей қолына қарап тұратын әдеті ғой. Олардың қандай сұрауына болсын жауап беретіндей Балташтың да білімі, тәжірибесі молайып қызметке ысылып, ісіне табанды, біртоға коммунист болып еді. Балташ мына жолдастарының ортасында көпті көрген, көне болып қалып еді. Өйткені ол Ақмола, Семей, Орал, Бөкей губернияларының бәрінде қызмет етіп, жалпы қазақ жайымен, әр алуан жағдайымен, оқығандармен әбден танысып, ақыл ауданы, дүние тануы кеңейген еді. Ол өзінше әркімге сын беруге жарайтын, біреудің апағына, беделіне, сөзіне сатылмайтын, өзінше жол тұтынған жігіт еді. Жолдастары:

— Ақбала қалай боп жүр?— дегенде:

— Ақбала жүр. Ол өзі қияпшыл жігіт қой. Болмайтын істі болдырам деп, кейде ұзын шабатыны бар. Сөзді тәуір көреді,— деп жымып қойған.

— Жорғабек қандай адам боп шықты?— дегенде:

— Уай, оны қойшы! Ол өзі жұрттың бәрін алдап ку боп жүрмін деп ойлайды. Осы күні кісі алдауға көне ме? Ку боп кетті ғой. Қапай екеп Қапай да пәле боп кетіпті. Қызмет не дегенмен адамды үйретеді ғой. Жорғабекте тұтынған жол жоқ. Одан да мен Төрекеддіні құрмет етем! Бізге қарсы болса да, өз жолында қалды. Елшімге жағынбайды. Қызметін жақсы істейді. Ол өзі ішкіл жігіт қой, азырақ мақтаншақтығы болмаса,— деген.

Міне, Балташтың әркімдер туралы осындай кезқарасы бар жігіт еді. Саясат дүниесінде Балташ басшы болмағанмен, басшыға таянып болатын табанды жігіт еді. Жолдасқа олапшыл, уәделшіл болғандықтан, кейде шен құмарлардың соңына еріп кететін еді. Бірақ олардың қатесіне өз көз жеткен соң, «мына жерің дұрыс емес» деп айтар еді де, айырылып кетер еді.

«Нұрзайсан» үш өкірді.

Балташтар манағы шарбаққа сүйеніп тұрған Ақбілектің қасына келді.

— Қош енді, жолдастар!

...Солай қылындар!— деп Балташ екі жолдасымен қоштасып, қолдарын ығыздай қысты.

— Қош! Қош! Қош!— деп олар Ақбілектің қолын ұстап, асығып жерге түсті.

299

үстінде Ақбілегін қолтықтап, уыз қымыздай кәусар ауаны кеудесін кере сіміріп, Балташ сайран етеді.

Сайранға тойса, жан-жағының бәрі айна, жарқыраған салонға кіреді. Қос бұрымы арқасына салбыраған аспан көз жаңа өспірім ақ сары қыз қазықша қаздып, пианиноға күңгірлетіп құй шалады. Оң бұрышта кішкене үстелді ортаға алып, ақ жағалы, қошқар тұмсық, біз тұмсық, төрт сәулдегер «пас», «пис...» деп «преферанс» соғалы.

Балташ пен Ақбілек жас қыздың күйін тыңдап, шатырдай ақ дастарқанды үстел басында отырып, ақ киімді мәтүшкеге тамақ алдырып ішеді.

Балташ үстелде жатқан жінішке қағазды алып, тамақтың тізімін оқиды:

— Өзің қайсысын жейсің?

— Мен осы әндірейкөт-сәндірейкоттің жайын білмеуші ем, қой етін жейін дейді.

Ақбілекке Балташтың ол сөзі де қызық көрінеді, шексілесі қатып күледі. Ақбілек күлгенде қошқар тұмсық саудагер қылмындап қарай қалды. Ол Ақбілекке манадан жанман көзді жіберіп, қиялға батып отыр ғой.

Ақбілек күліп отырып:

— Мен бұлдырықты-ақ жейін,— дейді.

Ет артынан «Жигули» сырасынан екі бөтелке ішіп, Ақбілек екеуі екі кісілік тап-таза каяота бөлмесіне келіп, солқылдақ кроватта біріне-бірі қарап, қисайып жатып, «Смекаш» журналдарын оқып, мез болып, күліседі. Балташ:

— Тамақ сіңіруге күлген жақсы деп қояды.

Өмір сәнді, өмір қызық! Бәрі күлкі, жаңадан ғана қосылған екі жас. Қабақ қағысынан ойларын танысады. Бірін-бірі ренжігерлік түрі жоқ.

— Әлгі желпеннің саған көзді қадап отырғанын байқадың ба?— дегенде Ақбілек:

— Сен де анып отырады екенсің!— деп, күлімдел мақтанып қояды.

Балташ:

— Сен, шырағым, байқа! Желпендер бөлекет келеді,— деді.

Пароходтың дауысы да: «Қош, қош, қош!» дегендей дарылдап, қимай тұрған бауырлардың жүрегі лүп-лүп еткізді. Жердегілер пароходтағыларды көздері ішіп-желі, күлкісі мен жылауы араласып, ауыздары ашылып, танаулары делдіп, кейбіреудің көзіне мөлг-мөлг етіп жас та келіп тұр еді.

Пароход сорпа жалағыш кәрі төбеші, суды шолп-шолп ұрып, қозғала бастады. Бастар шыбындап, қашақтар қарға болып, орамалдар көбелекше жалпылдады. «Біз де сендерді қимаймыз» дегендей, жұрт пароходтың артына қарай толқыды. Көбіннің жүзінде күлкі, жылау, қуаныш, аяныш аралас.

Пароход үстіндегі күйші солдаттардың сыбызғысы сынғырлап, дабылдары дүмпілдеп, түтіктері күрсілдеп, екпінді маршқа екілендіре басқаны Ақбілектің көңілін де босатқандай, тамырларын желіндіре солқылдатықандай болады. Ақбілек те ақ орамалын желіндітіп қостасты. Әлдебір қымбат нәрсесі қалып бара жатқандай, әлдекімді аяп, жүрегі жылағандай болады. Ол қимасы — Кәмілә еді.

«Тым болмаса Кәмілә байғұс, бізді шығарып салуға да келе алмады-ау! Күйеуінен, қайын аға, абысындарынан айбынады ғой, қорынады ғой. Оқымаған әйел қор ғой! Қапастағы құстай ғой!» деген ойлар келеді. «Бұл байғұстың көзі қашан ашылар екен? Қалай жәрдем етсем екен?» деп тұрғанда Балташ иығынан тарғып:

— Өй, сен неге жылап тұрсың?— дейді.

— Жәй... әншейін... Кәмілә байғұсты аяп... Оқымаған әйелдің күні қараң ғой!— деп, Ақбілек күрсінді.

— Бір түрлі кеңішсексің-ау! Бір күнде бола қоя ма? Бірте-бірте оқиды, көзі ашылады, теңеледі. Осы күнде-ақ теңеле бастаған жоқ па? Әуелде өзін қандай едің?— деп, Балташ үмітті сөздер айтады.

— Сонда да қиын ғой...— деп Ақбілек бауырының қамын жегендей, жалғыз өзінің жетілгенін азынғандай болады. Бірақ Балташтың дәлелдеріне тоқтайды. Өйткені Балташты білмейді деп ойламайды.

Шілденің шаңқан, шағыл күні: Жасыл жағалау. Ертіс. Ертіс жүзінде су сызып, ақ пароход келеді. Ақ пароход

Ақбілек онда:

— Өзің байқадың ба? Бүгін командир де менің орамымды әперді ғой, — деді.

Балташ оған көтеріліп қалады, көтерілмей қайтсін? Мұндай келіншекті Балташтан басқа кім алады?

Ақбілек керең-білгенін Балташқа айтып келеді. Балташқа қызметтен келгенде кімнің не сөйлегенін айтып отырады. Сөйлескен сайын бірінің білгені біріне ауысады. Кейде Балташ баяндама, отчет жазғанда Ақбілек көтереді. Ақбілек бірденеге алданып жатса, Балташ барып тамақ әкеледі. Екеуі бірге күйінеді, бірге сүйінеді. Өйткені дененің басқалығы болмаса, екеуі бір кісіміз деп ойлайды.

Екі күн өтіп, үшінші күн дегенде, екі жас Зайсанға жетті. «Шықтық» деп телеграмма берген ғой. Төлеген мен жеңгесі де кішкене қызын көтеріп, пристаньға келіп тұр екен. Анадайдан бірін-бірі көргенде Ақбілек пен жеңгесі:

— Аһ, жеңеше!

— Аһ, Ақбілек! — деп аяқтары жер басқанын сезбей, біріне-бірі ұмтылды.

— Е, жеңешетайым!

— Е, бауырым-ай! — десіп, қуанғаннан көздерінен жас ыршып, құшақтасып қайта-қайта сүйсініп жатыр.

— Денің сау ма, қарағым, — деп, Төлеген де қарындасының бетінен сүйді.

Ақбілек кішкене сіндісін шөпшідетіп, бауырына басып: — Жігіт боп кетіпті ғой! — деп жатыр.

Балташ Төлегенмен бұрын да таныс. Бірге қызмет қылысқан жолдасы ғой. Бұрын «Балташ жолдас» деуші еді — енді жолдас деуді кеңсе тілі көріп «қарағым, саумысың?» деп аузынан сүйді.

Жеңгесі де Балташпен таныс. Балташтың тәуір жігіт екенін олар да біледі.

Бұрын Төлеген Балташты икемге көнбейтін, бірбеткей, қазақ жайын білмейді деп, ішінен ұнаппаушы еді. Енді ол ойы да жоғалып кетті. Өйткені ол енді туған күйеуі, ол — кіндіктен келген үлкен комиссар. Енді Балташ туралы не деп жаман ойласын? Күйеуіне бұданбаса.

Екі бержебай да бар екен. Төлеген Балташты, жеңгесі Ақбілекті қолтықтап, екі-екіден отырып, көшені сыдыртып өтіп, бұрқыратып пәтеріне алып келді.

«Күйеу келе жатыр» дегеннен-ақ аға, жеңгесі пәгерін тиянадай қылып безеп, бір бөлмені екеуіне арнап, кровать құрып, кілем төсеп қойған еді. Қызара бөрткен неше түрлі тәтті бауырсақ, переміш, самса, кәмпит, манпасилер, шекілдеуік, пісте, жаңақтар, печеньелер тәрелкелерде саусылдап, ұлестің ұлы күні болатындай үлкен үстел лық толып, ақ дастарқанмен беті жабылып, құрметті қонақтарды күтіп тұр еді. Көк бас, қызыл бас, алтын бас бөгелкелер де бұфет, шафта көл жағасындағы қаздай, мойындарын созып, быжынап, «бізді қашан ішесіңдер!..» деп тұр еді. Төлеген комиссар күйеуіне өзге арақты олқы көріп, 25 сомға бір бөтелке шампанский алған еді.

Қонақтардың түскенін естіген соң, уездік сапарға шығамыз деп жүрген, шалбарларының тізесі қалталанған, пенжегінің артқы етегі жымырылған, шолақ комиссарлар да Төлегендікіне Мекеден қажы келгендей ағылды. Төлеген хабар қылған ғой. Түгін аңдып жүретін өлеңінде бес тиынддық құн қалмаған салдаман әншілер де, тарысы піскеннің тауығы бола кететін «бөстелі» даяршылар да келді.

«Құтты болсын!», «Жоғары шық!», сығылысқан орындық, сапырылысқан кісі, салдырлаған ыдыс, сылдырлаған шанышқы-пышак, рюмке — бәрі араласып, Төлеген үйі құдды жәрмеңке болды. Рюмкелер сынғырлады, шампанский мұрынға шаршып быжылдады, арақ ішілді, ән салынды. Жұрт дуылдады, Ақбілек Балташқа тигенде, екеуі ас-танадан келгенде, соқпайтын не бар? Бұдан артық қуаныш бола ма? «Құй арақты! Көтер рюмкені! Соқ өлеңді! Е, гу-лет шіркінді! Сүмірейт! Пәлі!»

Қызумен отырып, жұрт көп ішіп жіберген екен. Бас-тар бос мойын, аяқтар резеңке болып, қабырғалар төбеге шығып, үстелдер әткеншек ойнаған кезде, қонақтар да біріне-бірі сүйеніп, үйден шықты. Балташты сүйемелеп апарып, Ақбілек төсекке жатқызып, жеңгесімен ыдыс-аяқтарын жинауға кірісті. Төлеген де құдайдың бергеніне шүкірлік етіп, демін бір алды.

Екі-үш күндей Ақбілек, Балташ аға-женгелерімен әр үйде қонақта болып, қалайын сый-сипатына қанған соң елге шығуға қамданды.

Төлегеннің өз елі ғой және Балташқа деген соң жұрт ағ аяй ма, төрт-бес ағ табылып қалды. Таулы жерге арба жүрмейді, салт апен жүру керек қой.

Көк ала жорғаны көрпе салып, жеңгейге ерттеді. Жарау боз атты Ақбілек мінді. Жирен қасқа атты Төлеген, қара атты Балташ мініп, қастарына бір жолдас алып, сәске кезде қаладан шықты. Төлеген былай шыққан соң Күлкіені өз алдына алды. Жеңгей атқа мініп артық үйренбеген кісі ғой, бір қолымен ердің басынан ұстап, аяғын үзенгінің сағасына салып, орнатқан омақаша қоқиып, буынын билей алмай, қол-қол еткені Ақбілекке қызық болды.

Шілденің жылдай күні. Түске таман жолаушылар тау бөктеріндегі бір ауылдан бағылан жел, қымыз ішіп, күн қайта тағы атқа қонды.

Манағыдай емес, жеңгейдің өне бойы ауырып қалыпты. Қатты жүріске жарамай, көк аланың аяқ жорғасымен тайпалтып келеді. Ақбілек қажыр емес, синай қамшылап, су аяндатып келеді. Жалғыз-ақ Күлкіен қалғып-шүлгі береді. Оны кезекпе-кезек алдарына алысады.

Кіші бесін кезінде әйелдер шөлдедік деген соң, өзен бойында бір ауылға бұрылды. Желісінде он шақты құлыны бар бір үлкен үй орталықта. Оның оң жағында бір ақ отау тұр. Жолаушылар сол отаудың сыртына келіп тұра қалды. Есік алдында көрінген бір балалау жігітті шақырып, сөйлесе қалды. Ақ отау «Бекболаттікі» дегенде Ақбілектің жүрегі болар-болмас бүлк ете түсті. Әйтсе де осында түскісі келді.

Бала жігіт жүгіріп үйге барған соң, тымағын қисайта киіп, шапанының бір иығын жамылып, бір иығын жүре сұғынып, қалбандап Бекболат шығып, қонақтарға абдырап қарсы жүрді. Анадайлан сәлем беріп, келе Балташтың ағын ұстады. Баяғысындай алақанын қалақ қылып, Төлегеннің, Ақбілектің алақанына жапсырып амандасты. Ақбілектің көзіне кезі түсіп кеткенде қызарыңқырап қалды. Құрақ ұшып жүгіріп, есік ашып кіргізіп жүр.

Төсегінің алдында бұйығылау, келте мұрын, қара торы келіншек іс тігіп отыр екен. Ақбілектің көзі алдымен соған түсті. Келіншек те тымырайып, әйелдерге көз астымен қарады. Еркектермен тізерлесіп, төрге шығып кеткенін сәкет көрді немесе Ақбілек өзінен артық болғанын күнделді ме, кім білсін, әйтеуір «адырам қал!» деген қарас еді.

Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақбілекке тура қарай алмайды, кінәлі кісіше күйбендеп, сасқалақтай береді. Бекболаттың құрақ ұшып отырғанын келіншегі жараппаған тәрзіді, келте мұрнын жоғары көтеріп шығып кетті. «Жаман шіркін! Сыр білдіріп қояды-ау!» деген кісіше қатыны шығып бара жатқанда Бекболат ала кезімен бір қарады.

Қонақ аз отырса да, көп сынайды ғой, Ақбілек Бекболатты ішінен аяды, келіншегін менсінбейді екен деп ойлады. Бекболатпен жолыққан күндер замат көз алдына елестеп етті. Әйтсе де өткен күнге өкінген жоқ. Бұрынғы арман қылатын тұрмыс енді аяқ астында қалғандай, өзі басқа бір жана дүниеге көшкендей, бір жоғары көңіл пайда болды. Бекболат бұрынғыдай емес, сақал-мұртты да көбейіп, бет-аузы да әжімденіп, бойы да аласарып, қораш боп қалғандай көрінді.

— Е, елге бара жатыр екенсіңдер ғой... Қалада бөтен хабар жоқ па? Қой алдыралық, қонақ боп кетіңіздер!— дегеннен басқа Бекболаттан пәлендей татымды сөз де шықпады. Ол сөздері де Бекболаттың далада қалғандығын, Балташ пен арасы жер мен көктей екенін көрсетті. Ақбілек азырақ ойланыңқырап отырғанын өзі де сезе қойып, Балташтың көңіліне бірдеңе келіп қала ма деп, орыспалап: «Жүрейкі!» деді. Бекболат: «Қонақ боп кетіңіздер! Шақырып келіңіздер, алмайтын адамсыздар!» деп, жік-жапар боп жабысса да, қонақтар атқа қонғанын тәуір көре берді. Түсуін түссе де өздеріне қолайсыз болды білем, бірталайға дейін Төлеген сөзін қиоластыра алмай, ойы бөліне берді. Бірақ Ақбілек те, Төлеген де Балташқа өз ойларын сездірмеуге тырысып, басқа сөзге жұбатып әкетті.

Сеңгір-сеңгір таулардан, үңгір-үңгір құздардан, түйе өркешті шындардан, қыз емшекті тастардан етіп, бұраң-бұраң сұрлеумен бес атты кісі құмырсқа боп өрмелеп, Алтайдың басына шықты. Алтай бойды да, ойды да кетерді. Алтайдың кешкі самалы беттен сүйеді. Ақбілек Алтайға шыққанда, баяғы анасын елтіретін, өзінің әбиірін аласын, өгей шешенің қорлығын шегетін, Көркембай кемпірдің көр үйшігіндегі жаны көзіне көрінетін алай-түлей қараңғы, қара күндер, барса келмеске біржола кеткендей, анау алыста, етекте біржола қарасы өшкендей болып көрінді. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдан құтылып, сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүретін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай тазарды. Оның жүрегін жуып тазартқан алтын леген – аяулы жаны, қаралы таудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді.

* * *

Марқакөлдің шыныдай тұнық суы да, көл жиегіндегі иірім-иірім ауыл да, пырылдап, кісінен, кісінен, оқыранып, өріске тартып бара жатқан жылқы да, жылқышының қызыл ала тысты тымағы да, анау қозы алып жүрген қайқы төс келіншектің жасыл көйлегі де, аттың жалы да, жеңгесінің басындағы күлді-бадам орамалы да батар күннің сарғылттым сәулесіне помылып, жер-дүние сары көзілдірікпен қарағандай жымынды, саңғырап тұрғанда Ақбілек туып өскен аулына жетті. Ауылда иттер шулайды, қотанда қой маңырайды. Аспанда торғай шырылдайды. Қырындап ұшқан құс. Сары ала керенаулап, мыңқылдайды. Енесін іздеп ауылда лақ безілдейді. Суға бара жатқан үш жас қыз:

Сылдыр-сылдыр қамысқа сырғам түсті,

Сырласпаған исат елге атам түсті.

Атам үшін қабырғам қайысады,

Қолымдағы қос жүзік майысады,—

деп шырқап ән салады.

Ақбілектің алдынан шауып шыққан бала жолыға сала, тайының құйрығын шошайтып, ауылға қарай ызғытты.

Телеген кейде жылғына, кейде жыл ара еліне бір келіп келетін. «Келікті ала келіп, жатып кет» деп, ақсақал отау көтеріп берген. Телегеннің келетінін естіген соң, ақсақал отауын оң жағына тіктіріп, күтініп отыр еді.

Тайлы бала ауылға шауып келіп:

— Ағатайымдар келе жатыр! Ақбілек те бар!— дегенде, ақсақал үйде отырып қалғып кеткен кісіше:

— Әй! Не дейді!— деп басын жұлып алды.

Ақбілек баяғы кеткеннен үйне қайтып келген жоқ еді. «Ақбілек оқып жүр» деп ақсақал естуші еді. Бірақ: «Қыз оқып не болады» деп, ішінен ұнатпаушы еді. Баяғыда баласы екені болмаса, Ақбілектен біржола күдер үзген еді. Оны көрермін деген ой да жоқ еді. Ақсақал енді қайтерін білмеді. Үйде отыра ма? Алдынан шыға ма? Қалай амандасалы? Дым көрмегендей тымпыш отыра ма? Кешірім сұрай ма? Бұл бір шұғыл оқиға болды.

Сөйткенше болмады, қатын-қалаш шулап:

— Әне шықты! Төрт кісі! Жоқ, бесеу... екеуі әйел... Біреуі келін ғой дескен даусына ақсақалдың бүйірі қызып, отыра алмады. Алыстан алты жасар бала келсе, ашыстағы шал барып, сәлем берсін деген мәтелді есіне алып, үйде отырсам, қуанбаған боп көрінермін деп, тысқа шықты.

Шықса, сауылдап келіп қалған екен. Ақбоз атқа мінген ақ киімді біреу көрінеді. Алдына Сараны мінгізіп алыпты. «Бұл орысын кім?» деп тұрғанда, Ұрқия барып, түсіріп бетінен сүйе басталды. Сөйтсе — Ақбілек екен. Боз аты, ақ киімі аруақтанып көрінді ме, ұлық келгендей, ақсақал азырақ қорынайын деді. Ауылдың еркектері де ақсақалдың қасына жиналып қап еді.

Телеген мен Балташ келіп, ақсақалға сәлем беріп, қолын ұстады.

— Мынау күйеу балаңыз — Балташ деген жігіт,— деп Телеген таныстырды. Ақсақал:

— Е, аманбысың, шырағым!— деп сасыңқырап қалды.

«Қайырлы болсын!» тәрізді бірдеңе айтқалы оқталса да, аузына лайықты сөз түспеді. Оның артынан Сараны ертіп, Ақбілек келіп, әкесіне қол берді.

– Бәрі әкелші, қарағым!– деп алдырып, немересін иіскеді.

Көңілі тағы бір қарыс көгерілгендей:

– Ей, Құдай шүкір, тоба!– деп тәубе келтірді.

Пальтоларын жамылып, қалпақтарын шекесіне салып, сымдай болып, Төлеген мен Балташ шыққанда: «Заманына қарай, бұл да жарастықты екен!» деп ойлады. Мынау екі тәре баласы тұрғанда өле-өлгенше кем-қор болмастай көрді.

Балалар шайын ішіп жатқанда: ақсақал 7 биесінің сабасын пістіргіп, ыдыс-аяқты жуғызып, өз үйін сыпыртып, төрге көрпе салдырып:

– Ақбілектерге әне жерге сал,– деп, қатынына оң жақты нұсқалды.

Шай ішіп жайланған соң Әмірді жіберіп, балаларын өз үйіне шақыртты.

– Жоғары шығындар!– деп Төлеген мен Балташты төрге шақырды.

– Е, сол жаққа отырындар!– деп келіні мен Ақбілекті өзіне қарсы, оң жаққа отырғызды.

Қымызды бәйбішесіне сапыртып, балаларына қызыл кесемен қайта-қайта бергізіп, ауыл кісілеріне де, балашағаға дейін құр тастаптай, өзі қадағалап отыр.

– Келіннің аяғын ұста, келіннің,– деп қояды.

Келіннің дөп-дөңгелек қара көзі, маңқиып отырғаны, атасынан әңтек именгені қолайына жағып отыр.

Өрік Ақбілекке қарауға беті шыдамайды. Ақбілектің аяғы дегенде аяқшыға бұғып қана сыбырлайды.

– Неге ішпедіңдер? Қымыз жақсы ғой!– деп ақсақал Балташ жаққа да қарап қояды.

– Болғанымыз ғой!– деп, Балташ кесесін қайырганда:

– Қалалы жер адамның ішін қуырып тастайды ғой – деді.

Ақсақалдың көңілі тасқын. Тамағын кенесе, бүкіл ауыл естиді. Түкіріп жіберсе, есіктен өгіп, сары иттің тұмсығына жалп етеді. Кешке таман Төлегенді оңаша шақырып, ақсақал құрмалдық беру жайын ақылдасты. Ақсақалдың көңілі: ірі жылқы сойып, үлкен той қылуға еді. Төлеген

– Қарағым, Ақбілекпісің?– дегенде дауысы қалтырап, көзіне жас кеп қалды. Әйтсе де күйеуінен именіп, жасын әрең тоқтағты.

Ақбілек мұңайып, төмен қарады. Ақсақал баласына қарап:

– Дені-қарның сау ма, қарағым?– деді.

Қатындар келінді келіншелегіп, үйдің артын айналдырып, отауға кіргізді.

Ауыл кісілері қол ұстасып амандасты. Амандасып болған кезде ақсақал:

– Әй, жол беріндер! Үйге кірсін!– деді.

Қонақтар үйге кірді. Олармен бірге ақсақал да кірді. Қатындар келінге шымылдық іздеп еді:

– Қой, әуре қылмаңдар! Жасырынбай-ақ қой, шырағым! Лұқса! Салтыңда жоқ жұмысының не керегі бар?– деп, келіннің жасырындырған жоқ...

Қатындар шуласып:

– Е, ақсақал, үлкен кісі! Балаларың келіп, көзайым болдың ба? Мына жігіт күйеу бала екен ғой! Әмір жастарың ұзақ болсын! Балаңыз құтты болсын!– десіп жатыр.

Ақсақалдың көңілі тасып отыр.

Әй-жай болған соң ақсақал айдың жарығымен, үйдің жанында қой сойғызып отырып:

– Күйеу бала қай ел екен? Білдіңдер ме?– деп, Әміреден сұрады.

Әміре манадан бері Төлегеннің жолдасынан мәні-жайын сұрап, біліп қойған ғой, өзі де айтқалы қыбыржып отырған кісі ғой.

– Семейлік, тобықты болса керек. Үлкен орындағы төре екен! Орынборда қызмет қылады екен!– деп көптірді.

Ақсақалдың көңілі манағыдан да бетер қарыс көтерілді.

Таңертең Ақбілек пен келіні далаға барып келе жатқанда, ақсақалдың көзі түсіп: «Келін бір бәйбіше болғандай денелі, жүрісі сабырлы адам екен» деп ойлады. Келін ноғай емес, естек қызы дегеннен бері, ақсақал естектің бір ағасын қазаққа жақын қылып алып еді. Сара Төлегеннің кішкене Күлікенін көтеріп тысқа шығып еді, ақсақал:

тай да жетер деген соң, бала да бірден билетін шығар деп, мақұл көрді.

Ақсақал тай сойды. Кеңіл жетер ағайын он шақты қой сойды. Недәуір үлкен той болды. Жұрт сабалап қымыз әкелді. Тай, құнан жарыстырып, күрес қылып, көкпар тартып, ерігіп жатқан ел бір кенеліп қалды.

Көл басындағы төрт-бес ауыл жас төрелерді кезек-кезек қонаққа шақырысты.

Дырду басылған соң, аз күн болса да қарап жүрмейік деп, Ақбілек пен жеңгесі бес ауылдың ортасына қызыл отау орнаттырып, жас әйелдерді бір мезгіл оқытып, хат танытпақ болды.

Кейде еркектерді шақырып, Балташ пен Төлеген газет-журнал оқиды. Тазалық, денсаулық, мал дертін емдеу, кооператив жайынан еңгіме де құрып қояды. Қызмет адамдарына жол-жоба көрсетеді. Елге керек уақ кітаптардан ала барған еді. Оның пайдасы тиді...

Ақбілек баяғы емес. Өзгерген, өнер тапқан, жетілген, ысылған. Әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ, сызылған, мұнайған Ақбілектің ізі де жоқ. Ақбілектің қылығын, ісін көргенде ақсақал танданалды: «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар? Жұп-жуас, ұялшақ бала емес пе еді?» деп ойлайды. Қалайда Ақбілек жат, Ақбілек өнерлі! Ол енді ақсақалдың ғана баласы емес, көптің баласы. Енді ақсақал одан именеді. «Мынауың теріс» деуге бата алмайды. Баяғы өзінің қаталдығын ойлағанда, өзінен-өзі ұялады. «Кешірім сұрасам, қайтер еді» деп бір ауық ойланады. Бірақ әке басымен балаға кішіреюді лайық көрмейді. Сондықтан Ақбілекпен кездескенде:

— Қарағым, немене? Шөлдеткен жоқсың ба? Қымыз іштің бе?— деген сияқты қалбалақтап қалады.

Әкесінің онысын Ақбілек те сезеді, әкесін аяйды.

— Жоқ, әке! Шөлдетем жоқ,— деп, еркелеген секілді, қасына келіп отырып, бала оқытқанын, жеңгесінің тілі келмегенін, әйелдердің күлгенін еңгіме қылады.

— Қарағым-ау! Елге келіп тынығалы десе, жүдеп қаласың ғой... Ол қатындардан не шығады деп жүрсіндер?— деп маңдайынан иіскейді.

— Әке-ау, заман оқығандікі ғой,— дейді Ақбілек.
— Оқығанмен келін екеуңдей болар деймісің!— деп, баласын көтеріп қояды.

Ақбілек әкесімен айтыспайды. Әкесін жаңа тауып алғандай қуанады. Сара он екіге шығып, ұзын көйлек киіп, бұрымын артына селтітіп өріп қоятын болған екен. Ақбілек оған:

— Сен қыз болмай-ақ қой. Басыңды быттетпе!— деп шапшын алдыртып тастады. Сараны қайтарда езі ала кетіп, оқуға бермек боп қойды.

Қажікен азамағ боп қапты. Бірақ өгей шешенің қолында етірікші, тұнжыр, ұрысқақ, кекшіл боп өсіпті. Оны Төлеген қолына алып оқытпақшы болды.

Ұрқияны қастарына ертіп, Ақбілек пен жеңгесі далаға барады, көл басына барады. Өткен балалық күндерді есіне түсіреді.

Бір күні Ақбілек сөзден сөз шығып отырып, Ұрқиядан:

— Жеңеше-ау, баяғы Мұқаш не болды?— деп сұрады.

— Есітпеп пе едің? Ол сол жылы қыстығүні шығар деймін, жоқ боп кетті ғой,— деді.

— Ол қайда кетті?

— Кім біледі? Біреу өлтіріп тастаған шығар?— деді Ұрқия.

Ақбілек:

— Өзі де елдің қарғысын көп алып еді,— деді.

— Қарғыс қоя ма?— деп Ұрқия да қосталды.

Матайдың Әбені екі ұрысын жіберіп жайғастырғанын бұлар қайдан білсін.

Күлкен Сараға ермек болды. Мойнына мінгізіп жүргені.

Ұрқияның Ескендірі де беске шығып қапты. Ұрқия жанынан екі елі тастамайды.

Ескендір тым-ақ сүйкімді. Түрі де көркем, мінезі де өжет. Шешесі өге зерек деп мақтайды, балалармен қосылып ән салады, қой күзетеді, бұзау үйретеді, ойынға бір жалықпайды, ауылдың малын түстеп таниды. Бірақ тез қатты ашуланшақ, бір баладан жығылып қалса да,

жарысқанда қалып қойса да, жатып төбелес салады, өз дегені болмаса, айтқанға көнбейді.

Бір күні Ақбілек пен Ұрқия көл жиегіне барып, жуынып отыр еді. Сара бар. Күлікен, Ескендір бар, ауылдың еңшең ұсақ балалары суға шомылып, жиекте жүтіріп, жарысып, ойнап жүр еді. Бала бірін-бірі жылатпай жүре ме, кішкене Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылатып қойды. Ескендір оны көре сала жүгіріп барып, жыққан баланы кішкене жұдырығымен қойып-қойып жіберді. Анау бала үлкенірек болса да, сасып қалды. Ұрқиядан қорқып, түк қыла алмады. Ескендірдің мына қылығына Ақбілек сүйсініп:

— Ескендір, бері келші, қалқам! Ой, бауыр болғаныңнан айналайын!— деп шақырып алып, бетінен сүйді.

— Жеңеше-ау, осының атын Ескендір деп қайдан қойып жүрсің? Орыстар Александр дейді ғой,— деп сұралды.

Ұрқия баяғыда түсінде Ескендір дуана балапан ұстап бергенін есіне салып:

— Ескендір дуананы ырым ғып атын Ескендір қойып едім,— деді.

Соны айтқанда, Ақбілек көзі дөңгелеңіп, аз ойланып қалды да:

— Жеңеше-ау! Осы Ескендір мен сияқты емес пе?— деді.

Ұрқия күліп жіберді.

— Сен сияқты болса, сенен туған шығар!— деді.

— Рас айтасың ба, жеңеше?— деген соң, Ұрқия шынын айтты. Ішше үрген қарын тығып, өтірік буаз болғаңың, Ақбілектің баласын бауырына салғанын берін сыр қылды, Ақбілек қуанып кетті.

— Ескендір, бері келші!— деп тағы шақырып алып: — Құлыным-ау!— деп бауырына қысып, құшырланып тағы сүйді. — Өлтіретін бала емес екен-ау! Жақсы қыпсың ғой, жеңеше!— деп Ұрқияны сүйді. Аналық сезім Ақбілектің жүрегін қорғасындай балқытты.

— Мен кісі қанын жүктедім бе деп жүруші ем. Жеңешетай-ай! Мен шын бақытты екем ғой! Оқуға жараған соң өзіме бересің ғой?— деді.

— Берейін,— деді Ұрқия.

Марқакөлдiң суы балдай. Марқакөлдiң суын iшiп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап көнек-көнек лықылдайды...

Марқакөлдiң жиегiнде Мамырбайдың Ақбілегi, жас Балташтың сүйген жары Ескендірiн құшып, сүйiп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кеудесiне бағы сыймай, кемерiнен аса шыпылдайды.

Жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарын, романшы, драмашы, ақын, аудармашы, зерттеуші Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы (кей деректе 1890) қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанмен, арғы аталары Дәндебай, Қуандар текті, дәулет, абырой біткен, ел арасындағы білікті кісілер. Жас күнінен Жүсіпбек бірге туған бауырлары Ахмет, Жақшпбектер секілді арабша хат тану, оқу үстiне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерлерін қатар үйренеді. Он бес-он алты жасында өзі ұмтылып, үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі класты мек-тепке кіреді, бір жағынан, бала оқытып қаражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді де, Семейдегі оқытушылар се-минариясына түседі, оны 1918 жылы аяқтаған. 1918-1919 жылдар аралығында Алаш идеясын қолдаған жас оқыған кеңес өкіметі жағына шығады. 1920 жылы РКП (б) қапарына өту, Қазақстан кеңестерінің құрылтайына делегат, Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі болу. “Қазақ тілі” газетін редакциялау, “Ақ жол” газетінде істеу, Шым-кенттегі педагогика техникумының директорылығы – мұның бәрі Жүсіпбек Аймауытовтың азамат болып қалыптасу жолындағы күрес іздерін, өмір белестерін көрсетеді. 1929 жылы басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек Аймауытов 1931 жылы атылған.

Астан-кестен ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық әлеуметтік теңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытов ерте қиылған қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді: “Қартқожа” романы, “Ел қорғаны”, “Мансақорлар”, “Қанапия мен Шәрбану”, “Шернияз”, “Мансақорлар”, “Нұр күйі” поэмасы және бір топ аударма кі-таптары жарық көрген.

Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған ең көлемді прозалық шығарма – “Ақбілек” романы былай басталады: “Өскеменнің аржағында, Бұхтырманның оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құдай аққан, құдай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім

бар. Алтай, Күршім не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Ал-тай сынды анасының көкірегің аймаласып, тырاندасып, мәйек басып, мамырласып жапқаны”.

Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі – Жүсіпбек прозадағы ырғақ, стиль, композиция, көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланды. Жазушының та-лант мүмкіндіктері әсіресе “Ақбілек” романында айқын көрінеді.

Қаламгер әлеуметтік тартыстар, тарихи оқиғалар, тап күрестерінің ерекше шиеленісіп тоғысқан, ел мойнына салмақ түсіп, жеке адамдар тағдырының шырқаққан буы-нын дәл басады: бұрын айтылған, сарыжұртқа айналған тақырып емес, соны, мүлде тың, тіпті сирек оқиғаларды романға арқау еткен.

Оқырман бірден шылтырмай әрекеттер үстінен түседі: алыстағы Алтай таулары, ақ қашып, қызыл қуып, аласапы-ран күрестер жүріп жатқан Азамат соғысының сұрапылы қазақ ауылдарына да жеткен, өрт шалмаған шаңырақ жоқ. Марқакөл жағасында, Терең шағты мекендеген момын шаруа Мамырбай ауылын бандә шауып, әйелін өлтіріп, бойжетіп, оң жақта отырған қызы Ақбілекті солдаттар алып қашып кетеді. Сұмдық осыдан кейін басталады. Бір ауыз орысша тіл білмейтін соры қайнаған жас қыздың азап-қорлыққа толы, өлім мен өмір, оң мен түс арасында былғанышты, жиіркенішті күндері басталады. Бұрын ете-гін жел көтермеген, еркек бетіне тіктеп қарамаған ақ пе-ріште, енді табиғаттан алған асыл қазынасын рәсуа етіп, еріксізден еріксіз, ұяттан күйіп, ар-иманы өртеніп, қайдағы бір қашқын, бандә, тіпті атын да білмейтін ақ ескерінің офицері – қара мұртқа ермек болады.

Қысталаң жағдай, шекаралық ситуация, өлім мен өмір-дің тайталасқан бір сәтіндегі адам психологиясына жазу-шы терең бойлап, жан-жақты күй шертеді. Он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен қыздың шеккен қорлығы, тапталған

сезімі, жер болған намысы, былғанған ары – осының бәрі реалистік дәлдікпен, бейнелі, фуретті, сенімді көрсетілді. Оқырман бауыры езіліп, жүрегі тілініп, Ақбілекпен бірге жылдайды. Тұтқынға түскен сорлы қыздың не тілін, не дінін білмейтін, өмірінде бұрын көрмеген, жүріс-тұрысы, киім-киісі, тамақ ішісі бөлек, әдет-ғұрып, салт-санасы басқа – қара мұрт орыс офицеріне еріксіз, қатын болу хикаясы айқын психологиялық саралаумен берілген.

Өмір телкісіне қарсы тұрар күш жоқ, көп иттің мазағына айнамай, қара мұрт қармауында қалғанның өзінен жынданып кете жаздап, қорлық күйігінен өліп қалардай күйге жеткен Ақбілектің енді кіре бастаған ес-санасы бірге-бірте маңайында не болып, не қойып жатқанын аңғарып, әр нәрсені сезіп, ой түйе бастайды.

Осындай екіұдай, естен танғандай күйдегі Ақбілек санасы алдымен қара мұрт офицердің өзіне жасаған қорлығын ғана емес, мүсіркеуін, еркелетуін сезінді; мұның үстіне, тау-таста ақпен ақ болып, қашып-пысып, елден-жұрттан безіп, тун қатып, бел шешпей ұйықтап, ылғи ағ үстінде күн кешіп келе жатқан түсі суық, сыры белгісіз, мақсаты тұманды топтың да аужайын аңғарады.

Екінші жағынан, жазушы қара мұрт офицердің өз аузымен өмір тарихын айтқызады, мұндай халге қалай түсті, ата-бабасы, шыққан тегі кім, кеңес өкіметіне неге қарсы күреседі, қырдың енді қылтып шыққан қызғалдағын жұлып алып, табанға басқанына қиналмай ма, ары-ұяты қайда – мұндай сауалдардың баршасына психологиялық тұрғыдан нанымды жауаптар берілген. Екі халық өкілі: бірі – жазықсыз, оң жақта солқылдап отырған бойжеткен, екіншісі – кеңес өкіметіне қарсы қару көтеріп, ағысып-шабысып, ақыры, басқа айла қалмаған соң, Қытай асыл бара жатқан офицер, бұларды бір көрпенің астында тоғыстырған қатал уақыт бұйрығы, зорлық, қыянағ шоқпары, қара мұрт әрекеті: әлі келгенше тіршіліктің жылы-жұмсақ, дәмді-тәттісінен бір қарып қалу, сорлы қыз қасқыр тартқан құлындай боп зар еңіреп ол отыр.

Арттан қуып жеткен қызыл әскерлер дүмпуімен безе қашқан ақтар өз бастарын қайда тғыарын білмей, жан-жаққа бытырай зытып жөнелген кезде, Ақбілек бандылардың

ескі жұртында керексіз бір заттай болып қалып қояды. Бұдан кейін сорлы жанның қоршаған орта, тау-тасқа зар еңірей мұң шаға сыңсуы, балалық, асыл қасиеттерінен айрылғанын жоқтап, терең қайғы шыңырауына бағуы зор шеберлікпен бейнеленеді.

Қасқырға жем болып қала жаздап, арып-ашып, ажал тырнағынан әреңдегенде құтылып шығып, өліп-талып туған ауылына жеткен Ақбілекті бұрынғыдан да сорақы азап, мазақ, қорлық күтіп тұрған. Банды қолындағы зұлымдық зұлымдық па, нағыз тозақ енді басталған, өрттей қулаған өсек-аяң тірі адам бетіне қаратпай, жандырып-күйдіріп барады. Бұрын ғашық болған, сөз салып жүрген Бекболаттың өзі де тоят алған соң, сұмдық оқиғаның мәнісіне көзі жеткеннен кейін, түк көрмегендей болып, теріс айналып кете барады.

Мамырбайдың төсек-жанғыртуы, Өрік-тоқалдың қатыгез мінездері, Ұрқия жеңгенің адамгершілігі, қара мұрт офицерден біткен жазықсыз сәби – Ескендірдің өмірге келуі – мұның бәрі сала-сала реалистік оқиғалар болып берілген.

Алдымен есіркеп, мүсіркеу, аяу, артынан қорлық, мазақ, табалау атаулының тозақ отына өртенген Ақбілек бәрбір тірі қалады: заман ағысы, өмір толқыны бірте-бірте ескі жараны емдеп, тіршіліктің жаңа жапырақтары қылтып – көгеріп өсе бастайды. Ағасы Төлегеннің соңынан іздеп барып оқуға түседі, Семей, Омбы қалаларын көреді, қырық шырақты әйел емес пе, келер күндерден үміт күтіп әрекет жасайды.

Романда кейіпкер, оқиға көп емес, ықшамдылық, жиі-нақылдық, әсіресе драматизм принциптері ерекше ескерілген. Бір кәрекетке қатысып, үзіліп қалатын кейіпкерлердің өзін жазушы даралап, есте қалатындай етіп сомдап соғып береді. Кескін, сөз мақамы, қимыл-қозғалыс – бәрі образ жасауға аса қажет көркемдік құралдар, персонаждардың өзін өзі сипаттауы Жүсіпбек Аймауытов жиі қолданатын әдеби тәсілдердің бірі. Оқиық: “Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпі шаш, қарыс мандай, қарасұр жігіттің. Жасым отыз бесте. Әкем Тойбағар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес”. Кедейден шыққан осы Мұқаш тап тартысының мәнін,

МАЗМҰНЫ

М.Дулатов. БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ.....	3
Түсініктер	49
Т.Жомартбаев. ҚЫЗ КӨРЕЛІК.....	55
Түсініктер	79
Ж.Аймауытов. АҚБІЛЕК.....	87
Бірінші бөлім	88
Бекболат.....	93
Офицер.....	95
Мұқаш.....	98
Екінші бөлім	152
Үшінші бөлім	207
Қайғы	207
Төртінші бөлім	261
Махаббат.....	261
Түсініктер	314

табиғатын анық түсініп болған кісі емес, қолынан келсін-келмесін мансапқа ұмтылады, біреуге өшіксе, аянбай жауласады, сорлы қыз Ақбілекті қасқырлардың аузына тастап жіберген себебі – Мамырбаймен ескі араздығы.

Екінші бір ку мүйіз, пәлекор – Жылыыр деген көксоққан, естімейтін өсеті, білмейтін пәлесі жоқ. Кейін, айыршылық, репрессия тұстарында осындай тас жүректер мындаған жазықсыз боздақтарды қан қақсатып, қынадай қырағын болады. Жазушы сорақы әлеуметтік құбылысты күн ілгері танып, нақты образдар арқылы таңбалап берген.

Негізгі сюжет желісі Ақбілек тағдырын қуалап отыратынмен, автор ретті тұстарда уақыт сарынын таныту үшін әр түрлі органын өкілдерін көрсетіп кетеді. Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабек, Төлеген, бұлардың бас қосқан кезі, сол тұстағы мінез-құлық ерекшеліктері, кенес өкіметінің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік ой ағымы, зиялылар ортасындағы сан алуан дағды-салт – баршасын жеріне жеткізбей шолу, көркем түрінде ағүсті бейнелегенмен, ықшам, дәлді суреттер, мағынасы терең монолог, диалогтар, көп көмбені ашағын кең толғаулар көп сырдан хабардар етеді.

Романның алғашқы үш бөлімі тиянақты, шебер көмкерілген, үзіліп қалатын, аяғына жетпеген ситуация сирек, негізінен, Ақбілек басындағы психологиялық күйлер реалистік қуатпен сенімді, дәлді беріледі де, төртінші, соңғы бөлімде публицистикалық, очерктік сипат бел алған. Ақбілек – Көмила арасындағы ұзақ сыр, оқудағы жәйттер, зиялылар хикаясы, Балташ – Ақбілек арнасы – бәрі де жалпылама көрсетілді. Стильдегі көтеріңкі лед, оқырманға тікелей тіл қату романның көркемдік қуатына салқынын тиізіген. Жас ғұмырында ақ жүрегіне балта тиген Ақбілек сынды әйелдің Балташ қатарлас азамат, өмірлік жар тауып, азаптан туған перзенті – Ескендірін қайта сүйіп, жазушы басқа өмірдің бір белгісі, мезгіл мінезіннің сипаты деген көркем ой тастайды.